

OXFORD

Торе Янсон

Тіл тәрихы

КІРІСПЕ


The History
of Languages

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕП
100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ОКСФОРД ЛИНГВИСТИКА ОҚУЛЫҚТАРЫ





жаңа
ОҚУЛЫҚ

ҰЛТТЫҚ
АУДАРМА
БЮРОСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ





РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік
бағдарламасы аясында
іске асырылды

OXFORD TEXTBOOKS IN LINGUISTICS

The History of Languages

An introduction

Tore Janson

ОКСФОРД ЛИНГВИСТИКА ОҚУЛЫҚТАРЫ

ТІЛ ТАРИХЫ КІРІСПЕ

Торе Янсон

ҰЛТТЫҚ
АУДАРМА
БЮРОСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ



Астана
2019

«Жаңа гуманитарлық білім.
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасының редакциялық алқасы:

Редакциялық алқаның
төрағасы – *Тәжін М.М.*
Төрағаның орынбасары – *Сағадиев Е.К.*
Жауапты хатшы – *Кенжеханұлы Р.*
Алтаев Ж.А.
Алианов Р.А.
Жаманбалаева Ш.Е.
Жолдасбеков М.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қарин Е.Т.
Құрманбайұлы Ш.
Масалимова Ә.Р.
Мұтанов Ф.М.
Нұрышева Г.Ж.
Нысанбаев Ә.Н.
Өмірзақов С.Ы.
Сағылбаев О.С.
Сыдықов Е.Б.

Кітапты баспаға әзірлеген:

Ұлттық аударма бюросы

Аудармашы – *Кеңесбаева Ү.*

Әдеби редактор – *Әбділда Ж.*

Ғылыми редактор – *Құрманбайұлы Ш.,*
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Жауапты шығарушы – *Қожабек Н.*

Пікір жазғандар – *Сүйеркүл Б.,*
филология ғылымдарының
докторы, профессор
Малбақов М.,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тіл тарихы бөлімінде талқылаудан өтті

© Tore Janson, 2012

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced, stored in a retrieval system, or transmitted, in any form or by any means, without the prior permission in writing of Oxford University Press, or as expressly permitted by law, or under terms agreed with the appropriate reprographics rights organization. Enquiries concerning reproduction outside the scope of the above should be sent to the Rights Department, Oxford University Press, at the address above.

This translation is published by arrangement with Oxford University Press by «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры («National Bureau of Translation»). All rights reserved.

Я64 Янсон Торе
Тіл тарихы: Кіріспе – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 244 бет.

ISBN 978-601-7943-21-9

Бұл кітапта ежелгі дүниеден тартып, уақыт ағысына ілесе отырып, бүгінгі күнді көктей өтіп, алыс болашаққа шолу жасайтын тілдердің жалпы даму тарихы баяндалады. Тілдер қалай қалыптасып, қалай жойылады, олардың тағдыры неліктен әрқилы деген мәселе, түптеп келгенде, тілдерді қолданатын халықтың тіршілігімен тікелей байланысты. Былайша айтқанда, тіл мен тарих – бір-бірімен сабақтаса байланысқан егіз құбылыс. Демек, тарихи оқиғалар да халықтың сөйлеу тіліне байланысты өрбиді. Бұл еңбекте тілдің тарихтағы рөлін көрсету үшін, әлемдегі тілдерге қатысты үлкен мәселелермен қатар, көпшілікке көп белгілі емес, қалтарыста қалып келген тақырыптар да қамтылған.

Оқырман қытай, грек, араб, латын, ағылшын, испан, португал, мысыр, герман және славян тілдері тәрізді кең тараған ірі тілдермен қатар, африка тайпалары мен австралиялық бушмендер сөйлейтін хойсан және банту тобындағы ұсақ тілдердің пайда болу тарихы мен сыр-сипатына да қанық болады.

Бұл еңбек ЖОО тарих, лингвистика және шет тілдері факультеттері студенттеріне оқулық ретінде арнайы жазылған.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-2

ISBN 978-601-7943-21-9

© Tore Janson, 2012
© «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019



...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қазғидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен

Мазмұны

Карталар тізімі

Суреттер мен кестелер тізімі

Алғы сөз 13

I БӨЛІМ. Тарихқа дейінгі кезең

1-ТАРАУ. Жазуы жоқ тілдер	15
1.1. Тіл қашан пайда болды?	15
1.2. Қырық мың жыл бұрын ба, екі миллион жыл бұрын ба?	17
1.3. Тіл не себепті пайда болды?	18
1.4. Терімшілер мен аңшылардың тілі	20
1.5. Ол кездегі тілдер қазіргі тілдерге ұқсас болды ма?	21
1.6. Сөздік қор және қоғам	23
1.7. Хойсан тілдеріне қанша тіл жатады?	24
1.8. «Сіз қай тілде сөйлейсіз?». «Білмеймін»	25
1.9. Австралиядағы алуан түрлі тілдер	27
1.10. Тіл деген не?	27
1.11. Он екі мың жыл бұрын қанша тіл болған?	29
2-ТАРАУ. Үлкен тілдік топтар	31
2.1. Қоғамдық және лингвистикалық өзгерістер	31
2.2. Герман, славян және роман тілдері	32
2.3. Үндіеуропа тобындағы тілдер	35
2.4. Банту тілдері	40
2.5. Банту тілі қандай тіл?	40
2.6. Басқа да тілдік топтар	43
2.7. Тілдік топтар қалай қалыптасты?	45
Қосымша әдебиеттер тізімі	47
Жалпы тақырып	47
Қайталауға арналған сұрақтар	48
Талқылауға арналған тақырыптар	49
Зерттеуге арналған тақырыптар	49

II БӨЛІМ. Тарихтың базисі

3-ТАРАУ. Тарих және жазу	50
4-ТАРАУ. Иероглифтер мен мысырлықтар	52
4.1. Өзен аңғарлары және мемлекеттер	52
4.2. Мемлекет, тіл және жазу	53
4.3. Иероглифтер	54
5-ТАРАУ. Қытай тілі — ежелден аман жеткен тіл	57
5.1. Басқаша жазу	58
5.2. Мәдениет және мемлекеттер	60
5.3. Алып мемлекет	62
5.4. Одақтасу және ыдырау	64
5.5. Өзге тілдерді жұтып қою	64
5.6. Көршілер	66
5.7. Жазу мен қоғам	67
Қосымша әдебиеттер тізімі	68
Қайталауға арналған сұрақтар	69
Талқылауға арналған тақырыптар	69
Зерттеуге арналған тақырыптар	69

III БӨЛІМ. Тілдік экспансиялар

6-ТАРАУ. Грек тілі: жаулап алу және мәдениет	70
6.1. Грек тілі және алфавиті	71
6.2. Грек тілінің жаратылысы	73
6.3. Барлық тіл тең дәрежелі ме?	74
6.4. Грек алфавиті және диалект	75
6.5. Қала-мемлекеттерден империяға айналу	77
6.6. Жаңа грек тілі	79
6.7. Гректерден үйрену	80
7-ТАРАУ. Латын тілі: жаулап алу және тәртіп орнату	82
7.1. Империя және тіл	82
7.2. Тілдердің ассимиляцияға түсуі және жойылуы	86
7.3. Латын тілі — халықаралық тіл	87
7.4. Латын тілінің ықпалы	90
8-ТАРАУ. Араб тілі: жаулап алу және дін тарату	91
8.1. Басқыншылық және тілдер	91
8.2. Араб тілі — жоғары мәдениеттің тілі	96

8.3. Әлсіреу, бөліну және диалектілер.....	96
8.4. Бір тіл ме, бірнеше тіл ме?	97
Қосымша әдебиеттер тізімі.....	102
Қайталауға арналған сұрақтар	102
Талқылауға арналған тақырыптар	103
Зерттеуге арналған тақырыптар	103

IV БӨЛІМ. Тілдер мен ұлттар

9-ТАРАУ. Данте итальян тілінде жазған ба?	104
9.1. Тіл қалай тілге айналады?	104
9.2. Латын тілі және француз тілі	106
9.3. Ос, oil және si	109
9.4. Жазба тіл және тілдің атауы	112
10-ТАРАУ. Герман тілдерінен қазіргі ағылшын тіліне дейін	114
10.1. Ағылшын тілі Британияға қалай келді?	114
10.2. Германдар, англдар және саксондар	117
10.3. Англдар мен саксондардың тілі	118
10.4. Британиядағы руналар.....	119
10.5. Роман жазуы және ағылшын тілі	120
10.6. Ағылшын әдебиетінің алғашқы кезеңі	122
10.7. Беде, латын тілі және ағылшын тілі	124
10.8. Король Альфред және батыс саксондар	125
10.9. Нормандар мен француздар	126
10.10. Ағылшын тілінің трансформацияға ұшырауы	128
10.11. Жаңа стандарт.....	130
10.12. Ұлттық мемлекет және ұлттық тіл	131
11-ТАРАУ. Ұлттық тілдер дәуірі	133
11.1. Мемлекет, мектеп және тілдер.....	135
11.2. Ұлттық тілдер және ұлт ақындары	137
11.3. Тіл және саясат.....	139
11.4. Тілдер бәсекесі	140
Қосымша әдебиеттер тізімі	142
Қайталауға арналған сұрақтар	143
Талқылауға арналған тақырыптар	144
Зерттеуге ұсыныс	144

V БӨЛІМ. Еуропа және дүниежүзі

12-ТАРАУ. Еуропа және дүниежүзі тілдері	145
12.1. Батыстағы португал тілі	146
12.2. Испандар, ағылшындар және басқалар	147
12.3. Америка – үш тілде сөйлейтін құрлық	150
12.4. Португалия және әлемнің басқа бөлігі	152
12.5. Шет елдердегі ағылшын тілі	153
12.6. Не болды?	154
13-ТАРАУ. Тілдер қалай пайда болады немесе қалыптасады?	155
13.1. Құл сату, тіл сындыру және тілдердің дүниеге келуі	155
13.2. Креол деген тіл ме?	158
13.3. Қатты ұқсастықтар	159
13.4. Креол тілдері және тілдердің өзгеруі	161
13.5. Африкаанс – герман және африкалық тілдердің қосындысы... ..	161
13.6. Африкаанс диалекті ме, әлде креол тобындағы тіл ме?	163
13.7. Норвег тілі бір тіл ме, әлде екі тіл ме?	164
13.8. Ауызекі тіл жазба тілге қалай айналады?	166
13.9. Тілдер қалай пайда болады?	169
14-ТАРАУ. Тілдер қалай жойылады?	170
14.1. Тілдің өлімі	170
14.2. Болашағы жоқ тілдер	173
14.3. Диалектілерді қайта құру	173
14.4. Не қалады?	174
14.5. Тілдер қалай жойылады?	175
14.6. Шиеи тілі мен тимбукушу тілі	178
14.7. Тілдердің жойылуы жақсы ма, жаман ба?	179
Қосымша әдебиеттер тізімі	181
Қайталауға арналған сұрақтар	182
Талқылауға арналған тақырыптар	182
Зерттеуге арналған тақырыптар	182

VI БӨЛІМ. КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ

15-ТАРАУ. Ағылшын тілінің шарықтауы	183
15.1. Жаңа интернационализм	183
15.2. Француз, неміс, орыс, ағылшын тілдері	185
15.3. Ағылшын тілінің заманы туды	186
15.4. Ағылшын тілінің образдары	188

16-ТАРАУ. Қытай тілі және Қытайдағы ағылшын тілі	194
16.1. Шығыс пен Батыс.....	194
16.2. Байхуа, пугунхуа және жеңілдетілген қаріп.....	193
16.3. Жүз жылда ежелгі дүниеден қазіргі заманға аттау.....	194
16.4. Мектептегі тіл. Өмірдегі тіл	195
16.5. Ағылшын тілі және Қытай	197
16.6. Сөз, жазу және ой	198
16.7. Келешек	199
17-ТАРАУ. Енді не болады?	201
17.1. Екі жүз жылдан кейін	201
17.2. Екі мың жылдан кейін.....	208
17.3. Екі миллион жылдан кейін	210
Қосымша әдебиеттер тізімі	211
Қайталауға арналған сұрақтар	211
Талқылауға арналған тақырыптар	212
Зерттеуге арналған сұрақ	212
Хронология	213
Оқулықтағы ұғымдардың ағылшынша-қазақша сөздігі.....	216
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	220

Карталар тізімі

1.1-карта. Африканың оңтүстігіндегі үш түрлі хойсан тілінде сөйлейтін жерлер	22
2.1-карта. Үндіеуропа тілдері	36
2.2-карта. Банту тілдері	41
5.1-карта. Қытай	63
6.1-карта. Ескендір Зұлқарнайынның б.з.д. 324 жылдары құрған империясы.....	78
7.1-карта. Рим империясы б.з.д.100 жылдары	83
8.1-карта. Біздің заманымыздың 750 жылдарындағы араб әлемі.....	92
9.1-карта. Роман тобындағы тілдер.....	108
10.1-карта. Беденің кезіндегі Британия	116
12.1-карта. Әлемнің үш еуропалық тілінде кеңінен сөйлейтін бөліктер.....	151
14.1-карта. Шотландиядағы Шығыс Сазерлендтің орналасқан жері..	171
14.2-карта. Оңтүстік Африкадағы тимбукушу мен шиені тілдері	177

Суреттер мен кестелер тізімі

СУРЕТТЕР

5.1-сурет. Екі қытай иероглифінің жетілуі	59
16.1-сурет. Қытай жазуын оңайлату	193

КЕСТЕЛЕР

2.1-кесте. Төрт түрлі тілде жазылған бір сөйлем.....	32
2.2-кесте. Герман тілдеріндегі сөздердің қазіргі және ежелгі түрлері..	33
2.3-кесте. Үш славян тіліндегі ұқсас сөздер	34
2.4-кесте. Төрт роман тіліндегі ұқсас сөздер	34
2.5-кесте. Алты ежелгі тілдегі ұқсас сөздер	35
2.6-кесте. Сетсвана тіліндегі жекеше және көпше түрлер.....	42
13.1-кесте. Ағылшын, голланд және африкаанс тілдеріндегі 'to be' етісті- гінің септелуі.....	163
14.1-кесте. Дүниежүзіндегі тілдердің таралу көрсеткіші	175

АЛҒЫ СӨЗ

Екі мың жыл бұрын жер бетінде ағылшын тілі болмаған. Қазір ағылшын тілі қолданыста бар, бірақ болашақта бұл тілде ешкім сөйлемейді. Барлық тілдің тағдыры осындай: кез келген тіл белгілі бір уақыт қолданыста болады да, сосын жойылады. Дегенмен тілдердің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Кей тілдердің ғұмыры тек бірнеше ұрпақпен шектелсе, тағы бір тілдердің өмірі мыңжылдықтармен өлшенеді.

Тіл қалай туады, қалай жойылады және олардың тағдыры неліктен әрқилы деген сұрақтар сол тілдерді қолданатын халықтың өмірімен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, тіл тарихпен сабақтас. Бірақ тарихи оқиғалар да көбінесе халықтың қай тілде сөйлейтініне орай өрбиді. Яғни тарихқа тіл әсер етеді және тіл – тарихтың бір бөлігі. Кітаптың тақырыбы – тілдің тарихтағы рөлі.

Бұл еңбек жоғары оқу орындарының тарих, лингвистика және шет тілдері факультеттері студенттеріне оқулық ретінде арнайы жазылды. Техникалық терминдерді басынша аз қолдануға тырыстық. Десек те «тіл» және «ұлт» деген екіұшты ұғымдар егжей-тегжейлі талқыланды.

Кітап өте алыс өткен шақтан басталып, уақытпен бірге жылжи отырып, бүгінгі күнге жетіп, одан болашаққа дейін баратын тілдердің жалпы тарихын қамтиды. Сондықтан бұл еңбектің аясында тілдердің шектеулі санына байланысты мәселелердің айтылатыны түсінікті. Тілдің тарихпен қаншалықты байланысты екенін көрсету үшін, әлемдегі тілдерге қатысты ауқымды мәселелермен қатар, көпке аса белгілі емес тақырыптарды да қамтыдық. Кей үлкен тілдер мен тілдік аймақтарға тоқталған жоқпын; мұндай кішігірім еңбекте тақырыпты толық ашамын деп мақсат қою қателік болар еді.

Оқулықтың ерекшелігі – әдетте тәуелсіз зерттеу аумағы болып танылмайтын салаға жалпы шолу жасалады. Бұл тұста лингвистер мен тарихшылар өздерінің мақсаттарына сәйкестендіру үшін әртүрлі әдісті қолданады. Тарихшылардың пікірі бойынша,

тілдерді зерттеудің айтарлықтай саяси салдары болса да, ол қоғам тарихының бір бөлігі саналады. Ал лингвистер тарихпен байланысты тарихи-әлеуметтік лингвистиканың тармағы ретінде зерттейді.

Тарихты тарихшылар қарастырады, ал тілмен лингвистер айналысады, сонда терминологиясы мүлде бөлек лингвистикалық және тарихи оқиғалардың көбінесе өзара тығыз байланысты болатыны түсініксіз жайт деп ойлайтын боларсыздар. Қолдарыңыздағы кітап осы екі пәннің арасындағы алшақтықты байланыстыратын көпір бола алса, онда оның мақсатына жеткені.

Тіл мен қоғам арасындағы байланысқа үнілу лингвистер үшін де, тарихшылар үшін де керек. Оның пайдасы қазіргі заман мен болашақты қарастырғанда да тиюі мүмкін. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде тілдер арасындағы байланыс терең өзгеруде. Ағылшын тілі сол процестердің көбіне белсенді араласуда. Не болып жатқанын түсіну үшін және оның маңызы мен салдарына төрелік айту үшін, қазіргі жағдайды осы күнге дейін болған көрініс тұрғысынан қарау керек. «Тіл тарихы» ондай көріністі алдарыңызға жайып салады деп үміттенемін.

Бұл еңбекке менің алдыңғы еңбектерімнің бірі, атап айтқанда, 2002 жылы алғаш жарық көрген «Тілдің қысқаша тарихы» (*A Short History of Languages*) негіз болды. Кітапқа сол еңбектің бірнеше тарауы енді. Кей ақпарат ескіріп, кей тұстары түзетулер мен толықтыруларды қажет еткендіктен, бүкіл мәтін қайта өңделіп, жетілдірілді. Көбірек білуге тырысып ізденгеннен кейін, пікірімді өзгерткен сәттер де кездесті. Жаңадан бірнеше тарау қостым. Оның үстіне, бұрынғы кітабым барша оқырман қауымға арналса, бұл еңбек университеттер мен колледждерге бағытталған. Жалпы айтқанда, жаңа басылым деп қарамай, бұрынғы кітаптың кей бөліктері енгізілген жаңа еңбек деп қабылдау керек.

Бір автордың осы кітапта қарастырылған барлық тілдер мен тақырыптардың білгірі бола алмайтыны түсінікті. Жұмыс барысында көп адаммен кеңестім. Олардың кейбірінің аты-жөні бұрынғы басылымдарда аталды. Өкінішке қарай, маған көмектескен адамдардың бәрін атап шығу мүмкін емес. Ол достарым мен әріптестеріме көп қарыздармын. Әсіресе қытай тілі туралы тарауларда баға жетпес кеңес берген Йоран Мальмквист (*Göran Malmqvist*) пен Торбьорн Лоденге (*Torbjörn Lodén*), араб тілі туралы тарауларға ақыл қосқан Гунвор Межделлге (*Gunvor Mejdell*) шексіз алғысымды білдіремін. Кеткен қателер мен айтылған пікірлерге тек өзім жауаптымын.

I БӨЛІМ

ТАРИХҚА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢ



1-ТАРАУ

Жазуы жоқ тілдер

- | | |
|---|--|
| 1.1. Тіл қашан пайда болды? | 1.7. Хойсан тілдеріне қанша тіл жатады? |
| 1.2. Қырық мың жыл бұрын ба, екі миллион жыл бұрын ба? | 1.8. «Сіз қай тілде сөйлейсіз?». |
| 1.3. Тіл не себепті пайда болды? | «Білмеймін» |
| 1.4. Терімшілер мен аңшылардың тілі | 1.9. Австралиядағы алуан түрлі тілдер |
| 1.5. Ол кездегі тілдер қазіргі тілдерге ұқсас болды ма? | 1.10. Тіл деген не? |
| 1.6. Сөздік қор және қоғам | 1.11. Он екі мың жыл бұрын қанша тіл болған? |

1.1. Тіл қашан пайда болды?

Библияның «Генезис» атты бірінші бөлігінен Адам атаның жаратыла салысымен сөйлегенін білеміз. Өйткені Адам атаға бірден мынадай тапсырма берілді: «Жаратқан Ие топырақтан түрлі жануарлар мен сан алуан құстарды жаратты. Содан соң оларға қандай ат берер екен деп бәрін Адамға алып келді. Адам қандай ат қойса, олар солай аталатын болды».

Сонымен, жан-жануарларға ат беру, сөйтіп, тілдің бір бөлігін қалыптастыру Адам атаның ең алғашқы іс-әрекеті болыпты. Әйтсе де тіл атаулыны жаратқан Адам ата емес. Тіл Адам ата жаратылмай тұрып қолданыста болған. Құдай ең бірінші күні таң мезгілінде «Дүние жарық болсын!» деді, яғни ол о бастан сөйлей алды.

Біз дүниенің жаратылуы туралы әңгімеге сенбеген күннің өзінде, бұл кітап жұртың тіл жайында қалай ойлауға бейімдігін баяндайды. Ең бастысы Адам ата «кіріктірілген» тілмен бірге жаратылған екен. Кейбіреулер Құдай алдымен адамды жаратып, сосын оған тіл берген деп ойлауы мүмкін. Бала туа сала сөйлемейді, адамзат та алғашқы кезде сөйлей алмаған болар. Бірақ Библия сөйлеу мен ат беру тек адамға тән қабілет екенін айтады. Бұл қабілет адамды басқа жан иелерінен ерекшелейді. Басқа жан иелеріне де атауды адам берді. Тіл – адамды жануарлардан жоғары қоятын бірден-бір құрал.

Жаратқан Иенің Өзі – о бастан сөйлеуші. Оның сөйлесетін ешкімі болмаған, ол сонда қалай сөйлеген? Бірақ тілсіз Құдайды, сөйлей алмайтын Жаратушы Иені көзге елестету де өте қиын. Әрине, Құдайдың сөзі түсінікті болуы міндетті емес, ол адамдар сөйлейтін тілден басқа, идеясын жеткізудің өзге, асқақ жолын пайдалануы мүмкін. Қайткен күнде де, тілсіз Құдайды біз мақұрым немесе мақұлық ретінде қабылдар едік. Адамнан жоғары тұрушы адамның ең маңызды қабілетіне ие болуға тиіс.

Қазір біз өзіміздің бірден осы күйде пайда бола салмағанымызды білеміз. Бірақ адам уақыттың қай кезеңінде нағыз адам болып қалыптасты? Басқаша айтқанда, алғашқы түрлер біз оларды өзіміз деп қабылдайтындай дәрежеге қашан жетті?

«Адам баласы адам дәрежесіне тіл пайда болғанда жетті» деген болжам айтылады және бұл Библиядағы оқиғаларға да сәйкес келеді. «Адамды басқалардан ерекшелейтін – тіл» деген ойды бәріміз де құптаймыз.

Бір өкініштісі, Библия бізге оның қашан пайда болғаны, бірінші сөз айтылған жыл, күн туралы еш мәлімет бермейді. Ежелден бері талай талантты адам сөйлеудің қалай және қашан пайда болғанын анықтауға тырысса да, нәтижесі әлі айтарлықтай емес.

Біз «адамзат тілдерінің пайда болғанына кем дегенде бес мың жыл болды» деп сеніммен айта аламыз. Өйткені бізге жеткен алғашқы жазба мәтінге шамамен осынша уақыт болды. Сол жәдігерлерде қолданылған шумер және мысыр тілдерінің бүгінгі адамдар сөйлеп жүрген тілдермен жалпы болмысы бір. Сондықтан тілдер өте ұзақ уақыттан бері қолданыста бар деп айтуға болады.

Бірақ қаншалықты ұзақ екені айқын емес. Оны көрсететін нақты деректер жоқ, сондықтан болжамдардың бәрі – тек ой ғана. Бұл сұраққа жауап іздегенде адамдар, негізінен, дәлелдің екі түрін қолданған. Біріншісі – адамның тарихқа дейінгі кезеңдегі жалпы мәдени дамуына байланысты табылған жәдігерлер. Екіншісі – адам анатомиясының дамуы туралы деректер, археологиялық қазбалардан табылған түрлі дәуірлерден жеткен сүйек қаңқалары.

1.2. Қырық мың жыл бұрын ба, екі миллион жыл бұрын ба?

Археология бізге әртүрлі кезеңдерде қолданылған тастан және сүйектен жасалған құралдар туралы мәлімет береді. Мүсін, гравюра және қылқалам туындыларының да жасалу уақытын анықтауға болады. Ол материалдардан 40 мың жыл бұрынғы адамдардың жасампаздығы мен ісмерлігі қазіргі адамдардан еш кем түспегенін көреміз. Мысалы, олар көптеген құрал-саймандарды ойлап таба алған және ғажап өнер туындыларын жасаған. Бұдан «ол кездегі адамдар да тілді қазіргі заман адамдарындай қолданған» деген қорытынды жасауға болады. Оның алдында, 2 миллион жылға жуық уақыт бойы тастан құрал-саймандар қашалып, үнемі жетілдірілді. Оларды дайындау кезінде адамдар өздерінің ой-сезімін көркемөнер тілімен жеткізуге тырысқан.

Археологиялық деректер ата-бабаларымыздың ең кем дегенде 40 мың жыл бойы грамматикасы күрделі, сөздік қоры бай тілдерде сөйлегенін көрсетеді. Құрал-сайман жасаған адамдардың сөйлей алмауы мүмкін емес екенін ескерсек, тілдер анағұрлым ұзақ, 2 миллион жылдай қолданыста болса керек. Бірақ бұл екі дағдының арасында байланыс бар ма, жоқ па – оны ешкім анық білмейді.

Ежелгі адам анатомиясының білгірлері «қазір өмір сүріп жатқан адам – *Homo sapiens sapiens* шамамен 100–150 мың жылдар бойы айтарлықтай өзгерген жоқ» дейді. Бұл «осы кезеңде адамдарда қазіргі біздікімен бірдей миы және сөйлеу мүшелері болған» дегенді де білдіреді. Сондықтан оларға сөйлеуге интеллектуалдық тұрғыда да, анатомиялық жағынан да кедергі болмаса керек. Олардың тілі біздікіндей болған, көмекейлерінде біздікіндей дауыс желбезегі бар. Ал миы сөйлеу мен сөзді түсінуге қажет қатпарлардан тұрған.

Алғашқы кезеңдерде олай болмауы да мүмкін. *Homo sapiens sapiens* пайда болмай тұрып және пайда болғаннан кейін, біраз уақыт неандертальдар өмір сүрді. Олардың миының көлемі шамамен біздікімен бірдей еді. Тек бас қаңқасы мен азуының пішіні біздікінен басқашалау екен. Сондықтан олар қазір жиі қолданылатын кейбір дыбыстарды айта алмауы мүмкін. Бұлай деп сеніммен айта алмаймыз, өйткені неандертальдардың тек сүйектері ғана табылды, ал сөз ауыз қуысы мен көмекейдің жұмсақ тіндері арқылы шығады. Бұл тақырыппен айналысатын ғалымдар сүйек пішіндерінің негізінде жұмсақ тіндердің пішіні туралы айтуы керек, ал ол өте қиын. Сондай-ақ адамдардың бір-бірімен сөйлесуіне бұл байқалған айырмашылықтардың қаншалықты кедергі болғаны да айқын емес.

Бірнеше мыңдаған жыл бұрын өмір сүрген адамдардың бас сүйектері мен жақ сүйектері біздікінен басқаша болған, сондықтан олардың біз сияқты сөйлей алуы екіталай.

Сөзімізді түйіндей отырып, «қазір қолданылып жүрген тілдерге ұқсас тілдердің қолданыста жүргеніне кем дегенде 40 мың жылдай болды» деп сеніммен айта аламыз. Одан да ұзақ уақыт болуы мүмкін. Жоғарғы шек – 2 миллион жылға жуық, адамның тас құралдарды алғаш жасай бастаған кезі.

1.3. Тіл не себепті пайда болды?

Тілдер қашан пайда болды деген сұраққа жауап бергендей болдық. Енді тілдер қалай пайда болды деген сұрақ туындайды, ал бұл – бірінші сұрақтан анағұрлым қиын мәселе.

Адамзат тілі – өзара байланыстың ең жақсы дамыған және ең бейімделгіш жүйесі. Ол жүйелердің басты ерекшелігі – қандай да бір хабарды қаншалықты күрделі болғанына қарамастан, өте жылдам және тиімді жеткізе алуында. Олардың күрделілік деңгейі, әртүрлілігі және бейімделгіштігі – өзге сүтқоректілер қолданатын байланыс құралдарынан қаншалықты өзгеше екенінің мысалдары. Десек те бірнеше ұқсастық бар. Біз қолданатын сигналдар – ауыз арқылы шығатын дыбыстар, біз тыныс алғанда, ауа жоғарғы тыныс алу жолдарында резонанс туындатады. Көптеген сүтқоректілер де дыбысты осындай жолмен шығарады. Ит үреді, мысық мияулайды, тышқан шикылдайды, жылқы кісінейді, маймыл әртүрлі дыбыстар шығарып, «сөйлеседі». Негізінен, бұл дыбыстардың бәрінің жасалу жолы бірдей. Генетикалық жағынан байланысты көптеген түрлер дыбысты бірдей жолмен шығаратындықтан, адамның алдындағы түрлер де осылай әрекет еткен сияқты, яғни олар біздің дамып, жетілуімізден көп бұрын сөйлеген тәрізді.

Өзге сүтқоректілер шығаратын дыбыстар да сол түрге жататын басқа жануарлармен түсінісу үшін қолданылады. Біздің тілімізден айырмашылығы – олардың сигнал беру жүйесі аса бір дами қоймаған. Әр түрдің әрқилы бірнеше дыбыс шығара алатыны, сөйтіп, олардың түрлі хабарларды түрлі деңгейде жеткізе алатыны рас. Иттің қауіп, қорқыныш, ұнату және басқа да бірнеше сезімін білдіру қабілеті бар. Жануарлардың қарым-қатынасын зерттейтін адамдар көптеген түрлердің ондаған әртүрлі сигналды пайдаланатынын тапқан. Маймылдар мен приматтардың бірнеше түрінде ондаған ерекше дыбыстан тұратын әжептәуір жүйе қалыптасқан. Бір қызығы, көптеген басқа маймылдармен салыстырғанда, шимпанзелер мен боноболар қарым-қатынас үшін мұндай жүйені қолданбайтын тәрізді.

Адамның сөйлеуі басқа түрлердің дыбысынан көп ерекше. Барлық өзге жануарларға тән өте маңызды айырмашылық – бір дыбыстың бір нақты хабарды білдіруінде. Бұл ықтимал хабарлар санының өте шектеулі екенін көрсетеді. Егер жүйеге жаңа хабар енгізу керек болса, жаңа дыбыс ойлап табу керек. Алғашқы бірнеше ондаған дыбыстан кейін жаңа, ерекше дыбыс ойлап табу да, сондай-ақ оларды келесі жолы еске түсіре алардай етіп, есте сақтау да қиын.

Адам тілі саны шектеулі дыбыстарды саны шектеусіз хабарлармен араластыру принципіне негізделген. Орта есеппегі тілде өзіне тән 30–40 шақты дыбыс бар. Бұл дыбыстарды тіркестіріп, сансыз көп сөз құрастыруға болады. Тіпті бір айтқанда бір-ақ сөз айта алатын кішкентай сәбидің өзі кез келген өзге түр пайдаланатын жүйелерден анағұрлым дамыған жүйені қолданады. Сөздердің саны шексіз, ал өзге жануарлар тек шектеулі сигналдар топтамасына ғана ие.

Оған қоса, адам баласының тілі бірнеше сөзді біріктіріп, тағы бір нәрсе айтуға мүмкіндік береді. Осындай процестің арқасында көп сөз қолданбай-ақ, өте көп сөйлем

құрай аламыз. Біздің тіліміздің бұл негізгі қасиеті өте күрделі және терең ойды жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл жүйеде қандай да бір хабарды жеткізуде еш теориялық шектеу жоқ. Адам айтқысы келген кез келген ойын жеткізе алады.

Мұндай тамаша жүйенің неліктен және қалай пайда болғанын ешкім білмейді. Әлбетте, бұл бір түрдің эволюциясына байланысты болуы мүмкін, өйткені жануарлар сөйлемейді, ал адамдардың бәрі сөйлейді. Эволюцияның басты себептері туралы сұрақтар бір ғасырдан астам уақыт бойы Дарвиннің «сөйлеу қабілеті эволюциялық қысымның нәтижесінде дамиды» деген ілімінің аясында талқыланды. Өз ойын да жеткізе алатын, өзгенің айтқанын да түсінетіндер үшін белгілі бір артықшылық болса керек.

Бұл артықшылықтың қандай болуы мүмкін екені туралы әлі күнге дейін белгілі бір тұжырымның жоқтығы таңғаларлық. Адамдар бір-бірімен сөйлесетіндіктен, бұл әлеуметтік қарым-қатынастармен байланысты болуы мүмкін (мұның өзі – даулы нәрсе). «Адамдар өз тобының ішінде жақсы ынтымақтасады, өз қауымдастарының игілігі үшін тырысады» деп ойлау – табиғи нәрсе. Алайда бұл жауап қазіргі заманғы дарвинизм іліміне сәйкес келмейді; ол бойынша эволюциялық артықшылықты топқа емес, индивидке беру керек, өйткені ұрпаққа болмыстық қасиетті топ емес, индивид қана бере алады.

Осы себепті эволюциялық теория тілдерге байланысты және басқа да көптеген бірлескен әрекеттерде қиындықтарға ұшырайды. Дилемманың соңғы шешімі былай дейді: сөйлей алатын адамдар өтірік айтып, пайда табады; адамдар өзгелерге өсек айтып, өздерін қоғамда орнықтырады; өз пайдасына қызмет ететін жораларды ұстанады – тілдер сондықтан дамиды. Бұл идеялар туралы бір ғана нәрсені сеніммен айта аламын: жоққа шығару қиын. Анық дәлелдер болмаған жағдайда, екіұштылық жалғаса бермек.

Тілдің неге дамығанын білу мүмкін еместей. Оның қалай дамығаны туралы ойлау сәл оңайырақ сияқты көрінеді. Бірақ тілдердің екі іргелі қасиеті дәйекті дамуы әбден мүмкін. Бұл жағдайда бірінші қадам – шектеулі дыбыстардан шексіз сөз жасау әдісі. Бұл әдіс өте ұзақ уақыт бойы бірте-бірте дамыды.

Ондай тіл өте пайдалы болуы ықтимал. Егер дәл осы жерде және дәл қазір болып жатқан нәрсе туралы айтуға қанағаттанатын болсаңыз, «бұғы», «таста!», «жақсы!», «кес!», «қуыр!», «түс» тәрізді окшауланған сөздер тәп-тәуір қызмет етуі мүмкін. Қазіргі кезде кейбір тұйық адамдар сөйлеуге мұқтаж болғанда, осылай сөйлегенді дұрыс көреді және олар әдетте айтайын деген ойын жеткізе алады.

Тек бір жерде бір нәрсенің жоқ екенін айтқысы келгенде, қиындық туындайды. Мысалы, серігіңізге «жидекті басқа жерден терейік» деген ойыңызды жеткізу үшін «Таңқурай!» деп айту жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл жерде сөйлеп, қолмен нұсқап көрсетіп немесе екі ауызша хабарды біріктіріп, «Таңқурай! Кел!» немесе «Таңқурай! Анау жерде» деген сияқты сөйлем айту керек. Бұл екі сөз арқылы сөйлеу әрекетіне жол ашылған кезден бастап, есімдігі, етістіктің райы, бағыныңқы және басыңқы сөйлем мүшелері бар толыққанды сөйлемдер пайда болды. Әрине, мұндай жағдайға бірден жеткен жоқ, бірақ тілдер бірнеше мыңдаған жыл бойы бірте-бірте дамыды. Келе-келе, олар күрделеніп, тіл болашақ пен өткен шақ туралы да, бүгінгі күн туралы айту үшін де қолданылды.

Яғни біздің ата-бабаларымыз миллиондаған жылдар бойы анағұрлым жетік жолмен хабар алмасып келген. Адамзат тілі сол миллиондаған жылдардың бір бөлігінде ғана қолданыста болған күннің өзінде, тілдің көмегімен қатынас жасағаны анық. Тілдің дамуына сөйлеу мүшелері мен мида өзгерістер енетіндей өте ұзақ уақыт кеткен болса керек.

Сөз қолдану қабілеті алғаш тас құралдарды пайдаланған кезден бір немесе екі миллион жыл бұрын бірге-бірге дамуы мүмкін. Тіл жүйелерінің түрлі грамматикалық категориялармен әрленуі 100 мың жылдай бұрын толық дамып бітуі ықтимал.

Қалай болған күнде де, біз қазір қолданып жүрген тілдер кем дегенде 40 мың жылдай бұрын пайда болған. Адамдар терімші мен аңшы болып, сүйек пен тастан жасалған еңбек құралдарын қолданған жоғарғы палеолит дәуірінің өзінде тілдер толық дамып, сөздік қоры, күрделі сөйлемдері бар болатын және бүгінгі тілдерде бар бүкіл қасиетке ие еді.

1.4. Терімшілер мен аңшылардың тілі

Оңтүстік Африканың Калахари шөлінде және оның айналасында ағылшын тілінде «бушмен» деп аталатын адамдар тобы өмір сүреді. Қазіргі таңда оларды көбінесе «сан» деп атайды. Күні кешеге дейін сандар жеміс-жидек пен өсімдіктердің жеуге жарамды түбірлерін теріп, аңшылықпен күнелтіп келді. Оларда белдеріне байлаған бір жапырақ, өздерімен бірге алып жүретін бірнеше қару мен ыдыстан өзге ештеңе болған жоқ. Кейбір шағын топтар әлі де осылай өмір сүреді. Ауыл шаруашылығы алғаш пайда болған он мың жыл бұрын барлық адам шамамен осылай күнелткен.

Сан өркениеті және жер шарының басқа түкпіріндегі сандарға ұқсас өзге де топтар бізге адамзат пайда болғалы өмірдің қандай екенінен түсінік береді. Әрине, адамдардың бәрі дәл осылай өмір сүрген жоқ. Климат жағдайына, азықтың қолжетімділігіне және жергілікті салт-санаға байланысты әр жердің өзіне тән көптеген айырмашылығы бар еді. Әлі де солай өмір сүріп жатқандарға қарап, ежелгі терімшілер мен аңшылардың тіршілігі туралы бірқатар ой түюге болады.

Бүгінде сан тайпаларының өмірі қатты өзгеруде. Заманауи қоғаммен араласқандықтан, олардың дәстүрлі өмір салты жойылып барады. Жаңа жағдай олардың мәдени бірегейлігі мен тілдерінің жоқ болып кетуіне ықпал етуі мүмкін. Төменде соңғы кездері болып жатқан үлкен өзгерістерге назар аудармай, сан халқының дәстүрлі тіршілігі мен тілдері туралы баяндаймын.

Сан халықтарының тілі хойсан тобына жатады. Сол топтағы «Нама» (немесе Хоэхоэговаб) деген тілде Намибиядағы 100 мыңнан аса отырықшы халық сөйлейді. Бұдан әріде тек хойсан тілдерін әңгіме етемін. Бұл тілдерде сөйлейтін халықтың жалпы саны – шамамен 70 мың адам.

Хойсан тілдері аса қатты зерттелмеген. Ол тілдерде ешкім жазбайды, олар тек сөйлеу үшін қолданылады. Бұл тілдердің сөйлеушілері шөлді жерлерде оқшау өмір сүреді. Кейбір миссионерлер, антропологтер және лингвистер бірнеше тілді зерттеп, олар

туралы еңбектер жазған. Мен өз тәжірибемнен мұның оңай шаруа емес екенін білемін. Бірінші қиындық – мүлде бөлек тілде сөйлейтін және бөлек мәдениеттегі адамдармен байланыс орнату; бірқатар себептерге байланысты олар бөтендерден қауіптенеді. Лингвист толық және сенімді сипаттама жасау үшін өзге тілдік ортада бір жыл немесе одан да ұзақ тұруы керек; бірақ бұл әдетте мүмкін емес. Әлі күнге дейін терімшілер мен аңшылықпен күн көріп жүргендер арасында зерттеушінің жүргені, бір жағынан, ыңғайсыздық туғызса, екінші жағынан, өзгеріс әкеледі. Шөл далада ауыл шаруашылығымен айналысатындар өздерінің қалай сөйлегенін бақылайтындарға емес, мұғалімдерге, әлеуметтік көмекшілерге, медбикелерге мұқтаж.

Осындай кедергілерге қарамастан, біз қазір хойсан тілдері туралы көп білеміз. Білгенімізге сүйеніп, адамзаттың өткен өміріндегі лингвистикалық жағдай туралы мәліметтерге негізделген болжам айтуға болады.


1.5. Ол кездегі тілдер қазіргі тілдерге ұқсас болды ма?

Терімшілер мен аңшылар қоғамындағы тілдер туралы бірінші және ең маңызды айта кететін нәрсе – ол тілдердің де басқа тілдердей екені. XIX ғасыр лингвистері материалдық байлық аса дамымаған қоғамда тілдер қарабайыр, қарадүрсін деген пікірде болған. Көп адам әлі де солай ойлайды. Бірақ ол шындыққа жатпайды.

Қатты дамыған тіл деген не? Мұндай баға беру үшін адам әртүрлі нәрселер туралы ойлауы мүмкін. Тілдік жүйе, яғни дыбыстар, сөзжасам және сөйлем құрау жолдары қалыптасқан. Сонымен қатар айту және түсіндіру керектің бәрін білдіретін сөздік қор, сөздер мен сөз тіркестері бар; олар арқылы мағынаның реңкін беріп, ойынды астарлап, бір ұғымды бірнеше рет түрлендіріп айтуға болады. Олардан бөлек, жазба тіл мен оның дәстүрлері бар, ол тілде жазылған құнды кітаптар мен жақсы жазушылар т.б. бар.

Лингвистер «хойсан тілдері немесе Америка үндістерінің тілдері еуропалық ірі тілдердің ешқайсысынан кем емес» дегенде, тілдік жүйені айтып отыр. Әлемдегі барлық тілдің негізгі қасиеттері бірдей. Әр тілде өзіне тән дыбыс топтамасы бар, олар бірігіп, мағыналы сөздер құрайды. Сөздердің жекеше және көпше түрі, етістіктің шақтары және басқа да грамматикалық ұғымдарды білдіретін (мысалы, адам: «мен, сен, ол») әдістер де қалыптасқан. Сөздерді тұтас сөйлемге айналдыратын ережелер бар.

Бөлшектеп қарасақ, тілдердің бір-бірінен айырмашылығы өте көп. Белгілі бір тілді үйрену барлық жағынан қиын деп айту шындыққа жатпайды. Мәселен, ағылшын тілінде дауысты дыбыстар мен дифтонгілер өте көп, ал испан тілінде бес-ақ негізгі дауысты дыбыс бар. Есесіне, испан тіліндегі етістіктердің түрі ағылшын тіліндегі етістіктерден анағұрлым көп. Бұл екі тілдің қиындығын немесе «дамуын» бағамдамақ болған адам дауысты дыбыстарды үйрену қиын ба, әлде етістіктердің сандаған түрін үйрену қиын ба – сол жағын анықтап алуы керек. Мұны қалай жасауға болатынын түсіну қиын. Тұтастай алғанда, екі тіл де өте күрделі және оларды жетік меңгеру қиынға соғады. Бұдан қиындық пен даму жағынан тілдердің бәрі бір деңгейде деген түсінік туындамауы керек. Бірақ басты айырмашылықтарын анықтау оңай емес.



1.1-карта. Африканың оңтүстігіндегі үш түрлі хойсан тілінде сөйлейтін жерлер

Барлық хойсан тілдерінде дыбыс жүйесі өте күрделі. Оларда кез келген еуропалық тілмен салыстырғанда, дауысты дыбыс көп, ал дауыссыз дыбыс одан да көп. Мұның бір себебі – бұл тілдерде тек Африканың оңтүстігінде сөйлеу дыбысы ретінде қолданылатын дауыссыз дыбыстың «сыртыл» деп аталатын ерекше түрінің болуында. Сыртылдарды санамағанның өзінде бұл аймақтарда дауыссыз дыбыстар біздің тілдеріміздегіден анағұрлым көп. *!Xóǀ* деп аталатын бір хойсан тілінде дүниежүзінің бізге белгілі тілдерінің бәрінен көп дыбыс бар. Өзге тілдерде 30–40 дыбыс болса, хойсан тілдерінде жүзден аса дыбыс бар. Екінші жағынан, *!Xóǀ*-да да, хойсан тобының басқа тілдерінде де етістіктің түрлері аз және сөйлем құрау ережелері күрделі емес. Осылайша бұл тілдік жүйелер дыбыстық тұрғысынан қиын да, басқа жағынан қарапайым.

Әлемнің басқа бөліктерінде тұратын терімшілер мен аңшыларда жағдай басқаша. Австралиялық аборигендер еуропалықтар келмей тұрып, көп тілде сөйлеген. Олардың көпшілігінің дыбыстық жүйесі өте қарапайым. Кейбіреулеріндегі дыбыстар саны жиырмаға да жетпейді. Олардың сөз септеу жүйесінің өте жоғары

дамығаны сонша – кейде бір күрделі егістік ағылшын тілінде бірнеше сөйлеммен түсіндірілетін мағына бере алады. Австралиялық рембарнга (*rembarrnga*) тілінен мысал: *yarran-məz-kuzri-porpa-ni-yuwa*. Тайпа көсемінің пікірі бойынша, бұл алты құрауышты форма әрбір адамға түсінікті болуға тиіс. Сөйлем мағынасы мынадай екен: *Біз оған (кенгуруге) жайлап жақындағанда, одан біздің теріміздің иісі шығуы мүмкін*. Көріп отырсыздар, австралиялық тілдердің дыбыстық жүйесі қарапайым болғанымен, өзге аспектілері өте күрделі.

Терімшілер мен аңшылар тілдері дыбыстар мен грамматикалық аспектісі жағынан барлық өзге тілдермен бірдей: кей тұсы қарапайым, кей тұсы күрделі, тура ағылшын, испан немесе араб тілдері тәрізді. Тіл жүйесі тұрғысынан қарасак, біз сөйлейтін тілдерді бүгінгі терімшілер мен аңшылар сөйлейтін тілдермен салыстыруға әбден болады және олар біздің ата-бабаларымыздың терімшілер мен аңшылар кезіндегі тілдерге де ұқсас болуы мүмкін. Жалпы алғанда, тілдерді күрделі немесе оңай деп айтуға келмейді. Олар тек бір-бірінен ерекшеленеді.

1.6. Сөздік қор және қоғам

Сөздік қор мен ұғымдарды айту мәселесінде жағдай басқаша. Әлемнің барлық тілінде жаңа сөз жасауға немесе өзге тілдерден сөз енгізуге болады. Теория жүзінде кез келген ойды кез келген тілде жеткізу мүмкіндігі бар. Бірақ іс жүзінде тілдердің лексикалық қорының айырмашылықтары өте көп. Белгілі бір тілдегі сөздер мен сөз тіркестері сол тілде сөйлейтін мәдениетке ғана керек және сол мәдениетке ғана тән. Сондықтан әртүрлі мәдениеттердің сөздік қоры да әртүрлі.

Хойсан тілдеріндегі сөздер Калахари шөліндегі және оның төңірегіндегі терімшілер мен аңшыларға ғана қажет. Ол тілдерде басқа тілдерде болмауы мүмкін көптеген жануарлар мен өсімдіктердің атаулары бар. Адами қарым-қатынастар мен сезімдер туралы сөздер саны Еуропа тілдеріндегі сөздерден еш кем түспейді. Адамның дене мүшелері, өмір мен өлім туралы тағы басқа сөздер саны жағынан да еш тілден қалыспайды. Сондай-ақ мифтік әңгіме және діни ұғымдарды білдіретін сөздер де көп. Қысқаша айтқанда, бұл тілде сол ортаның адамдарына әдетте қажет болатын сөздердің бай қоры бар.

Бірақ еуропалық тілдерде бар кей сөздер *Ju|'hoan* тілінде күні кешеге дейін болған жоқ. Заманауи технология, автокөліктер, теледидар, тұрғын үй, жиһаз, тұрмыстық заттар, киім сияқты біз үшін ең қажетті саналатын сөздер оларда жоқ еді. Сан халқының тұрақты көсемі болмайды, олар шағын топқа бірлесіп өмір сүреді. Сондықтан оларда мемлекет, конституция, заң, полиция ұғымдарын беретін сөз жоқ. Олар ешкіммен соғысқан емес, сондықтан генерал, әскер, зеңбірек деген ұғымдарды білдіретін сөздер жоқ.

Сан халқы математикаға онша мұқтаж емес еді, өйткені оларда мал да, ақша да, санауды керек ететін ештеңе де болған жоқ. Осының бәрі тілге әсер еткен, плюс немесе минус деген сөз атадан мұра болып қалмаған, санды білдіретін сөздері аз. Білуімше, *Ju|'hoan* тілінде алтыдан жоғары сандарды білдіретін сөз жоқ.

Хойсан тілдерінде, ағылшын және басқа да еуропалық тілдермен салыстырғанда, сөздердің аздығының тағы бір себебі бар, ол – хойсан тілдерінде жазудың жоқтығы. Жазу болса, тіл және оның сөздік қоры ұрпақтан ұрпаққа жетеді, балалар оны түсінуге және сол тілде сөйлеуге тырысады. Салыстырмалы түрде аз ғана адамнан тұратын тіл үшін жазудың маңызы зор болуы мүмкін. Күнделікті сөйлесуде жиі қолданылмайтын сөз кейбір адамдарға бейтаныс болуы ықтимал. Егер сөйлеушілердің саны бірнеше мыңнан аспаса немесе тіпті бірнеше жүз болса, сирек қолданылатын сөз келесі ұрпаққа мүлде жетпей қалуы мүмкін. Ондай жағдайда сөз қайта оралмастай болып жоғалады. Бірақ жазуы бар тілдердің сөздік қоры байырақ екені айқын, өйткені жазылған сөздер жақсы сақталады.

Жазуы жоқ тіл поэзиялық шығармаларын және тілдің басқа да құнды жәдігерлерін жоғалтып алуы мүмкін. Бұл «жазусыз әдебиет бола алмайды» дегенді білдірмейді: бізге ауызша жеткен көптеген өлеңдерді, эпикалық ертегілерді білеміз. Бірақ бір ұрпақтың кем дегенде бес-алты адамы сол ертегілер мен өлеңдерді жаттап, басқаларға таратумен айналысуға тиіс. Адамдардың шағын тобында мұны іске асыру қиын. Осындай жағдайда үлкен әдеби шығармалардағы сөздер мен сөз тіркестері кейінгі ұрпаққа жетпей қалады.

Терімшілер мен аңшылар тілдерінің басты қасиеті мен адам ойын жеткізуде еуропалық тілдерден еш айырмашылығы жоқ, бірақ олардың әлеуеті жеткілікті деңгейде қолданылмайды. Бұл халықтардың тілі біздің жағдайымыздан өзге жағдайда қолданылатындықтан, ойды жеткізу ресурсы да өзгеше. Ол тілдерде қоғамға керекті барлық сөздер мен сөз тіркестері бар, кейде тіпті еуропалық тілдерде жоқ лексикалық бірліктерді кездестіруге болады. Бірақ біз үшін ең қажет, қарапайым көрінетін сөздер оларда жоқ болып шығатын жағдайлар бар.

Әрине, тілдің құрылымы мен әлеуетіне мұның еш қатысы жоқ, бұл тек тілдердің қалай қолданылатынына байланысты. Бүгінгі таңда *Ju|'hoan* тілінде сөйлеушілер ана тілдерін жаңа жағдайға бейімдеп, қазіргі заманның бұйымдары мен ұғымдарын білдіретін көптеген сөзді енгізіп жатыр. Келешекте полимерлік химия немесе компьютер дизайны туралы сөйлеу үшін неге *Ju|'hoan* тілін қолданбасқа? Ал ағылшынтілділер өз ана тілін Калахари шөліндегі өсімдіктер мен аңшылық әдістері туралы айтуға бейімдеуі ықтимал. Бірақ лексика қалыптастыру процесі өте баяу да бейнетті. Сондықтан *Ju|'hoan* тілін қолданушылар қала жағдайында әлі ұзақ уақыт бойы өздерін қолайсыз сезінеді. Ал ағылшын тілі шөлдегі тіршілікке ешқашан бейімделе қоймас.

1.7. Хойсан тілдеріне қанша тіл жатады?

Сан халықтары сөйлейтін хойсан тобына көп тіл жатады, олардың нақты қанша екенін және қалай аталатынын анықтау оңай жұмыс емес. Оларды зерттеуші әр ғалым өзінше атайды және ол атаулардың көбінің жазылымы айрықша.

Бұл ерекше жазулар жартылай ол сөздердегі сыртылды дыбыстарды жазумен жеткізудің қиындығымен түсіндіріледі. Сыртыл – ауызда төмен қысым туындатып, ауаны

тез шығарып жіберуден пайда болады. Мұндай дыбыстар өзге жерлерде арнайы мақсатта жиі қолданылады. Мысалы, ағылшынтілділер сенбегенін немесе қоштамағанын білдіру үшін «*tut*» немесе «*tut-tut*» деп дыбыстайды. Хойсан тілдеріндегі «таңдай сыртылы» деп аталатын дыбыс – осы. Бірақ хойсан сөздерінде ол кәдімгі дауыссыз дыбыс ретінде қолданылады. Бұл тілдерде басқаша дыбысталатын өзге де сыртылдар бар. Оларды жазба тілде белгілеу үшін түрлі жүйені пайдалануға болады. Әдетте лингвистер сыртылдың төрт түрі үшін мынадай: | | † ⊙ төрт түрлі таңба қолданады.

1950 жылдары хойсан тілдері саласындағы белді ғалымдардың бірі, германиялық Доротея Блик: «|*Xam*, †*Khomani*, |*K''aule*n және !*Kuŋ* деп аталатын жиырмаға жуық тіл бар», – деді. Өзге авторлардың ешқайсысы дерлік тура сол атауларды қолданбайды. Жоғарыдағы ең соңғы атаудың орнына мынадай сөздерді кездестіресіз: !*Xu*, !*Khung*, *Kung* және !*Kung*.

Мәселе тек тілдердің атауының жазылымында болса, ол соншалық қиындық болып есептелмес еді. Бірақ соңғы онжылдықтарда хойсан тілдерін зерттеген ғалымдардың барлығы дерлік тағы бірнеше тіл мен диалектінің атауын енгізді. 1981 жылы бір белсенді ғалым хойсан тілдерінің сол кезге дейін әдебиетте қолданылып келген тізімін жарыққа шығарды. Орфографиясындағы сәл-пәл айырмашылықтарды есепке алмағанда, тізімге 141 тілдің атауы енді.

Содан бері тағы бірнеше тілдің атауы қосылды. «70 мыңдай ғана сөйлеушінің соншама көп тілге бөлінуі мүмкін емес» дейтін де шығар кейбіреулер. Шындығын айтқанда, көптеген адам бір тіл деп санайтын тілдің бірнеше атауы бар. Бір-ақ тілді мысалға келтірейік. Көбінесе *Shuakhwe* деп аталатын тілдің тағы мынадай атаулары бар: ||'Aye, *Danisa*, ||*Koreekhwe*, |*Xaise*, *Tçaiti*, *Hura*, *Teti* және !*Hukwe*.

Тізімде мұншама көп атаудың болуының бірнеше себебі бар. Солардың бірі – жоғалып кеткен тілдер мен топтар, олар бірнеше атауға ие. Хойсан тілдерінде сөйлейтін көптеген адамдар Оңтүстік Африканың шығыс және оңтүстік бөлігінде тұрған. Еуропа-лық басқыншылар оларды қатыгездікпен қудалап, кей кездері геноцидке ұшыратқан. Ол тайпалардың аман қалған адамдары өз тілдерін тасада қалдырып, африкаанс тілінің бір түрінде сөйлей бастады. Содан Оңтүстік Африкада қазір хойсан тілдері мүлде жойылды десе де болады. Тізімдегі атаулардың қырыққа жуығы осы тілдерге қатысты.

Әйтсе де көптеген тіл әлі де тірі. Неге бұлай екенін түсіну үшін ол тілдер және олардың өзара қалай араласатыны туралы баяндайық.

1.8. «Сіз қай тілде сөйлейсіз?». «Білмеймін»

Хойсан тілдерін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу бұл топтың үш тәуелсіз тармақтан тұратынын көрсетті. Бір-бірінен үлкен айырмашылығы бар болғандықтан, олардың байланысты екеніне күмәнмен қарайсың. !*Ui-taa* немесе «оңтүстік хойсан тобы» бір-ақ тілден тұрады. Сондықтан оның атауын көрсету оңай сияқты көрінеді. Іс жүзінде олай емес.

Біз бұл жерде тіл атауларымен байланысты шын қиындыққа кездесеміз. Ана тілінің атауын сұрағанда, ол тілде сөйлеушілер нақты жауап бере алмайды. Бұл

олардың баяу ойлайтынын білдірмейді немесе адамдармен қатынас жасауындағы қиындықтарға да байланысты емес. Бар болғаны олар ана тілінің қалай аталатынын өздері де білмейді, өйткені ана тіліне ешқандай атау бермеген. Мұның негізін қалаған Энтони Трэйл – хойсан тілдерін жақсы зерттеп, ол тілдерде сөйлей алған ғалым.

Біз бұл деректі тез сіңіре алмауымыз мүмкін. Әрине, осы тілге қатысы бар ғалымдарға, миссионерлерге және басқаларға мұны түсіну үшін көп уақыт қажет еді. Ғылыми әдебиетте тіл атауы көптігінің басты түсініктемесі осы болар. Қызыққұмар жиһанкездер жолында кездескен жұрттан қай тілде сөйлейтінін сұраған. Олардың жауабын қойындәптерге ұқыптап жазып қойған. Тағы бір ғалым тағы бір сөйлеушіні кездестірген. Ол өз бетімен жауап ойлап тауып айтқан. Оны да қойындәптерге жазып қойған, сосын ғылым әлеміне таратқан. Осылай XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың соңғы онжылдықтарына дейін хойсан тілдерінің саны үнемі өсіп отырған.

Бірнеше сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, зерттеушілер қандай атауларды жазып алды? Атаулардың көбі үш тармақтың біріне кіретін болған. Біріншісі – сөйлеушінің өзі кіретін үлкен топ. Бұл – ең тұрақты атаулар, олар бірнеше нұсқада қайталанып берілген және олардың атауы біздің тілдеріміздің атауына сәл де болса ұқсайды. Бірақ бір адам өзін белгілі бір топқа жатқызғанымен, бір тілде сөйлейтін басқа адамдардың бәрі сол топқа кіреді дегенді білдірмейді. Оған қоса, сәл өзгеше сөйлейтін немесе мүлде басқаша сөйлейтін адамдар өздерін сол атаудағы топқа жатқызуы әбден мүмкін. Атаулардың екінші түрі сөйлеушінің туып-өскен жерін немесе әулеттің атын білдіреді. Біз оны ағылшын тілінде «Лутон тілі» немесе «Смит тілі» дейміз. Мұндай белгілер тілдердің атауын қатты шатастырады. Үшінші түрінде *Kwe*, *Khoe*, *Shuakhwe*, *Anikhwe* және *хойсан* деген атаулар бар. Оны антрополог сол тілдерден алған сөздерден біріктіріп жасаған. Бұл сөздердің бәрінің құрамында *khwe* немесе *khwi* деген бөлік бар. Ол екі дыбыстан тұрады: 1. Ерінді дөңгелектеп айтылатын аспирациялы -к дыбысы. 2. Алдыңғы дауысты -е немесе -i дыбысы. Хойсан деген сөз «адам баласы» немесе «жұрт» деген мағына береді. Бұл атаулар «біз адам баласының тілінде сөйлейміз немесе жұрт қалай сөйлесе, біз де солай сөйлейміз» деген жауаптан пайда болған.

Бұл халық өзі сөйлейтін тілдің атауын білмей қалай өмір сүреді? Біз үшін бұл – табиғи нәрсе. Бірақ хойсан тілдерінде сөйлейтін ортаны көз алдымызға елестетсек, көп жайт түсінікті болады. Сан халқы 10-20 адамнан тұратын шағын топтарда өмір сүрген, бір-бірімен жиі кездесу мүмкіндігі болмаған. Кейде сауда жасау үшін немесе басқа да ортақ шаруалармен кездескен, сонда олардың сөйлеуін қадағалап, бір-бірінен несімен ерекшеленетінін түсіндіретін мекеме не қоғамдық институт жоқ еді. Сан халқының топтары – бір тілде сөйлейтін топтың ең шағыны. Мұндай жағдайда тіл атауы ол тілде сөйлейтін адамның жеке басын куәландыруда еш рөл атқармайды. Сондықтан сан халқында оған байланысты ешқандай консенсус жоқ.

Сөйлеушілер өз тіліне өзі ат қоймаса, сырттан бақылаушы қоюы мүмкін, лингвистер солай істеді де. Жоғарыда айтылған хойсан тіліне келсек, ғалымдардың көбі оны Трэйл ұсынған нұсқа бойынша *!Xóǀ* деп атаған дұрыс деп шешті.

1.9. Австралиядағы алуан түрлі тілдер

XVIII ғасырдың аяғына таман еуропалықтар Австралияға келгенде, көптеген тілде сөйлейтін миллиондаған терімшілер мен аншылар өмір сүрген болуы мүмкін. Аборигендердің ұрпақтары Африканың оңтүстігіндегі сан халықтарына ұқсас жағдайды бастан кешуде.

Сандардан айырмашылығы – австралиялықтар айқын атауы бар топтарда өмір сүреді (немесе өмір сүрген). Олардың әрқайсысы бір-біріне туысқан, салт-дәстүрі және тілі де ортақ бірнеше жүз адамнан тұрады, тіпті мың адамға дейін баруы мүмкін. Топ мүшелері өздерінің басқа тайпалардан бөлек тілде сөйлейтінін біледі және ол тілдің атауы бар. Топтың атауы көбінесе тілдің атауымен бірдей болып келеді. Мысалы, *yidinj* (*Йидиндж*) тілінде сөйлейтіндерді *yidinji* (*Йидинджи*) деп атайды, яғни «*yidinj* тілінде сөйлейтіндер *yidinj* тілділер». Австралиялық терімшілер мен аншылар үшін тіл – атауы бар, маңызды, айқын анықталған құрылым.

Диксон австралиялық тілдерге арналған еңбегінде (Dixon, 2002): «Кем дегенде 700 өзіндік бөлек атауы бар тілдік топ болған», – дейді. Бірақ ол «континентте іс жүзінде 700 тілде де сөйлемеген» деп ойлайды. Ол атаулардың көбі тілді емес, диалектіні білдірген деп, 250 деген санға тоқтайды. Мысалы, Солтүстік Квинслендтегі ондаған топ өздерін *Girramay*, *Jirrbal*, *Mami*, *Nagajan* деп аталатын тілдерде сөйлейміз деп санағанмен, Диксон: «Диалектілік нұсқалармен тармақталған бір-ақ тіл бар», – дейді. Диксон ол тілді *Dyirbal* деп атады.

Бұл – тілді қолдану жолдары бірдей болғандықтан және топтардың мүшелері өзгелердің сөйлеуін қиындықсыз түсінуге байланысты болатын жайт. Айырмашылықтар бірнеше сөз және дыбыстық жүйе мен грамматикадағы кейбір ерекшеліктермен шектеледі. Еуропалық тілдер ішіндегі диалектілер де тура осындай жағдайда. Сондықтан Диксонның қайта атау шарасын түсінуге болады. Бірақ қолданушылардың өз тіліндегі түрлер туралы айтқанын тура сол мағынасында қабылдаудың қажеті жоқ. Бұдан екі үлкен сұрақ туындайды: Тілдің тіл екені қалай анықталады? Ол шешімді кім қабылдайды?

1.10. Тіл деген не?

Тіл қалай пайда болады деген сұрақ осы кітапта әлсін-әлсін қойылады. «Тіл» деген сөз менің еңбегімде және басқа жерлерде әртүрлі контексте, әртүрлі мағынада қолданылады. Бірақ мен мұнда оны «ағылшын тілі» мен «жапон тілі» деген сияқты сөздер тұрғысынан талқылаймын.

Тіл – қарым-қатынас тәсілі, адамдар бір-бірімен қатынасу үшін қолданатын өзара коммуникация жүйесі. Егер екі жүйенің ағылшын және жапон тілдері тәрізді дыбыстары, лексикасы мен грамматикасы әртүрлі болса, оларды екі бөлек тіл дегенге оңай келісуге болады. Дегенмен жүйелердің өте ұқсастығы жиі кездеседі. Мысалы, испан және итальян тілдерінің дыбыстық жүйесі ұқсас, сөздік қорының басым бөлігі бірдей және грамматикасы да аса қатты ерекшеленбейді. Сонда олар екі тіл ме, бір тіл ме?

Тіл жүйелерін зерттейтін лингвистер осындай сұрақтарға жауап табу жолын іздеу керек. Олар әдетте өзара түсінісу критерийіне сүйенеді: егер екі адам бір-бірін түсінсе – олардың бір тілде сөйлегені, түсінбесе – әртүрлі тілде сөйлегені. Бұл критерийдің артықшылығы, түптеп келгенде, оны барлық күмәнді жағдайларда тексеруге болатынында; бұл лингвистерге әлем тілдерінің толық тізімін жасауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, олар қай тілдерді үйрену және зерттеу керек екенін анық біледі. Ол тізімдегі көптеген тармақта атауы бар тілдер (немесе біреуден көп атауы бар тілдер) болып шығады. Бірақ сан тобындағы тілдердің әлі күнге дейін атау берілмеген тілдер екені көрінеді.

Классификациялау немесе таксономияның осыған ұқсас қиындықтары білім берудің көптеген саласында кездеседі. Мәселен, зоологтерге барлық жануарлар түрінің тізімін жасау керек дейік. Олар көп жағдайда дұрыс болып шығатын басты критерийі: түрлі жынысты екі индивид шағылысып, фертильді ұрпақ қалдырса – олардың бір түрге жатқаны, ал басқаша болса – бір түрге жатпағаны. Түрлердің саны өте көп, әсіресе жәндіктердің түрі сансыз және көбінің ауызекі тілде атауы жоқ. Сондықтан бүгінгі зоологтер әр түрге өзіне тән ат беріп, Адам атаның жұмысын орындауға мәжбүр.

Лингвистердің жағдайы зоологтерге қарағанда онша мәз емес. Бірінші мәселе критерийге байланысты. Италияндық сөйлеп тұрған испан екенін кейде сезіп, кейде сезбейді. Кей адамдар басқа тілді басқалардан оңай қабылдайды, енді біреулер алдыңғы тіл формаларын өзгелерден артық үйренген. Жеке нәтижелер бір-бірінен қатты өзгешеленеді. Бірнеше себепке байланысты стандартты тест шарасын жасау қиынға соғады, ешкім әлі ондай ұсыныс жасамаған да секілді. Сондықтан лингвистер, негізінен, өздерінің субъективті әсерлеріне сүйенеді. Бұл көбінесе жақсы нәтиже береді, бірақ көптеген сұрақтар жауапсыз қалады. Әлем тілдерінің өзара түсіністікке негізделген жіктемесі жоқ, ешқашан болмайды да.

Бірақ бұл аса қорқынышты емес. Қазір зоологтер шимпанзелер мен боноболарды бір түр деп санайды. Ал бұрын олар екі бөлек түр саналған, көпшілік оны шындық деп қабылдаған, ал маймылдар, әрине, еш қарсылық білдірмеген. Тіл ғалымдарының айтқаны әдетте зоологтердің айтқанындай өтімді емес. Белгілі лингвистер «испан және итальян тілдері бір» десе, жалпы қауымның бұл сөзбен келісуі екіталай, ең бірінші кезекте Испания мен Италияның халқы және билік органдары келіспейді. Олар мұны айтқан лингвистерді күлкіге айналдырады.

Тіл адамдар арасындағы қатынас құралы ғана емес. Тілді адамдар тобы қолданады, тіл – сол топтың сәйкестігі мен мәдениетінің өте маңызды бөлігі. Тілдің атауы – сол тіл қолданылатын қоғамдағы әлеуметтік және саяси жақындықты білдіретін басты аспект атауы. Бұл туралы төменде егжей-тегжейлі баяндалады. «Кім-кімді түсінеді» дегеннен гөрі, тілдердің атауы жиірек айтылады. Қолданушылар тілін өзі таңдайды, әдетте оларға ешкім әсер ете алмайды. Тіл мен тіл атауы – металингвистикалық қана емес, қоғамдық та құбылыс. Олардың жалпы адамдар үшін, әсіресе саяси жетекшілер үшін маңызы зор.

Тілді атауынан айыру оңай жұмыс емес. Жоғарыда айтылғандай, сан тайпаларының арасында тіл атауының болмауы сөйлеушілердің тілдің атауына өз тобының белгісі ретінде қарамауына байланысты. Сондықтан тілге атау беру – қоғамдық маңызы бар оқиға. Кейде оның қашан және қалай болғаны, оған саясат және мәдениет саласындағы қай

тұлға қатысқаны белгілі. Осындай оқиғалардың кейбірі жөнінде осы кітаптың 9 және 13-тарауларында айтылады.

Осыған байланысты сан және австралиялық тілдерді анықтау мен оларға ат беру әдістері мүлде өзгеше болып көрінеді. Екі жерде де басты орындаушылар шеттен келген лингвистер еді, олар өз шешімдерін әлеуметтік аспектілерге назар аудармай, тек лингвистикалық фактілерге негіздеді. Бірнеше зерттеуші сан тілдеріне, Диксон және басқалар барлық австралия тілдеріне осындай қызмет жасады. Тілде сөйлеушілердің өздері мұндай әрекетке қатыспайды.

Бұл – лингвистер жамандық жасады деген сөз емес, олар бұл тілдерді тек ізгі ниетпен зерттеп жүрген адамдар. Диксон лингвистикалық және саяси жағдайдың арасындағы айырмашылық туралы айтты. Ең бастысы, мұның бәрін істеп жүрген тіл қолданушылардың өздері емес, сырттан келген адамдар екеніне назар аудару керек. Бұл қоғамдық іс болғандықтан, әлеует пен ықпал мәселесі де көп рөл ойнайды. Италия мен испан тілдері тәуелсіз, тұрақты мемлекеттердің тілі және оны миллиондаған адам қолданады. Ол тілдер лингвистердің ой-пікіріне тәуелді емес, олар мәртебесі мен атауын оңай сақтайды. Ал сан және австралия халықтары өз елдерінде саны аз, маргиналь топтарға жатады және олардың тілдерінің ерекшеліктерін зерттеп жүрген ғалымдар ықпалды. Сондықтан тіл мамандары сөйлеу жолдарын біріктіріп немесе бөлу үшін тілдерге лингвистикалық принциптерге сәйкес ат қоюға ерікті.

Бұдан маму тілінде сөйлейтін австралиялықтар, мәселен, өз тілін енді «дирбал тілі» деп ойлап, қоғамдағы жағдайға әсер ете ме? Кейбір жағдайларда бұлай болуы да мүмкін, сото тілдеріне арналған 13.8-тарауда осыған ұқсас жағдай туралы айтылады. Дегенмен сан тілдері мен австралиялық тілдерді одан қорқыныштырақ болашақ күтіп тұр. Бірнеше ұрпақ өтпей-ақ, лингвист-тарихшылар бұл тілдерге қандай ат бергісі келсе, сондай ат қояды. Өйткені ол тілдерде сөйлейтін адам қалмайды. Атауы бар тіл – әлеуметтік және саяси дерек; тіл жүйесі және тіл туралы шешім шығарып, тілге атау беретіндер – қоғамда билікке ие адамдар. Қандай тілдердің бар екені, қай пікірдің лингвистикадан гөрі саясатқа жақын екені жөнінде әртүрлі көзқарас бар.

1.11. Он екі мың жыл бұрын қанша тіл болған?

Хойсан тобына он тіл кіре ме, жиырма тіл кіре ме, австралиялық тілдер 250 ме, 700 бе? Бұл жөнінде ұзақ айтысуға болады, неше түрлі тіл көп екені ғана анық. Бұл Америка құрлығын айтпағанда, тым болмағанда, Еуропадағы жағдайға үйренісіп кеткендерге қатысты. Батыс Еуропаның бірнеше жүздеген миллион тұрғыны тек елуге жақын тілде ғана сөйлейді (жақында сырттан қоныс аударған иммигранттарды айтпағанда).

«Үлкен тілдер» дегеніміз – «көп адамдар сөйлейтін тіл» деген ойдың қысқартылып айтылған түрі. «Шағын тілдер» – аз ғана адам сөйлейтін тіл. Біз бұл кітапта ыңғайлы болу үшін осы сөздерді қолдануды ұйғардық. Әрине, тілдің құнды-құнсыздығын бағалауға бұл сөздердің еш қатысы жоқ. Сөйлеушілер санына байланысты осындай айырмашылықтар бар екені кездейсоқтық емес. Бұл мәдениет пен өмір сүру дағдысындағы басты айырмашылықтарға және тілдердің қолданылу жолына тікелей байланысты.

Жеміс-жидек пен түбіртек теріп күнелткен терімшілер мен аңшыларға өздерін азықпен қамтамасыз ету үшін үлкен жер керек. Жер құнарлы болған күннің өзінде бір шақырым тек бірнеше адамға ғана азық бере алады. Сан халқы тұратын Калахари шөлі мен Үлкен Австралия шөлінде одан да үлкен кеңістік қажет. Әр тайпаға үлкен жер телімі керек, олар сол телімде үнемі жүріп отырады. Басқа адамдарға жақын тұру мүмкін емес, олардың өзге адамдармен қарым-қатынасы, негізінен, өздері сияқты топтармен кездесумен шектеледі. Топтар салыстырмалы түрде оқшау өмір сүреді.

Әр топ өзіне түсінікті тілде сөйлейді. Тіл ұрпақтан ұрпаққа дәл сол күйінде жетпейтіні баршаға аян, олар уақытпен бірге өзгеріп тұрады. Бір топ өзімен бірдей тілде сөйлейтін өзгелермен аз қарым-қатынас жасаса, көп кешікпей өз ережелері мен пішіні бар өзге тіл пайда болады. Бұл процесс бірнеше ғасырға созылса, ол топ өзгелерге түсініксіз тіл қалыптастыруы мүмкін. Бұл «бір-бірімен араласа алмайтындай алыс тұратын шағын топтарда аз ғана сөйлеушісі бар көптеген тіл пайда болады» дегенді білдіруі тиіс. Сан халқы мен австралиялықтарға қатысты шындық – осы. Енді бұдан келесі сұрақ туындайды: Жер бетіндегі адамдардың бәрі терімшілер мен аңшылар болған кезде де сондай жағдай болды ма? Бізге белгілі деректер солай болғанын анық көрсетеді. Халықтың басым көпшілігі терімшілер мен аңшылар болған әлемнің басқа түкпірлерінде, мәселен, Амазон өзені аңғарында жағдай осыған өте ұқсас. Терімшілер мен аңшылар өмір сүрген жерлердің ешқайсысында бір тілде сөйлеген адамдардың саны екі мыңнан аспаған.

Бұл дұрыс болса, адамдардың бәрі терімшілер мен аңшылар болған 12 мың жыл бұрынғы уақыттың манайында әлемде қанша тіл болғанын айта аламыз. «Әр мың немесе екі мың адамға бір тілден келген» деген ой айтуға тура келеді. Ал ол кезде қанша адам болғанын біз білмейміз, бірақ барлық құрлық пен бүгінде халық тығыз қоныстанған аймақтың көбін адам баласының мекен еткені анық. Бірнеше мың адам ғана тұруы мүмкін емес, миллиондаған адам болуы мүмкін. Мысалы, 15 миллион адам болса, әр тілге 2 мың адамнан келгенде, 7500 тіл болғаны.

Археологтер мен демографтар қанша есептесе де, ол кездегі халық санын дәл айттып беру мүмкін емес шығар. Бірақ бүгінде табылған тілдердің санымен салыстыру қызықты болар еді. Соңғы деректер бойынша, қазіргі тілдер саны 7 мыңға жақындап қалды. Терімшілер мен аңшылар заманында жер бетінде 15 миллиондай адам тұруы мүмкін; бірақ қазір қанша тіл болса, ол кезде де сонша тіл болған, яғни бұл – қазіргі 7 миллиард адамның екіден бір бөлігі. Бұл цифрларға тым қатты сенуге болмас, өйткені олар аса айқын емес бірнеше жорамалға негізделген. Бірақ жалпы үрдістің осылай болғанына күмән жоқ. Ертеректе қазіргіден анағұрлым көп тіл болған. Тілдердің тарихына үңілсек, олардың саны өсіп жатқан жоқ. Керісінше, кеміп жатқанын көріп отырмыз. Бұл тілдердің рөлі мен тілдер арасындағы айырмашылықты түсінуіміз үшін өте маңызды. Кітабымыздағы бірнеше тарау осы тақырып төңірегінде ой қозғайды.

Ал келесі тарау тілдік топтар туралы. Кей тілдер неге бір-біріне ұқсайды, ал кей тілдер ұқсамайды?

2-ТАРАУ

Үлкен тілдік топтар

- | | |
|--|--------------------------------------|
| 2.1. Қоғамдық және лингвистикалық өзгерістер | 2.6. Басқа да тілдік топтар |
| 2.2. Герман, славян және роман тілдері | 2.7. Тілдік топтар қалай қалыптасты? |
| 2.3. Үндіеуропа тобындағы тілдер | Қосымша әдебиеттер тізімі |
| 2.4. Банту тілдері | Қайталауға арналған сұрақтар |
| 2.5. Банту тілі қандай тіл? | Талқылауға арналған тақырыптар |
| | Зерттеуге арналған тақырыптар |

2.1. Қоғамдық және лингвистикалық өзгерістер

Алдыңғы тарауда тілдің адамдар тобы қолданатын қатынас жүйесі екені және бұл кітаптың тілдердің тарихын баяндайтыны жөнінде айтылған болатын. Әрине, жүйенің де, топтардың да тарихы болады. Тіл жүйелерінің қалай өзгеретіні лингвистиканың бұрыннан келе жатқан және жақсы жетілген тармағы – тарихи лингвистиканың пәні. Тарихшылар адамдар бастан кешкен оқиғалармен айналысады. Бұл кітап тіл жүйелері мен адамдардың өзара әрекеттестігі туралы баяндайды. Сондықтан ол екеуінде де болып жатқан өзгерістерді есепке алу керек. Қажет болған жағдайда, тілдік жүйенің ішінде болып жатқан процестер үшін, яғни дыбыстар, грамматика, лексикадағы өзгерістер үшін «лингвистикалық өзгерістер» терминін қолданамын. Ал «әлеуметтік өзгерістер» термині жүйенің өзгерісі үшін ол тілдерде сөйлейтін адам аз ба, көп пе, ол тіл қазір беделді ме, жоқ па – соған байланысты қолданылды.

Жалпы алғанда, бұл жерде тарихи фактілер лингвистикалық деректерден айқынырақ көрінеді. Бұл тарихи лингвистиканың оқулығы емес екені анық. Тараулардың көбінде қоғамдық өзгерістер туралы айтылады. Дегенмен лингвистика туралы да біраз материал бар. Тарихи лингвистика саласына кіріспе ретінде жазылған бұл тарау адамзаттың тарихқа дейінгі өміріндегі қоғамдық өзгерістерді түсіндіреді.

2.2. Герман, славян және роман тілдері

Ағылшын тіліндегі *bread* деген сөзге немістің *Brot* сөзі сәйкес келеді, шведтің *bröd* деген сөзіне итальянның *pane* сөзі сәйкес. Ағылшын тіліндегі *son*-ға неміс тіліндегі *sohn*, швед тіліндегі – *son*, ал итальян тіліндегі *figlio* сөзі сәйкес. Екі жағдайда да ағылшын, неміс және швед сөздері өте ұқсас, бірақ итальян сөздері мүлде басқа.

Бұл кездейсоқтық емес. Ағылшын, неміс және швед тілдері көп жағынан ұқсас, итальян тілі олардың бәрінен өзгеше. 2.1-кестедегі қысқа сөйлемдерді оқысақ, анығырақ көрінеді.

Ағылшын, неміс және швед тілдерінде сөйлемдегі әр сөз басқа тілдердегі бір сөзге сәйкес келеді. Сөздердің реті де бірдей. *We* деген сөз *Wir* және *Vi* сөздерімен мағыналас. *Could* сөзі *konnten* және *kunde* сөздерімен мағыналас. Бірақ итальян тіліндегі болымсыз мағынадағы «*not*» сөзі бірінші келіп тұр және «біз» дегенді тікелей білдіретін сөз жоқ. Оның орнында тұрған *potevamo* сөзі «*we could*» дегенді білдіреді. Ал «*they could*» деген сөзді *potevano* деген сөз берер еді.

Кей тілдердің бір-біріне ұқсас жерлері өте көп, ал кей тілдердің айырмашылығы орасан. Мұның себебін алдыңғы тарауда қысқаша айтып өттік. Тілдер үнемі өзгеріп отырады. Тілдері ортақ топ окшауланып, бөлініп кетуі мүмкін. Біраз уақыт өткен соң, әр топтың ішіндегі тәуелсіз өзгерістерге байланысты олар мүлде басқа тілде сөйлейтін халықтар болып шыға келеді. Бірақ тілдер бір-біріне де әсер етеді. Әртүрлі тілде сөйлейтін адамдар тобы бір-бірімен ұзақ қатынас жасаса, олардың тілдері кей жағынан бір-біріне ұқсай бастайды. Олар бір-бірінен алдымен жекелеген сөздерді алады, уақыты келгенде, өзге де өзгерістер жүреді. Бұл өзгерістердің қаншалықты үлкен болатыны, қай тіл өзгеріске көбірек ұшырайтыны топтардың арасындағы қатынас түрлеріне және олардың билік пен әлеуетке қаншалықты ие екеніне байланысты. Яғни тілдердің өзгеруі тарихқа байланысты.

2.1-кесте. Төрт түрлі тілде жазылған бір сөйлем

Ағылшын тілі	We could not come
Неміс тілі	Wir konnten nicht kommen
Швед тілі	Vi kunde inte komma
Итальян тілі	Non potevamo venire

Тілдің өзгеру екіпінсіз адамның өмір сүру ұзақтығымен салыстырғанда баяу. Оның өзгергенін әдетте қарттар байқайды. Тілге аз ғана уақыттың ішінде көптеген шетел сөздері енуі мүмкін, бірақ тілдегі дыбыстар әдетте тез өзгермейді, грамматика одан да ұзақ уақыт өзгеріссіз тұрады. Тілдер тұрақты өзгермейді, ажырағандарына бір мың жылдан астам уақыт өтсе де, қатты ұқсас күйінде қалатын тілдер бар. Ал кей тілдер мың жылдан астам уақыт араласса да, өзіндік бейнесін өзгертпейді.

Баяу дивергенцияның типтік үлгісі – ағылшын, неміс және швед тілдері. Тарихшылар мен лингвистер «бұл үш тілдің (және кейбір басқа да тілдердің, мысалы,

голланд және дат тілдері) жалпы шығу тегі бір» деген пікірге қосылады. Бұл топтағы тілдерді «герман тілдері» деп атайды, ал бастапқы тіл «протогерман» деп аталады.

Протогерман тілінің қандай болғанын ешкім білмейді. Одан ешқандай жазба ескерткіштер қалмаған. Бұл тілде сөйлеген адамдар туралы онша көп білмейміз, қашан және қай жерде қолданылғаны туралы да ешқандай нақты дерек жоқ. Бірақ біз герман тобындағы бірнеше тілге не болғаны туралы біраз нәрсе білеміз. Ежелгі ағылшын тілінде жазылған ең ескі мазмұнды мәтін 1300 жыл бұрын жазылған. Ежелгі герман мәтіндері де шамамен сонша жаста. Бұл екі тілдің көптеген ғасырлар бойғы дамуын байқауға болады. Швед тіліне келер болсақ, ол исланд, дат және норвег тілдері сияқты өзге де скандинав тілдерімен және ежелгі жазбалармен байланысты. IV–V ғасырлардан қысқа жарнама түрінде жеткен ол жазбалар – протоскандинав тілінің мысалы. Кез келген скандинав тілінде жазылған ең ежелгі ұзақ мәтіндер XII ғасырда Исландияда жазылған. Ол мәтіндер жазылған тіл «ежелгі норвег тілі» деп аталады.

Ежелгі ағылшын, ежелгі неміс және ежелгі норвег тілдерін салыстырсақ, ол тілдердің қазіргі заманғы нұсқаларына қарағанда, бір-біріне ұқсас екенін оңай байқауға болады. Мысал ретінде бірнеше сөзді көрсетейік. 2.2-кестені қараңыз.

2.2-кесте. Герман тілдеріндегі сөздердің қазіргі және ежелгі түрлері

<i>Ағылшын тілі</i>	birds	way	go
<i>Неміс тілі</i>	Vögel	Weg	gehen
<i>Швед тілі</i>	fåglar	väg	gå
<i>Ежелгі ағылшын тілі</i>	fugelas	weg	gan
<i>Ежелгі жоғарғы неміс тілі</i>	fugala	uueg	gangan
<i>Ежелгі норвег тілі</i>	fuglar	vegr	ganga

Бұл кестеден ежелгі тілдерде сөздердің пішіні бір-біріне жақынырақ болғанын көреміз. Ауызекі тілдің ұқсастығы соншалық – Англия және Скандинавия халықтары бір-бірін тәп-тәуір түсінетін-ді.

Ол кезде, 12 мың жыл бұрын Батыс және Солтүстік Еуропа тілдері бір-біріне қазіргіден анағұрлым ұқсас еді. Тарихшы-лингвистердің көбі және тарихшылар: «Егер бір мың жыл бұрынғы тілдік жағдайдың бұлтартпас дәлелдерін алу мүмкін болса, ол бұл аймақтың протогерман тілінде сөйлегенін көрсетер еді», – дейді.

Бұл дұрыс та болар. Дегенмен заңды сұрақ туындайды: Сонда мұндай үлкен аймақта қай тіл қолданылған? Бұл тарауда осы және өзге де сұрақтарға жауап беруге тырысамыз. Герман тілдерінде сөйлейтіндер үшін онша жағымды жауап бере алмаймыз. Жалпы жағдайды бағамдау үшін өзге де топтарға үңілеміз.

Көптеген еуропалық тілдер үш негізгі топтың біріне тиесілі. Шығыс және оңтүстік-шығыс герман тілдері, славян тілдері бар. Олардың арасындағы ең үлкені –

орыс, украин, поляк, белорус, чех, серб-хорват, болгар тілдері және көптеген ұсак тілдер. Жалпы алғанда, бұлар бір-біріне герман тілдерінен анағұрлым ұқсас. Жазбаша мәтінге қарасақ, басқа әсерде боламыз, өйткені орыс тілі сияқты кейбір тілдер кириллицамен жазады, бірақ поляк және чех сияқты тілдер латын қарпін пайдаланады. Дегенмен орыс сөздерінің транскрипциясын жазсақ, көп сөздің айнымай ұқсайтынын көреміз. Әсіресе «нан» және «күн» деген ұғымды білдіретін сөздер. 2.3-кестені қараңыз.

Орыстың «хлеб» сөзіндегі бірінші дыбыс – шотландтың «лох» (*loch*) сөзіндегі сияқты тіларты фрикативі – *x* (*ch*). Бұл поляк және чех сөздеріндегі дыбыстарға ұқсас.

Славян тілдерінде жазылған ежелгі кітаптар да бар, олардың бірі – шіркеулік славян тілінде жазылған діни кітаптар. Олар IX ғасырдан бастап шыға бастаған. Барлық славян тілдері бір протославян тілінен бастау алады деп есептеледі. Ал герман тілдері протогерманнан шыққан. Протославян тілінде екі мың жылдай бұрын сөйлесе керек.

2.3-кесте. Үш славян тіліндегі ұқсас сөздер

	'bread'	'sun'
<i>Орыс тілі</i>	hleb	solnce
<i>Поляк тілі</i>	chleb	słońce
<i>Чех тілі</i>	chléb	slunce

2.4-кесте. Төрт роман тіліндегі ұқсас сөздер

	'bread'	'son'
<i>Француз тілі</i>	pain	fil
<i>Испан тілі</i>	pan	hijo
<i>Итальян тілі</i>	pane	figlio
<i>Португал тілі</i>	pão	filho

Еуропалық тілдердің үшінші үлкен тобы, негізінен, Оңтүстік және Батыс Еуропа роман тілдерінен тұрады. Олардың ішіндегі маңыздысы – француз, испан, итальян және португал тілдері. 2.4-кестеде осы тілдердегі «нан» және «ұл» сөздері көрсетілген.

Төрт тілдегі сөздердің ұқсастығы сонша – олардың шығу тегінің бір екені айқын көрініп тұр. Жорамал айтудың еш қажеті жоқ. Бұл тілдерде жазылған ежелгі кітаптар көп, біз олардың шығу тарихын жақсы білеміз. Олардың бәрі Еуропаның қазір роман тілдерінде сөйлейтін бөлігінен өрбіді. Ол жақта 2000 жыл бұрын адамдар латын тілінде сөйлеген және жазған.

Осыншама үлкен аумақтың неліктен бір тілді қолданғаны бәрімізге аян.

Біріншіден, б.з.д. 700–600 жылдары латын тілінде тек Римде және оның маңындағы қалаларда ғана сөйледі. Бірақ римдіктер өз ықпалын бірте-бірте кеңейтіп, б.з.д. 100 жылдарда Батыс Еуропа мен Жерорта теңізі аймағын биледі. Бірнеше ғасырдан

кейін олардың империясы ыдырап кетті, бірақ латын тілі Рим империясының батыс бөлігіндегі тұрғындардың ана тіліне айналды.

Сонда герман тайпалары мен славяндар да үлкен империяларды билеген бе? Әрине, олай емес. Тіпті оларда ол кезде мемлекет те болған жоқ. Болғанын дәлелдейтін еш тарихи және археологиялық дәлел де жоқ. Рим әмірлігінің лингвистикалық мәні де бірегей. Славян және герман тілдері қандай да бір басқа жолмен тараса керек. Оны білу үшін басқа көптеген тілді қарастыруымыз керек.

2.3. Үндіеуропа тобындағы тілдер

Алдыңғы тақырыпта талқыланған үш тіл тобы бір-біріне жақын емес. Кей тұстары бір-біріне ұқсайтындай болып көрінгенімен, топ ішіндегі тілдердей ұқсас қасиеттері айқын емес.

2.5-кесте. Алты ежелгі тілдегі ұқсас сөздер


	‘father’	‘mother’
<i>Латын тілі</i>	pater	mater
<i>Ежелгі грек тілі</i>	pater	meter
<i>Ежелгі ағылшын тілі</i>	fæder	modor
<i>Ежелгі норвег тілі</i>	faðir	moðir
<i>Ежелгі ирланд тілі</i>	athir	mathir
<i>Ежелгі санскрит тілі</i>	pitar	matar

Герман тілдері жағдайында көргеніміздей, бүгінгі сөздерден гөрі бұрынғы сөздер бір-біріне ұқсас. 2.5-кестеде «әке» және «ана» ұғымын беретін бірнеше сөздің тізімін Еуропаның бірнеше ескі тілі мен Үндістанның бір ескі тілі – санскритте бердік.

XVIII ғасырдағы ағылшын ғалымы, сэр Уильям Джонс санскрит тілін зерттеуге арнаған еңбегінде осындай көп ұқсастық тапса, грамматикада одан бөлек таңғаларлық параллельді анықтаған. Уильям Джонс 1786 жылы Калькутта қаласында оқыған атақты дәрісінде латын, ежелгі грек, санскрит, герман тілдері мен ирланд тілі жататын кельт тілдерінің жалпы шығу тегі бір екенін айтты.

Осы кезден бастап тарихи лингвистика дамыды. Содан кейінгі ғасырда көптеген ғалымдар Джонстың айтқанының дұрыс екенін, оған еш шүбә келтіруге болмайтынын дәлелдеді. Сөйтіп, олар бастапқы идеяны 12–13 тармаққа кіретін бірнеше ондаған тілдер арасындағы қатынасқа дейін кеңейтті. Ол үлкен топты қазір біз «үндіеуропа тобындағы тілдер» деп атаймыз.

Қысқаша айтқанда, үндіеуропа тобындағы тілдер: герман, славян, итальян (латын, роман және бірнеше өлі тіл), грек, балтық тілдері, кельт тілдері, албан тәрізді өзге де



2.1-карта. Үндөуропа гиллери

көптеген еуропалық тілдер, иран тілдері (олардың ішінде парсы тілі де бар), санскрит пен хинди тілдерінен тұрады. Үндіеуропа тобындағы бірнеше тіл тек ежелгі мәтіндерде ғана сақталып қалды. Осы тізімге қазіргі Түркия жерінде сөйлеген хет тілін қосуға болады.

Бұл тілдердің өзара байланысының бар екені санскрит, грек және латын тілдеріндегі ежелгі мәтіндерді және қалпына келтірілген протогерман және протославян тілдерін салыстыра отырып дәлелденген. Нәтижесі түсінікті. Біріншіден, маңызды ұқсастықтары бар. Екіншіден, дыбыстары мен грамматикасы жүйелі қалыптасқан, ол жалпы өзгерістердің аздығымен түсіндіріледі.

Мұны көру үшін жоғарыда берілген 2.5-кестедегі мысалды пайдалануға болады. «Әке» деген ұғымды беретін сөздердің ұқсастығы сонша – олардың түптөркінінің бір екені анық көрінеді. Бір айырмашылығы – ежелгі ағылшын және ежелгі норвег сияқты герман тілдерінде сөз басында *-f* әрпі, ал өзге тілдерде *-p* әрпі жазылған. Бұл түптөркінінің бір екені туралы ойды әлсіретіп жіберуі мүмкін. Бірақ әрі қарай зерттей түскенде, мұндай сәйкестік тек бұл сөзде ғана емес, осы тілдерге ортақ өзге сөздерде де бар екені белгілі болды. Келесі мысал ағылшынның *fish* сөзі, ол латынның *piscis* сөзімен сәйкес. Мұны үндіеуропалық *-p*-ның герман тілдерінде *-f*-ке өзгеріп кетуімен түсіндіруге болады. Мұндай типтік өзгеріс басқа да тілдерден байқалады. Сөйтіп, алғашқыда кездейсоқ болып көрінген ауытқудың тұрақты жағдай екені анықталды.

Ұзақ уақыт жүрген көптеген өзгерістер тілдердің арасында үлкен айырмашылықтар туындауына алып келеді. Ағылшын тілінде сөйлейтін адам үндіеуропа тілінде сөйлейді, бірақ ол сол үндіеуропа тілдеріне жататын парсы немесе хинди тілінде бір сөзді де білмеуі мүмкін. Тілдер өте ұзақ уақыт бойы бөлектеніп, әрқайсысы өз жолымен дамыды. Соған қарамастан, үндіеуропа тілдері, расында да, бір-бірімен байланысты. Олар әдетте «протоүндіеуропа тілдері» деп аталатын бір прототілден шыққан деп есептеледі.

Ал енді ілгерідегі сұраққа оралайық: Бұл тілдер қалай тарады? Бүкіл үндіеуропа тілдеріне тұтастай қарасак, бұл сұрақ күрделеніп кетеді. Герман және славян тілдерінің осыншама кең аймаққа таралуында қандай мән бар? Үндіеуропа тілдерінің Еуропа мен Азияның айтарлықтай бөлігінде тамыр жаюының құпиясы неде?

Бұған бірнеше жауап айтылады. Қалай айтқанда да, маңызды фактор. Бірнеше мыңдаған жыл бұрын әлемнің барлық түкпірінде терімшілер мен аңшылардың өмір сүру салты айтарлықтай өзгерген.

Шамамен он мың жылдай бұрын кей адамдар тамаққа жарамды өсімдіктерді егіп, одан азық жинап ала бастады. Жануарларды қолға үйретіп, өріске айдайтын. Бұл оқиғалар әлемнің бірнеше елінде – Таяу Шығыста, Қытайда және бүгінгі Мексикада болды. Әр жер өзіне тән өсімдіктер мен жануарларды таңдады. Ешқандай өзара қарым-қатынасыз іске асса, шынында да, тамаша болғаны. Ал бірақ Орталық Америка мен Азияның арасында қандай қатынас болуы мүмкін? Бұл – алыста қалған өткеннің көп құпиясының бірі. Батыс Африка, Эфиопия, Жаңа Гвинея және Анд тауларында да егіншілікпен және мал бағумен айналысқан, оларға бұл идея сырттан келуі мүмкін. Бірақ олар жергілікті өсімдіктер мен жануарлармен айналысты.

Содан бастап егін егу мен мал бағу осы жақтан жер жүзінің бүкіл түкпіріне тарай бастады. Бірақ ол әр жерге әртүрлі деңгейде жетті. Археологтер егіншіліктің Таяу Шығыстан табылған алғашқы ізін он мың жыл бұрынғы деп белгіледі; ал Қытайдан табылған ізді одан сәл кейінгі уақытпен байланыстырады. Бұл салаларда жаңа әдістер енгізіліп, адамдардың тіршілігі қатты өзгерді.

Біріншіден, ауыл шаруашылығы мен мал өсіру адамды азықпен қамтамасыз ете алады. Фермерлерге терімшілер мен аңшылардай көп жер керек емес. Ауыл шаруашылығы бар жерде халық та тез өседі.

Бұл кенеттен болған жағдай емес. Азық-түлік өндірудің жаңа әдістері бірнеше мыңдаған жылдар бойы бүкіл әлемге жайлап тарады, тіпті қазірдің өзінде кей жерлерге әлі жеткен жоқ. Сондықтан әлемнің әр түкпірінде халық әртүрлі уақытта өсті. Жерорта теңізінде, Еуропада, Үндістан мен Қытайда жер игеру бірнеше мың жыл бұрын жүрді. Бұлар мыңдаған жылдар бойы халқы жиі орналасқан жерлер болып келеді. Бірақ Австралия мен Солтүстік Американың батысында ауыл шаруашылығы еуропалықтар келген кезде ғана, яғни бірнеше жүз жыл бұрын пайда болды. Ол кезде қазіргімен салыстырғанда, өте аз адам өмір сүрген. Африка және Оңтүстік Америкада кей адамдар өсімдік терумен, аңшылықпен ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін күнелтті, ал қайсыбіреулері әлі күнге дейін солай өмір сүруде.

Екіншіден, егіншіліктің пайда болуымен адамдар отырықшыға айналды. Топ-топ болып жүрмей, жері мен табиғаты жайлы жерлерде тұрақтап қалатын болды. Шағын ғана жерге көп адам шоғырланды.

Үшіншіден, егін және мал шаруашылығы адамдарды жер және мал иеленуші етті. Бұл адамдар арасында талас-тартыс туындатты, тәртіп сақтауға мұқтаждық артты. Заңға ұқсас шектеулер мен рұқсаттар пайда болды, одан тәртіп сақтау органдары туындады. Қоғам бұрынғыдан күрделене түсті.

Төртіншіден, топтар арасындағы қатынас қиындады. Жеке зат иеленушілік бар қоғамда молшылық та болады. Ықпалы, билігі жүретіндер артық затты өздеріне қалдырып отырды. Билік жүргізудің бір жолы – күш көрсету мен қорқытып-үркіту. Зорлық-зомбылық пен соғыстың қашаннан бері бар екенін білу оңай емес, бірақ адамдар иеленуші болғанда, ондай іс-әрекеттің пайда әкелетіні сөзсіз. Мұнда да соғыс пен зорлық-зомбылық қалыпты жағдайға айналды. Адам найзаны ойлап тапты, ол жабайы жануарларға емес, өзге адамдарға қарсы қолданылды. Бес мың жылдай бұрын жылқы қолға үйретілді, оған қару асынған жауынгерлер мінді, қару-жарақ тиелген арбалар жегілді. Бұл адамға қарсы тиімді құрал болды. Осылай соғыстың алғышарттары жасалды.

Егіншілік пен мал ұстау адамдардың өмірін қатты өзгертті. Жұрт отырықшы болды, көршілесіп топталатындар саны артты. Топтар іріленіп, ұйымдасып, қатандана түсті. Осылардың біразы белгілі бір тілдер мен тіл топтарының өзгелердің есебінен тарауында шешуші рөл атқарды.

Егіншілік пен мал бағу әсер еткен Таяу Шығысқа назар аударсақ. Ауыл шаруашылығы қазіргі Ирак, Түркия, Сирия және Израиль аумағында пайда болды, бұл жерлер «Құнарлы жарты ай» деген атаумен де белгілі. Адам өмір сүру дағдысының өзгеруі

үндіеуропа тілдерінің таралуына қалай әсер еткенін түсіндіруге тырысқан белгілі екі тұжырым бар.

Біріншісі соғыстар мен басқыншылықтың төңірегіне шоғырланған. Біраз археологтер үндіеуропалықтарды Қара теңіздің солтүстігіндегі шағын аймақтан шығып, бүкіл Еуропа мен Азияның жартысына билік жүргізген жауынгер ретінде таниды. Бұл бес мың жылдай бұрын басталып, қысқа ғана мерзім ішінде іске асты. Олардың жолында кездескен халықтар ана тілдерін ұмытып, басқыншылардың тіліне ауысты.

Бұл, әрине, оқиға осылай өрбуі мүмкін деген жорамал ғана, тарихтан осыған ұқсас оқиғаларды кездестіруге болады. Рим билігі осылай бірнеше жүз жыл кеңейген. Одан бөлек, б.з.д. VII–VIII ғасырларда мұсылмандар Солтүстік Африка мен Азияның оңтүстік-батысын жаулап алған, ал бірнеше ғасырдан кейін осы жерлердің басым бөлігі араб тілін ана тілі ретінде таныды.

Бірақ бес мың жыл бұрын болуы мүмкін параллель іс жүзінде соншалықты жақын емес. Римдіктер мен арабтардың мектептері, жазуы, ресми тілді қолданатын әлеуетті мемлекеті болды. Мұның бәрі тілдің пайдасына қызмет етеді. Ал мұндай мүмкіндігі жоқ ғұндардың Еділі (Аттиласы) немесе моңғолдардың Шыңғыс ханы сияқты басқыншылар өз тілін тарата алмады. Ал үндіеуропалықтардың мектебі де, мемлекеттік бюрократиялық аппараты да, жазуы да болған жоқ. Сонда олардың тілі қалайша соншалық үлкен аумақта тұратын көп халық арасында сондай қысқа уақыттың ішінде өте табысты болды? Бұл сұраққа жауап беру оңай емес, сондықтан өзге де тұжырымдарды қарастырайық.

Бұдан біз екінші және негізгі көзқарасқа келеміз. Ол бойынша шешуші фактор – басқыншылық емес, егіншілік. Археологиялық қазбалар жаңа технологияның Таяу Шығыстан шығып, жайлап Оңтүстік-Шығыс Еуропаға тарап, одан Оңтүстік-Батысына жетіп, бірнеше мың жылдан кейін Солтүстік Еуропаға жеткенін көрсетеді. Бұрын айтқанымыздай, технологиядағы прогресс халық санының айтарлықтай өсуіне алып келді. Ауыл шаруашылығымен айналысқан адамдар үндіеуропа тілдерінде сөйлеген алғашқы адамдар болса керек. Толассыз өзгеру процесінің себебінен ол көп кешікпей басқа тілдерге айналып кетті.

Мұны соғыс пен басқыншылықтан көрудің еш қажеті жоқ. Сан жағынан басым, өндіріс әдісі жаңадан келгендер саны аз терімшілер мен аңшыларды ығыстырып жіберді. Жер әдетте соғыс арқылы алынған жоқ. Фермерлердің балалары әке-шешесіне жақын орналасқан жерлерді игеріп, ауыл шаруашылығының ауқымын кеңейте түсті.

Бұл бір тіл тобының қалай мұншама үлкен кеңістікке тарағанын жақсы түсіндіреді. Көңілге жағымды сөз. Соған қарамастан, мұны тілдердің таралуына байланысты кейбір деректер хронологиясымен байланыстыру қиынға соғады. Археологтер мен тарихшы-лингвистер арасында бұл сұрақтар төңірегінде үнемі қызу тартыс болып тұрады. Тілдің таралуының өзге де механизмдері ұсынылып, осы тарауда ұсынылған болжамдардың түрлі комбинациясы айтылады.

Қалай болғанда да, үндіеуропа тілдерінің кеңінен таралуы шамамен соңғы он мың жылда жүрген болуы керек. Ал басқа үлкен тіл топтары қалай пайда болды? Бұған

жауап бермес бұрын тағы бір қызықты жағдайға назар аударуға тура келеді. Ол – Африкадағы Сахараның оңтүстігіне қарай орналасқан банту тілдері.

2.4. Банту тілдері

Мал бағу мен егін егу Африкадағы Сахараның оңтүстігінде Еуропадан анағұрлым кеш жүрді. Осыдан үш мың жыл бұрынға дейін Орталық және Оңтүстік Африка терімшілер мен аңшылар ғана тіршілік еткен жер болып қала берді. Содан бері экватордың оңтүстігіндегі бүтіндей бір құрлықты банту тілінде сөйлейтіндер мекен етіп келеді.

О бастан банту тілдерінде сөйлейтіндер салыстырмалы түрде аз болуы мүмкін. Олар батыстағы, бәлкім, Камерундегі бастапқы мекенінен көшіп, шығысқа қарай бірнеше мың шақырым жүріп, Виктория көлі жағасына келіп, қоныстануы мүмкін. Олар шамамен 2500 жыл бұрын солтүстіктен егіншілік пен мал бағуды үйренсе керек. Одан соң құрлықта оңтүстік, оңтүстік-батысқа қарай үлкен басқыншылық жорық жүрді. Отаршыл бантулар егіншілікпен де айналысатындықтан, бірнеше ұрпақ ауысқаннан кейін, өздері басып алған жерлерде олардың саны жергілікті халықтан бірнеше есе асып түсті.

Бүгінде банту тілдерінде 200 миллионнан астам адам сөйлейді. Олар солтүстігінен оңтүстігіне бес мың шаршы шақырымға, батысынан шығысына үш мың шаршы шақырымға созылып жатқан жерді мекен етеді. Олар әлемнің бұл бөлігін кей ғалымдар үндіеуропалықтар Еуропаны игергендей жолмен алған тәрізді, яғни егін мен малдың арқасында халық саны көбейген.

Айырмашылықтар да бар. Банту халқы және банту тілдері үндіеуропалық тілдерден анағұрлым тез тараған тәрізді. Сонымен қатар олардың өз тілдері де кеңінен таралған. Жүзге жуық үндіеуропа тілі бар, олардың басым бөлігінің сөйлеушілер саны өте көп. Банту тілдерінің саны 300-ден 600-ге дейін барады. Африкадан тыс жұрттың тек суахили, зулу, коса тілін ғана естуі бар. Көптеген тілде сөйлеушілер саны аз ғана, жазуы жоқ, мектептерде қолданылмайды.

2.5. Банту тілі қандай тіл?

Тілдер әртүрлі болады, бірақ олардың ортақ қасиеттері де көп. Барлық тілде сөз бар, олар дыбыстардан тұрады. Дыбыстар дауысты және дауыссыз болады. Сөздер бірігіп, сөйлем құрайды. Көптеген өзгеше қасиеттері де болады. Ағылшын тілінде сөйлейтін адамдардың көбі өзге тілді білмейді немесе француз, испан, неміс және латын тілдерін біледі. Сондықтан біздің үлкен тіл тобымызға тән қасиеттер әлемнің барлық тілінде кездеседі дегенге сену оңай. Банту тілінің кішігірім ғана үлгісі қызықты болуы мүмкін.

Сетсвана (Тсвана) тілінде Ботсвана мен Оңтүстік Африканың солтүстігінде сөйлейді. Жазу бұл жаққа Еуропадан XIX ғасырда келгендіктен, сетсвана тіліндегі



2.2-карта. Банту тілдері

мәтіндер Сахараның оңтүстігіндегі өзге де африкалық тілдер тәрізді латын қарпімен жазылған.

Сетсвана тілінде «адам» дегенді *motho*, «адамдар» дегенді *batho* (*th* ағылшынның *t* дыбысы сияқты дыбысталады) дейді. «Қыз» деген ұғымды *mosetsana*, «қыздар» дегенді *basetsana* деген сөз береді. «Мұғалім» – *moruti*, «мұғалімдер» – *baruti*.

Бұл кестеден *mo-*дан басталатын сөздер жекеше түрді, *ba-*дан басталатындар көпше түрді беретінін көреміз. Ағылшын және өзге де үндіеуропа тілдерімен салыстырғанда, ұқсастықтарды да, айырмашылықтарды да байқауға болады. Ұқсастық: ағылшын тілінде *girl* және *girls* деп екі түрлі етіп айтамыз. Айырмашылық: ағылшын тілінде жекеше, көпше түрді сөздің аяғында білдірсе, сетсвана тілінде сөздің басында білдіреді.

Бұл – банту тілдеріне тән ерекшеліктердің бірі. Оның жалпы принципі мынада: жекеше және көпше түрлер сөз түбірінің алдына префикстер жалғау арқылы беріледі. Жоғарыда көргеніміздей, көп сөзге жекеше түрде *mo-*, көпше түрде *ba-* жалғанады. Бірақ өзге де жолдары бар. 2.6-кестеде бірқатар зат есімді мысалға келтіреміз.

2.6-кесте. Сетсвана тіліндегі жекеше және көпше түрлер

Мағынасы	Жекеше түрі	Көпше түрі
адам	motho	batho
қыз	mosetsana	basetsana
мұғалім	moruti	baruti
зат	selo	dilo
ағаш	setlhare	ditlhare
мектеп	sekole	dikole

Кестеден адам баласына қатысты сөздердің жекеше түріне *mo-*, көпше түріне *ba-* жалғанатынын, ал басқа ұғымдарды білдіретін сөздердің жекеше түріне *se-*, көпше түрде *di-* жалғанатынын көреміз. Жіктеудің өзге де түрлері бар, бірақ жалпы идеяны түсіну үшін осының өзі жеткілікті.

«Мектеп» деген ұғымды беретін сөз ағылшын тілінен алынған. Оны сол сөздің жекеше түріндегі формасынан оңай тануға болады. Бірақ сетсвана тілінде қосарланған *sk* болмайтындықтан, бұл сөздің басына *e* әрпін қосқан. Сондықтан сөз *se-* жекеше түрдің нормадағы префикстерінің біріне айналған. Көпше түрде *di-* префиксі жалғанған. Сонда «мектептер» деген ұғымға *dikole* сөзі сәйкес келеді.

Бұл мысалдан көргеніміздей, ағылшын сөздерін банту тілдеріне бейімдеу оңай емес тәрізді. Банту сөзін ағылшын тіліне бейімдеу де қиын екен, бұған тіл атаулары туралы айтар кезде көзіміз жетті. Суахили, зулу және коса тілдерін жоғарыда атадық. Бір айта кетерлігі, бұл атаулар ол тілдердің өзінде дәл бұлай айтылмайды. Ағылшын тіліндегісінде банту тілдеріндегі сөздердің бәрінде болуға міндетті жекеше түрдің префиксі жоқ. Өз тілінде бұл тілдердің атауы кисуахили (*kiswahili*), исизулу (*isizulu*) және исикоса (*isixhosa*) болады. Кейде ағылшын тілінде де осы түрде айтылады. Сетсвананың префиксі бар екені анық, бірақ ағылшын тілінде «тсвана» деп те айтылады.

Банту тілдеріндегі зат есімдер мен олардың ерекшеліктері туралы біраз айтылды. Әрине, бұл – олардың грамматикалық ерекшеліктерінің бірі ғана, бірақ өте маңызды ерекшелік. Тақырыптан осылай аздап ауытқудан кейін негізгі тақырыбымызға оралайық және тіл топтары туралы талқылауымызды аяқтайық.

2.6. Басқа да тілдік топтар

Ең соңғы есептеулер бойынша, бүгінгі таңда жер жүзінде жеті мыңға жуық тіл бар. Десек те жер бетіндегі адамдардың басым көпшілігі бірнеше үлкен тілдің бірінде сөйлейді. Олардың кейбіреулері үлкен тілге жақында ғана айналды. Мысалы, Еуропада өніп-өскен ағылшын, испан және португал тілдерінде қазір Америкада бірнеше жүздеген миллион адам сөйлейді. Егер кімде-кім тілдердің еуропалық үстемдікке қалай қол жеткізгенін білгісі келсе, алдымен бастапқы тілдерді, әдетте ұсақ тілдерді ескеру қажет.

Жағдай әртүрлі және шатасып кеткен. Көптеген ұсақ тілдер және кейбір үлкен тілдер өзге бірде-бір тілмен еш байланыспайды. Оларды әдетте «оқшау тіл» деп атайды.

Ең белгілі оқшау тіл – жапон тілі, оның бұрыннан келе жатқан жазуы бар, бүгінгі таңда бұл тілде 120 миллион адам сөйлейді. Бұл тіл өзге тіл топтарымен, атап айтқанда, алтай және корей тілдерімен байланысты деген жорамал бар, бірақ оған бұлтартпас дәлел жоқ.

Тағы бір жақсы белгілі мысал – баск тілі, ол тілде Испанияның солтүстігінде және Францияның оңтүстік-батысында сөйлейді. Баск тілін барлық жағынан үндіеуропа тілдері қоршаған. Бұл тілде екі мың жыл бұрын, аймаққа римдіктер келмей тұрған кездің өзінде сөйлеген. Оның бұрынғы тарихы белгісіз. Жер бетінде мұндай оқшауланған тілдер көп, әрқайсысының ұзақ тарихы бар. Бірақ көп жағдайда олар туралы ешкім ештеңе білмейді.

Дегенмен тілдердің көбі топтарға, қарапайым терминмен айтқанда, тілдік әулетке кіреді. «Әулет» сөзі шатастырады да. Тілдер бірнеше себеппен ұқсас болуы мүмкін, бірақ тілдер арасындағы қатынас адамдар арасындағы қатынасқа мүлде ұқсамайды. Сол себепті бұл кітапта «тілдер тобы» деген бейтарап термин қолданылады.

Банту тобындағы тілдер де үндіеуропа тобындағы тілдердей бастапқы бір тілден өрбіп шыққан тәрізді; солай болған жағдайда, дәстүр бойынша «әке тіл» мен «бала тіл» деп сөйлейміз. «Баланың» бір-ақ «әкесі» барын ескеріңіз. Ал кейде жағдай басқаша болады. Грамматикасы ұқсас, дыбыстық жүйесі бірдей, сөздік қорының жартысы ортақ тілдерді табуға болады, бірақ олардың прототілін анықтау қиын. Оның себебі – диалектілердің немесе жақын байланыстағы тілдердің бір-біріне ұзақ уақыт бойы әсер етуінде. Мұндай жағдайда кімнің «әкесі», кімнің «баласы» екенін анықтау мүмкін емес немесе қиын. Австралиялық тілдерді зерттеген Диксон тілдердің көп жағынан ұқсас, бірақ бастапқы прототілді қалпына келтірудің мүмкін емес екенін көрсетті. «Өйткені олар ондаған мыңжылдықтар бойы өзара қарым-қатынаста болды», – дейді Диксон. Семит тілдері де осыған ұқсас жағдайда.

Протосемит тілі туралы ешкім көңілге қонымды ой айта алмады. Осы топтағы ең ежелгі ақкад тілі Жерорта теңізінен Парсы шығанағына төрт мың жылдан астам уақыт бұрын тарайды. Шамамен екі мың жыл бұрын Таяу Шығыстан қазіргі Оңтүстік Түркияға, одан Йемен мен Эритрея және Африкадағы Эфиопияға жайылған. Оның қалай іске асқаны онша түсінікті емес. Семит тілдері Африкадан Азияға бұрыннан тараған болса керек, өйткені семит тобы афроазиялық тілдердің топ бөлігі болып саналады, ал ол топтың барлық басқа тармақтары Африкада орналасқан.

Кейде туыстас тілдер бір-бірінен үлкен қашықтықта орналасқан. Ең танымал мысал – австронезия тілдері, оны Мадагаскардан Африканың шығысына дейінгі аралықтан, Борнео және Суматра тәрізді Индонезия аралдарынан, Жаңа Зеландия, Гавайи аралдары және Пасха аралынан табуға болады. Әлбетте, бұл теңіз арқылы көшіп-қонудың әсерінен осылай тараған.

Тағы бір мысал – орал тілдері. Бұл топқа Солтүстік Еуропаның бірқатар тілі кіреді: ең ірілері – финн және эстон тілдері. Орталық-Шығыс Еуропадағы Венгрияда сөйленетін венгр тілі де – осы топтың мүшесі. Еуропалық Ресейдің шығыс бөлігінде бірқатар бытыраңқы тілдер орналасқан, басқа тілдерде Сібірдің шалғай шығысында сөйлейді. Бұл аймақтар мыңдаған шақырымға созылып жатыр; оларды үндіеуропалық тілдер толығымен қоршап тұр. Мұның себебін түсіндіретін жазылған дерек жоқ. Бірнеше күрделі көші-қон нәтижесі болуы мүмкін деген болжам бар, бірақ олардың көпшілігіне тілдік ахуалдан өзге іс жүзінде расталған ешқандай дәлел жоқ.

Дегенмен көптеген тілдік топтар географиялық тұрғыдан жүйелі. Белгілі тіл топтарының біразын мысалға келтірейік. Синотибет тобында сөйлеушілер саны 1 миллиард 350 миллионға жетіп жығылады. 1 миллиард 300 миллион сөйлеушісі бар қытай тілі сан жағынан бәрінен үстем тұр. Бірақ синотибет тобында одан бөлек 400-ге жуық тіл бар; олардың көбінде сөйлеуші саны аз. Ол тілдердің барлығы Азияның шығысындағы елдерде колданыста. Ал қытай тілін бүгінде әлемнің көп бөлігінен естуге болады. Бұл – соңғы ғасырлардағы қарқынды көші-қонның нәтижесі.

Өзге топтардың көбінде бірде-бір тіл бұлай үстемдік құрмаған. Соған қарамастан, сөйлеушісі көп топтарда бірнеше ірі тіл бар, өзгелері шағын. Мысалы, Оңтүстік Үндістандағы дравид тобында 200 миллион сөйлеушісі бар төрт ірі тіл бар (тамил, телугу, малаялам және каннада), қалған 15 миллион халық 18 тіл мен диалектіде сөйлейді.

Жалпы алғанда, лингвистер таныған жиырмаға жуық үлкен тіл тобы бар. Бұл жүйенің кей бөліктері туралы айтарлықтай тартыс бар. Ол, бір жағынан, көптеген тілдің әлі жете зерттелмегенінен болса, екінші жағынан, лингвистердің толыққанды топ ұғымының критерийі төнірегінде келіспеуінде. Мәселен, ғалымдардың көпшілігі Солтүстік Америкада америкалық үндістердің өзара байланысы жоқ бірқатар тіл бар деп есептейді, ал кейбір лингвистер Орталық және Солтүстік Американың өзге де тілдері сияқты олардың бәрі бір топқа кіреді деп санайды.

Әйтсе де бүгінгі таңда тілдердің басым бөлігі аз ғана ірі тіл топтарына кіреді және бірнеше оқшау тіл бар. Оқшау тілдердің саны жөнінде келісім жоқ, ол топқа енгізу критерийіне байланысты. Тарихи тұрғыдан онша маңызды да емес, өйткені жалпы жағдай түсінікті. Тілдердің көбі үлкен аймақтарға тарап кеткен туыстас топтарға кіреді. Осы тараудың басты сұрағы да сол: Топтар қалай қалыптасты және неге жайылып, таралып кетті?

2.7. Тілдік топтар қалай қалыптасты?

Үндіеуропа және банту тілдері туралы жоғарыда айттық. Екі жағдайда да бірнеше мың жыл бұрын әлемнің едәуір бөлігінде бір тіл тобы үстемдік құрды. Тілдердің осындай диффузиясы адамзат тарихындағы қандай да бір ерекше кезеңмен байланысты ма? Ол идеяның пайдасына байланысты дейтіндер көп. Екіншілік пен мал бағуға байланысты өмір сүру дағдысында болған негізгі өзгерістерді атап өттік. Технологиядағы өзгерістер де әсерін тигізсе керек. Австронезиялық тілдер телегей теңіздерді асып тарапты. Мысалы, Мадагаскардың тілі – малагасий Борнеоның мааньян тілімен тығыз байланысты. Ал ол елдердің қашықтығы – алты мың шақырым. Әлбетте, бұл адамдар сенімді кемеге мініп, теңізде жақсы жүзе алғанда ғана болуы мүмкін.

Бүгінгі тіл топтары көші-қон нәтижесі немесе өмір сүру дағдысындағы өзгерістерден пайда болған мәдени диффузиялардың нәтижесі екенін көрдік. Жоғарыда түсіндіріп өткеніміздей, соңғы бес, он мыңжылдықтарда бұл өзгерістер өте қарқынды жүрді, бүгінгі күнгі тіл топтарының тарауына осынша уақыт кетті деп болжауымыздың бір себебі – осы. Бірақ олай есептеуімізге тағы бір өте жақсы себеп бар.

Тілдегі өзгерістердің табиғаты осындай. Өртүрлі тілдердің ортақ тарихы болды ма? Тілдік топтарды анықтау жолдарын табу үшін тарихшы-лингвистер салмақты әдістер қолданады. Бірақ бұл әдістер бізді қаншалықты алысқа алып кететініне қатысты шектеу бар.

Бүгінгі күнгі тілдерге қарап, екі-үш мың жыл бұрынғы тілдік жағдайдың маңызды аспектілерін біле аламыз. Жазбаша дереккөздер болса, сол дереккөздерді жазылған кезден бастап, қайта қалпына келтіруге болады. Одан ертерек кезеңдерден сенімді деректер аз, тілдер арасындағы байланысты зерттеуде он мың жылдан әріге кететіндерден (ондай адамдар бар) дұрыс мәлімет күтпеу керек, өйткені оны білудің еш мүмкіндігі жоқ. Мұндай ұзақ уақыт ішінде тілдегі сөздердің барлығы дерлік басқа сөздермен алмастырылады немесе танымастай өзгереді.

Бірақ тілдердің ертеректе кеңінен таралмағанын қалай білген? Жауабы оңай: оны ешкім білмеген. Дұрысы, тілдер ондай мәлімет бермейді.

Тілдер ежелде үлкен кеңістікке жайылды ма, жоқ па – белгісіз. Бұл Африкадан бар болғаны жүз мың жыл ғана бұрын шыққан адамзат баласына қатысты болуы әбден мүмкін, өйткені оның өсіп-таралуы өте ауқымды жерге жайылып кеткен. Өзіміз білетін тілдердің ізімен сол кездегі тілдер туралы айтуға тырысқандар болған. Грамматика мен дыбыстық жүйенің кейбір ерекшеліктері белгілі бір дәрежеде жалпы есептегі тілдерге ұқсас. Бірақ бұл тілдердің ұзақ уақыт бойы бір-біріне әсер етуінің салдары ма, әлде жалпы алыста қалған ортақ шығу тегінің көрінісі ме – оны білу мүмкін емес.

Тарихшы-лингвистердің бәрі болмаса да, көпшілігі бұл пікірмен келіседі. Кейбіреулер үндіеуропа, орал, афроазиат тіл топтарына прототіл болған деп есептелетін ностратик тәрізді өте ежелгі тілді табуға болады деп есептейді. Кейбіреулер тіпті жер бетіндегі барлық тілдің туыстығын қалпына келтіріп, барлық тілге қайнаркөз болған прототілдегі сөздерді табуға болады деп санайды. Өз басым

мұны еш дерекке негізделмеген, жеке адамның қиялы мен арман-тілегінен туындаған пікір деп ойлаймын. Бастапқы тіл болса болған шығар, бірақ оның сөздерін қазіргі тілдер арқылы қалпына келтіру мүмкін емес.

Бір кездері үлкен тіл топтары мен үлкен тілдер болған шығар, олар қазір жоғалып кетті, өйткені олардың кезіндегі қоғам тіл формасын өзгерткені сонша, еш ортақ белгісі қалған жоқ. Бұл – теңіз суының үлкен жартасты уатып, сансыз майда шағыл тастарға айналдырып жіберетініне ұқсас процесс.

Банту тіліне қатысты жағдайда бұл процесс тіпті алысқа ұзап кетті. Үш мың жыл уақыттан кейін бірнеше жүз тіл қалыптасты, ол тілдерде сөйлеушілер онша көп емес. Десек те бұл тілдерде сөйлеушілер сан халқы және өзге де терімшілер мен аңшылардың тілдерінен анағұрлым көп. Әдетте фермерлер бір-біріне жақын тұрады және күрделірек қоғамда өмір сүреді, сондықтан олар терімшілер мен аңшылардан гөрі адамдармен көбірек араласып, сөйлеседі. Көптеген тілдің бірнеше мыңға дейін сөйлеушісі бар. Жаңа Гвинея тәрізді адамдардың көбі тау және ит тұмсығы батпас орман қоршаған шағын ғана құнарлы жер телімінде тұратын аймақтарда тек фермерлер сөйлейтін көптеген өте ұсақ тіл бар.

Қорыта айтқанда, тарихтан бұрынғы көптеген мыңжылдықтар бойы сөйлеушілер саны бірнеше жүз, әрі кеткенде бірнеше мыңға дейін ғана жететін тілдер болған. Бірнеше мың жыл бұрын ауыл шаруашылығы және өзге де технологиялық жетістік адам өмірін өзгертіп жібергенде, кейбір тіл тез тарап, елді мекендердің көбінде бәрі бір тілде сөйледі. «Неге олай болды?» дегенге келсек, бұл ауыл шаруашылығының және өзге де технологиялық инновациялардың енуіне байланысты. Үлкен тілдер бөлшектеніп, қазір біз сөйлеп жүрген туысқан тілдердің үлкен топтары пайда болды. Бұл тілдерде сөйлеушілер терімшілер мен аңшылар тілінде сөйлеушілерден әлі де көп. Осы тараудың басында герман тілдеріне байланысты қойылған жалпы сұрақтың жауабы осындай.

Күрделі жағдайлар да бар. Кей тілдер мұндай қатты бөлшектенуге ұрынған жоқ. Мысалы, үндіеуропа тобындағы тілдер саны банту тобындағы тілдерден аз. Ол банту тобынан көп ерте қалыптасқан. Бұл топтағы кей тілдердің сөйлеушілері өте көп. Миллиондаған немесе бірнеше миллиондаған сөйлеушісі бар тілдер соңғы бірнеше мыңжылдықта пайда болды, бұл тек үндіеуропа тобына ғана тән емес. Бұған қытай, жапон, тамил және басқа да тілдер жақсы мысал бола алады. Келесі тарауларда үлкен тілдердің қалай пайда болғанына және ықпалының қалай артқанына тоқталамыз.

Қосымша әдебиеттер тізімі

Жалпы тақырып

Бұл кітаптың тақырып аясы өте кең, адамзат пен олардың тілдерінің дүние жаратылғаннан бастап, бүгінгі күнге дейінгі ахуалын баяндайды. Белгілі бір тарихи кезеңдер мен аймақтар туралы ақпаратты энциклопедиялардан, дүниежүзі тарихы оқулықтарынан және басқа да ақпарат көздерінен табуға болады.

Әлем тілдері туралы бірнеше пайдалы ақпарат көздері бар. Жалпы лингвистикадан тамаша ақпарат көзі – Кристалдың (*Crystal, 2010*) анықтамалығы, ол кітапта өзге мәселелермен қатар, негізгі тіл әулеттері және окшау тілдер туралы айтылған. Фроулидің (*Frawley, 2003*) кешенді еңбегінде тілдік топтар кенінен талқыланады, әлемнің көптеген тілінің тізімі берілген. Левин (*Lyovin, 1997*) кейбір тілдердің жекелеген қасиеттерімен бірге егжей-тегжейлі тізімін ұсынады. Барлық елдердегі барлық тілдің толық атауларын беруге тырысқан бірден-бір еңбек – Льюистің (*Lewis, 2009*) «Этнолог: Әлем тілдері» (*Ethnologue: Languages of the World*) атты кітабы. Бұл кітаптың онлайн нұсқасы мына сілтеме бойынша қолжетімді: www.ethnologue.com. Осы кітаптағы тілдердің саны мен сөйлеушілердің саны туралы ақпарат негізінен сол дереккөзден алынғанын айта кету керек. «Этнологта» көрсетілген тілдер өзге әдебиеттерден анағұрлым толық берілген.

Фишер (*Fischer, 1999*) лингвистика мен тіл топтары туралы көп әңгімелеп, тарихқа онша бармайды. Остлер (*Ostler, 2005*) бұл кітапта қарастырылмаған санскрит және орыс тілі туралы айтады.

1-тарау. Жазуы жоқ тілдер

Тілдердің шығу төркіні туралы дерек аз, бірақ кітап көп. Жақында шыққан қызықты әдебиеттерге келесі авторлардың еңбектерін жатқызуға болады: Бурлинг (*Burling, 2005*), Данбар (*Dunbar, 1996*), Карстерс-Маккарти (*Carstairs-McCarthy, 1999*) мен Херфорд (*Hurford, 1998*) және басқалар. «Тілдердің барлығы бірдей күрделі ме?» деген сұрақ Семпсон (*Sampson, 2009*) және басқа авторлардың кітабында талқыланады.

Хойсан тілдері туралы әдебиет көп емес. Шолуды Гулдманн (*Güldemann*) және Воссеннің (*Vossen, 2000*), Андерсон (*Andersson*) мен Янсонның (*Janson, 1997*) еңбектерінен табасыз. Бұларға қосымша Блик (*Bleek, 1939–40*), Винтер (*Winter, 1981*) (тіл атауларының тізімі) және Трэйлдің (*Traill, 1974*) еңбектері де бар.

Австралиялық тілдер туралы мәліметті Диксоннан (*Dixon, 2002*) алдық. Рембаррнга тілі туралы да сол автордан алынды (1980:1).

Тарихқа дейінгі кезеңдегі тілдер саны туралы ойларды Диксоннан (*Dixon, 1997*) және Неттледен (*Nettle, 1999*) таптық. Ол кездегі адамдар санын есептеген Бирабен (*Biraben, 1979*) және Хассан (*Hassan, 1981*).

2-тарау. Үлкен тіл топтары

Тілдердің тарихи байланысы – тарихи лингвистиканың негізгі тақырыбы. Оның негіздері Эйтчисонның (*Aitchison, 2001*) еңбегінде көрініс тапқан. Жан-жақты зерттеген Траск (*Trask*), Маккол Миллар (*McCull Millar, 2007*) және Леманн (*Lehmann, 1992*); соңғы автор үндіеуропа тобын егжей-тегжейлі қарастырған.

Егіншілік пен мал бағудың пайда болуы мен таралуы туралы Даймонд (*Diamond, 1997*) жазған. Терімшілер мен аңшыларды фермерлермен салыстыра отырып, ауыл шаруашылығымен бірге тілдің таралуын көру үшін Ренфрюдің (*Renfrew, 1987*) кітабын қараңыз. Маллори (*Mallory*) және Адамс (*Adams, 2006*) протоүндіеуропа тілі тақырыбын кеңінен ашады, тілдің шығу төркініне тамаша шолу жасаған (2.6-тарау).

Сетсвана (Тсвана) тілінің стандарт грамматикасы Коленің (*Cole, 1955*) еңбегінде қарастырылған. Банту тілдері туралы толық мәліметті Нерс (*Nurse*) пен Филиппсоннан (*Philippson, 2003*) табасыз.

Николс (*Nichols, 1992*) бір географиялық аймақтағы тілдердің грамматикалық ерекшелігі ортақ болатыны туралы жазған.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Жиырма мың жыл бұрын адамдар күрделі сөйлемдерді түсініп, құрай алды ма?
2. Сан тілдері мен австралия тілдері қиын сияқты көріне ме? Неге?
3. Әлемдегі тілдердің бәрінің атауы бар ма?
4. Сөздің диалекті, диалекті емес скенін қалай ажыратуға болады?
5. Он мың жыл бұрын тілдер саны қазіргіден анағұрлым аз болды ма, көп болды ма, әлде бірдей ме еді?
6. Сөздердің саны шамамен барлық тілде бірдей ме?
7. Он мың жыл бұрын кей тілдер неге үлкен аймақтарға жайылды және бұл неге бірнеше мыңжылдыққа созылды?
8. Лингвистикалық және қоғамдық өзгерістердің айырмашылығын ата.
9. Италиян және португал тілдері қай тілден шыққан?
10. Славян тілдері өте үлкен тіл топтарының ішіндегі тармаққа жатады. Ол қай топ?
11. Синотибет тіл тобындағы үстем тіл қай тіл?
12. Географиялық тұрғыдан өте алыс орналасқан тілдер енетін екі тіл тобын ата.
13. Банту тілдерінде зат есімнің жекеше және көпше түрі қалай беріледі?

14. Тарихшы-лингвистер кейде прототілдердің маңызды аспектілерін қалпына келтіре алады. Қолайлы жағдай жасалса, мұндай қалпына келтіру қаншалықты алысқа апарарды?

Талқылауға арналған тақырыптар

1. Тілдердің пайда болуының ең басты себебі не?
2. Шотланд тілі ме? Британ энциклопедиясы (*Encyclopaedia Britannica*), «Этнолог» (*Ethnologue*) және Уикипедиядан (*Wikipedia*) қарап, осы ойды құптайтын және қарсы аргументтерді талқылаңыз.
3. Бұл кітапта терімшілер мен аңшылар тілі фермерлердің тіліне қарсы қойылып, салыстырылады. Бұл айырмашылық бұлтартпас дерек пе, негізі бар жорамал ма, әлде жай ғана гипотеза ма?

Зерттеуге арналған тақырыптар

1. Өзіңіз тұратын аймақта ежелдегі адамдардың қай тілде сөйлегенін, оның қандай да бір дәлелі бар-жоғын анықтаңыз. Еліңіздің немесе аймағыңыздың тарихын табыңыз. Оны қазіргі кезеңмен салыстырыңыз. Ежелгі тілде сөйлейтіндер әлі де бар ма? Жоқ болса, ол жерден бастапқы тіл қай уақытта және қалай жойылып кетті? Ол тіл қазір мүлде жоқ па, әлде басқа жерлерде әлі сақталған ба? Әлде өзге тілге айналып кетті ме? Егер ол аймақта біреуден көп бастапқы тіл болса, бәрін анықтауға тырысыңыз.
2. Льюистің «Этнолог» (*Lewis Ethnologue*, 2009) атты еңбегі бойынша, сіз туып-өскен жерде қанша тіл қолданылады? Бес үлкен тіл қашан қолданысқа енді?

II БӨЛІМ

ТАРИХТЫҢ БАЗИСІ



3-ТАРАУ

Тарих және жазу

Сөйлей білу – адам баласының бірегей қасиеті; тағы бір қасиеті – сурет салу. Адам салған ең ежелгі суретке қырық мың жылдай болды, ол – Еуропаның оңтүстігіндегі үңгірлерден және басқа да жерлерден табылған жануарлардың суреті. Қазіргі уақыт тұрғысынан қарасақ, мұндай жәдігерлер кенеттен пайда болатын сияқты көрінеді. Бірақ біз олардан бұрын жасалып, бізге жетпеген жәдігерлер туралы ештеңе білмейміз. Қалай айтсақ та, сол кездің өзінде-ақ адамдар мүсін, бояу, накыштау, сурет салу және басқа да өнер түрлерін меңгерген.

Біреу сурет салса, біреу оны түйсініп қабылдаса, бұл да қарым-қатынас жасағанмен бірдей. «Басқалар көрсін» деп бейнелеудің мақсаты «басқалар естісін» деп сөйлегенмен бірдей. Өзіміз сияқтылармен қатынас жасаудың екі жолы да – адам баласына тән бірегей қасиет.

Әрине, бұл екеуі – екі түрлі жолмен жасалатын іс-әрекет. Сурет салу сөйлеуден гөрі көп уақыт алады. Әйелдің суретін салу үшін бірнеше минут, бірнеше сағат немесе бірнеше күн кетуі мүмкін, ал «әйел» деп айту үшін жарты секунд жеткілікті.

Басқаша айтқанда, сурет көпке дейін шыдайды, ал сөз тек оны айтқан кезде ғана бар. Сурет пен сөз ұзақ уақыт мүлде екі бөлек сала болып саналды, бірақ бес мың жылдай бұрын адамзат тарихында өте маңызды революциялық өнертабыс пайда болды. Адамдар заттар мен мақұлықтарды бейнелейтін сурет емес, сөздердің символын жасай бастады, оларды ретпен орналастырып, қайталап айтуға мүмкіндік алды.

Жазудың сыртқы сипаты бейнелеудің өзге түрлеріне ұқсас. Мәтін жазу – бір нәрсені айтудан анағұрлым баяу да күрделі процесс, бірақ жазу көп уақыт өмір сүреді. Ол өзгелерге басқаша жолмен жеткізуге болмайтын ақпаратты автор қайтыс болғаннан кейін де, ұзақ уақыт бойы қолжетімді етеді. Жазылған мәтіндер бізге өткен заман туралы көптеген сенімді мәлімет береді, сондықтан ғалымдар тарихқа дейінгі және

тарих басталғандағы кезең деп шегара қоюға бейім. Тарих басталғандағы кезең деп қоғамда жазу пайда болған кезді айтамыз. Ол әр жерде әртүрлі уақытта жүрді.

Зерттеушілердің көпшілігі «жазу бір-бірімен байланысы жоқ жолмен, кем дегенде үш рет ойлап табылды» дейді: біріншісі, б.з.д. 3000 жылдары Месопотамиядағы Тигр мен Евфрат өзендерінің жағасында. Екіншісі, б.з.д. 1500 жылдардағы Қытайда. Үшіншісі, б.з.д. III–IV ғасырлардағы Мезоамерикада. Алғашқы ойлап табылған жазу басқа жазулардың негізін қалаған бірден-бір өнертабыс болса керек. Кей ғалымдардың бұлай ойлауының себебі үш жүйенің басты қағидаттарының өте ұқсас болуымен байланысты. Бірақ олар бұл білімнің бүгінгі күнгі Ирактан Қытайға дейін өз жолында еш із қалдырмай, қалай жеткенін түсіндіріп бере алмайды. Колумбтың дүниеге келуіне әлі екі мың жыл бар кезде бұл жазуды таратушылар Атлант немесе Тынық мұхитынан қалай жүзіп өткен? Менің ойымша (және басқа да көптеген ғалымдардың ойынша), «автономды шығу» деген идея дұрыс тәрізді.

Осы кітаптағы сол кездегі ақпарат туралы ойдың бәрі белгілі бір мәтіндерге негізделген, ал мәтін тек жазуы бар қоғамда жазылады. Біз одан бұрын не болғанын біле алмаймыз. Сол заманда үш-төрт жер ғана жарық болып, қалған жердің бәрін түнек басып тұрған сияқты ойда қаласың. Бірте-бірте жарық басқа жерлерге де тараған, сөйтіп, ақырында, адам баласы тіршілік ететін бүкіл әлемді жарықтандырған. Бұл процесс өте баяу жүрген, көп аймақтар жазу дегеннің не екенін осыдан жүз жыл бұрын ғана естіді.

Тілдердің тарихына арналған бұл еңбек бірінші кезекте жазуы бар тілдерді қарастырады. Жазу көзге бірден түседі. Жазу тарихтың міндетті түрде болуы керек шарты емес, дегенмен тілді жазу ғана қалыптастырады. Оны біз 9-ыншы және 13-тараулардан көреміз.

Жазба мәдениеттің алғашқы үш отаны ұзақ уақыт бойы бір-бірінен тәуелсіз дамыған, бір-бірімен еш қарым-қатынас болмаған. Жазу өнері әлемнің көптеген бөлігіне алғашқы екі ауданнан тараған, ал Мезоамерика жазуы тек шектеулі аумақта ғана жүзеге асты. Ол туралы білім XVI ғасырдағы Еуропа басқыншылығынан кейін жойылып кетті. Тек соңғы онжылдықтарда ғана құпиясы қайта ашылды.

Осылайша әлемнің жазу жүйесі тек екі жерден шыққан: Батыс Азия, Еуропа және Африкадағы жазудың бәрі Месопотамиядағы Шумерден тараған, ал Шығыс Азия елдеріндегі жазудың бәрі Қытайдан бастау алады.

Бұл кітапта Шығыс Азиядан гөрі Батыстың тарихына көбірек назар аударылады. Десек те ежелгі кезеңдерді қамтитын бөлігінде бір тарау Батыстағы Мысырға арналған және бір тарау Шығыстағы Қытайға қатысты. Соңғы тарау Шығыстың кейінгі даму кезеңдерін баяндайды. Осыдан кейін бүкіл Шығыс дәстүрі 16-тарауға дейін кейінге қалдырылады. 16-тарауда үш мыңжылдықта алғаш рет Шығыс пен Батыс дәстүрлерінің тығыз қатынас жасағаны туралы және бұл кездесудің іске асуына не себеп болғаны және болатыны туралы айтылады.

4-ТАРАУ

Иероглифтер мен мысырлықтар

4.1. Өзен аңғарлары және мемлекеттер

4.3. Иероглифтер

4.2. Мемлекет, тіл және жазу

4.1. Өзен аңғарлары және мемлекеттер

Ежелдегі дикандар көп кешікпей кей жерлердің егіншілікке қолайлы, кей жерлердің қолайсыз екенін түсінді. Кей өзен аңғарларының топырағы өте құнарлы еді, ол суармалы егіншілікке де жайлы болды. Оған Евфрат, Тигр және Ніл өзендері жатады. Олардың бойында халық тығыз қоныстанып, суды арықтар, арналар жүргізу мен тоғандар жасау арқылы бөлісіп, пайдаланды.

Белгілі бір жер телімін күтіп-баптап жүрген дикан еңбегінің нәтижесін басқалар пайдаланып кетпейтіндей, қоғамдық тәртіптің бар екеніне сенімді болғысы келеді. Ал арық қазып, су тартқан адамға тұрақтылық пен қауіпсіздік ауадай қажет еді. Арықты бірнеше жер телімін көптеген жылдар бойы суару үшін қазады. Арық қазған адамдардың жер теліміне де, арыққа да ұзақ уақыт бойы иелік ететініне сенімді болуы маңызды.

Әрине, өзен аңғарларында берік әрі ұйымдасқан қоғамдар пайда болды. Олар бізге белгілі қауымдастықтардың ең ежелгілері, өйткені олар тыныс-тіршілігін жазып қалдырған.

Евфрат пен Тигр өзендерінің бойында қоныстанған шумерліктер осыдан 5200 жылдай бұрын сына жазуын ойлап тауып, қолдана бастады. Бірнеше ғасырдан соң шумерлер тарих сахнасынан түсті, олардың орнына аккадтар келді, аккадтарды ассириялықтар алмастырды. Бұл халықтардың тілдері әр басқа болса да, бірдей жазуды қолданды. Сына тәріздес сызықшалармен түсірілген мәтіндер призма, цилиндр, конус сияқты түрлі формадағы саз тақтайшаларға жазылды.

Бұл жазу жүйесі үш мың жылдай үздіксіз қолданыста болды, он бес түрлі тілдің қажетін өтеуге бейімделді. Көптеген басты белгілері мен нышандары бір мың жылдан астам уақыт бойы өзгеріссіз қолданылды. Шумер тілі іс жүзінде әдеби тіл ретінде ұзақ уақыт өмір сүрді. Ол ауызекі тіл ретінде б.з.д. 1800–1700 жылдар шамасында

жойылып кетті, бірақ б.з.д. VI ғасырдағы Бабыл қаласының бітікшілері өз тілдерімен қатар шумер тілінде де оқып, жаза білген. Демек, жазудың ең маңызды қасиеті ескі тілдер мен тілдік формаларды сақтап қалу екен.

Ал біз бұл тарауда Ніл өзені аңғарындағы Мысыр мемлекеті қолданған сәл жасырақ жазуды сөз етеміз.

4.2. Мемлекет, тіл және жазу

Бізге аман жеткен мысыр тіліндегі алғашқы мәтіндер бес мың жылдай бұрын жазылған. Мысырда сол кездің өзінде-ақ бір орталыққа бағынатын, әлеуетті мемлекет болған, ол Ніл өзенінің халық тығыз қоныстанған, төменгі, ұзын да құнарлы бөлігін бақылауда ұстаған. Біз ол патшалық туралы иероглиф жазуы және мыңдаған өнер туындысы мен өзге де археологиялық жәдігерлер арқылы білеміз. Перғауындар басқарған мемлекет ұзақ ғұмыр кешу жағынан өзге саяси ұйымдардың бәрінен асып түсті. Мысыр тілі бұл елде ресми тіл ретінде 2700 жыл қолданыста болды. Тек Ескендір Зұлқарнайын Мысырды басып алғаннан кейін, б.з.д. 332 жылы грек тілімен бәсекеге түсіп, 300 жылдай, Мысыр тәуелсіз болудан қалғанға дейін үстемдік құрды.

Мысыр патшалығының алғашқы ғасырларында-ақ ол елдің азаматтары алып пирамидалар тұрғызып, таңдай қақтырар жетістікке жетті. Сол заманның технологиясы бойынша бір пирамида тұрғызу үшін 100 мың адам ондаған жылдар бойы еңбектенуі керек еді. Сонда ол қалай іске асты?

Мұндай шаруа тындыру үшін елдің бүкіл адамдары бір-бірімен қарым-қатынаста болуы керек. Олар бір тілде сөйлеген болса, қатынас жасау оңай болады, сайып келгенде, ол замандағы жағдай солай болса керек. Ежелгі Мысыр патшалығы – жүз мыңдаған, тіпті миллиондаған адам бір тілде сөйлеген алғашқы ел. Ең ертедегі кезден бастап, үш мың жыл, патшалық ыдырағанға дейін Мысыр тұрғындарының барлығы дерлік мысыр тілінде сөйледі.

Бұл процестің қалай басталғанын білу қиын, өйткені ол жазу болмаған кезде басталған. Бәлкім, ауыл шаруашылығы пайда болғанда, бір кішкентай тіл түрлі себеппен кеңірек тараған болар. Қайткен күнде де, ол кезде не болғанын және неге олай болғанын біле алмаймыз.

Соншама көп тұрғынның мыңдаған жылдар бойы бір тілде сөйлегені, диалектілерге бөлінбегені, диалектілердің өзге тілдерге айналып кетпегені – айтуға тұрарлық жайт. Бұл – тілдер өзгеруі және бөлініп кетуі мүмкін деп жоғарыда айтылған ойға қарсы салмақты аргумент. Уақыт өте келе, мысыр тілі де өзгерген, бірақ ол бірнеше тілге ыдырап кетпеген, біртұтас тіл күйінде қалып қойған. Бұл сонда қалай болған?

Бұл сұрақтың жауабы түсінікті. Тілді ыдырап кетуден сақтаған күш – саяси бірлік пен бүкіл елмен қатынаста болуға деген қажеттілік. Мысыр патшалығында тұратын адам мысыр тілінде сөйлеуге мәжбүр болды. Бұл ел – бір тілде сөйлейтін адамдардың үлкен мемлекет құрып, ол тілдің ұзақ уақыт бойы үстемдік құруының алғашқы мысалы. Тіл мен мемлекет бір-бірін өзара қолдап, одақтас болып отырды.

Әрине, бұл – түсініктеменің тек бір ғана бөлігі. Шынында да солай болса, бір тіл үстемдік құрған өзге мемлекеттер үш мың жыл бойы неге өзгеріссіз тұрған? Мұны білу үшін мысырлықтардың дәстүрлі мәдениетіне үнілу керек. Әдетте әлеуетті мемлекеттің өз басты тілі болады. Мемлекет ол тілге қамқорлық жасайды. Тілдер мемлекеттерге тәуелді, мемлекеттер тілдерге тәуелді.

Мысырлықтар пирамидаларды қалай тұрғызған? Жалпыға түсінікті, ортақ тіл қолданумен қатар, олар қажымай-талмай еңбек етсе керек. Егін егу мен арық қазу арқылы халықтың қарнын тойдырғаннан кейін, кей адамдарда басқа жұмыстармен де айналысатын уақыт пайда болды.



Олар пирамида тұрғызумен немесе мемлекетке қажетті өзге де жобалармен айналысты. Құрылыста жұмыс істеген жүздеген мың адам тамақпен де, баспанамен де қамтамасыз етілді, олардың жеке ауыл шаруашылығымен айналысуға мүмкіндігі болған жоқ. Билік фермерлерден азық-түлікті алып, құрылысшыларға берді. Басқаша айтқанда, түрлі құрылысты демеу үшін, мемлекет фермерлерге қомақты салық салды. Жағдай, шынында да, осылай болды.


Салық салу үшін оны белгілеген ай-күнді, тексерісті, салық түрлері мен салық төлеушілердің тізімін жазып, түбіртек толтыру керек. Ал тізімдер мен түбіртектерді рәсімдеу үшін жазу қажет. Алып пирамидалар тұрғызуға қажетті күрделі жұмыс жазуды да талап етеді.

Көптеген зерттеушілер жазудың пайда болуына түрткі болған салық төлеу мен түбіртек рәсімдеу деп есептейді. Толық жүйе әзірленбей тұрған дайындық кезеңінде тізімдер мен түбіртектерде сандар мен тауарлар үшін шартты белгілер қолданылған, бірақ толық мәтін жазу әдістемесі әлі енгізілмеген еді. Дегенмен иероглифтік жазу сияқты, сына жазудың ең алғашқы түрлерінің өзі кез келген хабарды жеткізу үшін пайдалануға болатынын көрсетті.


4.3. Иероглифтер

Мысыр иероглиф жазуы көбінесе сурет салу арқылы жазу деп қарастырылады. Таңбалардың көбі, расында да, бір нәрсенің мағынасын айқын береді, таңбаның мағынасы бейнеленген нәрсемен байланысты болады. Бірақ бейнеленген заттарға қарап, мәтіннің мазмұнын түсіну мүмкін емес. Ондағы таңбалардың көбі дыбысты білдіреді, ал енді біреулері дерексіз, абстрактілі немесе грамматикалық мағына береді.


Әйтсе де бастапқы ой суреттермен басталады. Мысалы, мына таңба  «күн» дегенді білдіреді, ал мына сурет  «бет», «жүз» дегенді білдіреді. Бірақ бұл әдіс тіл бөлшектерінің кішігірім ғана бөлігін береді. Қалған бөліктерін беру үшін өзге әдістер ойлап табылса керек.





Маңызды құралдардың бірі – нысандардың бейнесін дерексіз, абстрактілі ұғымдарды беруге пайдалану. Мысалы,  деген таңба Күн шыққан күндізгі мезгілді білдіреді. Бұл – шындыққа жақын таңба, кейбір тілдер «күн» және «күндіз» деген екі ұғымға да осы бір сөзді қолданады. Мысалы, сетсвана тілінде *letsatsi* деген сөз «күн» дегенді де, «күндіз» дегенді де білдіреді.

Суретпен бейнелеу мүмкін емес көптеген ұғымды осылай жеткізуге мүмкіндік береді.

Тағы бір амал – іс-әрекетті сурет арқылы бейнелеу. Мына екі аяқтың суреті бар таңба  «келу» дегенді білдіреді. Мағынаны бұлай беру көптеген етістіктің мағынасын жеткізуге мүмкіндік берді.




Ауызекі тілдегі сөздер мен мағыналардың бәрін жеткізу үшін бұл амалдар жеткіліксіз болды. Тілдегі дыбыстарды көзбен көру арқылы жеткізуді де үйрену керек, өйткені іс жүзінде адамның табиғи тілінде кей контекстерді дыбыссыз жеткізу мүмкін емес.

Бұл үшін мысырлықтар таңбаларды өзге принцип бойынша қолданды. Мысалы, мына таңбаның  алғашқы мағынасы «ауыз» екенін түсіну қиын емес. «Ауыз» сөзінің ауызекі түрі *r* болған. «Ауыз» сөзінің таңбасы «қарсы» деген тағы бір мағына үстеуі мүмкін; оның да ауызекі түрі *r* болып шықты. Басқаша айтқанда, таңба кейде бейнеленген нысанның өзі үшін емес, бейненің дыбысы үшін қолданылады.

Жаңа сөздер қалыптастыру үшін түрлі дыбыстарды білдіретін символдарды біріктіріп, қосымша қысқа қадам жасау керек. «Есім» деген ұғымды білдіретін сөз былай жазылған:  . Екі символмен берілген дыбыстар *r* және *n*, «есім» ұғымын білдіретін сөз – *rn*. Бұл принципті ұзынырақ сөздерді беру үшін де қолдануға болады. «Үй» ұғымын білдіретін мына символдың  дыбыстық көрінісі *pr* болған. Оны *t* дыбысының  таңбасымен біріктіріп *prt*, яғни «қыс» деген сөз алған.

Транскрипциясы көрсетілген бұл мысыр сөздерінде еш дауысты дыбыс болмағандықтан, олар бізге оғаш көрінуі мүмкін. Әрине, ол сөздер басқаша дыбысталған, бірақ мысыр жазуында дауысты дыбыстарды бейнелейтін таңба болмаған. Сондықтан біз олар туралы ештеңе білмейміз. Бұл тілде аз ғана дауысты дыбыс болған. Сөз мағыналарын бір-бірінен айыру үшін, олардың өте маңызды болмауы да мүмкін. «Ауыз» ұғымын білдіретін сөз *ra* деп дыбысталды ма, *ru* деп дыбысталды ма немесе *ar* деп дыбысталды ма – ол бізге беймәлім. Ал «есім» сөзі *ran* болды ма, *rin* болды ма, әлде осыларға ұқсас басқа бір сөз болды ма – оны да білмейміз. Бір білетініміз, ежелгі мысыр тілінде дауысты дыбыстардың болғаны хақ. Дауысты дыбыссыз сөйлеу мүмкін емес, сондықтан барлық тілде дауысты дыбыс бар.

Мысырлықтар дауысты дыбыстардың таңбасын қоймай-ақ, кез келген сөзді өздері ойлап тапқан таңбалық жүйенің көмегімен бере алды. Дыбыстарды суреттердің көмегімен жеткізуді кейде «ребус принципі» деп атайды. Өйткені ребус те сөзді білдіретін суреттерді құрастыру принципіне негізделген.

Сына жазуларына интерпретация жасау оңай болмаған, өйткені кей символдар өз бейнесінің мағынасын, кейбірі сөздің дыбыстық бейнесін беруі мүмкін. Сондықтан «анықтағыштар» деп аталатын түсіндірме таңбалар болған. Оларды не айтпақшы болғанын түсіндіру үшін «жазылған» сөзден кейін орналастырған. Анықтағыштарды да таңбалармен бейнелеген. Мысалы, «күн» сөзінің символы жарық, уақыт, маусым ұғымдарымен байланысты барлық сөздерді анықтайды. Сөйтіп, белгілі бір сөздің уақыт, соның ішінде «қыс» екенін білдіру үшін, алдымен   таңбаны жазып, одан кейін  дегенді қойғанда «қыс» деген ұғымды білдіретін *prt* деген сөз пайда болады.

Мұның бәрі күрделі сияқты көрінеді, солайы солай да. Иероглифті оқып және жазып үйрену үшін көп уақыт керек, сондықтан бұл өнерді халықтың тек аз ғана бөлігі меңгерді. Зерттеушілер Ежелгі Мысырда әр жүз адамның біреуі ғана оқи және жаза білгенін айтады.

Мұндай білімі барлардың кейбірі қоғамның жоғарғы тап өкілдері болатын, бірақ көбі оқу мен жазуды мамандық еткен хатшылар мен бітікшілер еді. Олар салық салумен ғана емес, ресми хат жазысу мен есеп-қисап, бухгалтериямен де айналысты. Қарапайым адамдар перғауындарды немесе өзге де маңызды адамдарды ұлықтайтын жазуларды, құлпытастарды жиі көретін. Бірақ олардан өзге, бүкіл оқырман қауым оқитын мәтін жоқтың қасы болды.

Ежелгі Мысырдағы лингвистикалық жағдай туралы көп білмейміз. Ол кездегі мысырлықтар мемлекеттің ресми шаруасынан өзге жайттарды аз жазғандықтан, бізге бұрынғы өткен ғасырлардың өмір-тіршілігі туралы деректер көп жеткен жоқ.

Жазба тілді білетіндер аз болғандықтан, ол ауызекі тілге айтарлықтай қатты әсер ете алмады. Қазіргі заманда жазба тіл үлгі ретінде, тіпті сөйлеген кезде еліктеуге тұрарлық идеал ретінде қарастырылады. Ал ежелдегі сауатты адамдар аз қоғамда жазба тілдің қадірі аса сезілмеді.

Мысыртанушы ғалымдар патшалықтың үш мың жылдық тарихында ауызекі тілдің өте қатты өзгергенін айтады. Бірақ иероглифтік жазу ұзақ уақыт бойы онша өзгермеді. Ол шамамен б.з.д. үшінші мыңжылдықтың орта шенінен б.з.д. 400 жылдарына дейін айтарлықтай өзгерген жоқ. Сол кезде өзге жазу жүйелері пайда болып, олардың бәрі бірдей, бір-бірімен қатар қолданылды. Ауызекі тілге негізделіп жасалған иероглиф жазуы да қолданыстан шыққан жоқ. Өзге ауызекі тілдер сияқты, мысыр ауызекі тілі де көптеген өзгеріске ұшырады. Бірақ иероглифтік жазу жүйесіне ол еш әсер еткен жоқ. Тілдің жазба және ауызекі түрі арасындағы мұндай айырмашылықтар – барлық елдерге тән жиі кездесетін жағдай, бірақ Мысырда ол қатты білінді.

Біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларының дәстүрлі жазуды қолданатын бітікшілері ауызекі тілді жазба тілге аударатын күрделі тәсілді игеріп қана қоймай, өз заманынан бірнеше мың жыл бұрынғы тілді де білуі керек болды. Әйтпесе олар сөздің дұрыс, дәстүрлі түрде жазылуын қалпына келтіре алмас еді. Иероглифтерді игеру бастапқы кезеңнің өзінде қиын болған, ал кейінгі кезеңдерде тіпті күрделеніп кетті. Иероглиф мәтіндерді оқу қазіргі мысыртанушыларға қалай қиын болса, біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларындағы бітікшілерге де солай қиынға соқты.

5-ТАРАУ

Қытай тілі – ежелден аман жеткен тіл

5.1. Басқаша жазу

5.2. Мәдениет және мемлекеттер

5.3. Алып мемлекет

5.4. Одақтасу және ыдырау

5.5. Өзге тілдерді жұтып қою

5.6. Көршілер

5.7. Жазу мен қоғам

Қосымша әдебиеттер тізімі

Қайталауға арналған сұрақтар

Талқылауға арналған тақырыптар

Зерттеуге арналған тақырыптар

Қытай жазуының пайда болғанына кем дегенде 3300 жыл болды, оның жасының ұзақтығы мысыр жазуымен бірдей. Бірақ бұл тілдің қазіргі қолданушыларының жағдайы мысырдың иероглиф жазуын соңғы қолданушылардан мүлде бөлек. Біріншіден, қазіргі қытай тілі – бір миллиардтан астам адам сөйлейтін өскелең, серпінді, ширақ тіл. Екіншіден, бұл тілдегі жазу – аз ғана бітікшілер мен хатшылардың құзыретінде ғана емес, жүздеген миллион адамның күнделікті өмірінің бір бөлігі. Қытай жастарының арасында сауаттылық деңгейі өте жоғары, Ұлыбритания мен Еуропа елдерінен сәл-ақ төмен.

Қазіргі қытай тілінің күні кешеге дейін қолданыста болған классикалық тілден бірқатар айырмашылығы бар. Бұл әдеби дәстүр ұзақ болса да, барша халыққа қолжетімді бола бермейтінін көрсетеді. Ұлыбритания халқы Шекспир заманынан жеткен мәтіндерді оқиды. Ал қытай жастары тек өткен ғасырда қағазға түскен мәтіндерді ғана оқи алады. Одан бұрын жазылған мәтіндерді оқу үшін бейімделген нұсқасын қолданады немесе ескі жазуды үйренуге тура келеді. Өткен ғасырдағы тілге қатысты маңызды оқиғалар осы кітаптың аяғына қарай қарастырылады. Ал бұл тарауда одан бұрынғы тарихқа үңілеміз.

Қытай өркениеті мысыр өркениетіне ұқсас басталды. Сары өзенінің жағасындағы жері құнарлы аймақта патша басқаратын ел пайда болды. Ол жерде тарыдан мол өнім алатын, күріш бұл жерге кейінірек келді. Халық қытай тілінде сөйледі. Мысыр еліндегі сияқты бұл ел де ертеректе бірнеше тілде сөйледі ме, жоқ па – оны ешкім білмейді. Шаң дәуірінен жеткен патша және оның айналасындағылар туралы ежелгі мәтіндер б.з.д. 1300 жылдары жазылған. Шаң патшалары балгер-сәуегейлерге бал аштырып, өздері табынатын Құдайлардан ақыл-кеңес сұрап отыратын. Балгер жалпақтау келген сүйекті, көбінесе тасбақаның сауытын отқа жарылып кеткенше әбден қыздырып, жарықшақ-сызықтарға қарап, патша қойған сұраққа жауап айтатын. Кейде жарықшақтан сұрақ та, жауап та іздейтін. Жерге көміліп, ұмыт болған ондай сүйектердің ондаған мыңы императорлардың резиденциясы орналасқан жерлерден өткен ғасырда табылды.

Мұндай сәуегей сүйектердегі жазулар бүгінгі қытай жазуының алғашқы түрі екені анық. Кей әріптер қазір де тура сол бұрынғы кездегісінен өзгермеген, ал енді бірінің мыңжылдықтар ішінде қандай эволюциялық өзгерістерге ұшырағанын көруге болады. Бірақ ежелгі және кейінгі жазулардағы символдардың қалыптасу және мағыналық негізгі принциптері ұқсас.

Қытай халқының жазуды қашан және қалай ойлап тапқаны белгісіз. Алғашқы жүйелі, қисынды мәтіндер б.з.д. XIV ғасырдан жеткен, бірақ одан мың жылдан астам уақыт бұрын жасалған саз тақтайшаларда әріптерге ұқсас ойып жазған пішіндер бар. Сәуегей сүйектердегі жазулардың толықтай жетілген жүйе екені көрінеді, олардың бір күнде ойлап табылмағаны анық. Ол жазу өте ұзақ уақыт бойы қолданыста болса керек.

Бір нәрсе анық, қытай жазуы да мысыр және шумер жазуы тәрізді ауыл шаруашылығы қарқынды жүрген және күшті орталық билігі бар аймақта пайда болды. Америкада жазу жүгері өсіруді жақсы меңгергендерді басқаратын күшті билігі бар майя өркениетінде туындады. Алдыңғы тарауда айтқанымыздай, мұндай қоғамдар салық салуды ұйымдастыру мен жүйелеуге зәру болады.

Патша билігі жаңа жүйе жасауға және жас ұрпақты сол жүйемен жұмыс істеп үйретуге мүдделі болды. Жазу ойлап табу жеткіліксіз, халық ол жазуды оқып және жаза алуы керек. Сауатты қоғам құрудағы ең күрделі жұмыс – сауаттылықты іске жарату мен білім беруді ұйымдастыру.

5.1. Басқаша жазу

Мысыр әріптері сияқты қытай әріптері де суреттерден пайда болған. Мұның кейбір белгілерін сәуегей сүйектермен шамамен бір заманда пайда болған қоладан жасалған ыдыстардағы оймыштардан байқаймыз. 5.1-суретте көрсетілгендей, «сәби» деген ұғымды білдіретін иероглиф аяғы құндақтаулы балаға ұқсайды, ал «балық» ұғымын білдіретін иероглиф түрлі балықтарды бейнелейтін суреттер арқылы берілген. Бірақ көптеген иероглифтер о бастан кәдуілігі пішінге ие болды.

Мысырлықтар белгілі бір сөзді білдіретін сурет таппағанда, сол сөздің құрамындағы бірнеше дауыссыз дыбысты қосып, араластырып берген. Біз оны жоғарыда көрсеттік. Қытайлар мұндай әдісті қолдана алмады, өйткені олардың тілі мысыр тілінен

және еуропалық тілдердің бәрінен бір маңызды қасиетімен қатты ерекшеленеді. Қытай тілінде әр буын мағына беруі мүмкін, бірақ жалғыз тұрған дауыссыз дыбыс еш мағына бере алмайды. Ағылшын тілінде бұлай емес, мысалы «cow» сөзі мағына беретін бір буыннан тұрады, бірақ бір буыннан тұратын «cows» сөзі де cow және -s әрпінен құралып, «сиыр» деген сөздің көпше түрін, яғни «сиырлар» дегенді білдіреді. Қытай тілінде көпше түрді білдіргіңіз келсе, тәуелсіз буын жалғау керек болады. Буындар тілдің бөлінбейтін бөлшегі тәрізді, сондықтан символ буынмен байланыса алады, бірақ жалғыз тұрған дауыссыз дыбыспен байланыспайды. Ағылшын тілінде және өзге де Еуропа тілдерінде дауыссыз дыбыстардың символы жоқ жүйе іске жарамсыз болар еді. Өйткені бұл тілдерде дауыстылар мен дауыссыздар араласа қосылып, шексіз буын санын жасап береді.



5.1-сурет. Екі қытай иероглифінің жетілуі. Үстінгі жолда – «сәби» иероглифі. Астыңғы жолда – «балық» иероглифі. Сол жақтағы иероглифтер – ерте қола дәуірінен, оң жақтағы ең шеткі иероглиф – классикалық жазу түрі

Дегенмен қытай тілінде буын онша көп емес. Заманауи стандарт қытай тілінде ерекшелейтін төрт үнді (тон) санамағанда, тек 420 буын бар. Егер төрт үнді ескерсек, буын саны 1300-ге таяу. Буында тек бір дауыссыз дыбыс дауысты дыбыстың алдында, бір дауыссыз дыбыс артында тұруы мүмкін. Бірақ сөздің соңында бірнеше дауыссыз келе береді, атап айтқанда: *-m*, *-ng* және *-r*.

Қытай тіліндегі ұйғарынды буындар саны ағылшын тілімен салыстырғанда анағұрлым төмен. Олар жеткізілуі керек мағынаның бәрін бере алатындай көп емес. Буындардың көбі бір-бірімен байланысы жоқ мағынаға ие.

Ағылшын тілінде де солай. Мысалы, *lime* сөзі «тропиктік жеміс», «жөке ағашы», «кальций оксиді» деген ұғымдарға қатысты айтылуы мүмкін. Ал қытай тілінде бір буынды сөздердің басым бөлігі осындай көп мағына береді. Осыған байланысты қытай жазуы барлық буындарды бейнелеу әдісіне және түрлі мағыналарды бір-бірінен айыру әдісіне мұқтаж. Қытай жазуы жүйесінде бұл екі әдіс те бар.

Бұл былай іске асады: біз *yáng* деп жазсақ, ол «қой» немесе «мұхит», немесе «тәлімсу», немесе «еріту», немесе «қоңыз» дегенді білдіреді. 羊 иероглифі «қой» деген мағына береді. Бірақ бұл иероглифті өзге иероглифтермен қатар қойып, басқа мағына беру үшін де қолданады. «Мұхит» сөзінің иероглифі – 洋, ол – «қой» деген мағынаның дыбысталуы мен «су» деген иероглифтің қосындысы. «Еріту» деген сөздің иероглифінің 焜 құрамында оның дыбысталуының символы және «от» деген сөздің иероглифі бар. «Тәлімсу» және «қоңыз» сөздерінің иероглифі де осындай принциппен қалыптасқан: *yáng* сөзінің дыбысталуын да сол иероглиф көрсетеді, бірақ мағынаның өзге қырлары құрамдас иероглифтің өзге бөлігімен беріледі.

Бұл жүйе мысыр жазуындағы анықтағыштарға өте ұқсас. Қытай белгілерін де кейде «анықтағыштар» деп атайды, бірақ әдетте оларды «кілттер» (иероглифика) немесе «радикалдар» деп атайды. Бұл комбинатор жүйе қанша символ керек болса, сонша символ жасауға мүмкіндік береді.

Әрине, оларды үйрену оңайға соқпайды, сол үшін негізгі иероглифтердің шектеулі тізімі жасалған. Қазіргі қытай тілінде қолданыста 200 радикал және дыбысталымды білдіретін 1000 символ ғана бар. Әр таңба мағынаға ие буынды білдіреді, оны сөз ретінде қолдануға болады (кейбіреулерін айтпағанда).

Әрине, буындарды қосып, құрама сөздер жасауға болады, сосын оның әр буынын бір иероглиф береді. Мысалы, транскрипцияның әдеттегі конвенциясы бойынша, Қытай астанасы Бейжің қаласын солай жазуға болады. Қытай тілінде астана атауы былай жазылады: 北京. 北 символы *bei* деп айтылады, «солтүстік» деген мағына береді. 京 иероглифі *jing* деп дыбысталады, «астана» дегенді білдіреді. Сөйтіп, «Бейжің» деген сөз «солтүстік астана» болып шығады. Бұл жазу жүйесінің басты құрылымы ежелден қалыптасқан, содан бері бір рет те өзгертілген жоқ.

Қазіргі қытай тілі де осылай жұмыс істейді. Бірақ өткен мыңжылдықта иероглифтердің сыртқы бейнесіне, иероглиф жасау әдісіне, вариациялардың кеңдігіне және басқа да көптеген жайттарға қатысты үлкен өзгерістер жасалды. Бұл тарауда солардың бірнешеуін ғана қарастырамыз. Қытай қоғамындағы жазудың рөліне баса назар аударамыз.

5.2. Мәдениет және мемлекеттер

Қытай баршаға ұзақ тарихымен белгілі. Жазу арқылы елде болып жатқан оқиғалар хатқа түсіріледі. Қытай халқы қомақты тарихи еңбектерді ежелден жазып келеді. Бұл ел тарихтың кейбір кезеңдерінде гүлдене дамып, жер аумағын біршама кеңейтті. Ал тағы бір кездерде дағдарысқа ұшырап, мүлде жойылып кету қаупі туындады. Әйтсе де Қытай ешқашан тіршілігін тоқтатқан емес. Бүгінгі Қытай мемлекеті – Сары өзенінің жағасында тұратын, қытай тілінде сөйлейтін адамдарды қамтитын саяси орган; патшалар елді сүйекпен бал аштыра отырып билегенде де, ол дәл осындай мемлекет болған. Мұндай тағдыр басқыншылықпен айналысқан барлық елге тән. Осы тұрғыдан қарағанда, бүгінгі билік иелерін ежелдегі билеушілердің тікелей ізбасарлары деп айтуға болады.

Дегенмен көлемнің аты – көлем, көптің аты – көп. Бүгінгі Қытай елі бұрынғыдан анағұрлым үлкен. Бұрынғыдан қанша есе ұлғайғаны туралы дәл мәлімет жоқ, өйткені біз Шаң елінің аумағы туралы аз білеміз. Ал Шаң патшалығынан кейінгі ел аумағының кеңеюі мен тарылуы туралы егжей-тегжейлі дерек бар. Уақыт өте келе, Қытай айтарлықтай ұлғайды, қытай тілінде сөйлеушілер саны да әжептәуір көбейді.

Жер жүзінде мың жылдан астам тіршілік етіп келе жатқан мемлекеттер саусақпен санарлық қана, ал Мысыр мен Қытай – ел болғанына үш мың жылдан асқан бүкіл дүниежүзіндегі екі-ақ ел. Қытай Мысырдан анағұрлым ірі. Ол – бүгінгі таңда әлемдегі халқы ең тығыз орналасқан ел, ондай болғанына да көп уақыт болды. Осы тұрғыдан қарағанда, Қытай – бұрын-соңды болған саяси құрылымдардың ең табыстысы.

Неге бұлай? Оның бір себебі бұл елде бір тілде сөйлейтін халықтың саны о бастан көп болғанынан шығар. Азық-түлік жеткілікті болғандықтан, белгілі бір топ басқалардан тезірек өсіп-өнген болар. Орталықтандырылған саяси билік өздеріне ыңғайлы ғана емес, ортақ идеялар мен құндылықтарды жасауға және таратуға тиімді жазудың жаңа технологиясын қолданды. Мысырлықтармен салыстырғанда, қытайлар жазуды ежелден түрлі мақсаттарға қолданған тәрізді. Ежелгі мәтіндер арасынан тарихи шығармаларды ғана емес, поэзияны да, саяси ғылымға ұқсас мәтіндерді де кездестіресін.

Бірінші мыңжылдықтың басында Қытайды Чжоу әулетінің патшалары биледі. Бірақ б.з.д. VIII ғасырдан бастап жергілікті дәулеттілер биліктің басым бөлігін тартып алды. Сөз жүзінде ең басты адам патша болса да, іс жүзінде мемлекет бір-бірімен бәсекелесіп, қырғикабақ болып, бірнеше шағын елге ыдырап кетті. Бұл аумалы-төкпелі ғасыр қытай мәдениетінің айтарлықтай дамыған кезеңі болды.

Бұл кезеңде Батыста – Конфуций, Қытайдың өзінде Кун Цзы деген атпен белгілі ойшыл, саясаттанушы, тарихшы өмір сүрді. Оның өмір және қоғам туралы ой-пікірлері Қытайда да, әлемнің өзге елдерінде де әлі күнге дейін өзекті. Тағы бір маңызды тұлға – Мэн Цзы, ол – Конфуцийдің ісін жалғастырған ізбасары. Аты аңызға айналған Лао Цзы даосизм ілімінің негізін қалаған.

Бұл ұлы ойшылдар аспаннан түскен жоқ. Олар интеллектісі жоғары адамдар көп ортада өскен, ой еңбегі мен өнер-білімге берілген ұстаздардан тәлім-тәрбие алған. Біздің дәуіріміздің басталуына бірнеше жүз жыл қалған кездің өзінде-ақ Қытайда түрлі тақырыптағы көптеген әдеби шығарма болған. Кітап оқып, жазу жазатын, ой еңбегімен айналысатын адамдар да аз болған жоқ. Әрине, ондай адамдардың мектепте оқып, білім алуға көп уақыт жұмсағаны түсінікті. Білімді адамдардың қайдан шығатынын Конфуцийдің өмір тарихынан көреміз. Халықты есепке алудың дәстүрлі құжаттары бойынша ол ауқатты отбасында туып-өскен, көп уақытын білім алуға жұмсаған. Одан кейін шағын провинциялардың бірінде жоғары шенді шенеунік болып қызмет еткен. Біраз уақыттан кейін жұмыстан шығып, басқа жакқа көшіп кеткен де, өмірінің соңына дейін шәкірттерімен бірге тұрған.

Ол кезде мектептер жұмыс істеген, билеушілердің сарайында білімді адамдарға сұраныс болған. Оқығысы келген, білім алуға ақша төлей алған адам ілтипатқа бөленіп, жалақысы жоғары жұмысқа алынатын. Шағын провинцияларды бірнеше адам билеудің

оң жақтары да болды. Демек, жұмыс беруші де көп еді. Бір жер қанағаттандырмаса, басқасына жұмысқа бара алатын. Білім барлық жерде пайдаға асты. Провинциялардың бәрі қытай тілінде сөйледі, барлығы бірдей классикалық мәтіндерді оқыды.

Жазу нормаларында біраз айырмашылық болған (сөйлеу әдістерінде де болуы мүмкін, бірақ біз ол туралы ештеңе білмейміз). Әр провинция жергілікті жұртқа ғана түсінікті жазу нұсқалары мен иероглифтері бар жазу дәстүрін дамыта бастады. Сол шағын провинциялар тәуелсіз күн кеше бергенде, бұл бірнеше түрлі жазба тілдің пайда болуына әкеп соғар еді. Олай болмағанмен, осыған ұқсас жағдай өзге замандар мен басқа жерлерде кездесті. Саяси бірлік бар жерде тіл де бірдей болады, ал саяси жік тілдік айырмашылықтарға алып келеді.

5.3. Алып мемлекет

Біздің заманымызға дейінгі III және IV ғасырларда Цинь патшалығы бір бәсекелестен кейін екінші бәсекелесті басып-жаншып, оларды өзіне біріктіріп, үнемі жеңіске жетіп отырды. Б.з.д. 221 жылы Қытай қайта бірікті, Цинь деген көшбасшы өзін бірінші хуандимін (*Huangdi*) деп жариялады. Хуанди деген екі сөзден құралған, «император» деп аударылады.

Бірінші император көптеген жетістікке жетті: ол өзіне алып кесене орнатты, оны терракоттан (күйдірілген саз балшықтан) жасалған әскер қорғап тұратын. Бұл топыраққа көміліп қалған кесене кешені 1970 жылдары табылып, әлі де аршылып, археологиялық жұмыс жүріп жатыр. Бірақ Циньнің ең басты ерлігі – алып елді жалпыға ортақ тәртіп пен ережеге бағындыру. Ол орталық билікті күшейтіп, әкімшілік-басқару жүйесін қайта құрды, ортақ валюта енгізді. Сондай-ақ жазба тілдің бірыңғай нормасы қалыптасты.

Алдымен, иероглифтердің сыртқы бейнесі ретке келтірілді. «Кіші мөр» (қыт. 小篆, пиньинь: *xiǎo zhuàn*, палл: *сяочжуань*) деген атпен белгілі жазу әдебиеттің барлық түрінде, мөрлердегі жазуда, түрлі заттардағы түсініктеме жазбада және тағы басқа жағдайда қолданылды. Кіші мөр кейініректе қолжазба жазулары мен қалыпты жазудың қаріптерін жасауға негіз болды. Ең бастысы бір сөздің бірнеше түрде жазылуына шек қойылды, жергілікті сөздер, тіркестер, идиомалардың көбі қолданыстан шығарылды. Бүкіл қытай халқы жазудың бір ғана түрін қолдануға тиіс болды.

Бұл реформа тұрақты жүрді. Бірінші императордан кейін Хань әулеті таққа отырды. Хань императорлары елді төрт жүз жыл басқарды, оларды ықпалды мемлекеттік қызметкерлер қолдап отырды. Білімді адамдар үлкен сұранысқа ие болды. Жазба тілдің көптеген аспектісінің нормалары анықталды. Бұл нормалар XX ғасырға дейін өзгеріссіз келді.

Бюрократиялық аппараты жақсы дамыған үлкен мемлекетке көп құжаттар мен кітаптар, олармен жұмыс істей алатын мамандар керек еді. Шамамен біздің заманымыздың I ғасырында қағаз ойлап табылып, мәтін жазу оңайлады. Оған дейін мәтіндер бамбукке жазылды, ол тым ебедейсіз болды, жібекке жазу тым қымбатқа түсті. Қағаз ойлап табылып, оны пайдалану мәтінді қолжетімді етті.



5.1-карта. Қытай

Білімді мемлекеттік қызметкерлермен қамтамасыз ету үшін, Қытай үкіметі б.з.д. I ғасырдың өзінде-ақ емтихан тапсыру жүйесін енгізді. Бірнеше ғасырдың жүзінде емтихан форматы тұрақталып, өзгермейтіндей жетілдірілді. Ол емтихандардың сәл толықтырылған жүйесі XIX ғасырға дейін қолданыста болды. Емтихандарда студенттің классикалық қытай әдебиеті мен философияны білуі тексерілді, әсіресе Конфуцийдің шығармаларымен таныстығына назар аударылды. Барлық сынақты тапсырған талапкерлер беделді де жалақысы жоғары қызметтерге тағайындалатын.

Инновация емес, дәстүр жалғастығы жоғары бағаланды. Императорлық емтихандардың мазмұны онша қатты өзгермеді. XIX ғасырдағы ең жоғарғы эшелондағы шенеуніктер олардың XI, тіпті II ғасырдағы ізашарлары жаттап, талдаған Конфуцийдің өлеңдері мен даналық сөздерін үйренді. XX ғасырдың орта шенінде өлең жазған Мао Цзэдун VIII және XII ғасырдан жеткен әдебиет үлгілеріне еліктеген.

Осы кезеңдерде өмір сүрген білімді адамдардың бәрі бірдей жазба тілмен таныс болды. Екі мың жыл бойы иероглифтер, олардың мағынасы, идиомалар өзгеріссіз қалды. Анда-санда жаңа жүйеге бар символдардың қосындысынан жазылған жаңа сөздер енгізіліп тұрды, бірақ жүйені қайта қарау немесе өзгерту туралы ешқашан сөз қозғалған емес. Хат танытын кез келген адам елдің әр түкпірінен жеткен әрқилы замандағы мәтіндерді түсіне алатын. Мысыр жазуы да тура осылай қызмет еткен. Бұл, әрине, жазу мен ауызекі тілдің арасындағы әлсіз байланыстың нәтижесі. Алфавитке негізделген тілдерде дыбыстық өзгерістер түпнұсқа орфографияны ұзақ уақыт бойы ұстануды болдырмайды немесе қиындатады.

5.4. Одақтасу және ыдырау

Алғашқы императордың бірыңғай жазуға айрықша мән беруі сол кездің өзінде тілде аймақтық айырмашылықтар болғанын дәлелдейді. Ол айырмашылықтар жазудан көрінген, бірақ оларды ауызекі тілден байқалған деп болжам жасауға әбден болады. Бұл, бір жағынан, саяси алауыздықтың салдары, өйткені әртүрлі топтар бір-бірімен жиі араласпаған. Араласып, біліспеген адамдарда бір-бірінің сөйлегенін есту мүмкіндігі қайдан болсын?!

Осы механизм терімшілер мен аншылар арасында да көптеген тіл формасын туындатты, бірақ ол жағдайдағы тілдердің сөйлеушілері өте аз болатын. Қытайда олай болмағаны анық. Жазба тіл бірінші императордың заманынан бастап, одан кейін бірнеше мыңдаған жыл бойы өзгерген жоқ. Қытай мен Мысыр мысалдары саяси бірлік пен ортақ жазба тілдің тілдік қауымдарды бөлшектеуге бейім күштерге қалай қарсы тұратынын көрсетеді. Бірақ ауызекі тіл өзгеріссіз тұра алмайды. Ол үнемі қозғалыста болады, тілдік өзгерістер әр жерде үлкен аумақтарды қамтиды. Жазуы бір болса да, ауызекі тілде болатын айырмашылықтар диалектіге айналады.

Стандарт жазба тілдің сыртындағы ауызекі сөйлеу туралы еш дерек болмағандықтан, біз Мысыр еліндегі диалектілер туралы ештеңе білмейміз. Қытай тілінің жағдайы басқаша. Өткен күндерден жеткен жазбалар көп емес, бірақ біз бүгінгі жағдайға қарап та қорытынды жасай аламыз. Бірыңғай қытай тілінде оқитын және жазатын үлкен кеңістікте адамдар бір-біріне түсініксіз бірнеше диалектіде сөйлейді, ал жергілікті нұсқалардың саны тіпті көп. Француз, португал, итальян, басқа да роман тілдері және олардың диалектілері латын тілінен бастау алғаны тәрізді, бұл ауызекі тілдердің бәрі ежелгі қытай тілінен бастау алған.

Бүгінгі жағдай туралы 16-тарауда айтылады. Бұл жерде тек аймақтардың арасында айырмашылықтар бұрыннан болғанымен, олардың жазба тілде мүлде көрініс таппағаны тұспалданады. Жазба тіл мен ауызекі тіл параллель дамымайды. Жазба тілді білетін және қолданатын әртүрлі адамдар сөйлескенде, бір-бірін түсінбеуі әбден мүмкін. Мыңдаған жылдар бойы жазба қытай тілі бірдей, тиянақты және тұрақты болды, ал ауызекі қытай тілі ондай болған жоқ.

5.5. Өзге тілдерді жұтып қою

Алғашқы император үлкен әрі халық тығыз қоныстанған ауданды басқарды, бірақ ол бүгінгі Қытайдан анағұрлым кішкентай еді. Жалпақ тілмен айтқанда, Цинь империясы дегеніміз – бүгінгі Қытайдың солтүстік-шығыс бөлігіндегі аймақ. Қазір қытай тілі одан бірнеше есе үлкен аймақта қолданыста, сондықтан ол бастапқы шыққан жерінен көп таралған деп айтамыз.

Бұл, әрине, мәдени және саяси экспансияның салдары. Қытай өз тарихында өзге елдерді де басып алды, өзі де басқыншылардың қолына түсті, бас-басына ел болып, бөлініп-ыдырап та кетті, бір қолдың астына бірікті де. Бірақ соның бәрінің нәтижесінде

қытай тілі тағы бір аймақта басты тілге айналып отырды. Қоғамдағы өзгерістердің барлық түрі қытай тіліне оң әсер етті.

Неге олай болды? Соғыс арқылы жаулап алу міндетті түрде тілдің өзгеруіне әкелмейді, тілді өзгерткен күннің өзінде не жаулап алушылар, не жаулап алынғандар өз тілдерінен басқа тілге ауысады. Төменде біз осы екі жағдайға да мысал келтіреміз. Қытай тілінің ерекшелігі де сонда, ол қытайлар өзгелердің еліне басып кіргенде де, өздері жаттың қоластында қалғанда да жойылып кетпеді, қайта күшейе түсті.

Тарихтан біраз мысал келтірейік. Қазіргі Қытайдың оңтүстігі мен Вьетнамның солтүстігін б.з.д. екі жүз жылдай қытай әскері басып алды. Бұл аймақ ресми түрде Қытай императорының қоластында болды, ал іс жүзінде ел азды-көпті тәуелсіз өмір сүрді. Басында тек басқарушы элитаның аз ғана тобы қытай тілінде сөйледі, ал халықтың дені тай және кхмер тілдерінде сөйледі. Сосын бірнеше жүз жылға созылған саяси толқулар мен қытайлардың иммиграциясының нәтижесінде қытай тілі үстем тілге айналды. Қазір Оңтүстік Қытай деп аталатын бұл аймақта қытай тілі әлі үстемдік құрып келеді. Бұл тіл жоғарыдан келеді де, төменгі эшелондағыларды бірте-бірте жайлап алады.

Солтүстік Қытай, керісінше, солтүстіктен немесе батыстан келген басқыншылардың соққысына ұшырады. IV ғасырда астанасы Луоньянг қаласына ғұндар басып кірді, одан бір ғасырдай кейін табғаш деген тайпа (қытай тілінде *tuoba*) Солтүстік Қытайды жаулап алып, 150 жылдай қоластында ұстады. Ғұндар да, табғаштар да көп кешікпей Қытай халқына сіңіп кетті, өз тілі бар бөлек халық болудан қалды. Осыдан көп кейін X ғасырда Солтүстік Қытайдың басым бөлігін қидандар жаулады. Олар екі ғасырдай билік құрып, көп кешікпей Қытай қоғамымен араласып, өз тілінде сөйлеуді доғарды. Дәл осындай жағдай XVII ғасырда соңғы Қытай императорларының династиясын құрған манжұрлардың да басынан өтті. Олар елді 1911 жылға дейін биледі. Бұл уақытта манжұрлар Қытай қоғамына толық кіріп, өз тілінен бас тартты.

Қысқасы, барлық жағдайда қытай тілі жеңіп отырған. Тарихта ереже жоқ, сондықтан әрі қарай не болатынын айта алмаймыз, бірақ қытай тілінің пайдасына жұмыс істейтін жағдайларды жүйелі түрде атауға болады.

Біріншіден, сан мен көлемнің маңызы зор. Адамдар тобы тығыз қатынас орнатқанда, үлкенірек топтың тілі үстемдік құрады. Бірақ бұған кереғар жағдайлар да болып тұрады. Қытайлар саны жағынан үнемі басқалардан көп еді.

Екіншіден, үстем тіл өзінің сөйлеушілеріне белгілі бір жеңілдіктер береді. Қытай мәдениеті – ұлы мәдениет. Қытайлар тағдыр қосқан халықтардан ауыл шаруашылығында да, технология мен ғылымда да, философия мен әдебиетте де анағұрлым ілгері еді. Осы салалармен айналысқысы келген әрбір адамның қытай тілін үйренуі керек болды.

Үшіншіден, тұрақты жазба тіл тек қана сөйлесуде қолданылатын ауызекі тілден анағұрлым артық. Мәдени даму үшін жазбаша қатынас орнату, маңызды мәтіндерді оқи білу керек. Қытай тілі – Шығыс Азиядағы жазуы бар алғашқы тіл, ұзақ уақыт бойы бірден-бір сондай тіл болып қалды. Ол ежелден бүгінгі күнге дейін әлемнің осы түкпіріндегі ең маңызды жазба тіл болып отыр.

5.6. Көршілер

Қытайдың дамыған мәдениетінің зардабын оның айналасындағы елдер мен халықтар тартып келеді. Доминант мәдениеттің ықпалы көбінесе шешуші рөл атқарады, техникалық инновациялар, қоғамдық модельдер, философия мен діни идеялардың бәрі экспортталды. Көрші елдердегі маңызды адамдардың бәрі қытай тілін жақсы білді, қытай мәдениетін, философиясын және әдебиетін білу білімділікпен парапар болды.

Қазіргі Вьетнамның солтүстік бөлігі бір кездері Қытайдікі болған. Ол жерде кейіннен пайда болған мемлекет Қытаймен XIX ғасырдағы француз басқыншылығына дейін тығыз қатынасты. Жазба тіл ретінде ұзақ уақыт бойы тек қытай тілі қолданылды. Вьетнам тілі қытай тіліне мүлде ұқсамайды, бірақ дыбыстық құрылымы ұқсас, сондықтан қытай жазуын вьетнам тіліне бейімдеу түк те қиын болған жоқ. XIV ғасырда сондай бейімделген жазу ортақ қолданысқа енді, ол *Nôm* деп аталды. Француз басқыншылығы кезінде оны латын алфавиті ығыстырып шығарды. Қазіргі вьетнам тіліндегі жазу латын алфавитіне негізделген. Қытайдың солтүстік-шығысындағы Корея ұзақ уақыт бойы көршісіне бағынған жоқ, бірақ бұл елге бұрын-соңды енген өзге әсерлердің бәрі оңтүстік-батыстан келген.

Корей тілі қытай тіліне ұқсамайды, бірақ корей мәтіндері алғаш рет б.з.д. V ғасырда қытай жазуымен жазылды. Одан кейін бірнеше ғасыр өткен соң, корей тілінде кездесетін, бірақ қытай тілінде жоқ көптеген жалғаулар мен грамматикалық бөлшектерге арнап толық жүйе жасалды. Жазуды жеңілдету үшін, корейлер сөздердің арасына арнайы белгілер қойып, қытай тілінде жазды.

XV ғасырда таза силлабикалық корей жазуы ойлап шығарылды. Тілдегі дыбыстарды күрделі де өте әдемі жолмен таңбалағаны үшін лингвистер оған тәнті болды. *Hangul* (хангыл) деп аталатын бұл иероглифтерді қытай иероглифтерімен қатар қолдануға да, қытай жазуының орнына қолдануға да болады. Хангыл біртіндеп үстемдік құрды. Солтүстік Кореяда тек хангылды қолданады, ал Оңтүстік Кореяда қытай иероглифтері кейбір мәтіндерде әлі де кездеседі.

Кореяның оңтүстік-шығысында Жапония орналасқан. Қытай өркениетінің алғашқы жетістіктерін жапондарға корейлер үйретті. Біздің заманымыздың VII ғасырынан бастап жапондарда қытайлармен байланыстыратын тікелей каналдар болды. Бұл буддизмнің Қытайдан таралып, Жапониядағы үстем дінге айналуына да байланысты. Қытай мәдениеті, сөздері мен жазуы импортталды. Бірақ жапон тілі де – қытай тілінен мүлде бөлек тіл. Жапондар қытай иероглифтерін (қытай иероглифтеріне ұқсас жапондардың өздері ойлап тапқан) буынды білдіретін иероглифтермен қоса қолданады. Жапон жазуы – корей жазуынан анағұрлым күрделі, «катакана» және «хирагана» деп аталатын буындардың екі дискретті топтамасы. Ол екеуін қытай мәнерінің «кан-дзи» деген символдарымен біріктіруге болады.

Сөйтіп, Қытайдың үш ең маңызды көршісі қытай тілінің ықпалына қатты ұшыраған. Олар бірнеше ғасыр бойы қытай тілінен жазу технологиясын, сөздердің ұғымы мен символын көптеп енгізген. Бұл елдердің ешқайсысында (ерте кездегі Вьетнамнан

өзге) қытай тілінде сөйлейтін аз ұлттар болған жоқ, бірақ жоғары дамыған Қытай соған қарамастан, өз тілінің маңызды аспектілерін сыртқа таратып отырды, ал көрші елдер оны өз мәдениетіне сіңірді.

5.7. Жазу мен қоғам

Қоғам қанша жыл өмір сүреді? Қазіргі қоғамның жасы қаншада? Жоғарыда Мысыр мен Қытай елдерінің пайда болғанына үш мың жылдан астам уақыт болғанын айттық. Бұған күмән келтіруге болады, өйткені екі ел де өз тарихында шетелдік билеушілердің қоластында болды. Дегенмен бүгінгі Қытай қоғамы Конфуций ілімінің маңызды ықпалын әлі де сақтауда. Кейінгі мысырлықтар тура ежелгі мысырлықтардай иероглифпен жазып, аруақтарға табынған, олардың қоғамдық құрылымдары мен дәстүрлері ұзақ уақыт бойы сақталып келуі мүмкін.

Дегенмен жазу өткенді білу үшін де, келер ұрпаққа ойлар мен жетістіктерді жеткізу үшін де керек. Жазуы бар қоғам өз халқының өмір тәжірибесінің дерекқорына ие. Ол қор өте үлкен әрі құнды бола алады. Қытайдың көршілері көрсеткендей, өзге тілді қоғамдар оның қажетті бөлігін өздеріне сіңіріп алады.

Мысыр мен Қытай 1-тарауда суреттелген терімшілер мен аңшылар қоғамынан шалғайда орналасқан. Терімшілер мен аңшылар қоғамында тіл тағдыры бірнеше жүз деген адамның қолында. Жастар бар білімді өздерінің көсемдері мен үлкендерден алып отырады. Мұндай қоғамдарда топтық сәйкестік пен бір топқа жату сезімі өте күшті болуы мүмкін, бірақ ол түрленіп дамымайды, ұзаққа да бармайды. Жазу болмаған жерде тіл қолданушылардың азғантай ғана тобы дәстүрлер мен идеялардың көбін сақтап, өзгелерге жеткізе алмайды.

Ал Мысыр мен Қытайда ол мүмкін болды және орындалды да. Бұл екі елдің тарихы да сабақтастығымен белгілі. Сондай-ақ консерватизм де бар, өйткені қоғамдық өмірдің маңызды аспектілері мыңдаған жылдар бойы өзгеріссіз қалып келеді. Қытай тілінде «Қытай» деген сөзді 中國 деген иероглиф білдіреді. Бірінші символ – *чжун* деген сөздің таңбасы, ол «орталық», «ортада» деген мағына береді. Екінші символ «ел», «мемлекет» дегенді білдіреді. Ертерек кезеңдерде «Чжунгуо» деген сөз «орталық мемлекет» деген мағына берген. Ағылшын тілінде әдетте «Орталық патшалық» деп аталады. Бұл атау екі мыңнан астам жыл бұрын тарап кетті. Ол кезде бұл мемлекет қытай тілінде осы атаумен көптен белгілі болатын. Өзге де көптеген маңызды ұғымдардың тағдыры осылай.

Мұның жақсы жақтары да бар, бірақ өзгеруге дайын тұру жақсы болмас па еді деген сұрақ туындауы мүмкін. Қытайда өткен ғасыр түбегейлі өзгерістер ғасыры болды. Бұл өзгерістер қытай тілін қолдануға да қатысты, біз ол туралы төменде әңгімелейміз. Жалпылама айтқанда, проблемалардың бәрін кітаптан қарап шешуге болмайды. Терімшілер мен аңшылар ауыздан-ауызға жеткен шектеулі ақпараттан қорғанып алады, бірақ олар күтпеген сәттіліктен мол тәжірибе жинақтауы да мүмкін. Мұндай қабілет барлық қоғамға керек. Жазу дәстүрі тым үстем болса, ол қабілеттің әлсірейтіні белгілі.

Бұл – көп адамға тән пікір. Батыстың кейбір жазушылары Мысыр мен Қытайды мысал етіп, олардың жазу жүйесіне сілтеме жасайды. Ол екеуінде де сөздердің символдары бар, дыбыстардікі жоқ. Мұндай жүйелер тілдегі міндетті түрде болатын өзгерістерге онша илікпейді, сондықтан иероглифтер бір мағына мен бір ұғымды беруін ұзақ уақыт бойы жалғастыра береді. Сондай-ақ мұндай жазуларды үйрену де қиын. Оны жақсы үйреніп, толық меңгеру үшін көп оқып, жаттығу керек. Бұл жазулар консерватизм мен жаттандылыққа негізделген, шығармашылыққа жол бермейді деген де көзқарас бар.

Солдай да шығар, бірақ оған бұлтартпас дәлел жоқ. Қалай болғанда да, мысырлықтар мен қытайлар өздеріне көптен бері қызмет етіп келген жазу жүйесі арқылы үлкен жетістіктерге жеткен, талай тарихын сақтап қалған. Ғалымдар дүниежүзіндегі жазулардың әртүрлі тұрғыдан қарағандағы қызметіне салыстырмалы зерттеулер жүргізіпті, бірақ ешқандай анық жауап ала алмаған. Әр жазудың жақсы жақтары мен кемшіліктері бар. Оның үстіне, жазуды тіл мен мәдениеттен бөлек алып қарауға болмайды, мәселен, қытай жазуының ағылшын тіліндегі ойды жеткізуін көруге тырысу – ақылға сыймайтын іс.

Енді ағылшын тілінде сөйлеушілер «табиғи жазылған» деп есептейтін тілдерді, яғни алфавиті бар тілдерді талқылаудың кезегі келіп жетті.

Қосымша әдебиеттер тізімі

3-тарау

Жазудың дамуы туралы бірнеше кітап бар, мысалы, Фишер (*Fischer*, 2001). Жазу жүйелерінің сипаты туралы кітаптардан Коулмасты (*Coulmas*, 2003) атауға болады. Басты жазу жүйелерінің барлығы туралы егжей-тегжейлі жазылған анықтамалық әдебиет қатарына Коулмастың (*Coulmas*, 1996) кітабын жатқызуға болады.

4-тарау

Мысыр жазуына қысқаша кіріспені Дейвис (*Davies*, 1987) жазған. Осы кітаптағы мысалдар сол дереккөзден алынған. Коллиер (*Collier*) мен Менлейдің (*Manley*, 1998) кітабы жақсы оқулықтар қатарына жатады.

5-тарау

Қытай тіліне жалпы шолу жасалған Норманның (*Norman*, 1988) кітабында ежелгі кезеңге үңіле отырып, жазу жүйесінің негізгі белгілерін айтады, сәуегей сүйектер мен қола тақтайшаларды сөз етеді. Ал Қытай тарихын әңгімелейтін еңбектер өте көп. Соның бірі – Эбри (*Ebrey*, 2010).

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Тарихқа дейінгі және тарих басталғаннан кейінгі кезеңдер арасындағы басты айырмашылық неде?
2. Жазу алғаш рет қай аймақта пайда болды?
3. Жазудың пайда болуына қандай жағдайлар әсер етті?
4. «Ребус принципі» деген не?
5. Иероглифтік жазуда анықтағыштар не үшін қолданылатынын түсіндіріңіз.
6. Қытай жазуы қанша жаста?
7. Неге мысыр жазуы дауыссыз дыбыстарды иероглифтер арқылы жеткізе алды, ал қытай жазуы жеткізе алмайды?
8. Қытай тілінде сөйлеушілер саны неге уақыт өте келе көбейе берген?
9. Қытай тілінің қолданылуы жөнінде кім және қашан ереже шығарған?
10. Жапонияда қандай жазуды қолданады?

Талқылауға арналған тақырыптар

1. Суреттер мен тілдің коммуникативтік құрал ретіндегі артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылаңыз. Сөйлеуші мен қабылдаушы арасындағы байланыс, нені жеткізуге болатыны, нені жеткізу мүмкін еместігі төңірегінде ой қозғаңыз.
2. Қытайда ежелден келе жатқан мемлекеттік емтихан тапсыру жүйесі жұмыс істейді. Бұл қоғамдағы ұстанымдар мен мінез-құлыққа қалай әсер етті?

Зерттеуге арналған тақырыптар

1. Мысыр жазуын грек алфавитінің алыстағы ізашары деп қабылдауға болады. Грек алфавиті туралы келесі тарауда айтамыз. Бұл екі аралықта қандай жазулар болған және бұл жолда қандай трансформациялар болған?
2. Қытайға жақын орналасқан аймақтар мен халықтардың бәрі бірдей қытай жазуын алған жоқ. Осы тұрғыда тибет жазуы қызығушылық тудырады. Тибет жазуына қайдан әсер етуі мүмкін, бұл жазудың қайдан және неден пайда болғанын анықтауға тырысыңыз.

III БӨЛІМ

ТІЛДІК ЭКСПАНСИЯЛАР



6-ТАРАУ

Грек тілі: жаулап алу және мәдениет

- | | |
|----------------------------------|------------------------------------|
| 6.1. Грек тілі және алфавиті | 6.5. Қала-мемлекеттерден империяға |
| 6.2. Грек тілінің жаратылысы | айналу |
| 6.3. Барлық тіл тең дәрежелі ме? | 6.6. Жаңа грек тілі |
| 6.4. Грек алфавиті және диалект | 6.7. Гректерден үйрену |

Бұл тарауда ірі үш тілдің тарихы мен олардың үлкен аумақтарға таралуы сипатталып, ол тілдердің бір-бірінен айырмашылығы қарастырылады. Бұл үш тіл әртүрлі себептерге байланысты тарады, нәтижелері де түрліше. Кейде тіл өте кең жайылып, алыс елдерге дейін жетті. Енді бірде қолдану аясы тарылды немесе жойылып кетті. 8-тараудың соңына қарай осы тақырып бойынша бірқатар салыстыру беріліп, қорытынды жасалады.

6.1. Грек тілі және алфавиті

Үркер жұлдыз ғайып болып аспаннан,

Ақ сәулесі сөніп қалды Айдың да.

Түн ортасы. Аяқталды кездесу.

Жалғыз қалдым қап-қараңғы айдында.

Бұл – осыдан 2600 жылдай бұрын грек тілінде жазылған өлеңнің еркін аудармасы. Грек тіліндегі мәтіннен «мен» деген сөздің әйел адамды меңзеп тұрғаны айқын білінеді. Өлең авторы – Сапфо есімді ақын қыз. Ол ежелгі гректердің көптеген шағын мемлекеттері ішіндегі тәуелсіз Лесбос аралында өмір сүрген.

Өлең жолдарында тіл күнделікті өмірде аса мән беріле бермейтін дүниелерді сипаттау құралы ретінде пайдаланылған. Яғни ол аңға шығу, арық қазу, салық жинау немесе билеушілер мен Құдайларға сый-құрмет көрсету туралы емес. Мәтінде адамның ішкі дүниесі мен сезімдері сипатталады. Бұл өлең – Батыс мәдениетіндегі алғашқы лирикалық шығармалардың бірі.

Кітап поэзия туралы емес, тілдер мен тарих арасындағы байланыс жайында баяндайды. Алайда гректердің тарихын танып-білудің кілті – олардың әдеби тілінде. Гректер мысырлықтар, қытайлар және көптеген кейінгі мәдени орталықтар сияқты әуелі империя құрып, содан кейін тілдің мәртебесін нығайтып, мәдениетін дамытқан жоқ. Керісінше, гректердің әдебиеті, философиясы және өнері бірқатар империялар қарқынды дамығанға дейін пайда болды.

Грек тілінің ғажайып тарихы Гомердің эпикалық дастандарынан басталады және грек алфавитінің ойлап табылуына байланысты кейінгі ұрпаққа жеткен деседі. Алфавит семит жазуы үлгісі бойынша жасалған. Сапфо өмір сүрген уақыттан 200 жыл бұрын пайда болған ол жазуды ақын қыз жақсы білген.

Грек алфавиті ағылшын тілі қолданып жүрген латын алфавитіне өте ұқсас. Шынын айтсақ, латын алфавиті грек алфавитінің негізінде жасалған; ұқсастықтары бірден байқалады. Ал мынау – грек алфавиті бойынша жазылған өлеңнің түпнұсқасы:

*ΔΕΔΥΚΕ ΜΕΝ Α ΣΕΛΑΝΝΑ
ΚΑΙ ΠΛΗΙΑΔΕΣ. ΜΕΣΑΙ ΔΕ
ΝΥΚΤΕΣ. ΠΑΡΑ Δ' ΕΡΧΕΤ' ΩΡΑ.
ΕΓΩ ΔΕ ΜΟΝΑ ΚΑΤΕΥ ΔΩ.*

Ол латын алфавитімен былай жазылады:

*DEDUKE MEN A SELANNA
KAI PLEIADES. MESAI DE
NUKTES. PARA D' ERKHET' ORA.
EGO DE MONA KATEUDO.*

Алфавиттік жазудың бір артықшылығы – өлең ырғағын айшықтап тұратынында. Грек тілін білмейтін адамның өзі өлеңнің бірінші жолы сегіз буыннан құралғанын

байқайды. Кейінгі жолдарда да солай. Әр жолдың екінші, бесінші және жетінші буындары айшықталып тұр. Дәл осы ырғақ жоғарыдағы аударма өлеңде қайталанады.

Грек және латын алфавиттерінің ұқсастығы көп екенін байқаймыз. Көптеген әріптері бірдей, мәселен, *T*, *M* және *N* әріптері. Ал көп жағдайда таңбаларымен ерекшеленеді. Мәселен, *A* таңбасы – *D* әрпінің, ал *G* таңбасы – *G* әрпінің белгісі. *I*, *E*, *A* және *O* дауысты дыбыстарының таңбалары латын алфавитіндегідей және грек тілінде (о бастан) латын, испан және итальян тілдеріндегідей айтылады. Өзге ұлт өкілдерінің пікірі бойынша, аталған әріптердің ағылшын тілінде айтылуы өзгеше және ағылшын тілінің өзгеріске ұшырауына әсер етеді-міс. Дегенмен грек және латын алфавиттерінің арасында бірқатар айырмашылық бар. Бірақ олар аса маңызды емес және бұл кітапта қарастырылмайды.

Грек және латын алфавиттерінің ұқсастығын жоғарыда көрсетілгендей, бас әріптердің қолданылуынан байқауға болады. Олар әріптердің негізгі түпнұсқалық формаларын білдіреді. Математиктер мен басқа да ғалымдар ағылшын мәтіндерінде кейде грек алфавитінің кіші әріптерін қолданады. Егер өлең сондай әріптермен жазылса, мүлде басқаша көрінеді (нормадағы емле бойынша, бірқатар екпін таңбасы мен өзге диакритикалық белгілер қосылады):

*δεδοκε μεν α σελαννα
και πληιαδες. μεσαι δε
νυκτες. παρα δ' ερχετ' ωρα.
εγω δε μονα κατευδω.*

Осылайша гректер ауызекі тілдің мағынасымен бірге дыбысталуын да көрсететін жазуға ие болды. Оқырман сөздегі дыбыстардың ретін оңай ажырата білуі үшін жазушылар шығармаларды өздерінің жеке сөйлеу стилі бойынша жаза бастады. Иероглифтер мен қытай жазуы да, ежелгі грек мәтіндерінде жиі қолданылған «Б сызықтық жазу» буындық жүйесі де мұндай ережеге бағынбайды. Оның үстіне, алфавит жазуын меңгеру алдыңғы жүйелерге қарағанда, оңайырақ болды. Әсіресе бастапқы кезеңдерде. Сол себепті жазба тілді маман-бітікшілердің шағын тобы ғана емес, қалың халық та пайдаланды.

Екі аспектінің де өзіндік маңызы бар, алайда халықтың оқу мен жазуды жаппай үйренуі әлдеқайда маңыздырақ болды. Тұрғындарының шағын ғана бөлігі менгергеніне қарамастан, бұған дейінгі мәдениеттермен салыстырсақ, грек мәдениеті хатқа түсіріліп отырды, гректерде жазба тіл үстемдік құрды. Алғашқы ұзақ мәтіндер – Гомердің атақты «*Илиада*» және «*Одиссея*» дастандары. Олар б.з.д. 700 жылдары жазылған деседі. Артынша жазудың тағы бірнеше түрі пайда болды. VII ғасырда өмір сүрген Сапфо бастаған ақындар көбінесе лирикалық жырлар жазды. Сондай-ақ заңнамалар, ресми жазбалар және құлпытас жазулары сынды әкімшілік немесе ресми мәтіндер де баршылық.

Шамамен осы кезеңде гректер ғылыми және философиялық еңбектер де жаза бастады. Ертеректе Батыс Азия мен Мысырдың озық мәдениеттері грек мәдениетінің дамуына зор ықпал етті. Бұл жағдай еуроцентристік идеяға қайшы келіп, XIX ғасырдың

ортасында ғана гүлдене бастаған Еуропа мәдениеті мұны ұзақ жылдар бойы мүлде мойындамай келді. Десек те грек халқы мәдениеттегі ізашарларынан асып түсті. Уақыт өте келе, бұрын болмаған ерен жетістіктерге қол жеткізді. Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген Платон мен Аристотель сынды авторлардың шығармалары бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Жұрт оларды әлі де оқиды. Мұндай атак-дәрежеге Конфуций тәрізді ежелгі қытай ойшылдары ғана ие.

6.2. Грек тілінің жаратылысы

Ақын, философ және ғалымдардың қолдануына байланысты грек тілі көп өзгеріске түсті. Бұған дейін болмаған жаңа сөздер, сөз тіркестері және сөйлемдер пайда болды. Тың ойларды жеткізу үшін жаңа сөздер мен сөз тіркестері керек еді, нәтижесінде грек тілінің сөздік қоры байи түсті. Олар алфавитті оқу мен жазу үшін пайдаланды, жанадан пайда болған сөздер жазылып, сақталды. Осылайша грек тілінің сөздік қоры бұрын-соңды ешбір тілде болмаған сөздермен және ұғымдармен толықты. Авторлар өздерінің жеке шығармаларын жазып қана қоймай, тілдің экспрессивті және көпқырлы қызметін нығайтуға септігін тигізді.

Терең ойлай білу үшін, жазудың болуы шарт емес. Сократ ештеңе жазған жоқ, бірақ замандастарының көбі оны ең данышпан философ деп санаған. Алайда Сократтың аға буын ойшылдар мен философиядағы бәсекелестерінің шығармаларын оқыған-оқымағаны белгісіз. Платон өзінің шығармаларында ол туралы сөз қозғамағанда, Сократтың кім екені және оның ойлары туралы ештеңе білмес едік. Платон мен Аристотельдің еңбектерінің әлі күнге дейін оқылуының себебі олардың жазушы болғанына ғана байланысты емес. Олардан кейін де мыңдаған адам өздерінің шығармаларын жазып қалдырған, бірақ бүгінде ұмыт болған. Платон мен Аристотель жаңашыл ойларының арқасында ел есінде қалды. Осы және өзге жазушылардың күш-жігерімен нығая түскен грек тілінде Батыс мәдениетінің бір бөлігіне айналған көптеген ұғым болды. Бұл сөздер мен ұғымдар ағылшын және өзге де еуропалық тілдерде әлі күнге дейін бар.

Біз мектепке барып, тарихты (грекше *historia*), математиканы (*mathematike*) және физиканы (*phusike*) оқып үйренеміз. Одан кейін география (*geographia*) мен философияға (*philosophia*) ойысамыз. Демократия жағдайында (*demokratia*) өмір сүріп жатқандықтан, өмірімізді саясатқа арнауымыз мүмкін (*politike*) немесе экономика саласында (*oikonomia*) қызмет етеміз. Театрға (*theatron*) бару және музыка (*mousike*) тыңдау арқылы эстетикалық (*aisthetika*) талғамымызды жетілдіреміз.

Ағылшын және өзге де еуропалық тілдерде ежелгі грек тілінен енген сөздер өте көп. Басқа да көптеген тілден енген кірме сөздер баршылық. Бірақ грек тілінен енген сөздер айрықша маңызға ие. Олардың көбі тіршілік құбылыстары (*phainomena*) топтастырылған категориялар (*kategoriai*) арқылы өмірді белгілі бір жүйелі құрылымға келтіреді. Гректер біздің дүние туралы түсінігіміздің қалыптасуына жартылай әсер етті және олардың сөз үлгілері ағылшын тілінде әлі де бар.

6.3. Барлық тіл тең дәрежелі ме?

Грек тілінің беделі жоғары, тұғыры биік болған дейміз. Сонда оның мәртебесі жүздеген жылдар бұрын қолданыста болған тілдерден де жоғары болды ма? Егер солай болса, қаншалықты жоғары еді және ол қандай жолмен дамыды? Тілдер өзгерумен қатар жетіле ала ма? Оларды саралаудың қандай да бір тәртібі бар ма? Егер бар болса, не нәрсеге негізделген?

Бұл жаңалық емес. Адамдар ежелден тілдердің құндылығы салыстырмалы деп ойлайды. XX ғасырға дейін адамдардың басым көпшілігі саралау критерийлерінің әртүрлі болғанына қарамастан, мұндай тәртіпті қалыпты құбылыс деп есептеді. Кейбірі жоғары бағаланатын әдебиет пен бай сөздік қорын нұсқады. Өзгелер тілдің мықты империямен байланысты болуын және ол тілде көптеген адамдардың сөйлеуін анағұрлым маңызды санады. Бұл сауал ұзақ уақыт бойы дін тұрғысынан қарастырылып келді және пікірталастар Бабылда (Вавилонда) тілдер бір-бірімен араласып кетпей тұрғанға дейін қолданыста болған түпнұсқа тілдің негізінде өткізілді. Бұл ретте иврит тілі көп дауыс жинады (бірақ барлық жағынан емес).

Бұдан кей тілдердің мәдениеті биік, ал енді бірі жабайы және қарабайыр деген қорытынды туды. XIX ғасырда, яғни отарлау дәуірінде еуропалықтарда осындай көзқарас үстем болды. Англия және Франция сияқты отарлаушы елдердің тілдері жоғары деңгейде дамыған деп есептелсе, отар елдердің жергілікті тұрғындары қолданған тілдер көбіне қарабайыр саналды.

XX ғасырдың басында көптеген лингвистер мен басқа да ғалымдар мұның тілдік жүйеге қайшы екенін алға тартып, айтылған пікірлерді жоққа шығарды. Солардың бірі – атакты антрополог Франц Боас. «Қарапайым» адамдар (Солтүстік Америкадағы үндістер, Оңтүстік Америкадағы бушмен тайпасы, Австралиядағы аборигендер) қолданатын тілдер мүлде қарабайыр болмай шықты.

Олардың синтаксисі, морфологиясы және дыбыстық жүйелері еуропалық «дамыған» тілдерге қарағанда, күрделірек болуы мүмкін. Ал тың ойды сөзбен жеткізу мен жаңа ұғымдар қалыптастыру – барлық тілге тән қасиет.

Жаңа ойлар мен жүрек қылын шертетін нәзік сезімдерді айтып жеткізуге икемсіз тіл болмайды. Барлық тілді барлық мақсатта қолдануға болады. Бірақ тілдің грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты кей сөздер айтылып, кей сөздер айтылмауы мүмкін. Әр тіл тіршілікті әртүрлі ұғымдар арқылы әр басқа жолмен бейнелейді. Сондықтан бір тілде айтқан ойды өзге тілде де тура солай жеткізу әрдайым мүмкін бола бермейді. Десек те «грек, қытай немесе ағылшын тілдерінде басқа ешбір тілде жоқ, соларға ғана тән қасиет бар, терең ойларды тек солар ғана жеткізе алады, ал басқа тілдер оған дәрменсіз» деген идеяны дәлелдейтін еш айғақ жоқ.

Қазіргі лингвистер әдетте «барлық тіл бірдей құндылыққа ие» деген көзқарасты ұстанады. «Адамдардың бәрі бірдей» деген ұстанымға сенетін болсақ, ақылға қонымды жалғыз пікір – осы. Әрбір тіл – белгілі бір халықтың ана тілі. Ал кез келген адам үшін ана тілі – оның жеке тұлғалық келбетінің маңызды бөлігі. Сондықтан бір тілді басқалардан жоғары қою қандай да бір адамдарды кемсітумен тең. Әр ұлт өзінің тілін

жоғары бағалап, өзгелердің оған құрметпен карауын талап етеді. Алайда барша адамзат бірдей құнды болғанымен, әр адамның қарым-қабілеті, таланты, тағдыры да әртүрлі. Тілдерде де солай. Платон мен Конфуций кез келген өзге тілде ой айтуы мүмкін еді, бірақ тағдырдың қалауымен олар грек және қытай тілдерінде сөйледі. Кез келген тілді кеңейтіп, дамытып, әмбебап құралға айналдыруға болады. Сондай-ақ жағдайы онша болмаса, кез келген тіл өз қызметін орындай алмай, қолданылу аясы шектеліп, күрделі ойларды жеткізе алмай дәрменсіз болып қалуы мүмкін.

Тіл – бірегей құбылыс. Әр тіл басқа тілдердің бәрімен тең дәрежеде қарастырылуға тиіс. Алайда тілдер барлық ойды ұғынықты жеткізе алмайды. Олар тұтастай тілдік қызметті атқару және бүкіл ойды жеткізу әлеуетіне ие, бірақ оны тілдердің бәрі бірдей ойдағыдай атқара бермейді. Тілдер барлығына шамасы жете бермейтін адамдар сияқты.

Бұл мәселе алдыңғы тарауларда, сан тобындағы тілдердің лексикалық қоры контекстінде көтерілген-ді. Ол жерде белгілі бір тілдегі сөздер сол тілде сөйлейтін адамдардың тұрмыс-тіршілігіне қажет сөздер деп айтылған болатын. Белгілі бір тілде пайда болған сөздер өзге тілдерге таралғанда, өзге ортаға сөздермен бірге ол мәдениеттің элементтері де ауысып келеді. Олардың мағынасы да, формасы да көбінесе өзгеріске ұшырап жатады. Бұған грек тіліндегі сөздер мысал болады. Сөздердің бір тілден екінші тілге енуі *loanwords* (кірме сөздер) деген терминмен анықталады. Негізі, бұл атау адасушылыққа әкеп соғады. Сөздер өзінің иесіне ешқашан қайтып келмейді. Өзге тілге ену процесі аяқталғаннан кейін, олар жаңа тіл мен жаңа мәдениеттің бейімделген бөлшегіне айналады.

Бұл жақсы құбылыс па? Пікірлер әртүрлі. Адамдардың басым бөлігі «өз ана тілі мен мәдениеті сыртқы әсерлерден барынша қорғалуы тиіс» деп ойлайды. Бұл пікір орынды да. Себебі әр тіл – белгілі бір ұлттың дара жетістігі. Егер ол басқа тілдің қасиеттерін өзіне сіңіріп алса, соған ұқсай бастайды, өзіндік қасиетін жоғалтып, бірегей болудан қалады.

Менің ойымша, бұл – негізсіз пікір. Қандай да бір тілге жаңа сөз енгенде, сол тілдің сөздік қоры байи түседі, әрі оның функционалдығы артады. Егер ол дәл сондай мағына беретін бір ескі сөздің орнын басса, тілге ешқандай пайда келмейді. Бірақ мұндай жағдай сирек кездеседі. Әдетте жаңа сөздер тілдің қызметін жақсарта түседі.

Тілдердің бәрі шексіз мүмкіндікке ие. Алайда кей тілдер өздерінің сөздік қоры (идиомалар мен сөз тіркестерін қоса алғанда) арқылы ойды жеткізудің артықшылықтарын пайдаланады. Олар сөздер мен сөз тіркестерінің кіруіне кедергі жасамай, қайта мүмкіндік туындатады. Осылайша тілдердің сөздік қоры айтарлықтай байып отырады. Ал грек тілі белгілі бір деңгейде «донор» қызметін атқарып, өзге тілдердің дамуына жол ашты. Енді грек тілінің өзге аспектілеріне оралайық.

6.4. Грек алфавиті және диалект

Сөздің дыбысталуын бейнелейтін жазу жүйесі оқырмандар мен жазушылар үшін өмірді жеңілдету түседі. Бірақ мұндай жүйенің мынадай салдары бар: жазушылар

эртүрлі диалектіде сөйлесе, ортақ орфографиялық ереже болмаған жағдайда әдеби шығарманы әркім өзінше жазады.

Грек жазуы қолданыла бастаған алғашқы ғасырларда тілдің емле ережесімен бірге өзге де қасиеттері бірталай өзгеріске ұшырады. Бірақ бұл әр автор өзі қалаған стильде жазды деген сөз емес. Олар өздерінің диалектілерін қолданды.

Ол кезде Грекия халқы бірнеше диалектіде сөйледі. Олар өз орталарында бір-бірімен жақсы түсіністі. Ертедегі әдеби шығармалар эртүрлі диалектіде болған. Сапфо өлеңдерін Лесбос аралына тән эолик диалектісінде, ал Платон Афина қаласында тұрған жылдары аттик диалектісінде жазды.

Біз мұны назар аударарлық ерекше құбылыс деп есептейміз. Бүгінде бірқатар ағылшын жазушылары диалектілерді әдеби мақсатта пайдаланады.

Алайда диалогтер мен өлеңдерде немесе шағын әңгімелерде диалектілер жиі қолданыла бермейді. Олар көбінесе өзге жазба контекстерге тән ортақ стандарт бойынша жазылды.

Дегенмен ежелгі Грекияда ортақ стандарт болған жоқ. Грек тілінің қандай болуы керек екенін шешетін білім бөлімінің басшылары мен кітап баспасы сияқты мекемелер болмады. Болуы да мүмкін емес еді. Себебі ол кезде Грекия саяси бірлік болып саналмады. Грек тілінде сөйлейтіндер топ-топ болып бөлініп, тәуелсіз шағын мемлекеттерде өмір сүрді және бірде-бір мемлекет өзгелеріне билік жүргізген жоқ. Чжоу династиясы билігі кезінде де Қытайдағы жағдай осы шамалас еді. Бір айырмашылығы – Қытай оған дейін біртұтас мемлекет болатын. Ал Грекияда жағдай мүлде басқаша қалыптасқан.

Десек те өздерін «эллиндер» деп атаған гректерге біртұтастық тән. Олар өздерін әлі күнге дейін осылай атайды («Эллиндерге» қарағанда «гректер» деген терминді көп қолдануымыздың себебі – біз римдіктер пайдаланған сөзді қабылдап алдық). Өздерін «эллиндер» деп атағандар грек Құдайлары мен батырларына табынды, Дельфідегі абыздардан ақыл-кеңес сұрады, олимпиада ойындарына қатысты және *hellenike glossa* деп аталған грек тілінде сөйлесті. Эллиндерден өзгелер варварлар (*barbaroi* – түсініксіз тілде сөйлейтін адамдар дегенді білдіреді) болды. *Barbaroi* сөзі белгілі бір дыбысты бейнелейді. Дәлірек айтсақ, гректер варварлардың сөйлегенін «бар-бар-бар» деген дыбыс ретінде қабылдаған деседі.

Яғни адам өзін белгілі бір топтың мүшесі ретінде сезінуі үшін, ортақ тіл мен ортақ мемлекет болуы міндетті емес. Өкінішке қарай, олар өзара бейбіт өмір сүруге де тырыспады. Грек мемлекеттері бір-бірімен талай рет жанжалдасты. Ортақ жауларына тойтарыс беру үшін, талай мәрте тізе де қосты. Бірақ дау-дамайға қарамастан, басқа елдердің авторларының шығармаларын оқыды. Тіпті олардың диалектілерін үйреніп алды.

Диалектілер арасындағы айырмашылықтар бірден байқалғанымен, үнемі ажыратыла бермейді. Мысалы, «ай» деген сөз Сапфоның эолик диалектісі бойынша жазылған өлеңінде *selanna* деп берілген. Ал аттик диалектісі бойынша – *selene*. Сапфо «жалғыз» деген сөзді *tona* деп жазды. Ал аттик диалектісі бойынша – *tone*. Бұдан жүйелік айырмашылықты, яғни аттик диалектісінде сөздердің көбіне *e* дауысты дыбысымен

аяқталатынын байқауға болады. Ал эолик диалектісінде *a* әрпімен аяқталады. Мұндай тұстарын үйрену қиын емес. Бір айтарлығы, кей кездері авторлар шығармаларын өзге диалектілерде жазды. Мәселен, «хормен айтылатын әндер дорик диалектісінде жазылуы тиіс» деген үрдіс қалыптасты. Сол себепті аттик және басқа да диалектілерде сөйлейтін ақындар хор өлеңдерін дорик диалектісінде жазды. Бұл жағдай Эсхил, Софокл және Еврипид жазған атақты трагедияларда төтенше жағдайларға әкеп соқты. Олардың үшеуі де афиналықтар еді, ал пьесалары аттик диалектісінде болды. Бірақ хормен айтылатын көптеген әндері мен жырларын дорик диалектісінде (немесе соған ұқсас диалектіде) жазды. Осылайша ақындар мен жазушылар бір ғана диалектімен шектеліп қалмай, басқаларын да пайдаланған.

Сонымен, гректердің ортақ жазба тілі болды, бірақ ол бірыңғай емес-тін, ол тілдің бірнеше диалектілік жазба нұсқасы еді. Әр мемлекет (грекше *polis*) өз саяси мүддесіне баса мән бергендіктен, әртүрлі аймақтардағы тілдік формалардың дәрежесі мен қолданылуы тең болатыны түсінікті. Бірақ уақыт өте келе, жағдай біршама өзгерді.

6.5. Қала-мемлекеттерден империяға айналу


Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда көптеген грек мемлекеттерінің арқасында Афина қаласының билігі нығая түсті. Соған сай, афиналықтардың аттик диалектісінде де мәртебесі жоғарылай түсті. Алайда уақыт өте келе, Афина билігінің саяси ықпалы төмендеді. Ал б.з.д. 330 жылы шешуші жағдай болды.

Грекияның солтүстігін мекендеген македониялықтар аз ғана уақыттың ішінде империяның аумағын кеңейтті. Олар Грекияны түгел жаулап алды. Өзге де елдерге шабуыл жасады. Жерорта теңізінің шығыс бөлігіндегі барлық елдер – Түркиядан бастап Мысырға дейін; шығысқа қарай орналасқан Ирак, Иран сияқты елдер; тіпті Ауғанстан да гректердің қолтастына өтті. Македониялықтар жорық кезінде Үндістан шегарасы – Инд өзеніне дейін жеткен.

Македониялықтардың ұлты грек емес. Олар өз тілдерінде сөйледі. Бірақ қай тілде сөйлегендері белгісіз. Дегенмен грек мәдениеті олардың билік басындағы адамдарына айтарлықтай ықпал етті. Атақты Ескендір патша өзге де көптеген македониялықтармен бірге грек тілінде білім алды. Оның ұстазы ұлы философ Аристотель болған. Ескендір мен оның қолбасшылары билік құрған жылдары грек тілін әкімшілік-басқару тілі деп таныды.

Ескендірдің қазасынан кейін көп ұзамай империя да құлады. Мысыр елі бір мемлекеттің түпқазығына айналды. Қазіргі Түркиядан бастап Иранға дейінгі алып аумақ екінші бөлшек болып бөлініп кетті. Ал Македония мен Грекия үшінші саяси бірлікті құрды. Осыған қарамастан, үш елде де ресми тіл грек тілі деп жарияланды. Әскери қызмет пен билік өкілдері грек тілінде сөйледі.

Олар грек тілінің аттик диалектісін қолданды. Бірақ уақыт өте келе, бұл диалект өзгеріске ұшырап, түрленген күйінде, бүкіл аймаққа ортақ жазба тілге айналды. Ол *koine* деп аталды, «жалпыға ортақ» (тіл) деген мағына береді. Осы стандарт ресми тілге айналып, дәстүрлі диалектілерді біртіндеп ысыра бастады. Бірнеше ғасырдан кейін



6.1-карта. Ескендір Зұлқарнайынның б.з.д. 324 жылдары құрған империясы

ол диалектілер жазбаларда біржола жойылды. Сосын ауызекі сөйлеуде де қолданылудан қалды.

Осылай грек тілі әртүрлі мемлекеттерге тән диалекті формаларынан құралған жазба тілден бірқатар ірі мемлекеттердің ресми ортақ тіліне айналды. Бұл елдердегі халықтың басым бөлігі грек тілінде сөйлеген жоқ, кейінірек болмаса, бастапқы кезеңде сөйлемегені анық. Грек тілінің қолданылу аясы отарлау кезіндегі Үндістан мен бірнеше африкалық елдерге ағылшын тілінің жағдайындай болды.

Мемлекеттер бірқатар өзгеріске ұшырағанына қарамастан, грек тілі ұзақ жылдар бойы ресми тіл болып саналды. Ескендірдің жаулауынан кейін бір ғасыр өткенде, Жерорта теңізінің шығысындағы елдерге Рим империясы ықпал ете бастады. Жүздеген жылдарға созылған экспансиядан кейін римдіктер Мысырдан бастап Грекиядағы барлық мемлекеттерді біріктіріп, өздерінің империяларына қосты.

Римдіктер батыста, яғни жаулап алған елдерде өздерінің тілін жүйелі түрде насихаттады. Бірақ шығыста олар мұндай саясатты ұстанбады. Рим империясының ұзақ жылдар бойы жүргізген билігі кезінде грек тілі әкімшілік-басқару мен билік тіліне айналды. Рим империясында екі ресми тіл болды: батыста латын тілі, ал шығыста грек тілі (бірақ кей жағдайда латын тілі де қолданылған).

Рим империясы кезінде грек тілі христиан дінінің жазба тілі ретінде тағы бір маңызды рөл атқарды. Иса пайғамбар арамей тілінде сөйлеген. Бірақ «Жаңа өсиет» үшін жиналған христиан діні туралы мәтіндер грек тілінде жазылған және ол көптеген христиандар үшін әлі күнге дейін ең маңызды тіл болып қалды. Алайда ертедегі христиан діні тек осы тілді қолданумен шектелмеді.

Батыста латын шіркеу тілі болды. Бұл туралы алда кеңірек айтармыз. Шығыста ежелгі қауымдар өз тілдерінде сөйледі, олардың арасында армян, араб және копт тілдері бар. Маңызды мәтіндер осы тілдерге аударылды.

Рим империясының ақыр аяғында екіге бөлініп кету себептерінің бірі – оның шығыс және батыс бөліктерінің ресми тіліндегі айырмашылықтар. Шығыс бөлікті жаулаудан кейін арада үш ғасыр өткенде, Босфор бұғазында Константинополь қаласының іргесі қаланып, Риммен тең дәрежедегі екінші астана деп жарияланды. 395 жылы Рим империясы Батыс және Шығыс болып екіге бөлінді. Шығыс бөлігі Константинополь арқылы басқарылып, іс жүзінде жазба тіл ретінде грек тілі қолданылды. Константин грек тілінің дамуына басқа жағынан да атсалысты. Ол көптеген діни сектаның арасынан христиан дінін бөліп алып, империяның ресми дініне айналдырды. Шығыс аймақтарда шіркеу қызметкерлері негізінен грек тілінде сөйледі.

Византия империясы ретінде танылған Шығыс Рим империясының аумағы айтарлықтай үлкен болды және ол ұзақ уақыт бойы билік құрды. Ислам билігінің күшеюіне байланысты аумағы тарыла бастады. Бірақ 1453 жылы түріктер біржолата жеңіске жеткенге дейін Константинополь қаласы императордың резиденті болды. Осы уақыт аралығында грек тілі ресми жазба тіл болып саналды және ежелгі *koine* сияқты қызмет пайдаланылды. Осылайша Ескендір Зұлқарнайын билік еткен жылдардан бастап XV ғасырға дейін, яғни 1700 жылдан астам уақыт бойы үзіліссіз қолданылды.

6.6. Жаңа грек тілі

Константинополь қаласы жаулап алынғанмен, грек тілінің тарихы аяқталған жоқ. Грекия Осман империясының құрамында болған жылдары, яғни XV ғасырдан XVIII ғасырға дейін грек тілі сөйлесу тілі ретінде қолданылды. XIX ғасырдың басында Грекия тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. Ал грек тілі қайтадан ресми жазба тілге айналды.

Алайда бұл кезеңде ежелгі жазу тілін қайта жаңғыртып, бұрынғыдай қолдану мүмкін болмады. Оның үстіне, ауызша тіл ежелгі нұсқасынан алшақ болды. Сол себепті ежелгі жазба түрі қолданысқа енбеді. Грек тілі көптеген өзгеріске ұшырады. Сонымен қатар жаңа мемлекет ескі империяның ізбасары болған жоқ. XIX ғасырда жазба тілдің қос бірдей жаңа және бәсекелес формасы пайда болды.

Солардың бірі – *dimotiki*, яғни «танымал тіл». Ол қазіргі ауызекі грек тіліне ұқсас. Ал *katharevousa* – «таза тіл» деп аталатын тағы бір түрі классикалық грек тілінің көптеген сөздері мен формаларынан құралған.

Аталған екі форма әдебиет саласында, мектептерде және ресми-іскерлік қатынаста ұзақ уақыт бойы бәсекелес болды. Тіл мәселесі кей кездері қарама-қайшылық тудырып, көбіне саясат тұрғысынан қарастырылды. Кафаревуса консерватив көзқарастармен, ал димотики радикал көзқарастармен байланысты болды. Хунта әскерлері енген сәттен бастап, кафаревусаның беделі төмендей түсті. 1967 жылы кафаревуса мектептерде міндетті пән болып бекітілді. Бірақ көп ұзамай хунта әскерінің

жеңілуіне байланысты 1976 жылы димотики тілдің жалғыз ресми формасы ретінде жарияланды. Қазір де осы форма қолданылады. Димотикимен қатар, кафаревусаның ежелгі грек тілімен ұқсастығы көп. Екеуінің де негізі – грек тілі. Кафаревуса да 2500 жылдан астам уақыт бұрын пайда болған ежелгі грек алфавитіне негізделген.

Гректердің ана тіліне берген атауы мен өзгелер қолданатын сөздің арасында бір ерекшелік бар. Ағылшын тілінде тілді ежелгі және византиялық грек тілінен бөліп қарастыратын «қазіргі грек тілі» деген термин бар. Француз тілінде де дәл сондай «*grec moderne*» деген термин бар. Ал немістер «*Neugriechisch*» деп айтады және тағысын тағы. Бірақ гректер «*elliniki glossa*» деген терминді пайдаланады. Ол – 2400 жыл бұрын Платон өмір сүрген кезеңде қолданыста болған эллиндік тіл. Қазіргі тілдің ежелгі тілден өзгеше екені бәріне мәлім. Дегенмен ежелден бір атауды пайдалану гректердің жалғастықты берік сақтайтындарын білдіреді.

6.7. Гректерден үйрену

Грек тілінің бай әрі даңқты тарихы талай сыннан өтті. Алғашында грек тілі Грекия аумағында қолданылды. Кейін Жерорта теңізінің шығысындағы мемлекеттердің ресми тілі атанды, сол қызметті мыңдаған жылдар бойы атқарды. Бір кездері көптеген аймақ жойылып кетті. Бірнеше ғасыр бойы негізгі тілдің көлеңкесінде қалып, қарапайым шаруалар ғана қолданатын тілге айналды. Бірақ уақыт өте келе, қайта жанданды. Бүгінде ол осыдан үш мың жыл бұрын өзінің түп-тамыры пайда болған аймақта ресми тіл болып саналады. Бұл жағдай тілдер тарихының ерекшеліктерін айқындайды. Ал әрі қарай қандай өзгерістерге ұшырайтыны белгісіз. Егер б.з.д. 400 жылы әлдебіреу грек тілінің жүз жылдан кейін дүниежүзінің сол кездегі аты мен заты белгілі жарты бөлігінің ресми тіліне айналатынын болжаса, ол есі дұрыс емес адам саналған болар еді.

Әйтсе де жағдай осылай болды. Бұдан байқайтынымыз, тілдердің тағдыры мемлекеттердің тағдырына ұқсас болады екен. Диалектілердің қалай дамығанына да тоқтала кеткеніміз жөн. Тілдің ауқымды аймағында вариациялық формалар қатар жүреді. Олардың әсерінен диалектілер пайда болады. Герман тобындағы қазіргі түрлі тілдер негізгі тілдің бір-бірінен алшақтап, уақыт өте келе, диалектілерге бөлінуі арқылы пайда болған.

Мұндай мысалдар жетерлік. Әсіресе үндіеуропалық тілдер тобынан айқын байқалады. Кейде ол қалыпты немесе болмай қалмайтын процесс ретінде қарастырылады. Алайда грек тілі тарихынан олай емес екенін байқаймыз. Ежелде, дәлірек айтсақ, екі мың жылдан астам уақыт бұрын бір-бірінен айырмашылығы айқын, өзіндік жазуы бар бірнеше грек диалектісі болды. Бірақ олар бөлініп, жеке тіл ретінде дамымады, жағдай мүлде басқа сипат алды. Сөйлеу мен жазудың ортақ формасы қалыптасып, таныла түсті; нәтижесінде өзге диалектілерді түгел ысырып тастады. Олардың ауызша және жазба формалары жойылып кетті. Қазіргі грек тілінде де диалектілер бар. Бірақ олар *koine* деп аталатын ортақ формалар дамыды және оның ежелгі эолик, дорик т.б. диалектілерге ешқандай қатысы жоқ.

Бірақ мына бір қызық жағдайды айта кетпесек болмайды. Пелопоннестің бірқатар ауылында тұрғындар өзге гректер түсінбейтін цакониан тілінде сөйлейді. Бұл тіл ежелгі дорик диалектісінен тараса керек. Бұдан ежелгі диалектілердің тұрақтап қалған жағдайда бөлек бір тілге айнала алатынын байқаймыз. Алпауыт империялар тілдің доминант формасын қолданғандықтан, өзге диалектілер жойылып кетті.

Бұдан тілдер диалектілерге бөлініп, жаңа тілдерге айналуы тиіс деген заң жоқ екенін түсінеміз. Егер адамдар жан-жаққа тарап, саяси біртұтастық болмаса, арада біраз уақыт өткеннен кейін, бөліну процесі басталады. Ал егер ортақ мемлекет болып, тілдің белгілі бір түрі дәріптелсе, өзге диалектілер әлсіреп, жойылып кетуі ықтимал. Яғни тілдік жүйедегі өзгерістер тілді қолдану кезінде болатын өзгерістерге тәуелді емес. Негізі, тілдік жүйеде болатын өзгерістер саяси және әлеуметтік жағдайларға байланысты.

Ортақ жазу тілі диалектілік айырмашылықтардың азаюына септігін тигізеді, әсіресе әлеуетті елдің жоғарғы билігі қолдау көрсетсе, ол жылдамдай түседі. Грек тіліне қатысты мысалдар – тілдің мындаған жылдар бойы бөлінбей, белгілі бір аймақта тұрақтай алатынының айқын дәлелі. Мысырдағы жағдайдың да осыған ұқсас тұстары бар. Бірақ біз Грекиядағы диалект жағдайы туралы көбірек білеміз. Соған қарап, белгілі бір қорытынды жасай аламыз. Кафаревуса мен димотики жазу нұсқаларының арасында болған қалыңдықтардан тілдің белгілі бір деңгейде саясатпен де байланысты екенін байқаймыз. Архаикалық және консервативті жазу формасы ауызша тілге жақын қазіргі грек тіліне қарсы қойылды. Қай формаға таңдау түсетіні тілдің артықшылықтарына түк те байланысты емес. Ол көбінесе адамның өзге салалардағы сақтау мен инновацияларға деген ұстанымына байланысты. Лингвистикалық консерватизм мен саяси консерватизм үнемі бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бірақ Грекияда екеуі де тең дәрежеде және оған бірнеше мысал келтіруге болады.

Дегенмен грек тіліне қатысты ең маңызды факт – оның грек мәдениетінің көрсеткіші болуы. Батыс мәдениетінің түпнегізі болып саналатын ойлар мен идеялар ежелгі грек мәдениетінен бастау алған. Гректер эпос пен драма сияқты әдеби жанрдың бірнеше түрін ойлап тапты. Ал шығармалардың грек тілінде жазылғаны айтпаса да түсінікті. Бұл тілдің жазба формасы бай лексикасы мен алуан түрлі мәтіннің арқасында адам іс-әрекетіне арналған әмбебап және пайдалы құралға айналды.

Македониялықтардың грек тілін империяның ресми тілі ретінде таңдауының басты себебі – осы. Ежелден гректермен аралас-құралас болған римдіктер империяның шығысындағы елдерде грек тілін ресми тіл ретінде қалдырды. Грек тілінің беделі мәдениеттің дамуында маңызды рөл атқарғандықтан жоғары болды. Биліктегілер онымен бәсекеге түсе алатын ештеңе ұсына алмады, қайта оны өңдеп, өз мүдделеріне пайдаланды. Кейінірек христиан дініне қатысты маңызды жазбалардың тілі болуына байланысты бұл тілдің мәртебесі одан сайын жоғарылай түсті.

Бірнеше империяның құрылуы мен құлауы бастан өткерген грек тілі өзінің тағдырындағы мәдени мәртебесін қандай жағдайда да жоғалтпады. Бұл – тілдің саяси күштен асып түскенін көрсететін, сирек кездесетін жағдай.

7-ТАРАУ

Латын тілі: жаулап алу және тәртіп орнату

7.1. Империя және тіл

7.3. Латын тілі – халықаралық тіл

7.2. Тілдердің ассимиляцияға түсуі және жойылуы

7.4. Латын тілінің ықпалы


7.1. Империя және тіл

«Өзгелерді билен-төстеу – римдіктердің міндеті!»

Осы бір өлең жолы ресми Римнің басқаларды жаулап алуға қатысты ұстанымын айқын көрсетеді. Император Августтың бастамасымен Вергилий жазған «Энеида» римдіктердің ұлттық эпосына айналды. Жоғарыдағы өлең жолы осы эпостың орта тұсында жазылған. Бұл өлеңді кейінгі заманның империалистері де қолданды. Менде бұл эпостың 1930 жылдары фашистер кезінде Италияда шыққан басылымы бар. Онда жоғарыдағы өлең жолын кітаптың мұқабасына қойыпты.

Империя орнатушы Муссолини басқесерлерді құрметтеді. Тарихтағы Наполеон сияқты ірі басқыншылардың өзі римдіктермен салыстырғанда түк емес. Римдіктің шабуылы әдетте корсикалықтың шабуылындай тез әрі естен тандырарлықтай болған жоқ, бірақ анағұрлым сарабдал еді. Римдіктердің табысты болуының бір себебі – өз тілін таратуы. Алғашқыда Рим Италия түбегінің орталық бөлігінде орналасқан көптеген қала-мемлекеттердің бірі болатын. Аңыз бойынша Рим қаласының іргетасы б.з.д. 753 жылы қаланған, қазіргі тарихшылар мен археологтер «бұл шындықтан қашық емес» дейді. Алғашқы бірнеше ғасырда ол елдің жері қазіргі Рим қаласының аумағы ғана болған. Латын тілінде тек Римде сөйлеген, әйтсе де көршілес шағын елдер латын тіліне ұқсас тілдерде сөйлеуі мүмкін.

Римдіктер о бастан өз елдерін жерін тартып алып, көрші елдерді өздеріне бағындыруға тырысты. Сөйтіп, олардың ықпал жүргізу әрісі ғасырлар өткен сайын кеңейе берді.



7.1-карта. Рим империясы б.з.д.100 жылдары

Біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда Рим Италия түбегіндегі ірі мемлекетке айналып, келесі ғасырдың соңына қарай, Италия мен Сицилияның ешкім дауласа алмайтын қожайындары болып алды. Олар елдің шегарасын жүйелі түрде шығысқа, одан кейін батысқа қарай кеңейтті. Біздің жыл санауымыздың 100 жылдары римдіктер Еуропаны, Рейн өзенінің батысынан (Шотландия мен Ирландиядан өзгесін) Дунай өзенінің оңтүстігіне дейінгі аралықты, Солтүстік Африканы түгел, оның ішінде Мысырды, сондай-ақ бүгінгі күнгі Палестина, Сирия, Түркия, Грекия, Албания жерлерін және көптеген ұсақ елдерді жаулап алды. Сөйтіп, бұл империяның қоластына бастапқыда Жерорта теңізі төңірегіндегі және одан тыс жатқан елдердің бәрі кірді. Бұл алып аймақты римдіктер 300 жыл бойы тырп еткізбей билеп тұрды, ал V ғасырда империяның батыс бөлігі ыдырады.

Латын тіліндегі мәтіндер б.з.д. 600 жылдар төңірегіндегі бірнеше жазба жәдігерлерде кездесті. Италияда сол кездің өзінде осы тілдің және басқа да тілдердің жазуы болды. Римдіктер жазу идеясын өздерінің солтүстіктегі көршілері, сол кезде Орталық Италияда үстемдік құрып тұрған этрускілерден алса керек. Этрускілер грек алфавитін өз тілдерінің қажетіне бейімдеді. Ал римдіктер этруск алфавитін дамытып, латын алфавитін жасап шығарды. Оны енді дүниежүзінің көптеген халқы өз тілінің қажеттігі үшін қолдануда. Латын жазуын қазір барлық жерден кездестіруге болады, мәселен, осы кітап та латын қарпімен жазылған.¹

Біздің заманымызға дейінгі 300 жылдардан бізге жеткен жазба жәдігерлер өте аз, олардың өзі — қысқа мәтіндер, ал ұзақ мәтіндер сақталып қалмаған. Римдіктер көп жазуға мұқтаж емес фермерлер мен жауынгерлер болған. Бірақ III ғасырдың соңынан бастап Рим экономикасы қатты дамып, ел байып кетті, Жерорта теңізі жағалауындағы

¹ Кітаптың ағылшын тіліндегі дүниежүзінен ағып отыр.

грек қалаларымен сауда жасасты. Сол кезде латын тілінде көркем әдеби шығармалар пайда болды.

Басқа салалардағы сияқты бұл салада да римдіктер о бастан гректерден үлгі алды. Бірақ көп ұзамай, рим әдебиетінің өзі қатты дамып кетті. Біздің заманымызға дейінгі I ғасырда және біздің заманымыздың I ғасырында рим әдебиеті шарықтау шыңына жетті. Цицерон және Цезарь сынды прозашылар, Вергилий мен Гораций секілді ақындар әлі күнге дейін оқылып жатқан шығармалар жазды. Олар екі мың жылдан астам уақыт бойы еуропалық шығармашылық өкілдеріне үлгі болып келе жатқан әдеби тіл мен әдеби жанр жасады.

Бірақ грек жазуы мен әдебиеті және Римдегі жағдай арасында үлкен айырмашылық бар. Біріншіден, Рим жазушыларының бәрі о бастан біркелкі, бірдей тілді қолданды. Диалектілік айырмашылықтар болған жоқ, өйткені жазба мәтіндердің бәрі тек Римде сөйленетін тілді үлгі тұтты. Рим саяси және ой жұмысының орталығы болды, ал өзгелері тек шалғайдағы елді мекендер рөлін атқарды.

Екіншіден, Рим жазушыларының бәрі Римде тұрды, олардың дені жоғарғы тап өкілдері болатын. Цицерон мен Цезарь екеуі де үкімет басшылары болды, Саллюст пен Тацит – жоғары дәрежелі шенеуніктер, ал философ Сенека император Неронның ұстазы және қамқоршысы еді. Вергилий мен Горацийдің билікке қатысы болмаса да, оларға император Августын өзі демеушілік жасап отырды. Рим әдебиетін биліктің белортасында жүрген адамдар жасады.

Бұлардың жақсы жаза және сөйлей білгені үшін осындай дәрежеге жеткенін айту керек. Римде халық алдында сөйлей білуге ерекше мән берілді. Жоғарғы тап өкілдерінің балалары жұрт алдында сөйлеуді үйренуге көп уақыт жұмсайтын. Римде шешен сөйлеуді, риториканы үйренуді білім алу деп түсінетін. Оқушылар тіл байыту үшін көп кітап оқыған. Тілге айрықша назар аударылды, тіпті тіл барша халықтың құштарлығына айналды деп айтуға болады, содан дұрыс сөйлеу нормасы жақсы қалыптасты.

Билік жұрттың бәрінің Римдегі шешендер мен жазушылардай сөйлегенін қалады. Грамматика мен риторика білгірлері тілдің барлық аспектісін үйретті: сөздердің орфографиясы мен дыбысталуы, сөз түрлері, сөз таңдау, тілдегі стильдік ерекшеліктер оқытылды.

Ол кезде Римде мемлекеттің әлеуеті тілге, латын тілінің әбден жетілдірілген түріне көп байланысты болды. Өзге диалектілер мен стильдердің қандай күйде болғанын жақсы білмейміз, өйткені сақталып қалған мәтіндерде тілдің тек ресми түрі қолданылғанын көрдік. Түрлі жәдігерлердегі граффити жазулардан, күнделікті тіршілікті көрсететін біреп-саран мәтіндерден тілдің бұқаралық нұсқасы анда-санда қылаң беріп қалады. Жұрттың бәрі Цицерон сияқты сөйлей алмауы мүмкін. Бірақ Рим билігі кезінде империяның әр түкпіріндегі халық өз диалектілерін дамытқанын дәлелдейтін жәдігерлер өте аз. Жалпы алғанда, латын тілі сәл-ақ түрленіп өзгерді.

Римнен тысқары жатқан провинцияларда қарапайым халық қалай сөйледі? Жоғарыда айтқанымыздай, бастапқыда латын тілінде тек Рим қаласында сөйледі. Уақыт өте келе, латын жазба тіл ретінде де, ауызбелгі тіл ретінде де жан-жаққа таралды. Бізге ол процестің егжей-тегжейі белгісіз, бірақ басты деректерге қанықпыз. Біздің заманымызға

бірер ғасыр қалғанда, Италияда жақсылы-жаманды жазуы бар бірнеше тіл болған, олардың бес-алтауының сөйлеушілерінің саны латын тілінде сөйлеушілерден көп еді.

Бізге этруск, оскан, умбрий тілдері және басқа да тілдерде мәтіндер жетті. Ғасырлар өте келе, бұл тілдердегі мәтіндер мен түрлі заттардағы жазбалар сирей түсті, шамамен б.з.д. 100 жылдардан кейін ол тілдерде ештеңе жазылмаған тәрізді. Содан кейін олар ауызекі тіл ретінде қолданылуы мүмкін, бірақ оған еш дәлел жоқ. Қалай айтқан күнде де, олар өте ежелде жойылып кеткен. Олардан басқа заманауи ешқандай тіл өрбіп шықпады, Италияның барлық халқы латын тілінде сөйлеуге көшті.

Батыс Еуропаның басым бөлігінде де жағдай дәл осылай болды. Римдіктер Франция, Испания және Португалияға, Сицилия мен Сардиния аралдарына келгенде, ол жерлердегі халық өз тілдерінде сөйлейтін. Ежелгі тарихтың аяқ шеніне қарай адамдардың дені латын тіліне көшті, қазір сол жақта тұратындардың көбі латын тілінен өніп шыққан тілдерде сөйлейді. Тек екі тілдік топ қана өзге тілде сөйлеуін жалғастыруда, олар: Испанияның солтүстігі мен Францияның оңтүстік-батысындағы баск тілі және Бретаньдағы бретондар. Бірақ брестондар – Ұлыбританиядан ежелгі тарихтың аяғына таман келген кельттердің ұрпағы, олар Римдік Галлияда өз тілін сақтап қалған кельт халқы емес.

Халықтардың латын тіліне осылай көптеп ауысуына не себеп болды? Елді басқа біреулер басып алып, бөтен тілде сөйлейтін, солардың саясаты жүріп тұрса да, жергілікті тұрғындардың бәрі бірдей ана тілін латын тіліне ауыстыра салған жоқ. Тіпті көп уақыт өткеннен кейін де ауыспағандар бар. Мәселен, ағылшынтілділердің билік құрғанына 700 жыл болса да, Уэльстегі валлий тілі әлі тірі. Тарихта мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады, сондықтан Рим империясындағы ассимиляцияны түсіндіру керек.

Оның бір себебі – үкіметтің басқару стилі. Римдіктердің басқыншылық жорықтары, расында да, таңданарлық болды, бірақ олар елге кіре салып, ол елді басқарудың тиімді жолдарын табуға көп күш жұмсады. Түрлі салада басқарушылар, салық жинаушылар, заңгерлер, бақылаушылар, кеденшілер және басқа да көптеген қызметкерлер ғағайындалды, жауынгерлер дайындалды. Сауда Рим көпестерінің қолына тапсырылды, оларға түрлі жеңілдіктер берілді.

Мұндай жағдайда қоғамда дәрежесін көтергісі келген немесе тұрмысын түзетісі келген адам латын тілін үйренуге мәжбүр болды. Қай жұмысқа тұрғын келсе де, тіл білу керек, тілді жақсы білген адам көптеген артықшылыққа ие. Оның үстіне, Рим өзінше бір әскери мемлекет те еді, ол империяның түкпір-түкпіріндегі гарнизондарда көптеген жауынгер ұстады. Әскер латын тілінде сөйледі, әскери қызметті таңдағандар латын тілін білуге міндетті болды. Жастардың басым бөлігі солай істеді де. Ресми білім алу жүйесіне келетін болсақ, мектептердің бәрі сабақты тек латын тілінде жүргізді (жоғары оқу орындарында грек тілі қосылды).

Қалалықтар латын тіліне үш-төрт ұрпақ ауысқаннан кейін өтіп кетуі мүмкін. Ал халықтың басым бөлігін құрайтын ауылдық жерлерде ана тілін ұзақ уақыт бойы жоғалтпай жүрді. Бірте-бірте латын тілі ауылдық жерлерге де таралды. Халықтың ең тұрақты деген топтарының өзінің латын тіліне ауысуының бір себебі – жаңа дінді, христиан дінін қабылдауымен байланысты.

Римге христиан діні ерте келді. Біздің заманымызға дейінгі 64 жылы қала өртенгенде, өрттің тұтануын жаңа сектаны жақтаушылардан көріп, император Нерон көптеген христианды азаптап өлтіруге бұйырды. Библия мен өзге де христиандық мәтіндер грек тілінен латын тіліне өте ерте кезде аударылды. Империяның батыс бөлігіндегі христиандар шіркеу қызметінде латын тілін тұрақты пайдаланды. IV ғасырға қарай бұл дін нығайып алды, ал император Константиннің осы дінге өтуінен кейін христиан діні Рим мемлекетімен байланыстырылды. Шіркеу ел билеуші тұлғалардың христиан дініне беріле қызмет етуін талап етті.

Сөйтіп, Оңтүстік-Батыс Еуропа тұрғындары латын тілінде сөйлеушілер болып шыға келді. Сонымен қатар латын тілі бүгінгі күнгі Алжир, Тунис және Ливияға жақсы тарады, ол жерлерге тура Еуропадағыдай сіңіп кетті десек, артық айтқандық болмас. Бірақ бірер ғасырдан кейін Африкаға жаңа басқыншылар – арабтар келді. Араб тілін араб саяси билігі мен ислам діні қолдады, ал латын тілі дер кезінде жойылып кетті. Енді сол туралы әңгімелейік.

Рим империясының өзге бөліктерінде латын тілі ешқашан үстемдік құрған емес. Ілгеріде римдіктердің империяның шығысында ресми тіл ретінде грек тілін қолданғанын айттық. Ал Британияға латын тілі онша қатты сіңген жоқ, өйткені оған Рим басқыншылары кейінірек келді және ол Римнен шалғайда орналасқан. Солтүстіктегі бұл форпоска мекен ауыстыруға қызығушылар аз болды. Латынтілділермен тығыз байланыс болмағандықтан және бөтен ешкім әрі ештеңе ұзақ ықпал етпегендіктен, Британияда өзгеріс болған жоқ.

7.2. Тілдердің ассимиляцияға түсуі және жойылуы

V ғасырда Рим империясының құлауына қарай Оңтүстік-Батыс Еуропа елдерінің көбі латын тілінде сөйледі; өзге тілдердің тек кейбір элементтері ғана қалды. Мың жыл бұрын, Римнің іргетасы енді қаланған кезде, бұл аймақтың адамдары өте көп тілде сөйлегені сөзсіз. Олар жүз тілде сөйлеуі мүмкін, бірақ еш тілдің сөйлеушісі көп болған жоқ.

Ежелгі Мысыр мен Қытайдағы сияқты билік пен тіл арасында келісімшартқа ұқсас түсіністік болды. Бірақ ол елдерде тіл ресми дәрежеден аспады. Рим империясында мемлекеттік тіл үлкен экспансияға ұшырады. Өте ықпалды орталық билік бар күшін салып, тұрғындардың басым бөлігін латын тілін өз ана тілі ретінде қабылдауға мәжбүрледі.

Тілдердің өзгеріске түсуінде тұрған таңданарлық ештеңе жоқ, тарихта тілдердің өзгеруі бірнеше рет болған. Десек те тарихта саяси билік көп өзгергенімен, билік өзгерген сайын тіл де міндетті түрде өзгере берген жоқ.

Адамдардың өзге тілге өткісі келмеуінің негізгі себебі -- тіл қатынас құралы ғана емес, адамның өзін, жақындарын және топтастарын тануының маңызды жолы екенінде. Адам ата-анасынан алған естіген тілде сөйлеушілермен күшті эмоциялық байланыста болады. Сондықтан үлкен себеп болмаса, ана тілінен айырылғысы келмейді.

Дегенмен адам кейде ондай қадамға барады. Оның себебі Ежелгі Римдегі жағдайды еске түсіреді, атап айтқанда: қуатты мемлекеттің ықпалы, экономикалық ынталандырулар мен басты дін үшеуінің бірге әрекет етуі.

Рим империясындағы тілдердің өзгеріске түсуі ол тілдердің азаюына алып келді. Алдында айтқанымыздай, бұл – бірнеше мыңжылдыққа ұласқан дүниежүзі тарихының басты үрдісі. Рим империясы заманында тілдің жоғалуының әдеттегі жолы сөйлеушілер бір тілден екінші тілге көшкенде болды. Бірінші кезеңде екі тілдің өкілі үйленіп, олардың балалары әке-шешесінің тілін үйренбей, мүлде жаңа тілде сөйлей бастайды. Ұрпақтан ұрпақ ауысып, сөйте-сөйте бастапқы тіл мүлде ұмытылады.

Бұл жақсы ма, жаман ба? Біржақты жауап беру қиын. Бір халықтың тілі жоғалған кезде, сол халықтың мәдени жетістігі де жоғалады. Тілдің лексикалық қоры мен грамматикасының, дыбыс жүйесінің қалыптасуына жүздеген, кейде мыңдаған жыл кетеді. Бұл – мыңдаған, миллиондаған адам қатысатын тұрақты ұжымдық іс-әрекет. Ол адамдардың өмірден алған тәжірибесі мен ойлары тілге кірігіп тұрады, тіл жоғалған кезде, олар да қайта оралмастай жоғалады.

Екінші жағынан қарағанда, тіл музей жәдігері емес. Тіл – қолданылатын құрал, халық басқа тілге көшсе, демек, жағдайға байланысты жаңа тіл – олардың өздері мен балаларының қолдануына ыңғайлы құрал болғаны. Рим империясындағы жағдай Қытайдағы тілдердің тағдырына ұқсас. Білім мен мәдениет, маңызды адамдармен қарым-қатынас, қызмет, ақша және билік әсерін тигізбей қоймайды. Егер ұсак әрі еш әлеуеті жоқ тілде емес, үлкен әрі кең тараған тілде сөйлесеңіз, соның бәріне қол жеткізесіз. Адамдар көбінесе осы себепке байланысты өз ана тілінде сөйлемейді.

Бүгінде тілдердің өзгеріске түсуі мен жойылуы айтарлықтай жиі болып жатыр. Бұл тақырыпқа әлі бірнеше рет ораламыз. Бірақ латын тілінің кейінгі тарихы оған қарсы процесті, жаңа тілдердің тууын көрсетеді. Ол туралы 9-тарауда айтамыз. Ал қазір Еуропада латын тілі рөлінің сақталып қалуы туралы сөз болады.

7.3. Латын тілі – халықаралық тіл

V ғасырда Батыс Рим империясына бірнеше герман тайпалары: остроготтар мен вестготтар, суевтер мен вандалдар, бургундтар мен франктер басып кірді. Әр тайпа империяның белгілі бір бөлігін жаулап алды, сөйтіп, империя ыдырап кетті. Батыста соңғы император 476 жылы тактан тайды.

Бұл саяси күйреу лингвистикаға айтарлықтай өзгеріс әкелген жоқ. Бұрын латын тілінде сөйлеген халық сол тілде сөйлеуін жалғастыра берді. Герман тайпалары халқының саны көп емес және көбінесе жоғары билікте жүрді. Ал төмендегі халық олардың тілінен мүлде хабарсыз еді. Біраз уақыттан кейін герман тілдері із-түзесіз жойылып кетті. V ғасырдан жеткен қолжазбалардан Библияның кейбір бөліктері гот тіліне аударылғандықтан, готиканың жазу тілі болып тұрақталғаны рас, бірақ ауызекі гот тілі қолданысқа түспеді де, басқыншылардың өзге де тілдерімен бірге жойылып кетті. Басқыншылардан өз тілін сақтап қалған бірден-бір ел – Британия; ол туралы кейінірек

әңгімелерміз. Континентте герман басқыншылары билікті тартып алғанымен, біраз уақыттан кейін жаңа ұрпақ қоластындағылардың тіліне өтіп кетті.

Мұның себебі герман басқыншылығының Рим басқыншылығынан айырмашылығында еді. Герман жауынгерлері ержүрек еді, бірақ шаруашылық жүргізу, салық жинау, сауда жасаумен айналыспады, жол инженерлері мен дін қызметкерлері болмады. Олардың тілі заң және экономика саласында латынның орнын баса алмады. Германдар соғыста жақсы нәтижеге жетті, бірақ бейбіт тіршілікті жүргізуге араласа алмады.

Латын тілі мен Рим мәдениеті герман басқыншыларын осылай жеңді. Бірақ бұл толық жеңіс емес еді. Империя шағын корольдықтар және олардан да кішкентай князьдықтар мен герцогтіктерге ыдырап кеткенде, көп өзгеріс болды. Байланыс пен сауда тоқтады. Үлкен қалалар мен шағын қалалар маңызын біршама жоғалтты, тұрғындар көшіп кетіп, қалалар қаңырап бос қалды. Осындай процесс кезінде көп адам оқып-жаза білу қабілетінен айырылды. Мектептер тек монастырьлар мен шіркеулер қарамағында сақталып қалды. Басты экономикалық модель – аман жүру, өлместің күнін көріп, тіршілік ету болды; көптеген аймақта аз-маз маңызы бар жалғыз саяси субъект – жергілікті жер иеленуші ғана қалды. VII ғасырда Батыс Еуропада күшті саяси билік те, христиан шіркеуінен өзге қауымдастық пен ұйым да болған жоқ.

Бұл, әрине, тілге қатты әсер етті. Ол кезде жұрт аз жазғандықтан, тілге қатысты тікелей дерек жоқ, бірақ не болғаны туралы негізді болжам жасауға болады. Барлық мәтін латын тілінде жазылды. Империя жойылып кетсе де, ескі шегаралар шегінде, тіпті одан тыс жерлерде де латын ұзақ уақыт бойы жалғыз жазба тіл болып қалды. VI ғасырда салыстырмалы түрде айтқанда, жазылған дүние көп, авторлар, негізінен, классикалық мәнерде жазуды үйренді. VII және VIII ғасырларда жазылған мәтін өте аз, олардың тілі де біртүрлі оғаш. Жазушылар классикалық мәнерде жазуды көздеген, бірақ оған қабілеті жетпегендіктен, олардың шығармаларын түсіну мүмкін емес.

Осы ғасырларда ауызекі тілдің табиғаты қатты өзгерсе керек. Рим бұрынғы күшті ықпалынан айырылды. Әскер жоқ, мектептер жабылды, империяның бір түкпірінен екінші түкпіріне идеяларды, сөздерді тасымалдайтын саудагерлердің саудасы тоқтады. Әркім өзімен-өзі, әр жер өзімен-өзі болып қалды, сыртқы дүниемен байланыс сиреді. Бұл жағдай Римнің басқыншылығынан бұрынғы кезді еске салды.

Мұның тілге тигізген салдары біз ойлағандай болды. Бір кезде біртұтас Рим империясы болған ұлттар мен ұлыстар лезде бөлініп шыға келді. Әр аймақ өз дәстүрін қалыптастырды. Империяның кезінде латын тілінде диалектілік нұсқа деген болмайтын, бірақ ол құлағаннан кейінгі үш-төрт ғасырдың ішінде империя тілі көптеген аймақтық және жергілікті диалектіге бөлініп кетті. Тілдің өзгеріп жатқанын ешкім қадағаламады.

Біз мұны империяның әр түкпірінен табылған тіл туралы жазылған түрлі жәдігерлерден білдік. Көпке дейін жаңа жазба тіл пайда болған жоқ. VII-VIII ғасырларда жазылған кей мәтіндерде барынша тырысып, латынша жазғаны білінеді. Ол мәтіндерді жазған тұлғаның бәрі дерлік монахтар немесе дін қызметіндегі адамдар еді.

Жағдай 800 жылдарға ғаман өзгерді. Шіркеулерге қарайтын мектептерде реформа жүріп, дамыды. Латынша жазу мен оқуды үйренгендердің қатары көбейе түсті.

XII ғасырда бүкіл Еуропада, тіпті ешқашан Рим империясына кірмеген қазіргі Германия, Польша, Дания сияқты елдерде де латын жазуы қолданылды. Одан басқа жазу болмағандықтан, латын көптеген елде үстемдік құрды. Бұл кезде латын ешкімнің ана тілі болмаса да, оны көп салада қолданды, әсіресе мектепте латынша оқи және жаза білуді үйренуге мәжбүр шіркеу қызметкерлері арасында латын тілі еш тоқтаған емес.

Бірнеше ғасыр бойы латын Еуропаның жалпыға ортақ жазу тілі болып қала берді. Уақыт өте келе, өзге де жазуы бар тілдер тарапынан бәсекелестік көбейді, бірақ ол өз бетінше жүрді. Латын ұзақ уақытқа дейін тізгінді бермей жүрді. Ол туралы алдағы тарауларда кеңірек айтамыз.

Латын тілі шіркеулерде XVI ғасырдың басындағы реформацияға дейін қолданылды. Одан кейін протестант шіркеуі Құдайға құлшылық етуде әр ұлт өз тілін қолдансын деген ереже бекітті. Католик дінінде латын бәрінен жиі қолданылды. 1960 жылдарға дейін дүниенің әр түкпіріндегі католик шіркеулері латын тілінде сөйледі.

Ғылыми жұмыстар және оқулықтарды өзге тілдерде жазу тек XVIII ғасырдан бастап мүмкін болды. Өткен ғасырлардағы француз Декарт, ағылшын Ньютон, неміс Лейбниц сынды ұлы ойшылдар ғылыми жаңалықтарын латын тілінде жазған.

Сөйтіп, латын біреулердің ана тілі болудан қалса да, жазба және үйренген тіл ретіндегі қызметін жалғастыра берді. Ғасырлар бойы ол бірнеше тілде сөйлейтіндерге ортақ жазба тілі болып келді, тағы бірнеше ғасыр өткенде ғана бірте-бірте қолданыстан шыға бастады. Ол әлі де католик дінінің кейбір қызметтерінде, түрлі ғылымдардың кейбір аспектілерінде, медицина мен биологияда халықаралық терминдер тілі ретінде қолданылады.

Ұзақ уақыт бойы барлық білімді еуропалықтар (оның ішінде ағылшындар да бар) кем дегенде екі тілде сөйледі. Тұрмыста ана тілінде сөйлесе, мектепте латын тілінде жазуды және сөйлеуді үйренді. Мектептер солай талап етті, ол, әрине, барлық оқушыға бірдей оңайға түспегені анық. Екінші жағынан, латын тілін үйренген адам Еуропаның басқа елдерінде адамдармен жазбаша да, ауызша да қарым-қатынас жасауға қабілетті болды. Қазір ағылшын тілі дүниежүзінің көптеген елінде осыған ұқсас рөл атқарып отыр, ол туралы алда кеңінен әңгімелейміз. Бірақ ағылшын тілі халықаралық тіл ретінде 6–7 ғасыр бұрынғы Еуропадағы латын тіліндей соншалықты кең тарай қойған жоқ.

Латын тілі Еуропада мұндай дәрежеге, негізінен, шіркеудің арқасында жетті. Ғасырлар бойы қоғамның іргетасы – христиан діні, ең белді де беделді ұйымы христиан шіркеуі болды. Батыс шіркеуі о бастап латын тілін таңдады және бұл таңдау ұзаққа созылды. Екінші мыңжылдықтың басым бөлігінде ресми білім беру ісі шіркеудің құзырында болды, сабақты қай тілде жүргізу керек екенін шіркеу, әрине, өз пайдасына шешіп отырды.

Сөйтіп, халықты ана тілінде жазудан алыстатты. Балалар сөйлеуді үйреніп алғаннан кейін, мектепте жазуды үйренуге кіріседі. Сол кезде олар өзге тілге бұрылып, ана тілінде жазуды ешқашан үйренбеуі мүмкін. Орта ғасырлардың басым бөлігінде Еуропада солай болған. Бүгінгі Африка мен Азия елдеріндегі жүздеген миллион адам осындай жағдайда білім алуда, бір айырмашылығы олар латын тілінде емес, ағылшын, француз немесе португал тілдерінің бірінде білім алуда.

7.4. Латын тілінің ықпалы

Латын тілі кеңінен және өте ұзақ уақыт қолданыста болғандықтан, барлық еуропа-лық тілге әсер етті. Ол тілдерде ортақ сөздер өте көп, олар негізінен латын сөздерінен тұрады, ал грек сөздері алдымен латын тілінен енген, сосын әрі қарай ауысқан. Ағылшын тіліндегі латын сөздері көбінесе француз тілі арқылы енген.

Осы тараудың басында Вергилийден үзінді келтіріп едік. Ол латын тілінде былай айтылады:

Tu regere imperio populos, Romane, memento!

Бұл жолдардың сөзбе-сөз аудармасы: «Сен, римдік, империядағы өзге адамдарды билеп-төстеуді ұмытпа!». Бұл сөйлемдегі әр сөз бір немесе бірнеше ағылшын сөзінің негізін құрайды. Ағылшын тіліндегі *regent* (регент) және *regiment* (полк) осы өлең жолындағы *regere* (басқару) деген сөзден шыққан. Ал оның есімшесі *rectus* (басқарылған) деген сөзден *correct* және *direct* деген сөздер туындайды. Ағылшын тіліндегі *reign* латын тіліндегі *regnare* деген сөзбен жақын туыстас. *Imperio* деген сөзден ағылшын тілінде «*empire*» (империя), *imperialism* (империализм) және *imperialist* (империалист) деген сөздер пайда болды. *Populos* (халық) ағылшын тіліне француз тілі арқылы *people* болып кірді. Бірақ дәл сол латынның *population* (тұрғындар) және *populist* (популист) деген сөздері ағылшын тіліне тікелей кіріп, туындатты. *Romane* деген сөзден *Рим* (Roma) қаласының атауы туындады. Ағылшын тілінде осы сөзбен тікелей немесе жанама енген *romance* (романтика) және *Romania* (Румыния) деген сөздер бар. *Memento* (есте сақтау, ұмытпау) ағылшын тілінде кейде «ескерту» деген мағынада еш өзгеріссіз, осы латын тіліндегі формасында қолданылады. Бұл сөздің түбірін ағылшын тіліндегі мына сөздерден көруге болады: *memory* (жад, зерде), *memorize* (есте сақтау, жаттау), *remember* (ұмытпау).

Қысқаша айтқанда, жоғарыда мысал ретінде келтірілген өлең жолдарындағы ағылшын тіліндегі әр сөздің күнделікті ауызекі тілде қолданылатын бірнеше сөзбен туыстық байланысы бар. Олардың бәрі латын тілінен тікелей кірген, не француз тілі арқылы енген немесе итальян тілі сияқты Еуропаның өзге тілдерінен ауысқан. Тек өлеңдегі *Tu* деген бірінші сөз ғана ерекше тұр. Ағылшын тілінде оның *thou* деген аналогі бар (көнерген сөз), бірақ оны жалпыға ортақ мұра деп есептейміз. Бұл сөздің латын тіліндегісі де, ағылшын тіліндегісі де олардың ізашары протоеуропалық тілден келген.

Сөйтіп, латын тілі тікелей және жанама түрде ену арқылы ағылшын тілін көптеген сөзбен байытқан екен. Мысалдардан көргеніміздей, латын сөздері көбінесе күнделікті қолданыстағы заттардың атауларын емес, дерексіз ұғымдарды білдіреді. Латын тілі мен грек тілі шынайы өмірді сипаттау және түсінуде қолданылатын сөздерді де, ұғымдарды да қамтамасыз етті. Тілдегі концепциялар болмаса, әлемдегі тіршілік бейберекет болып кетер еді.

8-ТАРАУ

Араб тілі: жаулап алу және дін тарату


- | | |
|--|--------------------------------|
| 8.1. Басқыншылық және тілдер | Қосымша әдебиеттер тізімі |
| 8.2. Араб тілі – жоғары мәдениеттің тілі | Қайталауға арналған сұрақтар |
| 8.3. Әлсіреу, бөліну және диалектілер | Талқылауға арналған тақырыптар |
| 8.4. Бір тіл ме, бірнеше тіл ме? | Зерттеуге арналған тақырыптар |

8.1. Басқыншылық және тілдер

611 жылы Араб түбегінде өмір сүретін халықтың тілі араб тілі болды, ал ислам дінін ол кезде әлі ешкім ұстанбайтын. 711 жылы арабтілді мұсылмандар қазіргі Испанияның басым бөлігін жаулап алды, ал өзге мұсылман әскерлері қазіргі Пәкістаннан алты мың шақырым шығыста жатқан Синдке күшпен кірді. Осы екі арадағы жердің бәрі мұсылмандардың қарамағына өтті.

Тарихта мұндай түбегейлі өзгерістер көп болмаған, ал тілдердің жаппай ассимиляцияға түсуіне әкелген өзгерістер тілті аз. Бұл басқыншылықтың тағы бір ерекшелігі бар: арабтар тек жер мен билікті тартып алумен шектелмей, өздерінің дінін де күшпен таратып жүрді.

Бірнеше тілдің дінге азды-көпті қатысы бар. Иврит тілі о бастан иудей дінінің тілі болып қалыптасты, әлі де сол дінге қызмет етуде. Иврит тіліндегі кейбір кітаптарды христиандар мен мұсылмандар да киелі санайды. Индуизм үшін санскрит тілінің маңызы зор. Буддашылар пали тілі мен санскрит тіліне ерекше ықылас қояды. Осының алдындағы екі тарауда айтқанымыздай, грек тілі мен латын тілінің екеуі де христиан дінінде айрықша орынға ие. Бұл тілдердің бәрі де біреулердің ана тілі болудан қалса да, дін саласында жазу әрі сөйлеу тілі болуын әлі тоқтатқан жоқ. Араб тілінің жағдайы сәл өзгеше. Арабтар көптеген халықтардың арасына жаңа дін таратуда жеңіске жетті,



8.1-карта. Біздің заманымыздың 750 жылдарындағы араб әлемі

біраз уақыттан кейін ол халықтар араб тілін өздерінің ана тілі деп қабылдады. Құран жазылған VII ғасырдан бері араб тілі сәл ғана өзгеріп, әлі қолданыста жүр.

Мұсылман дінінің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) ықпалының аясын кеңейтуді мақсат еткен саяси жетекші де болған. Ол қайтыс болғанға дейін-ақ көптеген ізбасар тауып үлгерді, қайтыс болғаннан кейін, сол ізбасарлары оның ісін әскерге қолбасшы бола жүріп жалғастырды. Өзара ішкі қақтығыстарда және көршілес елдермен соғысып, тісқаққан араб жауынгерлері әскер ісінде өте тәжірибелі болатын.

Әйтсе де шөл даладан келген сол жауынгерлердің аз ғана уақыттың ішінде алып жерді иемденіп алуы – таңданарлық жағдай. Мұны арабтардың жартылай әлсіз, арып-ашқан елдерге тап болуымен түсіндіруге болады. Ол кезде Парсы империясы Араб түбегінен Үндістанға дейін созылған жерді алып жатты. Солтүстігі мен батысында Византия империясы орналасты. VII ғасырдың басында бұл елдер бір-бірімен ұзақ та ауыр соғысты. Парсылар Византия аумағының үлкен бөлігін жиырма жылдың ішінде басып алды. Бірақ Византия императоры қарсы жауап беріп, тіпті олардың астанасы Ктесифонды қоршап алды.

Арабтар 640 жылдары шабуылдағанда, Парсы империясы ішкі қиындықтардан діңкелеп, жартылай қираған ел болатын. Шығыс Рим империясының да жағдайы мәз емес еді. Парсылармен жақындасу игі іс болғанымен, елдің экономикасы әлсіреп, әкімшілік-басқару жүйесі жұмыс істемеді. Бір-бірімен соғыста бүкіл күшінен

айырылған екі бірдей ірі мемлекетке қол салған арабтарға бұл саяси жағынан да, әскери тұрғыдан да жеңілдік әперді.

Шығыста Парсы империясы түгел тізе бүкті, арабтар бәріне ие болды. Батыста Византия империясы тіршілік етіп жатты, бірақ ол қатты кішірейіп кеткен еді: ол тек бүгінгі Түркияның жері мен Оңтүстік-Шығыс Еуропаның кей бөліктерінен тұрды. Арабтар Сирия, Палестина және Мысырды аннексиялады. Африка жағалауымен ілгері жүріп, Атлант мұхитына дейін барды, бұғаздардан өтіп, Испанияның басым бөлігін иемденіп алды. Осылай олар бір кездері Батыс Рим империясы болған жерді өздеріне қаратып, аумағын кеңейтті.

Халиф билеген бұл алып халифат бірнеше ғасыр бойы саяси тұрғыдан жақсылы-жаманды, іс жүзінде болмаса да, теория жүзінде бірікті. Бірақ аймақтың барлық бөлігін бақылауда ұстайтын мықты орталық билік ешқашан болған емес. Шындығын айтқанда, аймақтар тәуелсіз болды, бірнеше қақтығыстан кейін бірнеше дербес ел бөлініп шықты. Сондықтан бұл жаулап алу берік империяның бастауы болды деп айта алмаймыз.

Екінші жағынан, басқыншылардың өз дінін таратуда бар күш-жігерін салып, тырысуы өте табысты болды. Ислам арабтар алған барлық елдің негізгі дініне айналды, әлі де солай болып тұр. Оған қоса, ол содан бері бірнеше бағытта ілгерілей түсті. Қазіргі уақытта Бангладеш пен Индонезия сияқты ірі мемлекеттердің халқы – түгел мұсылман, Африканың Сахара шөлінің оңтүстігінде де басты дін – ислам. Діни экспансия соғысып, жеңіске жетуден анағұрлым ғұмырлы, анағұрлым ықпалды болып шықты.

Араб тілі ондай үстем болған жоқ. Алдыңғы тарауларда көрсетілгендей, саяси өзгерістер тілдік өзгерістерден тезірек жүреді, қырып-жойған соғыстар лингвистикалық жағдайды үнемі өзгерте алмаған. Киелі кітаптар жазған діндер кем дегенде бір тілге байлаулы болады, бірақ ол тілдің дінмен бірге таралуы міндетті емес.

Біздің заманымызға дейінгі VI ғасырға дейін араб тілі Араб түбегіндегі көшпелілер мен отырықшы халықтың тілі болды. Бұл тіл иврит, финикий және өзге де тілдермен бірге семит тобына кіреді. Араб тілі әлі күнге дейін финикий тілінен дамып шыққан алфавитте жазады. Грек алфавиті де финикий тілінен пайда болған, сондықтан оның негізгі принциптері латын жазуының принциптерімен бірдей. Бірақ араб тілінде оннан солға қарай жазады, әріптердің пішіні оның сөздегі орнына байланысты сөзге жартылай кіріп тұрады. Исламнан бұрын жазу көп қолданылған жоқ, бірақ көшпелі бәдеуилер керемет поэзиялық шығармалар тудырды, олардың өлеңдері алғаш рет қағазға жазылды. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) уағыз жүргізді. «Құран» кітабы шықты. Құран мен бәдеуилердің поэзиясы классикалық араб тілінің жазба нұсқасын қалыптастырды. Саясат пен мәдениеттегі жарылыстай тез де түбегейлі прогрестің арқасында араб тілі жаңадан пайда болған империяда дін, билік пен әкімшілік-басқарудың тіліне айналды.

Ауызекі араб тілі де табысты болды. Жаңа елдерге жауынгер және тұрғын ретінде қанша араб кеткенін айту қиын. Бастапқыда олар әр жерде бір топтанып тұрса керек. Олар келген жерінде қалып қойды, өз еліне қайтпады. Араб түбегі сол кездің өзінде-ақ халық санының шектен тыс көптігінен зардап шеккен сияқты. Қалай айтқанда да, арабтар басқыншылық басталмай жатып, қазіргі Сирия мен Ирак жеріне келіп, қоныстанған. Әрине, кейінірек олар келген елінде жағдайын түзеп алды. Алдымен әскери

лагерьлерде тұрды, сосын араб тілінде сөйлейтін қалашықтарға көшіп барды. Ондай қалашықтар араб тілін әрі қарай тарату орталығы болды. Ежелгі, қалыптасып үлгерген қалаларды араб қолбасшылары иемденді, олар басқару ісінде де, идеологияда да исламды жалау етіп ұстады. Осылай аз ғана уақыттың ішінде кей қалалар арабтілді болып шыға келді.

Дегенмен бұрынғы Парсы және Византия империяларының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Персияның жүрегі болып саналатын Иранға кіргенде араб тілі онша ықыласқа бөленген жоқ. Ол жақта қалалықтар да, ауыл тұрғындары да жақсы жетілген, прогрессивті мәдениет туындатқан парсы тілінде сөйлейтін. Бірақ араб тілі кей аудандарға кіріп алып, басымдық танытты. Ежелгі жазба парсы тілі қолданыстан шығып қалды. Дегенмен халықтың басым бөлігі парсы тілінде сөйлеуін жалғастыра берді; X ғасырда бұл тіл нағыз Қайта өрлеу дәуірін бастан кешті. Ол енді араб жазуын қолданды, сондықтан парсы тіліне араб тілі басқа жағынан да әсер етіп жатты. Бірақ парсы тілі жазу тілі ретінде де, ауызекі тіл ретінде де мәртебесін бекітіп алған болатын, сөйтіп араб тілі Шығыста басты тіл бола алмады.

Бұрынғы Месопотамия, қазіргі Ирак мүлде өзгеше ел болды. Бұл елді билеушілер мен басқарушылар парсы тілінде сөйлейтін, ол көп ұзамай жойылып кетті. Иракқа айтарлықтай көп арабтілді қоныс аударғандықтан, көптеген ірі және шағын қалалар араб тілінде сөйлеп кетті. Көп кешікпей ауылдық жерлер де арабша сөйлеуге көшті. Елдің солтүстігіндегі күрдтер ислам дінін қабылдаса да, өз тілін өзгертпеді.

Бұрынғы Шығыс Рим империясында, Сирияда, Палестинада және Мысырда Ескендір Зұлқарнайынның заманынан б.з.д. IV ғасырдан билеушілер мен бюрократтардың тілі 1000 жылдай грек тілі болып тұрды. Қала тұрғындарының айтарлықтай бөлігі де грек тілінде сөйлеуі мүмкін. Бірақ халықтың көбі, әсіресе ауылдық жердегілер бұрыннан сөйлеп келген тілінде сөйлеуді жалғастыра берді: Сирия мен Палестина – арамей тілінде. Мысыр – египет тілінде (кейінірек ол «копт тілі» деп аталды).

Арабтар бұл елдерге де араб тілін ресми тіл ретінде енгізді. Грек тілі ығыстырылып, екі ғасырға жетпей-ақ мүлде жойылып кеткен сияқты болды. Саяси қолдау болмағандықтан, жұрт ол тілде сөйлеуден қалды. Бұл елдерде тұрғындарының дені христиан болса да, грек тілі діни жоралғыларда да аз қолданылды. Сирияда шіркеудің тілі сирия тілі болды; Мысырда копт шіркеуі бар еді. Византия биліктен түскеннен кейін грек тілі де үстемдігін жоғалтты.

Бастапқыда араб тілінің рөлі грек тілінікіндей болды, бірақ арабтілді иммигранттар о бастан көптеп келді. Көп кешікпей ауылдық жерлердің өзінде араб тілінде сөйлеуге көшті, бірақ оның үстемдік құруына әлі көп уақыт бар еді. Араб тілі келгеннен 400 жылдай кейін, XI ғасырда христиан дініндегі копттар әдеби шығармаларын араб тілінде жаза бастады. Бұл олардың қандастарының көбі араб тілінде сөйлеуге көшкендіктен болар. Халық копт тілінде көпке дейін сөйледі, бірақ оның қолданыстан шыққанына бірнеше жүз жыл болды. Христиан копт шіркеуі әлі де бар, ол бүгінде де ежелгі тілді қолданады. Копт халқы дінін өзгертпесе де, тілін өзгертуге мәжбүр болды.

Батыста, Африканың солтүстік жағалауындағы халық тығыз қоныстанған жерлерде араб тілі латын және грек тілдерін ығыстырды. Ол жерлерде де жалпы халықтың

араб тіліне көшуі өте баяу жүрді. Бірақ XI ғасырда Араб түбегінен иммиграцияның екінші толқыны келіп, шешуші рөл атқарды. Шағын қалалар мен ең құнарлы ауылдық жерлер араб тіліне сол кезде ауысты.

Бірақ Солтүстік Африка халқының басым бөлігі бұл аймақта есте жоқ ескі мезгілден финикийлер, гректер, римдіктер, вандалдар және арабтардың шабуылдарынан бұрын қолданылып келе жатқан бербер тілінде қалуды талап етті. Берберлердің көбі елдің ішкі бөлігінде өмір сүрді, кейбіреулері көшпелі болды. Араб басқыншылары келгенде, бербер жетекшілерінің көбі келімсектермен сыбайласты, сөйтіп, олар жаңаша құрылған елдерде маңызды қызметтер атқарды. Берберлер тез арада мұсылман дінін қабылдады, бірақ араб тіліне көшкендер аз болды. Сөйтіп, бұл жақта бірнеше ғасыр бойы екі тіл қатарынан жүрді. Араб тілін қабылдау процесі өте баяу өтті, бірақ Марокко мен Алжирде бербер тілінде сөйлейтін үлкен топтар бүгінге дейін бар.

Осылай VII ғасырдағы түбегейлі төңкерістердің лингвистикалық нәтижесі – Ирак пен Жерорта теңізі жағалауында орналасқан, қазіргі Ливан мен Сириядан Мароккоға дейінгі елдер арабтілді болып шыға келді. Араб тілінің ауылдық жерлерге ену процесі ұзаққа созылды, кем дегенде 400–500 жыл жүрді. Ана тілінде сөйлейтін тайпалар әлі де көп.

Бұдан бірнеше сұрақ туындауы мүмкін. Араб тілі неге бұрынғы Рим империясында үстемдік алып, Ирактан өзге, бұрынғы Парсы империясында елеусіз қалды? Жауап: Персияның қала халқы да, ауыл халқы да түгел парсы тілінде сөйледі. Арабтар кей қалаларға тұрақтады, бірақ олардың саны бүкіл халыққа ықпал ететіндей көп болған жоқ. Екінші жағынан, батыста қалалардағы билеуші-басқарушы аз ғана топ ауыл халқы білмейтін тілде сөйледі. Бұл арада осыдан екі ғасыр кейінгі уақытқа дейін ауыл халқының саны қала халқынан кем дегенде он есе асып түскенін де ескеру керек. Грек және латын тілдері сәл ғана із қалдырып, «сүріліп» кетуі мүмкін. Ауылдық жердің адамдары ана тілінен басқа тілге оңайлықпен өтпейді, бірақ араб тілі үлкен және шағын қалаларда үстемдік құра бастаған соң, ауылдық жерлер де араб тілінің иммиграциясын қарсы алса керек. Келімсек гректілділер мен латынтілділерден келімсек арабтардың саны анағұрлым көп болды. Осының бәрі араб тілінің көп жерде табысқа жетуіне септігін тигізді.

Ал дін ше? Әрине, көп адамның мұсылман дінін қабылдағаны маңызды рөл атқарды, бірақ ауызекі тілдің өзгеруі оның логикалық салдары деуге болмас. Кей адамдар ислам дінін таңдамаса да, араб тілінде сөйледі. Көп халқы тілінен айырылса да, дінінен айырылмады. Парсылар, күрдтер, берберлер тілдерін өзгертпей-ақ мұсылман дініне өтіп кетті. Бұл екі түрлі өзгерістің табиғаты екі басқа. Адам жаңа дінге тез өте алады, ол үшін саналы таңдау жасаса немесе белгілі бір жоралғыдан өтсе болғаны. Бірақ адам жалғыз өзі өзге тілге толығымен өте алмайды, өйткені ана тілін ұмыту мүмкін емес. Екі тілді әке-шеше баласына бір тілді ана тілі етіп таңдап, сол тілді үйреткен уақытта қиындық туындайды.

Тілдің өзгеріске түсуі әдетте әртүрлі тілде сөйлейтін көптеген ұлт өкілдері жақын араласып тұратын ортада оңай жүреді. Мұндай жағдай ауылдық жерлерден гөрі қалаларда жиі болатыны түсінікті. Сондықтан ассимиляцияның тізгіні қалалардың

қолында болады. Ніл өзенінің халық тығыз қоныстанған сағасында тұратын көпт халқының араб тіліне өтуі мен Сахара шөлінің шалғайындағы берберлердің өз тілінде қалуы танданыс тудырмаса керек.

8.2. Араб тілі – жоғары мәдениеттің тілі

Жаугершілік заманнан бірнеше ғасыр өткеннен кейін, әдебиет саласында керемет шығармалар пайда болды. Ислам мен оның Қасиетті кітабы – Құран адам өмірінде үлкен рөл атқарды, бірақ жалпы білім алу мен дүниетанымын кеңейту өте маңызды деп есептелді. Бастапқыда жұрт араб тілінде сәндік үшін сөйлесе, енді ол өмірдің діннен тыс барлық саласындағы жазу тіліне айналды. Ол әкімшілік-басқаруда, саудасаттықта, әскер ісінде қолданылды, көп ұзамай көркем әдебиетке, философияға және ғылымға да араласты. Билік бұрын қолданылған түрлі тілдерді араб тілімен алмастыру саясатын ұстанды, бұл саясат іске асты деп те айтуға болады.

Ирактағы Бағдат, Испаниядағы Кордова ақыл-ой мен білім орталықтарына айналды. Олар түрлі қайнаркөздерден ақпарат алып, оны өздеріне сіңіріп, пайдасына жаратып отырды. Византия соңғы технология мен ғылым жаңалықтарымен қамтамасыз етті, бірақ бәрінен бұрын ежелгі грек әдебиеті мен философиясы туралы көп мәлімет берді.

Шығыстан талантты парсы ақын-жазушылары шықты, мұсылман әлемінің түкпір-түкпірінен білімді еврейлер бой көрсетті. Шығысқа қарай тереңдей енген арабтар инд өркениетімен қатынасқа түсті. Ал Испанияда католиктік христиандармен және латын жазба тілімен санасты. Орта ғасырлар деп аталатын кезеңде Еуропада мәдени өмір гүлденді.

Мұндай өскелең ортада араб жазба тілін бірнеше атакты ақын-жазушылар таратты. Тілдік үлгіні Құраннан және алғашқы поэзиялық туындылардан алды; грамматикалық ережелер мен емлені талқылау ерте басталды. Араб тіліндегі сөздер Құранда қалай жазылса, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) заманындағы бәдеуилер қалай сөйлесе, солай айтылуы керек деген ортақ келісім болды. Ол кезде жазу нормасы латын тіліндегідей тұрақты және өзгермейтін болған, киелі кітаптарға негізделетін. Бастауыш мектепте Құранмен бірге осы тілді үйретті, діни сауатын ашты. Медреселер мен жоғары оқу орындарында тіл тереңдете оқытылды.

Әрине, ауызекі тіл өзгермей қалған жоқ. Бірақ үлкен империя тұрғанда, оның аймақтарының арасындағы қатынастар айтарлықтай жиі болды, бұл диалектілік айырмашылықтардың пайда болуына кедергі жасауы мүмкін. Тілдің өзгеруі саяси жағдаймен бірге жүрді.

8.3. Әлсіреу, бөліну және диалектілер

XII ғасырдан бастап ислам дініндегі елдер ауыр саяси қиындықтарға кезікті. Бағдатта халифпен бірге тұрған орталық билік іс жүзінде қызметін тоқтатты, кейін бірқатар тәуелсіз мұсылман мемлекеттердің пайда болуымен жойылып кетті. Оған қоса, сыртқы

жау шапқыншылық жасады. Крест жорықтары кезінде келген христиан дініндегі еуропалықтар Жерорта теңізінің шығыс жағалауын иемденіп алып, бір ғасырдан астам ешкімге билетпей тұрды. Мұсылман дінін қабылдаған түріктер шығыстан келіп, Таяу Шығыстың басым бөлігін жаулап алды. XIII ғасырда солтүстік-шығыстан моңғолдар төніп, соққы берді. Бірақ түріктер моңғолдарды жеңіп, XIII ғасырдың соңына қарай Осман империясы пайда болды. Бұл түрік тілінде сөйлейтін мемлекет еді. Осман империясы өте ұзақ ғұмыр кешті, ол Бірінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан құлады.

Сөйтіп, арабтілділер бірнеше ғасыр бойы саяси билік жүргізген түріктердің қоластында өмір сүрді. Нәтижесінде арабтардың тілі бұрынғы беделінен айырылды. Марокко сияқты кей арабтілді елдер тәуелсіз болып қалды, бірақ бұрынғымен салыстырғанда, қандастардың барыс-келісі сиреді.

Кейінірек, XVII ғасырдан бастап Осман империясы саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да әлсіреді. Империяның түкпір-түкпіріндегі елдер көбінесе өзін-өзі қорғауға мәжбүр болды. Үлкейіп жатқан еуропалық мемлекеттер XIX ғасырда Жерорта теңізінің оңтүстігі мен шығысындағы елдер арқылы өз мүддесіне жетуге тырысты. Марокко мен Тунис Францияның протектораты болды, ал Алжир отар елге айналды. Ұлыбритания үшін Суэц каналының стратегиялық маңызы өте зор, сондықтан ол бірнеше жыл бойы Мысырды басқарып тұрды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ирак және қазіргі Иордания Ұлыбританияның, ал Сирия мен Ливан Францияның мандатына айналды. Осылай соңғы 5–6 ғасыр бойы арабтілділер басқарушылары алыста тұрып билік жүргізген елдер мен жерлерде өмір сүріп келді. Бірнеше жердің әкімдік-басқару ісі мен білім беру саласында оны ұзақ уақыт бойы түрік, француз немесе ағылшын тілдері ығыстырды.

Ұзаққа созылған осындай саяси бөлшектенудің нәтижесінде тілдің ауызекі түрі әртүрлі бағытта дамыды. Лингвистикалық өзгерістер әдеттегідей жүрді. Бүгінде араб тілінде сөйлеудің бірнеше жолы бар. Айырмашылықтың көптігі сонша – Ирактың тұрғынының айтқанын марокколық түсінбейді немесе, керісінше. Бірақ олар бір-бірінің жазғанын жақсы түсінеді. Барлық арабтілді елдер классикалық араб жазуын қолданады. Барлық жерде түпнұсқа Құранды қалай оқу керек екенін және Құрандағы ережелерге сәйкес қалай жазу керектігін үйретеді. Бүгінде сөйлеуі бөлек, бірақ жазғанда бірдей жазатын бірнеше арабтілді мемлекет бар.

Бұл – педагогтерге, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне және басқаларға да қиындық туындататын шектен тыс ерекше жағдай. Болашақта ол өзгеруі мүмкін, бірақ одан әрі не болатынын айту қиын.

8.4. Бір тіл ме, бірнеше тіл ме?

XX ғасырдың ортасынан бастап дүниежүзінің көптеген араб елінде саяси жағдай тұрақтады, экономика барлық жерде дерлік жақсарды. Францияға тәуелді африкалық Марокко, Тунис және Алжир елдері қалыптасты. Бір кездері Италия отары болған Ливия да Еуропаның үстемдігінен құтылды. Араб түбегіндегі бірнеше елдің

экономикасы айтарлықтай түзелді. Бүгінде арабтілді елдер орта білім беру мен қай тілді қолдану керек деген мәселеде өздерінің тәуелсіз шешімдерін қабылдайды.

Әрине, әр елдің саяси жағдайы, білім деңгейі, экономикалық ресурстардың қолжетімділігі әртүрлі деңгейде. Тіл саясатына келгенде, ол елдердің бәрі араб тіліне қатты қызығушылық танытады. Бұрын Францияға тәуелді болған елдерде білім мен биліктің көп саласында француз тілі басым еді. Бірақ жаңа, тәуелсіз үкіметтер араб тіліне жол ашты. Десек те олардың құлшыныс деңгейі әртүрлі еді. Барлық елде мектептегі сабақ араб тілінде жүреді. Бірақ элитаның балалары әлі де бұрынғыдай ағылшын немесе француз тілінде оқытатын орта мектептерге барады. Билік пен саясат араб тілінде сөйлейді, бұл тіл газет, радио және телевизияда да жаппай қолданылады. «Арабтілді елдер араб тілін қадірлеуі керек» деген өзара келісім бар.

Бірақ қай араб тілін қолданады? Жазба тілдің өзі бірқатар қиындық туындатты. ХХІ ғасырда қолдану үшін классикалық жазба араб тілін біраз жетілдіру керек. Соңғы жүз жылдай уақыттың ішінде пайда болған заттар мен ұғымдар үшін көптеген жаңа сөз енгізу қажет. Көп жағдайда арабтілді елдердің әрқайсысы өз тандауын жасады. Кей елдерде тіл мәселесімен айналысатын, тілді стандарттайтын академиялар бар; олар өздерінің ұсыныстарын енгізуге тырысады, бірақ трансұлттық органдар мен арбитраж инстанциялар жоқ. Сондықтан қазіргі сөздік қор әр елде әртүрлі болып қалыптасып жатыр.

Одан да үлкен қиындық – VII ғасыр грамматикасының барлық ауызекі нұсқалардан өзгеше екені. Мәселен, жазба тілдегі зат есімдерге септік жалғауы жалғанады, бірақ қазіргі ауызекі тілде ешқандай жалғау жалғанбайды. Сондықтан балалар оқуды үйренгенде, грамматикада да, лексикада да олардың сөйлеген сөзіне мүлде ұқсамайтын тілдік жүйені үйренуге мәжбүр. Оқу мен жазуды үйрету басқа тілді үйреткенмен бірдей болып тұр. Бұл – білім беру ісіндегі үлкен қиындық; оқушылардың жақсы жазуды үйрене алмай-ақ қоюының себебі де осында.

Жазба тілді жеңілдету туралы пікірталастар болды, бірақ ол бағытта әлі ештеңе істелінген жоқ, бұған тандануға да болмас. Өзгеріс енгізілсе, ежелгі мәтіндерді, соның ішінде Құранды да оқу қиынға соғады. Мұндай жағдай дін жетекшілері тарапынан қатты наразылық тудырады хақ. Оның үстіне, барлық елде бірдей мойындалатын саяси да, мәдени де, діни де билік жоқ, сондықтан ешкім жаппай реформа жүргізе алмайды.

Араб тілінің ауызекі нұсқаларының бәрі жазба тілден алыс, олардың арасындағы айырмашылық та үлкен. Қарапайым тілмен айтқанда, әр елдің ауқымды ауызекі нұсқасы бар. Кей елдің сөйлеу тілі өте ұқсас, ал тағы бір елдерде түрлі диалектілер кездеседі. Географиялық тұрғыдан алшақ жатқан елдердің сөйлеу айырмашылықтары да айтарлықтай.

Күнделікті жағдайда жергілікті диалект қолданылады, бірақ көптеген адамдар басқа, одан беделдірек сөйлеу формасын жақсы меңгерген. Мектепте балалар жазу тілінің ережелерін үйренеді. Ол – барлық арабтілді аймақта ортақ талап болып есептелетін, Құраннан дәйексөз келтіргенде қолданылатын ресми ауызекі тіл.

Әрине, арабтілді елдердің адамдары бір-бірімен бұлай сөйлесе алса және еркін араласа алса, игі болар еді. Бірақ тіл үйрену қиын, жеткілікті білім ала алмаған адамдар оны мүлде түсінбеуі мүмкін.

Жергілікті диалектіні қай кезде қолдану керек? Қай кезде ресми тілде сөйлеген дұрыс? Бұл – өте қиын сұрақ, әсіресе жұрттың алдында сөйлейтіндерге қиын. Жергілікті тіл – жақындық пен таныстықтың белгісі, ресми тіл билікті білдіреді. Аудитория үлкен болған сайын, одан бетер ыңғайсыз бола бермек. Кино, радио, телевизия сияқты ауызша хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралдары көптеген елдің қалың халқына сөз жеткізеді, бірақ көп адамға диктордың сөзі түсініксіз болады. Ол білімсіз болып көрінуі мүмкін. Диктор түрлі факторларды ескеріп, таңдау жасауы керек. Екі жақтан да сөздер мен сөз тіркестерін алып, компромиске баратындар бар.

Осылай арабтілді елдерде қарапайым және өте архаикалы жазба тіл жалпыға ортақ ресми тілдің үлгісі болып қалыптасты. Оған қоса, әркім өз диалектінде сөйлейді, оның басқа диалектілерден де, жазба тілден де, ресми сөйлеу тілінен де айырмашылығы өте көп. XII ғасырдағы Оңтүстік Еуропа осыған ұқсас жағдайды басынан кешкен болса керек. Ол кезде ауызекі тіл нұсқалары жазба тілден де (латын тілінен), көршілес ұлттар мен ұлыстардың тілінен де алыс болған. Шіркеулер мен монастырьларда қолданылатын латын тілі бір бөлек болды. Кей дін қызметкерлері күнделікті ауызекі тілдегі сөздер мен сөз тіркестерін көптеп енгізіп жүрді. Келесі тарауда айтылатындай, ауызекі тілден француз және итальян тілі сияқты жаңа жазба тілдер өрбіп шықты да, латын тілін біртіндеп ығыстырды.

Арабтілді елдерде осындай нәтижені елестетуге болады. Мысыр немесе Марокко елдеріне негізделген жаңа жазба тілдер болуы мүмкін бе? Алыс болашақта ол тілдер классикалық араб тілінің ғұмыры таусылғанын білдіре ме?

Болашақты болжау мүмкін емес, бірақ осы екі жағдайдың ұқсас тұстары мен айырмашылықтары туралы ойлануға болады. Латын тілі католик шіркеуіне өте жақын болды. Жазба араб тілінің Құранның тілінен ауытқымай тұрғанының басты себебі: Батыс Еуропада білім беру жүйесі шіркеудің құзырында болды, дәл солай арабтілді мұсылман елдерінде исламды араб тілінде оқып-үйренуге қатты көңіл бөлінеді, әсіресе бастауыш мектептерде. Дін мен білім тұрғысынан қарағанда, бұл аймақтардың арасынан маңызды параллельді байқауға болады. Еуропада шіркеу билігінің әлсіреуімен латынның рөлі де азайды.

Бірақ саяси жағдай басқаша. Орта ғасырлардың аяғында бірнеше еуропалық тәуелсіз ел тез күш алды. Олар саясатта басымдық көрсету үшін, бір-бірімен бәсекелесті; бөлек жазба тілдер өздерін автономды агент деп таныды. Қазіргі арабтілді елдердің көбі кейін пайда болған, олар айтарлықтай саяси проблемалармен бетпе-бет келуде. Барлығы дерлік көршілерімен бәсекелесуден гөрі Еуропа мен АҚШ-тың ықпалынан шығуды көбірек ойлайды. Көптеген адамдар панарабтық идеялардың соңында жүр. Осы себепті арабтілді елдердің саяси жетекшілері қазір ұлттық жазба тіл идеясымен айналысады деп айту қиын.

Жазба тілді саясаткерлер жасамайды. Жазба тілді жазушылар мен ағартушылар қалыптастырады, ал саяси шешімдер кейінірек қабылданады. Жаңа жазба тіл оған қажеттілік туындағанда пайда болады. Төменде неліктен Еуропада жаңа жазба тілге мұқтаждық туындағаны туралы айтамын. Арабтілді елдерде атақты авторлар тек

классикалық араб тілінде жазады, қоғам жаңа жазба тілде жазылған әдебиетті талап етпейді. Ауызекі тілге жақынырақ жазба тілдің керектігін айтып жүрген ағартушылар бірен-саран ғана.

Сондықтан әзірше жаңа жазба тілдің жасалуы, оған ресми рұқсат берілуі екіталай. Күндердің күнінде солай болады деп те айту қиын. Әйтсе де лингвистикалық жағдай өзгереді. Қазір сауатты болуды міндет етіп, қоғам өзгеріп жатқандықтан, классикалық араб тілі күнделікті өмірде бұрынғыдан көбірек қолданылады. Жазу стандарты өзгермей қоймайды, бірақ ол жаңа қолданушылар мен қолданушылардың жаңа түріне бейімделуге мәжбүр болады. Жазба тілдің жаңа регистрлері электронды пошталарда, ұялы телефон хабарламаларында, блогтарда жетіліп жатыр. Әзірше мұның неге апарып соғарын ешкім білмейді.

Жалпыға ортақ ресми ауызекі тілге ерекше көңіл бөлінеді. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде телевизия арабтілді азаматтарға өзге елдердегі қоғам қайраткерлерін көруге және тыңдауға мүмкіндік берді. Жалпыұлттық ауызекі нұсқа ескі сөздер мен формалардың кейбірін өшіріп, заманауи сөздер мен сөз тіркестерін енгізуі керек. Ол кейбір ауызекі нұсқаның кейбір бөлшектерін сіңіруі мүмкін, әсіресе мысырлық араб тілінен көбірек алынуы мүмкін, өйткені медиа әлемінде Мысырдың жетекші рөл атқарып отырғаны сөзсіз. Осылай араб тілінде сөйлеудің жаңа, барша арабқа түсінікті қатынас құралы пайда болар еді. Бірақ бұл – тек жорамал ғана.

Әзірше араб тілінің ешбір ауызекі нұсқасы араб ұлтты азаматтарына түгелдей түсінікті емес. Сонда араб тілі бір тіл ме, бірнеше тіл ме? Бұл жерде біз тағы да «тіл» деген сөздің анықтамасын беру проблемасына тап боламыз. Сырттай қарағанда, тек VII ғасырда пайда болған жазба тілде ғана сөйлесе алатын адамдардың өздерін бір тілде сөйлейміз деп есептейтіні күлкілі көрінуі мүмкін. Соған қарамастан, араб тілін қолданушылар оны растайды және бұрынырақ айтқанымыздай, олардың сөзіне ешкім шек келтіре алмайды. Бұл Австралия мен Еуропаға қалай тән болса, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкаға солай тән. Әрине, олардың пікірі түсінікті сөздерге ғана қатысты, бірақ жалғыз және ең маңызды ой осы ғана емес. Сөйлеушілері солай ойласа, демек, араб тілінің біртұтас бір тіл болғаны.

Қазіргі араб тілі мен қазіргі қытай тілінің біршама ұқсастығы бар (16-тарауды қараңыз). Қытайда да жазба тілдің жалпы қытай ұлтына ортақ бір ғана түрі бар да, ауызекі тілдің бірнеше нұсқасы бар, олардың бір-бірінен алшақтығы араб тіліндегі нұсқалардан да көп. Ол жақта да тіл қолданушылар бірыңғай бір ғана қытай тілінің болғанын қалайды. Бірақ саяси тұрғыдан біртұтас Қытай билігі батыл лингвистикалық реформалар жүргізді, ол стандарт ауызекі қытай тілінің елдің түкпір-түкпірінде түсінікті болуына ықпал етуі мүмкін. Араб тіліне келсек, мұндай реформа туралы ойлаудың өзі қиын. Саяси бірлік болмаса, тілдің бірыңғай болуы екіталай.

Осы кітаптың үш тарауында үш үлкен тілдің тарихтың әр кезеңінде қалай таралғаны және осы таралуларға байланысты болған түрлі оқиғалар туралы айтылды. Біз тілдердің қалай ұлғаятынын және қалай жаңа аймақтарға еніп, нығаятынын көрдік.

Грек, латын және араб тілдері қырып-жою мен соғысу арқылы шалғайдағы алыс аймақтарға тарады. Әрине, кейде соғыс болмаса да миграция жүріп жатады. Бірақ

біз жазылған тарихтан білеміз: жан баласы тұрмайтын жерге баратындар некен-саяқ (сирек мысалдардың бірі – 1100 жылдай бұрын адам келіп қоныстанған Исландия аралы). Көп жағдайда тілдің таралуы былай болады: бұрын бір немесе бірнеше тілде сөйлейтін халық тұратын жерге басқа бір тілде сөйлейтін халық келеді. Тілде адамдар сөйлейді. Сондықтан бірінші тілде сөйлейтіндер басқа жерге қуылады немесе аннексияланады, я болмаса жаңа тілді қабылдауға мәжбүр болады, не оларға аз ұлттың тіліне айналған тілде сөйлеп, тұрған жерінде тұра беруге рұқсат етіледі. Жергілікті халықтың басым бөлігі бұлардың бірімен де келіспейді, содан барып түрлі қалыптасулар туындайды.

Миграция қажет пе? Теория жүзінде адамдар басқа тілге сырттан біреулер келіп, мәжбүрлемесе де ауысып кетуі мүмкін. Іс жүзінде басқа тілге ауысу әр басқа тілде сөйлейтіндер бірге тұрып, солардың кейбіреулері екітілді болғанда кездеседі.

Біз осы кітапта әңгімелеген үш соғыс үстем тілде сөйлеушілердің жаулап алынған жерге қоныс аударғанын көрсетеді. Әдетте жеңгендер тұрғындардың бәрін бірдей өлтірмеген, ал аман қалғандар барар жері болмаған соң, бұрынғы орнында қалып қойған. Үш жағдайдың үшеуінде де өзге тілге жаппай өтуге әлеуеті болған, бірақ ол бірден іске аспаған.

Ескендір Зұлқарнайынның жеңісінен кейін грек тілі алып аймақта білім мен билік тілі болды, жүздеген жыл солай болып тұрды. Дегенмен арабтар келіп, өз тілін сол мақсатта қолданғанда, көптеген провинцияда грек тілі ізім-қайым жойылып кетті. Түріктер Византия империясын алғанда да сондай жағдай болды. Грек тілі о бастан өзі шыққан жерінде ғана өмірін жалғастырды, басқа жердің бәрінен кетті. Мұның себебі гректердің өз жерін тастап, ешқайда көптеп көшіп бармағанынан болуы керек. Тұрақты елді мекендері болмағандықтан, грек тілі бөтен жерде кең тарай алмады.

Римдіктер Италия мен Батыс Еуропаны бірнеше жүз жылдың ішінде бағындырды; бұл уақыт ішінде отарланған жерлерде жаңа тілде сөйлеушілердің бірнеше ұрпағы өсіп-өнді. Сөйтіп, олардың тілі иммиграцияның арқасында күш жинады, ал жаңадан келгендердің тұруы жергілікті тұрғындардың латын тіліне өтуін мүмкін және қажет етті. Шығыс күткеннен тез тізе бүкті, дүниенің бұл бөлігіне ұзақ тұрақтаған римдіктер көп болған жоқ. Рим билеушілеріне бұл жерде грек мәдениеті мен дәстүрінің жалғаса бергеніне қанағаттануға тура келді.

Арабтар дін үшін және басқа да мақсаттармен өздерінің тілінің үстем болуына мейлінше тырысты, бірақ олардың бұл тілегі тек Араб түбегінен көп адам қоныс аударған жерлерде ғана орындалды. Араб тілі миграциясы мұсылман дәуірі басталмай тұрып белең алған, ол айтарлықтай ұзақ уақытқа жалғасты. XI ғасырда Солтүстік Африкаға, соның ішінде Мысырға да иммиграцияның жаңа толқыны келді. Осындай иммиграцияның көмегімен екінші мыңжылдықтың жартысының ішінде араб тілі тұрақтады.

Осылайша өзге елдерді жаулап алу басқыншылар тілінің таралуына мүмкіндік берді, бірақ ол тілдердің өзге жерде өзгеріске түсуі басқыншы ұлттың қанша адамы мекен ауыстырып, өзге жерге тұрақтап қалуына немесе көшіп келуіне байланысты болды.

Қосымша әдебиеттер тізімі

6-тарау. Грек тілі: жаулап алу және мәдениет

Осы тарауда және өзге де тарауларда сөз болған грек және латын авторлары кітаптарының бәрін Лёб классикалық кітапханасы (*The Loeb Classical Library*) сериясынан тауып оқуға болады. Грек тілінің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі толық тарихы Хоррокстың (*Horrocks*, 1997) еңбегінде баяндалған. Ерте кездегі диалектілердің өзара ұқсастығы мен байланысын көру үшін Морпурго Дейвисті (*Morpurgo Davies*, 1987) қараңыз. Ежелгі замандағы Грекиядағы сауаттылық және оның атқарған рөлі туралы Боуман (*Bowman*) мен Вулфтың (*Woolf (eds.)*, 1994) еңбегі айтады. Мысырдың ықпалын Батыс ғалымдарының жоққа шығарып келгенін Бернал (*Bernal*, 1987) бүге-шігесіне дейін жасырмай жайып салды. Бернал (*Bernal*) сонымен қатар ол ықпалдың нақты деңгейі туралы даулы ойлар айтты.

7-тарау. Латын тілі: жаулап алу және тәртіп орнату

Латын тілі және оның тарихына жалпы шолуды Янсон (*Janson*, 2004) жасайды. Латын тілі мен Рим империясындағы өзге тілдердің арасындағы байланысты Адамс (*Adams*, 2003) барлық тұсынан зерттеп, айтып берген.

8-тарау. Араб тілі: жаулап алу және гін тарату

Араб тілінің тарихы туралы анықтамалық материалдармен қамтамасыз етілген кітап Верстег (*Versteegh*, 2001) деген авторға тиесілі. Тарихи деректердің егжей-тегжейін білгіңіз келсе, Льюисті (*Lewis*, 1995) оқуыңызға болады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Грек алфавитінің пайда болуына қай жазулар ең жақын үлгі болды?
2. Грек тілі ұзақ уақыт бойы ресми тіл болған, бірақ қазір халқы грек тілінде сөйлемейтін елдерді атаңыз.
3. *Koine* сөзінің қысқаша анықтамасын беріңіз.
4. Испания мен Франция Рим тәртібі бойынша өмір сүруді қашан тоқтатты?
5. Қазір Алжир деп аталатын елде б.з.д. IV ғасырда қолданыста болған екі тілді атаңыз.
6. Бұлдің маңызымыз а дейінгі XI ғасырда Францияда қай тіл күнделікті жазу тілі болған?

7. Арабтар Мысырды қай ғасырда жаулап алды? Бұл елде қай ғасырда араб тілі басты тіл болып қалыптасты?
8. Араб тілінің ауызекі формасы неге сонша көп және әртүрлі?
9. Араб тілінің қазіргі емлесі мен грамматикасы қай кітаптарға негізделіп жасалған?
10. Араб тілі неге Ирактың ауызекі тілі болып қалыптасты, ал Иран неге өз тілінде қалды?

Талқылауға арналған тақырыптар

1. Тілдердің функционалдық мүмкіндігі тұрғысынан саралаудың саналы критерийлері бар ма? Ондай сараптама жүргізудің жолдары қандай?
2. Әлемнің негізгі діндері христиан, ислам, буддизм және тағы басқа да киелі деп саналатын өте беделді кітаптар бар. Қалай ойлайсыз, дінге сенушілер сол кітаптарды өз тілінде оқуы керек пе, әлде ол маңызды емес пе?

Зерттеуге арналған тақырыптар

1. Екі түрлі тақырыптағы ағылшын тіліндегі кітапқа сараптама жасаңыз, кітаптың біреуі – университет оқулығы, екіншісі көркем әдебиет болсын. Бірдей мысал келтіріңіз, мысалы, екі кітаптың да 100-бетіндегі алғашқы 25 сөзін алып қараңыз. Ол сөздерді этимологиялық сөздіктен немесе сөздің шыққан тегі туралы мәлімет бар ағылшын түсіндірме сөздіктерінен қараңыз. Қанша сөз латын тілінен, қанша сөз грек тілінен және қанша сөз араб тілінен енген екен (сіз тандаған үзіндіде еш кірме сөз болмауы да мүмкін)? Осы екі үзіндіде кірме сөздердің саны жағынан айырмашылық бар ма? Болса, оны түсіндіруге тырысыңыз. Уәжіңізді тексеруге бола ма? Болса, қалай тексереміз?
2. Бүгінде бербер тобына жататын қанша тіл бар, олар қай елдерде қолданыста? Сұраққа жауапты қолжетімді анықтамалықтардан қараңыз, мысалы, «Этнологтың» (*Ethnologue*) интернеттегі нұсқасын қараңыз.

IV БӨЛІМ

ТІЛДЕР МЕН ҰЛТТАР



9-ТАРАУ

Данте италяян тілінде жазған ба?

9.1. Тіл қалай тілге айналады?

9.3. Ос, oil және si

9.2. Латын тілі және француз тілі

9.4. Жазба тіл және тілдің атауы

9.1. Тіл қалай тілге айналады?

Бірге-бірге латын ауызекі тіл ретінде де, жазба тіл ретінде де жоғалды, оның орнына басқа тілдер келді. Ол процесс қалай жүрді? Бұл сұрақтың төңірегінде көп адам ойланды, көп зерттеу жүргізілді. Сөйте тұра, бұл сұраққа жауап беру қиын, оның себебі сол кездегі оқиғалардың болу ретін анықтаудың кейде қиынға түсетінінен ғана емес. Үлкен қиындық ұғымның өзіне байланысты туындайды. Белгілі бір тіл қай кезде басқа тілге айналады? Жалпы, тіл деген не өзі?

Соңғы сұрақ хойсан тобындағы тілдерге байланысты туындады. Бұл сұраққа жауап беру алғашқыда аса қиын емес көрінуі мүмкін. Бірақ ол туралы неғұрлым терең ойлаған сайын, соғұрлым қиындай түседі. Лингвистер мен философтар «тіл» деген ұғымның төңірегінде тасырлар бойы ойланғып келе жатыр, бірақ әлі бірде-бір қанағаттанарлық жауап тапқан жоқ. Дәлірек айтсек, олар бүгінде «тіл» деген термин түрлі мағынада қолданылады және бірнеше құбылысты білдіреді дегенмен келіседі.

Мен әзірше тек ауызекі тілдерді қарастырайын. Адам атаулының бәрі кем дегенде бір тілде сөйлейді (мақау немесе кейбір мүмкіндігі шектеулі адамдардан басқасы). Және адам ол тілге өзімен-өзі сөйтеспейді, тілде адамдардың белгілі бір тобы сөйлейді.

Егер тек айқын бөлектенген топтар мен тармақтар болса, әр топ өзге топтардағы тілдерге ұқсамайтын өз тілін қолданса, еш қиындық болмас еді, бірақ ол – сирек жағдай. Бір топқа жататын адамдар көбінесе ұқсас тілдерде сөйлейді, олар сол топтағылардың ішіндегі өзге тармақтағыларды сәл-пәл түсінеді. Ал тіл дегеніміз не? Бұл сұраққа даусыз, қанағаттанарлық жауап жоқ.

Сондықтан адамдардың қалай сөйлесетінін, олардың бірін-бірі қаншалықты түсінетінін зерттеу жеткілікті емес. Әдетте жұрт өзін түсінетін адамдармен бір тілде, ал түсінбесе, екі басқа тілде сөйлейміз деп ойлайды. Бірақ бұл әрқашан сондай жеңіл әрі оңай емес, ол үшін сіз сөйлеушілердің пікірімен келісуіңіз керек.

Өзара бір-бірімен түсінісетін тілдерге Скандинавиядағы тілдер жатады. Шведтер норвегиялықтарды өте жақсы түсінеді және керісінше. Әйтсе де шведтер мен норвегиялықтар норвег тілінің бір басқа, швед тілінің екінші басқа тіл екенімен келіседі. Олар мұны әлемнің қалған бөлігіне де дәлелдеді.

Ал Қытайдағы жағдай басқаша. Бір провинцияда тұратын қытай екінші провинцияда тұратын қытайды мүлде түсінбейді, сөйте тұра, бәріміз бір қытай тілінде сөйлейміз деп сендіреді. Қытайтілділердің бұл пікірімен өзге сырт жұрттар да келіседі. Бұл жерде тілдердің ұқсастығы емес, адамдардың өздерінің сөйлеу жолдары туралы не ойлайтыны шешуші рөл атқарады.

Бұл – өткен тарихқа да қатысты шындық. Латын тілінің ауызекі тіл ретінде жойылуы ол тілде сөйлеушілердің өздерін латын ұлты ретінде тануды доғарған кезде тоқтады. Латын тілі өзгеріске ұшырағандықтан жойылған жоқ, латын тілі ол тілде сөйлеушілер оны басқаша атай бастағандықтан жойылды.

Мұнымен лингвистердің бәрі бірдей келіспейді. Немесе көп адам ол туралы ойланбауы да мүмкін. Қалай айтқанда да, латын тілінің француз және испан тілі болып өзгеруі белгілі бір уақытта болғанын, өйткені сол кезде дыбыс жүйесі мен лексикада тілдік өзгерістер көп болғанын айтатын мақалалар мен кітаптар жетіп артылады.

Бір тілдің басқа бір тілге айналуын сөздегі дыбыстарды немесе лингвистикалық жүйенің кез келген өзге аспектісін зерттеп айту мүмкін емес. Оны объективті жолмен емес, сөйлеушілердің өзі шешеді. Шведке «шындығына келгенде, сіз норвег тілінде сөйлеп жүрсіз» деп дәлелдеуге тырысу дұрыс болмас еді.

Тарихқа келетін болсақ, ғалымдар бұрын адамдар қандай тілдерде сөйлегені туралы қызықты ойлар айтуы мүмкін, ол қазіргі тіл қолданушылар тарапынан еш дау тудырмайды. Римдегі ауызекі тіл ежелгі дәуірде біраз өзгерді, ол кейінірек итальян, испан, француз және басқа да тілдер кіретін роман тобында кездеседі. Сондықтан кейбіреулер, шын мәнінде, б.з.д. 150 жылдардың төңірегінде римдіктер латын тілінде емес, роман тілінде сөйлеген дегенді айтады. Бірақ Рим империясындағы адамдар өздерінің латын тілінде, империялық биліктің тілінде сөйлегенін білген.

Тіл қаншалықты ұзақ жасауы мүмкін? Біз лингвистикалық өзгерістердің үнемі болып тұратынын білеміз, бірнеше ғасырдан кейін басында бір тілде жазылған құжаттар енді түсініксіз болып қалатындай дәрежеде өзгеруі мүмкін. Ол әлі сол тіл ме, әлде басқа тіл болып кетті ме?

Бұл сөйлеушілердің жеке пікіріне де байланысты. Латын тілі Италия, Франция және Испания халқы өздерін латын тілінде сөйлемейміз деп санағандықтан жоқ болып

кетті. Бірақ қытай тілі әлі бар, өйткені Қытайдағы қазіргі сөйлеушілер солай ойлайды. Адамдардың бұл мәселеге деген көзқарасы тілдің қандай екеніне, оны жұрттың қалай түсінетініне де байланысты болуы керек, бірақ жалғыз релевантты және маңызды фактор бұл ғана емес.

9.2. Латын тілі және француз тілі

Біздің заманымыздың 800 жылдарының төңірегінде Еуропа тарихында ерекше бір оқиға болды, ол тілдердің тарихына да өз әсерін тигізді. Ұлы Карл үлкен империя құрды, ол қазіргі Франция, Германия және көрші елдердің басым бөліктерінен тұрды. Ұлы Карл «халық, әсіресе дін қызметкерлері дұрыс оқу мен жазуды үйренсін» деп білім беру ісінде реформа жасады. Олар Римде сол кезден сегіз ғасыр бұрын қолданыста болған классикалық жазба латын тілін үйренуге тиіс болды. Ол реформадан екі ғасыр бұрынғы тілде жазған аз ғана топ ауызекі тілге жақын нұсқада сөйледі.

Мұның салдарының бірі – оқи және жаза алатын адамдарда ауызекі тіл жазба тілден мүлде бөлек бір нәрсе деген түсініктің қалыптасуы. Реформадан бұрын өзінен-өзі белгілі жайт болып есептелетін ауызекі тіл мен жазба тіл арасындағы байланыс жазба тілді ескі және оғаш үлгіні ұстануға мәжбүрлегенде қиындық туындатты. Көп кешікпей кей адамдар дұрыс, классикалық латын тіліне бұлыңғыр ұқсастығы бар бір нәрсе емес, ойындағыны айтқысы келгенін нақты жазуға мүмкіндік беретін жазба тіл қажет екенін сезінді.

Алғаш рет ондай қажеттілік 840 жылдары болған оқиғаларға байланысты туындады. Әрине, ол оқиғалар туралы мәтін сол кездегі барлық мәтіндердей латын тілінде жазылған.

Низард есімді автор 842 жылы Такуа Людовик деген корольдың Луи (Людовик) (кейіннен «неміс» аталып кеткен) мен Такырбас Карл атты екі ұлының маңызды кездесуі туралы айтады. Екеуі Каролинг империясын бөліп алу үшін күш біріктіріп, өздерінің ағасы Лотарға қарсы соғыс ашуды ұйғарды. Әрқайсысы өз әскерімен келіп, Страсбургте кездесті. Такырбас Карл әскерімен Франциядан келді. Людовик Германиядан жақтастарын ертіп келді. Екеуі әскер алдында ант берді. Карлдың әскері түсіну үшін Луи антты Францияның тілінде айтуға тиіс болды. Карл оған жағыну үшін неміс тілін қолданды. Бұл бір ештеңеге ұқсамайтын ерекше жағдай болды, сондықтан ант қалай айтылса, солай жазылды. Оның IX ғасырдағы Францияның ауызекі тілін қайталаған бірнеше жолы әлі сақтаулы. Луи берген анттан бірнеше үйінді келтірейік:

D'ist di in avant, in quant Deus savir et podir me dunat, si salvarai eo cist meon fradre Karlo

Ғалымдар бұл мәтін туралы көп ойланды. Классикалық латын тілінде жазсақ, бұл шамамен мынадай мәтінге айналар еді:

De isto die inanteo, in quantum mihi Deus scire et posse donaverit, sic salvabo istum meum fratrem Karolum

Ағылшын тілінде ол мынадай мағына береді:

«Осы күннен бастап өмірімнің соңына дейін Жаратқан Ием берген білім мен қабілетімді туған бауырым Карлды қолдауға жұмсаймын».

Анттың мәтіні латын тіліне ұқсамайтынын көру қиын емес. Мәтіндегі сөздердің латын сөздері екені рас. Бірақ латын тіліндегі зат есімдер мен сын есімдерге жалғау мен жұрнақтың жалғану жүйесі өте күрделі. Бұл жүйе қатты өзгерді: екі сөзге де жалғанған жалғау *ist-o di-e-ze* сәйкес келеді, *ist di* – еш жалғаусыз. Етістіктердің септелуі де мүлде басқаша. Әсіресе «Мен қолдаймын» деген мағына беретін *salvarai* сөзінің формасы ерекше. Ол *salvabo* деген етістіктен шыққан. Анттың формасы латынның *salvare habeo* деген екі етістігінен шығуы мүмкін. Осылай Луидің антының классикалық латынмен ортақ жағы көп болғанымен, септеу ережелері мен өзге де көптеген аспектісі басқаша. Ол кездегі жазба латын тілі ауызекі тілден өте алшақ болса керек.


Ғалымдар Страсбургте берілген ант жаңа тілдің, яғни ежелгі француз тілінің алғашқы мысалы дегенді жиі айтады. Әрине, бұл сөздің жаны бар. Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, ол мәтін латын тілінен гөрі француз тіліндегіге көбірек ұқсайды; бұл қазіргі француз тілінің көптеген сипаты IX ғасырдағы ауызекі тілде болғанын көрсетеді. Француз тілінің дәйексөзі келтірілген алғашқы спикері Луи екенін айта кету керек; ол қазір Германия деп аталатын елдің билеушісі болған. Каролинг империясын бүгінгі Еуроодақтың ізашарына тектен-тек ұқсатып жүрген жоқ.

Басқа жағынан алғанда, Луи мен Чарльз және оның әскері латын мен оның ауызекі түрін мүлде екі түрлі деп санаған деп айту қате болар еді. Германияда қолданылатын латынша атауы *theotisca lingua* деген тіл мен Францияда сөйлейтін латынның екі бөлек тіл екені айдан анық еді. Бұл жағдайда не айтылғанын, сауаты жоқ адамдардың оны қалай түсінгенін анық білу маңызды еді. Сондықтан Низард оны қабілет-қадерінше жазып алды. Бұл ол немесе тағы басқа біреу Францияда латын тілінен өзге тіл бар деген пікірде болғанын білдірмейді.

Одан көп кейін XI ғасырдың басында Францияның кейбір жазушылары латын тілі емес екені анық бір тілді қолданды, біраз уақыт өткеннен кейін ол тіл де өз атауын алды. Кейде оны *Roman*, кейде *François* деп атады. «Француз тілі осы кезде пайда болды» деп айтқан дұрыс. Бұл күнделікті жиналып қалған тілдік өзгерістердің іске асуы да, тілдің қоғамда жаңа қызмет атқаруы да емес еді; бірақ бұл екеуі де тілдің жетілуіне септігін тигізуі мүмкін. Шешуші оқиға тілдің жаңаша аталуы болды. Адамдар бұрынғы тілден басқа тілде сөйлеп, жаза бастады. Бұл лингвистикалық та, қоғамдық та өзгеріс емес. Бұл ойлау түріндегі және тілдің табиғатындағы өзгеріс болғандықтан, «металингвистикалық өзгеріс» деп аталады.

«Олар неге жаңа тілде жаза бастады?» – деген сұрақ туғындауы мүмкін. Оның бір жауабы мынадай: сол кезде латын тілі мен ауызекі тіл қатты алшақтады. Бірақ оның маңызды себебі болды. Бұл кезде болашақ оқырмандардың жаңа тобы қалыптасты.

Рим империясының V ғасырдағы құлауынан XI ғасырға дейінгі ұзақ уақыт



9.1-карта. Роман тобындағы тілдер. Бұл картада тілдердің тек біразы ғана көрсетілген

Еуропадағы білім мен мәдениеттің, экономикалық дамудың тарихындағы өте қараңғы кезең. Римдіктердің қалалары қирап, бос қалды, адамдардың өзара қарым-қатынасы азайды, олардың көпшілігі ауылдық жердегі кедей шаруа болды. Жазба тілді білімді адамдардың аз ғана тобы қолданды. Олардың барлығы дерлік шіркеумен қатынаста болды және олар білімді шіркеу мектептерінен алды. Шіркеудің тілі латын тілі болып қалды.

XI ғасырдың соңына қарай ұзаққа созылған даму басталды. Экономика жақсарды, қарым-қатынас пен байланыс та жиіледі. Шіркеудегі қызметке тұруға құлқы болмаса да, жағдайы барлар мектептен ресми білім алды. Ақсарайлар мен қорғандарда тұратын ақшасы да, бос уақыты да көп ақсүйек ерлер мен әйелдер пайда болды. Олар оқи білді, бірақ теология мен діншіл адамдардың өміріне қызықпады. Бұл ортада махаббат туралы әндер, батырлар туралы ертегілер, эпикалық дастандар туындады. Мәтіндер француз тіліне ұқсайтын тілде жазылды.

Бірақ алғашқыда француз тілінде жазылған келісімшарттар, заңдар және өзге де ресми құжаттар кездеспеді. Әрине, құзырлы адамдарға құжаттың тілі түсінікті болуы керек. Сондықтан олар француз тілінің ауызекі тілге жақын түрінде жазылады. Бірақ мұндай мақсаттарға қызмет етуін латын тілі ұзақ уақыт бойы тоқтатпады. Бизнес пен заң саласына керекті жаңа тіл енгізілмеді. Оған латын тілі жақсы сәйкес келеді деп есептелді.

«Француз тілі алғаш қашан пайда болған?» деген сұраққа оралайық: бұл тілдің атауы тұңғыш рет жазба тілді белгілеу үшін қолданылды. *François* тілі дегенде жазылған мәтіндер болғандықтан, француз тілі *François* деген сөзден шықты. Жұрт латын тіліне ұқсамайтын бір тілде одан көп бұрын сөйлеп жүрді, бірақ жазба тіл пайда болмайынша, ол тіл дербес атауға ие болған жоқ.

Сол кезде латын тілі де тоқтады ма? Тоқтаған жоқ. Біріншіден, адамдар Францияда да, басқа елдерде де латын тілінде оқуын және жазуын жүздеген жылдар бойы жалғастыра берді. Екіншіден, *François* тілінде тек Солтүстік Францияның халқы сөйледі, бірақ латын тілінде сөйлеуші бұрынғы аймақ одан анағұрлым үлкен болды. Енді өзге елдерге қарайық.

9.3. Ос, oil және si

Францияның солтүстігінде француз тілі жазба тіл болып қалыптасқанда, қазіргі Оңтүстік Францияда жазудың басқа түрі шықты. Бұл аймақтың тілі «окситан» деп аталды, оның ең басты диалекті және жазба тілдің негізі провансаль диалектісі болды. Іс жүзінде бұл екі атау бірінің орнына бірі қолданыла береді. «Окситан» тілі орта ғасырларда 400–500 жылдай жазуда қолданылды, сосын XIX ғасырдағы Қайта өрлеу кезеңінде қайта жаңғырды. Қазір ол тілдің жазба түрі өте аз кездеседі. Ауызекі тіл ретінде «окситан» қазір шегініп, елдің ресми тілі болып саналатын француз тіліне жол берді.

Орта ғасырлық мәтіндер трубадурлардың жырларынан, күрделі поэтикалық нақыштардан құралған, көркемдігі жоғары махаббат туралы өлеңдерден тұрады. Трубадурлар және олардың тындармандары бақуатты Прованс аймағындағы королева, герцог, граф және басқа да маңызды адамдардың айналасында жүретін. Бұл поэзия жаңаша, сәнді, талғаммен өмір сүру дәстүріне ұқсатылды. Оған бүкіл Еуропа тамсанып, еліктеді. Бәрінің тәкаппар мінезді, сүйікті әйелдің жүрегін жаулайтын трубадур немесе трубадурдың ынтызары болғысы келді.

Алғашқы екі жазба роман тілі, шамамен, бір мезетте пайда болды. Францияның солтүстігінде француз тілі, оңтүстігінде провансаль тілі. Олар XII–XIII ғасырларда жетіліп, тұрақтады. XIII ғасырда үшінші роман тілі қылаң берді, ол қазір «итальян тілі» деп аталады.

Бірақ алғашқыда оны басқаша атады. Италия аумағында латын тілінен басқа тілде жазған бірінші адамдар XIII ғасырдың басында Сицилияда, II Фредерик Палермодағы ақсарайында тұрған. Қазір ұмытылып бара жатқан ақындар провансаль мәнерінде, бірақ аралда сөйленетін тілде өлең жазды. Екі ұрпақ кейін өмір сүрген Данте «итальяндар жазған өлеңдердің бәрі сицилиялық», ал олар жазған тіл *sicilianum vulgare* деп аталды деген. Данте болашақта да солай болады деп ойлады. Дантенің өзі кедергі болмағанда, итальян тілі әлі күнге дейін сицилия тілі деп аталар ма еді?

Данте Алигьери (1265–1321) – «*Құдіретті комедия*» (*La divina commedia*) деген шығарма жазған атақты ақын. Оны тіл мәселелері де қатты толғандырды. Ол поэзиялық шығармаларын біз «итальян тілі» деп атайтын тілде жазды, латын тілінде бірнеше

кітап шығарды. Олардың бірі *De vulgari eloquentia* – «Баршаға түсінікті тілде қалай жазу керек?» деп аталады.

Трактатта Данте Еуропадағы тілдердің жағдайын өз көзқарасы тұрғысынан сөз етеді, бірақ кітаптың басты мақсаты Италия үшін қай жазба тіл ең тиімді екенін зерделеу болды. Үшінші жазба роман тілін қалыптастыратын уақыт келген еді, Данте оны істейтін адам өзі екенін түсінді.

Біріншіден, Данте Библиядағы дүниенің жаратылуы туралы аңыз-әңгімеге сүйене отырып, әлемдегі тілдерге қысқаша шолу жасайды. Ол ең бірінші сөйлеген адам Адам ата емес, жыланға жауап берген Хауа ана болған деген аңызды ұнатпады. Мұндай іске еркек емес, әйел қабілетті болғаны дұрыс емес деп санап, оқиғаны шетке ысырып қойды. Сөйтіп, сөйлеу қабілетін Жаратқан Иенің өз қолынан, ең алдымен, Адам ата алса керек деді.

Библиядағы аңыз бойынша, адамзаттың бәрі бірдей сөйлеген, бірін-бірі түсінген о бастағы тіл қарғысқа ұшырап, Бабыл мұнарасын тұрғызу жоспары орындалмай қалған. «Еуропада о баста үш тіл болған», – дейді Данте. Біз «идиома» деп қолданып жүрген гректің «idiom» сөзін алып, Данте оларды *idiomata* деп атайды. Бірінші – грек тілі, екінші тіл – солтүстік және шығыста әртүрлі тілдерге айналып кеткен неміс, ағылшын, славян және венгр тілдері. Ол тілдердің арасында өте үлкен айырмашылықтар бар екенін Данте білмесе керек. Үшінші идиома – Еуропаның батысында сөйленетін тіл, Данте ол туралы айтарлықтай көп білген.

Оның айтуы бойынша, бұлар іс жүзінде бір тіл, бірақ ол қазір үш қырлы сияқты болып көрінеді. Оның бір тіл екені сөздердің барлығы дерлік бірдей екенінен байқалады. Бірақ олардың арасында біршама айырмашылық та бар, соның бірі «иә» деген сөздің айтылуы: испандар *os* дейді, франктер *oil* дейді, итальяндар *si* дейді.

Данте «испандар» (*Испания*) деп атаған адамдар, оның сөзі бойынша Оңтүстік Еуропада, Генуяның батысында тұрады; Италияның солтүстік-батысында орналасқан. Данте бұл жерде окситан тілі туралы айтып отыр, оның білуінше, окситан тілінде Пиреней түбегінің барлық жерінде сөйлейді екен. Бірақ ешқашан бұлай болған емес. Провансаль тілінде «иә» деген «ос» (ок) болады, біз сондықтан да оны «окситан тілі» дейміз.

Франктердің тілі деп Данте жақсы дамыған әдеби француз тілін айтады. Дантенің жіктеуі алғашқыда дұрыс сияқты көрінгенімен, сөйлеудің түрлі жолдарын көрсете алмады. Ол тілдерді жаңа жазба тілдерге сәйкес бөледі. Жақсы атакқа ие француз тілі өзіне тиесілісін алды, ал онымен терезесі тең провансаль анағұрлым көп алды. Үшінші бөлікті Данте өзі қолданып жүрген, Италияда жалпылай қабылданып деп жатқан жазба тілге қалдырды.

Данте тілдердің бұл үш түрін де *vulgare* деп атады, ол «танымал тіл» немесе «диалект» дегенді білдіреді; ол *ydiuma* (тіл) деген сөзді қолданбады.

Данте жазған трактаттың басты тақырыбы: Италия жазба тілі қандай болу керек? Ол, алдымен, Италияның әр түкпіріндегі ауызекі тілдерге шолу жасап алды. Білуінше, бұл – диалектілерді бұрын-соңды зерттеген алғашқы жұмыс, еңбек әрі қызықты, әрі ғылыми тұрғыдан жасалған. Алдымен ол Римдегі сөйлеу мәнерін сынайды, оны «итальян диалектілерінің ішіндегі ең масқарасы» дейді. Одан да бетер сорақы жалғыз

акцент – Сардиния акценті, ол латын тіліне өте жақын. Данте: «Сардиниялықтар латын тіліне «маймылша» еліктейді», – дейді. Дантенің сынына ұшырамаған, дөрекі емес, жазуда қолданылып үлгерген тілдер – Сицилия, Тоскания (Дантенің өз диалекті) және Болония диалектілері.

Бірақ ол диалектіні өзгертпей қолдануға болмайды деп қорытындылайды. Дұрыс және жазуға ыңғайлы жазба тіл – *vulgare illustre* барлық диалектіге тән сипаттарды қамтуы керек, бірақ еш диалектіні ерекшелемеуі тиіс.

Одан кейінірек, әлемнің бірнеше елінде жаңа жазба тіл жасалып жатқанда, адамдар осыған ұқсас көзқараста болды. Бірақ бұл ойды айтқан бірінші адам – Данте. Оған қоса, ол өзінен кейінгі мықты тілі бар елдердің ағартушылары болып саналатын тіл жоспарлаушылардан мүлде өзгеше болды. Данте өнер адамы және интеллектуал еді. Ол Италияның бір кішігірім облысынан шыққан қашқын болатын, өмірін бір аймақтан екінші аймаққа көшіп-қонумен өткізді. Одан бұрын ешкім ол аймақтардың бәрі бір тілде сөйлейтінін айтпаған.

Бірақ бұл – тек Дантенің көзқарасы. Данте лингвист және акын ғана емес, саясаткер мен идеолог та болды. Ол Италияның басқаша құрылған, дамыған мемлекет болғанын қалады, барлық жерінде керемет қорғандар мен салтанатты сарайлар салынып, бүкіл ел бір императордың қоластына бірігіп, ал сарайдың тілі дәл Данте ұсынған тіл нұсқасы болса екен деді. Оның пікірі бойынша, нағыз *vulgare illustre* сарайдың да тілі болуы керек. Бұл провансаль – тіпті француз тіліне де қатысты шындық. Жаңа тіл, расында да, солардың деңгейіне көтерілсе, Италия жақсы көмекшілері бар маңызды билеушіге ие болғаны.

Бұлай ойлау Данте және оның орны туралы көп мәлімет береді. Сондай-ақ ол жаңа роман тілдерінің нәліктен пайда болғанын және олардың қызметі мен болмысын да көрсетеді. Халық латын тілінің орнына өз тілін француз, провансаль немесе итальян тілі деп атай бастаған жоқ. Біз орта ғасырлардағы адамдардың өздері сөйлейтін тілді қалай атағаны туралы өте аз білеміз. Жазба деректерде ол туралы еш мәлімет жоқ. Олар латын, грек және иврит сияқты жазба тілдер, сосын француз және әдеби тілге айналған өзге де тілдер туралы айтады. Бірақ сол кезде қарапайым адамдардан қай тілде сөйлейтінін сұраса, олар апулей, болоньез, сицилиялық және басқа да түрлі итальян диалектілерін айтар еді.

Жаңа жазба тілдер түрлі ауызекі диалектілерден жасалды. Оған лингвистикалық тәжірибесі бар, латын тілін білетін адамдар жауапты болды. Бұл процесс алдымен Францияның солтүстігінде, Прованста, сосын Италия мен Испанияда, одан кейін Португалияда, ең соңында Румынияда жүрді.

Роман тілдері аумағы тілдік өзгерістерге немесе ауызекі тілдегі ерекше үлкен айырмашылықтарға бола түрлі тілдерге бөлініп кеткен жоқ. Оның орнына авторлар мен өзге де білімді адамдар ойды көркем жеткізетін жаңа жазба нұсқалар жасады. Ол адамдар әдетте саяси орталықтарға өте жақын жерлерде жүретін.

Осылай жаңа тілдер әдебиет құралы ғана емес, саяси биліктің көрінісі де болды. Өсіп келе жатқан француз корольдығындағы француздар ықпалды христиан дінімен

ерекше қатынасты латын тілінде ғана емес, өз тілдерінде жаза алуы үлкен жаңалық болды. Жаңа тілдер шіркеудің шырмауынан шыққысы келгендерге жаңа дем берді.

Данте Италияның жаңа, саяси, біртұтас ел болғанын қалап, ол үшін жаңа тіл жасағысы келді. Осындай ойлары үшін болмаса да, жаңа тілде жазылған көркем шығармалары үшін біраз табысқа жетті. «*Құдіретті комедия*» лингвистикалық үлгіге айналды, сөйтіп итальян тілі басты Еуропа тілдерінің бірі болып қалыптасты. Италияның жалпыға ортақ жазба тілге және жалпы әдеби мұраға ие болуының өзі келесі ғасырларда ел тағдырына үлкен жағымды әсерін тигізді. Ол Италия деген елдің біртұтас саяси тұлғасының шындық екенін көрсетті. Тарихтан білегіміздей, Данте өмір сүрген кезден 500 жыл өткеннен кейін, XIX ғасырдың ортасында итальян үкіметі пайда болды.

9.4. Жазба тіл және тілдің атауы

Данте алғашқы итальян жазушысы болса да, «ол итальян тілінде жазды ма, басқа тілде жазды ма?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл таңданарлық емес. Данте тілдің жаңа нормасын саналы түрде әдейі жасады және оны өзінің поэзиялық шығармаларында қолданды. Ол тек жаңа тілге атау ойлап таба алмады.

Данте жазба тілдің жаңа түрін *vulgare* деп атады. Ол бұл тілдің үш басқа түрі бар екенін айтады. Италияда қолданылатын түрін *Latium vulgare*, яғни «жалпыға ортақ латын тілі» деп атады. Италиян халқын *Ytali* деп атады, бірақ ол сөзді тілмен байланысты қолданбады. Өзі үйреніп алып, жазып жүрген латын тіліне келетін болсақ, оны да өзгеше атайды. Данте оны үнемі *Grammatica* (грамматика) деп атаған. Ал итальян тілінде жазғанда таңданарлық термин қолданған. Ол мәтіндерде кейде өзі жазып отырған тіл туралы айта кетіп, оны *Latino* (латын тілі) деп атайды.

Бізді бұл қатты шатастырады. Данте латын тілін бір, итальян тілін мүлде басқа тіл деп санамаған екен. Ал бүгінде бұл – жалпыға ортақ көзқарас. Дантенің санасында тек бір тіл болды: ол – бірде жазба латын тілі, біресе көпке танымал жазба тілдердің бірі. Данте латын тілін өзге танымал тілдердің шығу төркіні деп емес, диалектілік айырмашылығы жоқ жалпыға ортақ жазба тіл деп санады. Бұл тұрғыдан оның көзқарасы тілдің даму тарихын мүлде жоққа шығарды.

Бірақ кейінгі ұрпақ бұған басқаша қарады. Дантенің тілі көптеген авторға үлгі болды. Ол қайтыс болғаннан кейін, тілге ат беру өзекті мәселеге айналды. Сөйтіп, оны *italiano* немесе *lingua italiana* (итальян тілі) деп атады. Осылай Данте мен оның замандастары жасаған жаңа тіл өз атауын кейінірек алды.

Францияның солтүстігі мен Прованста да осындай жағдай. Жаңа француз жазуы өзіне берілген аттан бұрын дамыды. Оны көпке дейін біресе *roman* (*роман*), біресе *françois* (*франсуа*) деп атап жүрді, сосын екінші атауы тұрақтады. Прованстықтарда тілдің атауы жөнінде ешқашан бірауызды келісім болған емес. Провансаль (*provençal*) немесе *occitan* (*окситан*) немесе *langue d'oc* (*ок тілі*) деген атаулар бүгінде де әлі бәсекелесіп жүр.

Тілге ат берудегі мұндай талас-тартыс шектен шыққан кірпияздық сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұрын айтылғандай, тілдің өмір сүруі үшін адамдардың ол туралы «өмір сүріп жатыр» деп ойлағаны керек. Тіл атауының маңызы зор, өйткені атауы жоқ нәрсе туралы айту қиындық туындатады, ол тіл туралы айтпағаннан кейін, оның бар-жоғы белгісіз болады дегені рас болса, онда тілдің атауының қажет болғаны. Жаңа тіл оның атауы металингвистикалық өзгерістерді бастан кешіп барып қойылғанда өмір сүреді.

Меніңше, *italiano* деген атау кеңінен қолданысқа түспейінше, итальян тілінің өмірде болмауы сол себепті. Тілге атау XIV ғасырдың ортасында немесе одан сәл бертінде, Дантеден кейін бір ұрпақ ауысқанда қойылды. Сонда итальян тілі деген терминді кім қолданды? Сол тілде оқи және жаза алатындар – Италияның сауда-саттықпен айналысатын бай қалаларындағы шағын топтар. Қарапайым адамдар тілдің атауы бар екені туралы көпке дейін ештеңе білмесе керек. Олар өздерін жергілікті *mantovano*, «мантуа диалектісінде» сөйлейміз деп, ал латынды жазба тіліміз деп ойлады.

Жағдай өзгерді, Италияның халқы итальян тілінде сөйлейтінін білді, бұл – бүкіл әлемге аян жайт. Оның дәл қашан болғаны белгісіз, бірақ өте баяу және бірте-бірте болған процесс екенін білеміз. Жазба итальян тілі кеңінен тарап, көп жерде қолданысқа түскен сайын, халық өзінің жазғанда қолданатын итальян тілінде сөйлейтінін біле бастады.

Алдымен жазба тіл жасалды, сосын ол «итальян тілі» деген атауға ие болды, сонында ол атау ауызекі тілге де таңылды. Әдетте тілдің іргетасы ауызекі тіл арқылы қаланады, ал қандай да бір жазу сол тілге еліктеу болып саналады. Соған қарамастан, тілдің тек жаңа жазба түрі пайда болғанда ғана өздері сөйлейтін тілді өзгелерден ажыратып қарайды.

Бұл тек Италия мен роман тілдеріне ғана қатысты емес. Тілді тіл деп қабылдау үшін жазудың атқаратын рөлі өте маңызды. Қорыта айтқанда, дербес жазуы болса, оның тіл болғаны, ал жазуы болмаса, ол тіл емес. Бұрын адамдар осылай ойлайтын, ал кей адамдар әлі күнге дейін солай ойлайды.

10-ТАРАУ

Герман тілдерінен қазіргі ағылшын тіліне дейін

- | | |
|--|--|
| 10.1. Ағылшын тілі Британияға қалай келді? | 10.8. Король Альфред және батыс саксондар |
| 10.2. Германдар, англдар және саксондар | 10.9. Нормандар мен француздар |
| 10.3. Англдар мен саксондардың тілі | 10.10. Ағылшын тілінің трансформацияға ұшырауы |
| 10.4. Британиядағы руналар | 10.11. Жаңа стандарт |
| 10.5. Роман жазуы және ағылшын тілі | 10.12. Ұлттық мемлекет және ұлттық тіл |
| 10.6. Ағылшын әдебиетінің алғашқы кезеңі | |
| 10.7. Беде, латын тілі және ағылшын тілі | |

10.1. Ағылшын тілі Британияға қалай келді?

Ағылшын тілі дербес, мойындалған тіл ретінде алдыңғы тарауда айтылған роман тілдерінен ертерек пайда болды. Оның бір себебі – Рим империясы құлағаннан кейінгі Англиядағы жағдай, сондықтан сол кезеңдегі оқиғалардан бастайық.

Римдіктер Британияны б.з.д. I ғасырда жаулап алды, ол елді 300 жылдан астам уақыт билеп тұрды. Соған қарамастан, латын қазіргі Франция, Испания және Португалиядағыдай, көпке ортақ ауызекі тіл бола алмады. Мұның себептерін тек жорамалдауға ғана болады. Британия халқының көпшілігі үндіеуропалық тілдердің

кельт тобына жататын өз тілін сақтап қалды. Ол қазір бірде «британ тілі», бірде «бретон тілі» деп аталады; қазіргі валлий тілі және 1800 жылдары біреулердің ана тілі болуын тоқтатқан корн тілі (Корнуоллдағы) содан туындаған.

Шамамен 400 жылы Британиядағы Рим әскерлері құрлыққа шақырылды, өйткені онда дағдарыс басталған болатын; содан бері Рим билеушілерінің, жауынгерлердің, салық жинаушылардың үні өшті. Британдықтар өздерімен-өздері қалды, бұл жағдай аумалы-төкпелі V ғасырда халыққа қиын тиді. Римдіктер кете салысымен аралға екі жақтан шабуыл жасалды. Римдіктер барып үлгермеген солтүстіктен мүлде бөтен, кельт тілінде сөйлейтін ирландтар батыс жағалаудан шүйлікті, олар кейінірек басқа жерлерді де алды. Ирланд тілінің қазіргі заманғы нұсқасы «гэль тілі» деп аталады. Солтүстікте пикт деген ешкімге белгісіз халық тұрды, олардың өз тілі болды.

Бірақ ең қатты соққы шығыстан тиді. Солтүстік теңізінің оңтүстік және шығыс жағалауынан шыққан герман тайпалары мүшкіл халдегі империядан өздеріне мүмкіндік іздеді. Британ аралындағылар оларға аса қарсылық көрсетпеді. Алғашқы герман тайпалары солтүстік пен батыстан шабуылдаған Ирланд басқыншыларына тойтарыс беруге көмектесуге шақырған бретондардың өтінішімен үш кемемен 449 жылы келген деседі.

Одан кейін тағы басқалар келді, олардың көпшілігі англ және саксон деген тайпалардан еді. Олар Британия аралына тез тарап, әрқайсысы дербес корольдықтарын құрып алды. Бір жарым ғасырдай уақыт өткенде, 600 жылдары Англияның үлкен бөлігі солардың қоластында болды. Британдар Уэльс пен Корнуоллға шегіндірілді, ал Ирландиядан келген шотландтар Шотландияны ұстап тұрды.


Олардың тілі жаулап алған бүкіл аумаққа тарап кетті. Римдіктер тілін тарата алмаған жерде герман басқыншылары 300 жылға жетпейтін уақыттың ішінде жергілікті халықты өз тіліне көшірді. Ол қалай іске асты? Германдар Британияға көптеп көшіп келуі мүмкін және олар шаруашылықпен өздері айналысты. Сондай-ақ олар бриттерді қуып жіберіп немесе жүйелі түрде көздерін жойып отыруы ықтимал, бірақ бұл – тек жорамал ғана. Бір анығы – жаңа корольдықтар римдіктердің де, бриттердің де өмір сүру дәстүрін ұстанбады, олар таза герман корольдықтары болды.

Аралдағы жағдай X ғасырда жазылуы мүмкін Питерборо жылнамасының (англ-саксон жылнамасының бір нұсқасы) басында айтылады. Содан үзінді келтірейік:

Brittene igland is ehta hund mila lang & twa hund brad, & her sind on þis iglande fif gebeode: Englisc & Brittisc ...& Scyttisc & Pyhtisc & Boc Leden.

Бұл жолдардың қазіргі ағылшын тіліне аудармасы:

«Британ аралдарының ұзындығы сегіз жүз миль, ені екі жүз миль және бұл аралда бес тілде сөйлейді: ағылшын және британдық... шотланд және пикт тілдері, сонымен бірге кітаби латын тілінде». Аудармасыз мәтіннің мағынасын ашу оңай болмаса да, қазіргі ағылшын тілінде сөзбе-сөз айтып беруге болады. Ондағы сөздердің көбінің қазіргі сөздермен байланысы бар немесе ұқсас. Мәтін ағылшын тілінің ежелгі нұсқасында жазылғаны анық, автор оны *Englisc* деп атайды.



10.1-карта. Беденің кезіндегі Британия

Осылай ағылшын тіліне француз және итальян тілдерінен жүздеген жыл бұрын ат қойылған және ол жазба тіл ретінде қолданылған. Себебі неде? Бұл сұраққа жауап беру үшін Англияға келген герман халықтарының өткеніне және олар келген кезде тап болған жағдайға үңілу керек.

10.2. Германдар, англдар және саксондар

Римдіктер Оңтүстік және Батыс Еуропада өз империясын тұрғызғанда, шығыс пен солтүстікте тұратын *германдармен* дау-дамайға барды. Б.з.д. 50 жылдары Галлияға шабуылдауға қатысқан Юлий Цезарь Рейн өзенінен батысқа қарай жатқан жердің бәрінен Рим билігін орнатты. Содан бастап ол өзен Рим империясын герман халықтарынан бөлетін шегара саналды. Роман және герман тілдері арасындағы лингвистикалық шегара әлі сол өзенді бағдар тұтады.

Герман халықтары басы бірікпей, ыдыраңқы жүрді, аз ғана халықтан тұратын дербес корольдықтар көп болды. Біз олардың тіршілігі мен билігі туралы латын және грек тіліндегі дереккөздерден оқи аламыз. Әсіресе Рим тарихшысы Тациттің б.з.д. 98 жылы жазылған герман тайпалары туралы кішігірім кітабы өте маңызды ақпарат береді. Автор Англияда бірнеше жыл қолбасшы болып қызмет еткен өзінің қайын атасы Агриколаның өмірбаянын жазған.

Ол кітапта англдар қазір аттары ұмыт болған бірнеше көршісімен бірге көрсетіледі. Тацит олар туралы: «*Reudigni ... et Aviones et Anglii et Varini et Eudoses et Suardones et Nuitones*», – деп, оларды қазіргі Шлезвиг пен Мекленбургте, Солтүстік теңіздің жағалауы мен Балтық теңізінің оңтүстік-батыс жағалауында өмір сүретін адамдар ретінде суреттейді. Тацит: «Тайпалардың айтарлықтай өзгешелігі жоқ, бірақ олардың бәрі ортақ культ Нертаға, Жер-Анаға табынады», – дейді.

Тациттің жазғаны рас болса және оған күмән келтіретіндей себеп болмаса, ол кездегі англдардың шағын ғана аумақта өздеріне ұқсас алты тайпамен көршілес тұратын қарапайым топ болғаны. Англдардың саны көп емес, бес-алты мыңнан аспады.

Тацит саксондар туралы бір сөз де айтпаған, бірақ шамамен жүз жылдан кейін олар басқа мәтіндерде көрініс тапты. Саксондар өздерінен кішірек тайпаларды біріктіру арқылы ел болған тәрізді. IV ғасырға қарай олар Римдік Галлия жағалауы бойына, Рейн өзенінен Луар өзеніне дейінгі аралықтарға рейдерлік шабуыл жасап, атағы шықты.

Сондықтан англдар мен саксондар дегеніміз – бастапқыда Солтүстік теңіз жағалауы бойында өзге герман тайпалары мен көрші тұрған герман тайпалары. Ал олардың тілі немесе тілдері ше?

Тацит және өзге де Рим авторлары герман тайпаларының тілі туралы аз айтқан. Соған қарамастан, олардың сол кезде өте ұқсас тілде сөйлегені байқалады, бірақ сондай үлкен аймақта өмір сүріп жатқан халықтарда диалектілік айырмашылықтар болғаны анық. Ол кездегі герман тайпалары қазіргі Германия, Нидерланд, Скандинавияның оңтүстігі деп аталатын елдердің ең шұрайлы жерлерінде тұрған. Бүгінде жорамал ортақ тіл (*the hypothetical common language*) герман немесе протогерман тілі деп аталады.

Ол тілдің өз атауы болмаған сияқты. Заманауи дереккөздер герман тілі дегенді айтпайды. Латын тіліндегі әдебиеттерде ел мен оның тұрғындары туралы *Germania* және *Germani* деген сөздер айтылады. Герман халықтары оларды қолданды ма, жоқ па – белгісіз. Сөздің шығу төркіні белгісіз. Герман тілдерінде сөйлейтін адамдар өздерін қандай да бір контексте біртұтас халық санады деп айту қиын. Біртұтас халық санамаған екен, демек, оларда жалпы атауға деген қажеттілік болмаған.

10.3. Англдар мен саксондардың тілі

Саксондар Англияның оңтүстігіне еніп алып, Ла-Манштың жағалауында Эссекс, Сассекс және Уэссекс деген үш корольдық құрды. Англдар Темза өзенінің солтүстігіндегі аймақта үстем болды, олар Шығыс Англия, Орталық Англия, Мерсия және Нортумбрия корольдықтарын орнатты; Нортумбрияның аумағы солтүстіктегі Ферт-оф-Фортка дейін созылып жатты.

Олар англ және саксон тілдерінде сөйлеп келді ме, әлде англ-саксон тілінде сөйлеп келді ме? Екеуінде де сөйлемеген болса керек. Екі басқа тілде сөйледі деп айта алмаймыз, өйткені дереккөздер оңтүстік пен солтүстіктегі тілдің арасында үлкен айырмашылықтың болмағанын, ол жерлердің адамдары бір-бірін оңай түсінгенін көрсетеді. Оның үстіне, Англияға келмей тұрғанда, англдар мен саксондардың басы бірікпеген. Өзге де басқыншылар болған. Кент және Уайт аралын юттар (Ютландиядан келуі мүмкін, бірақ бұл – даулы жорамал) алған. Қазіргі ғалымдар сырттан келгендердің арасында фриздер көп болған дейді.

Осылай Англияға әкелінген герман тілі еш этникалық топтың меншігі болған емес. Ол тілде Солтүстік теңіз жағалауының айтарлықтай аумағында сөйледі; оның диалектілік нұсқалары әрі қарай оңтүстікке, шығысқа және солтүстікке созылған жерлерде кездесті.

Ол жерлерді германдардан бұрын мекен еткен брит, шотланд және пикттердің тілдері бір-бірінен қатты өзгеше еді және олар герман тілдеріне еш ұқсамады. Сырттан келгендер мәдениеті мен саяси мақсаты бөлек жаңа тілдік топ құрды. Топ ішіндегі диалектілік айырмашылықтар онша қатты білінбеді, ұқсастығы көп болды. Өзге тілдерде сөйлейтін жергілікті халық басқыншылардың бәрін бір тілде сөйлейді деп ойлады. Олар да өздерін көп жағынан біртұтас халықпыз деп санады. Бірақ саяси бірлік жоқ еді, олар бірнеше дербес корольдықтарға бөлінді.

Сонда ағылшын тілі қашан пайда болды деген сұрақ туындайды. Британиядағы адамдар герман тілін қашаннан бастап өздеріне қатысты тіл деп ойлай бастады? Жоғарыда роман тілдерінің мәтін жазу барысында өзіндік келбетке ие болғанын, тілдердің атаулары сол кезде немесе одан сәл кейінірек пайда болғанын айтқанбыз. Британияда да жағдай тура сондай ретпен өрбіді.

Бірақ бұл елде екі түрлі қаріппен жазғандықтан, жағдай күрделірек болды. Алдымен руна жазуын қарастырайық, сосын одан маңыздырақ латын жазуын әңгіме етеміз.

10.4. Британиядағы руналар

Герман тайпалары өздерін біртұтас, бір топқа жатамыз деп есептемесе де, олар өз тілдеріне бейімделген бір жазу жүйесі – рунаны қолданды. Бүгінде ол жазу б.з.д. I ғасырда ойлап табылған деп есептеледі. Руна – алфавиттік жазу, сондықтан ол жалпы идеяны римдіктер қолданған латын алфавитінен немесе Италия мен Грекияда қолданылған өзге бір алфавиттен алуы мүмкін деп жорамалдаймын. Дегенмен руна жазуы бейімдеуге еркін түскені білінеді. Негізінен, әріптер түзу сызықтардан тұрады, оларды ағашты жонып жазуға бейімдеген тәрізді. Кейбірі латын әріптеріне ұқсайды, мысалы \mathfrak{B} В әрпіне, \mathfrak{T} Т әрпіне ұқсайды, бірақ көбі қатты өзгерген немесе мүлде басқа, мысалы F-ті \mathfrak{F} , D-ны \mathfrak{D} белгілеген. Кейбір әріптер герман тілдеріндегі дыбыстарды білдіреді, латын жазуында оларға сәйкес келетін еш әріп жоқ. Мәселен, $\mathfrak{þ}$ *thing* деген сөздің басында келетін тісаралық фрикативті дыбысқа, *we* деген сөздің басында естілетін \mathfrak{w} веляр аппроксимантқа сәйкесетін әріп жоқ.

Ең ежелгі руна жазбалары б.з.д. шамамен 200 жылдарында жазылған; руналардың тарихы ұзақ, әсіресе мың жылдан астам қолданыста болған скандинав рунасы туралы мәлімет көп.

Британияны жаулап алуға келгендердің ішінде руна жазуын білетіндер де болған. Аралдағы жаңа тілдің ең алғашқы куәсі – бұғының сүйегіне жазылған мәтін; ол IV–V ғасырларда жасалған сауыттан табылған. Ол жерде $\mathfrak{R}\mathfrak{E}\mathfrak{I}\mathfrak{N}\mathfrak{T}$ деп жазылған, оның транслитерациясын «*райхан*» деп оқуға болады. Өкінішке қарай, бұл сөздің мағынасы түсініксіз, әйтсе де әріптердің орналасу ретіне қарағанда, ол бізге белгісіз герман сөзі болуы мүмкін.

Алғашқы екі жүз жылда, шамамен 650 жылға дейін рунамен жазылған жазбалар негізінен оңтүстік-шығыста және оңтүстікте, Шығыс Англияда, Кент графтығында кездеседі. Британиядағы әріптердің саны мен пішіні континенттегі жалпыға ортақ қабылданған жазудан бірнеше айырмашылығы бар, ол, негізінен, жазуды ауызекі тілге бейімдеу нәтижесінде болған. Англ-саксон руналық алфавиті осынысымен ерекшеленеді.

Оңтүстік пен оңтүстік-батыста рунадан шамамен 650 жылдары бас тартты. Бұл таңғаларлық емес, өйткені енді оның орнына жазбалар латын қарпі негізінде жасалуы мүмкін. Мидленсте және бәрінен бұрын Нортумбрияда VII ғасырдан XI ғасырға дейін руна жазуы христиандық контексте тұрақты қолданылды. Шіркеу ескі руна қарпін өз мақсатында қолдануды дұрыс көрді. Оның да себебі болған тәрізді. Ең алдымен, кей адамдар өз тіліндегі руна жазуын оқи алған, ал латын жазуын оқи алмаған. Сондай-ақ шіркеу руна мен ескі дінге тән магиялық жоралғылардың арасындағы байланысты жойғысы келді.

Сонымен, англ-саксон руна жазуы ағылшынша мәтіндерді жазудың алғашқы түрі болған ба? Толықтай «иә» деп жауап бере алмаймыз. «Рим жазуына дейін Британияда герман тіліндегі мәтіндерді руна жазуымен жазған» дегенмен ешкім таласа алмайды. Бірақ ол ағылшын тілінде ме еді? Рунамен жаза бастағанда, жұрт Британиядағы герман тілі туралы континенттегі тілдерден бөлек бір тіл деп ойламаса керек. Руналар қолданыстан шығардан бұрын ерекше тіл туралы ұғым берік орнаған. Рунаны қолдану

бұл процеске айтарлықтай әсер етті деп айта алмаймыз. Руна жазуы қолданыста ұзақ болған жоқ, ал оңтүстік-батыс Англияның басым бөлігіне мүлде келген жоқ. Тұтастай қарағанда, руна – маргинал құбылыс. Жазба ағылшын тілі басқаша қалыптасты.

10.5. Роман жазуы және ағылшын тілі

450 жылғы басқыншылықтан кейін Британияның герман тайпалары мекен еткен бөліктерінен латын тілі жоқ болып кетті. Христиан дінін ұстанатын ирландтар мен бретондар арасында латын тілін білу шіркеу үшін керек еді, ал пұтқа табынатын герман корольдықтарында латын тіліне еш орын болмады. Бұл «олар роман жазуын да қолданбады» дегенді білдіреді. Бір ғасырдан астам уақыт бойы оларда руна жазуынан өзге еш жазу болған жоқ.

Римнен алғаш рет христиан миссионерлері келген кезде, олар латын тіліне деген сенімді ғана емес, латын алфавитін, пергаментін және қаламсабын да ала келді. Бұл жаңа технология ұзақ мәтін жазуды оңайлатты, тек руна жазуын қолданғанда, ол мүмкін болмас еді. Көп ұзамай халық ана тілі үшін жаңа жазуды қолдану мүмкіндігін пайдаланды.

Рим Папасы Григорий Киелі Августинді қасына бір топ ізбасарын қосып, Британияға миссионер ретінде жіберді. Оларды Кент королі, христиан дінінен хабардар Этельберт жақсы қарсы алды. Ол Меровингтер династиясының қызы, франк ханшайымы Бертаға үйленді. Христиан дінін ұстанатын Берта Парижден жеке капелланын ерте келді. Этельберт те христиан дінін қабылдады. Ал Августин ең алғашқы Кентерберий архиепископы болып тағайындалды. Кентерберий ол кезде Кент графтығының ең басты қаласы еді.

Августин және оның ізбасарлары латынша, Рим мен христиан дінінің жазуында сауатты болды. Оған дәлел Августин мен Папа Григорийдің сақталып қалған хаттары, тіпті Рим Папасының король Этельбертке жазған хаты бар. Кентерберий латын жазуына өткізетін көпір болды. Латын жазуы осылай бірте-бірте қолданысқа ене бастап, христиан дінімен бірге бүкіл Британияға тарады, жүз жылдың ішінде аралда берік орнықты. Бұл миссияның ең күшті лингвистикалық нәтижесі – жазудың латынша түрін бірден кенттіктердің ана тіліне енгізуі.

Латында жазылған алғашқы ағылшын тіліндегі мәтін – Этельберт шығарған заң, ол 603 жылы, миссионерлер келгеннен бірнеше жылдан кейін жазылуы мүмкін, қалай айтқанда да, Этельберт қайтыс болған 616 жылдан кейін емес. Мәтін XII ғасырда қайта өңделген қолжазбада сақталған, өкінішке қарай, сол кездегі емлеге сай өңделіпті. Ол қысқа мәтінде түрлі заңбұзушылық тіркеліп, оларға салынған айыппұл туралы жазылған. Мысалы:

Gif man frigne man gebindeþ, XX scill' gebete.

Аудармасы: Егер кімде-кім ерікті адамды байлап қойса, 20 шиллинг айыппұл төлеуі тиіс.

Бұны оқыған адамда бірнеше сұрақ туындауы мүмкін. Заң қабылдау идеясын король қайдан алуы мүмкін? Одан кім пайда тапты? Ол неге латын тілінде жазылмай, қарапайым халық тілінде жазылған? Жаңа жазба тіл қалай жасалды? Біз король мен оның корольдығы туралы аз білсек те, осы сұрақтардың кейбіріне жауап беруге тырысайық.

Заңды жазып қою жаңа идея емес. Рим заңдары бұл аралға жазылған күйінде жететін және бұл жазылған бірінші герман заңы емес. Түрлі герман топтарының құқықтық нормалары ұқсас болуы мүмкін, олар ұзақ уақыт бойы бір-біріне ауыздан-ауызға жеткен. Рим империясына сырттан келген халықтардың кейбірі жаңа Отанының жазуында, яғни латын жазуында кодификацияланғысы келді. Герман заңдарының ең атақтысы – Сали франктері туралы заң латын жазуымен 500 жылдары жазылған. Этельберттің әйелі, королева Берта ол заңнан хабардар болса керек.

Заңның промульгациясы (жарияланымы) – саяси акт, ол нақты бір мақсатпен жасалады. Бұл жерде жаңа жағдайдан кім пайда көруі мүмкін екенін түсіну қиын емес. Заңның негізгі бөлігі тұрақталған нормаларды санамалаудан тұрады, бірақ бірінші тармағы мүлде бөлек. Онда шіркеуге, епископқа және өзге де дін қызметкерлеріне жасаған қылмысы үшін үлкен айыппұл қарастырылған. Христиан шіркеуінің орнағанынан бастап, бірнеше ғана жыл өткен қоғамда бұл танданарлық жағдай еді. Ол заңның мақсаттарының бірі шіркеу мен жаңа діннің сойылын соғу екені түсінікті.

Одан корольдың өзі де пайда көрді. Ол заңды өзінің және *the witan* деп аталатын кеңесшілерінің атынан жариялады. Герман елдерінде заң о бастан билік өкілдерінің бұйрығы емес, халықтың жөн-жоралғысы ретінде қарастырылды. Мысалы, Салиан заңы жергілікті басшылардың қатарынан сайланған төрт адам жинаған тәжірибенің негізінде жасалған. Этельберт – жазылған заң мәтінінің соңына қол қойған алғашқы герман корольдарының бірі. Мұның корольдың мәртебесі мен оның кеңесшілерінің арасындағы қатынасқа жағымды әсері болғаны сөзсіз.

Ол заң шіркеулік латын тілінде жазылған жоқ. Себебін болжауға болады: латынша оқи алатын оқырман өте аз болғандықтан, одан келер пайда шамалы еді. Оны ағылшын тілінде жазу да қиын, өйткені ол тілде жазылған кітап болмағандықтан, ағылшынша оқып машықтанған ешкім жоқ. Рунамен таныстық Кент жетекшілерінің оқу процесін жеңілдетуі мүмкін, бірақ шіркеудің мектебінен білім алу қажет болды. Бастапқыда заңды санаулы ғана маман оқи алды. Әйтсе де заң жазылды, соның өзі ағылшын тілінің әдеби тіл ретіндегі ғұмырының басталуына ықпал еткен жаңашыл қадам болды.

Жазудың жаңа жолына келсек, оны жасау айтарлықтай қиынға соқпаған тәрізді. Латын әріптерінің көбі ағылшын дыбыстарын беруге жақсы сәйкес келді. Заң мәтінін дайындаған адамның аты-жөні белгісіз, бірақ ол сауатты миссионерлер мен құқықтық билік айта алатын Кент тұрғынының бірігіп жасаған жұмысы екені сөзсіз. Мәтін бастапқы калпында сақталмағандықтан, бірінші кезеңде қабылданған жазу емлесінен бейхабармыз. Жалпылай қарағанда, ежелгі ағылшын мәтіндері қазір де қолданыста жүрген латын әріптерімен жазылды; басты айырмашылық: латын тілінде жоқ бірнеше дыбысты жеткізу үшін руна таңбаларын алды. Оның екеуін жоғарыда айтып өткенбіз: *thing* деген сөздің басында келетін þ – *th* дыбысы, *we* деген сөздің басында естілетін f – *w*; оларға *them* деген сөздің басындағы ұяң дауыссыз дыбысты білдіретін ð (*th*) қосылды.

Заң Британиядағы герман тіліндегі мәтінді латын қарпімен жазған алғашқы құжат болып саналады; ал корольды жазба ағылшын тілінің атасы деген атқа лайық десе де болады. Ол қолына қалам ұстап та көрмеген немесе оқи да алмайтын адам болуы мүмкін, бірақ тапсырманы берген сол болар, сондықтан әлгі мәтін король Этельберттің заңы болып есептеледі. Оған кеңес беріп, ақыл қосқан екі иммигрант – архиепископ Августин мен королева Берта.

10.6. Ағылшын әдебиетінің алғашқы кезеңі

Ағылшын тіліндегі мәтіндердің жанаша жазылуы алғашқыда жүйелі түрде болып тұрған жоқ. VII ғасырда Кентте тағы екі заңнамалық мәтін жазылды. Осы ғасырдың аяғында Уэссекс королі Ине өз заңын шығарды. Содан кейін 200 жылдай ештеңе жазылмаған тәрізді, тек әкімшілік-басқару ісіне байланысты бірнеше құжат пайда болған.

Сол кезде поэзия жақсы дамыды. Біз VII ғасырда өлең шығарған кем дегенде бір адамды білеміз, одан кейінгі ғасырларда бірқатар жақсы ақындар (көбінің аттары белгісіз) поэзиямен айналысты. Өлеңдердің көбі б.з.д. 1000 жылдарда жазылған қолжазбаларда сақталды; олардың дәл қашан туындағаны белгісіз. Сондықтан жақсы шығармалардың қашан жазылғанын білмейміз. Авторлар өлеңдерін жазып қалдырды ма, әлде олар біреу жазып алғанша ауыздан-ауызға жетіп, ауызша тарап жүрді ме – ол жағы да беймәлім.

Ақындар латын тілінде болмаған өлең буынын қолданды, ол буын герман поэзиясының тарихы ұзақ ауыз әдебиеті дәстүріне жатуы мүмкін. Өлеңдердің басым көбі христиан діні тақырыбын қозғады, бірақ кейбір атақты шығармалар герман тақырыбына арналған. Солардың ең танымалы – Швецияның Гёталанд деген жерінен шыққан (осы кітаптың ұлты швед авторының пікірі бойынша) Гит туралы. Гиттің аты дасанның 300 жол өлеңінен кейін адамдарымен бірге Дания королінің сарайына келген кезде аталады. Үзінді:

We synt Higelaces
beodgeneatas; Beowulf is min nama.
Wille ic asecgan sunu Healfdenes,
mærum peodne, min ærende.
Қазіргі ағылшын тіліне аударғаны:
We are Hygelac's
table-companions; Beowulf is my name.
I wish to say to the son of Halfdane,
the famous ruler, my errand.
Аудармасы:

*Біз Хигелактың қонақтарымыз. Менің атым – Беовульф.
Мен Хальфдан деген атақты ел билеушінің ұлына шаруамен келдім.*

Бұл өзін-өзі таныстыру жолдары ежелгі ағылшын поэзиясының үлгісіне жатады. Әр өлең жолы ортасында кідірісі бар екі бөліктен тұрады. Әр жарты бөлігінде екі дауыссыз бар: *mærum þeodne, min ærende*. Әр жарты бөліктегі бір буын бірдей дауыссыздан басталады, яғни аллитерация құбылысы байқалады. Біз үзінді келтірген өлеңде *mærum* мен *min*-де аллитерацияланған.

Беовульф даттарға тыныштық бермей жүрген құбыжық Грендельмен күресуге өз еркімен барады. Дастанның оқиға желісі, ондағы көріністер, кейіпкерлердің ой-сезімдері, тіпті шығарманың көркемдік құралдары да латын мәдениетіндегі христиан миссионерлеріне жат еді (*Беовульфтің* авторы христиан болса да). Жаңа жазу тілі сондай-ақ діннен шабыт ала алмаған өнер туындыларын тарату үшін де пайдаланылды.

Алғашқы ғасырларда ағылшын әдебиеті тек заңнамалық мәтіндер мен поэзиядан тұрған тәрізді. Олардың екеуі де латындық үлгілерден тәуелсіз дамыды. Христиан діні тақырыбынан шабыттанған бірнеше өлең болғаны рас, бірақ стилі мен буын өлшемдеріне келгенде, олар латын тіліндегі мәтіндерге мүлде ұқсамайды. Десек те өзге мектеп болмағандықтан, авторлар әдебиетке дайындықты шіркеу мектептерінен өтсе керек. Бірақ шетелдік білім герман халқының өз рухани байлығынан басым түспеген көрінеді.

Бұл ол адамдардың жүрген ортасы туралы ақпарат береді. Олар заң шығаруға жауапты болған ел билеуші топпен байланыста болуы мүмкін; дәстүрлі шығармаларды жаттап, басқаларға жеткізіп отыруға уақыт тапқан. Сонымен қатар жаңа шіркеумен жақын байланыста болды. Бұл Кент, Уэссекс, Мерсия т.б. герман корольдарының қасында қандай адамдар жүргенін көрсетеді. Ол жерде саяси ресурстар да, христиандық оқу да табылуға тиісті болатын, Рим миссиясының саясаты – қоғамның жоғарғы бөлігіндегі адамдармен таныстықтан бастап, екеуара пайда көру үшін ел билеушілермен қатынас орнату. Король әулеттерінен шыққан тақуа әйелдер оқу-білім орталықтарына айналған бірнеше монастырьды басқарды.

Ол кезде Британиядағы герман корольдықтары орталық билікті мойындамаса да, рухани бірлік сезімі күшті болған тәрізді. Олар бриттерге қарсы соғысқанда да күш жұмылдырған. Бұл әдеби шығармаларға өз әсерін тигізді. Аз ғана авторлар тобы бір-бірін тануы мүмкін, бірақ олар жазба тілге ортақ стандарт қалыптастыруға тырыспады. Керісінше, әрқайсысы өзінің жергілікті диалектісінде ғана жазды; сондықтан Кент, Батыс Саксония, Нортумбрия және өзге де графтықтардың тілінде жазылған мәтіндер бар.

Бұл македониялықтардың шабуылы қарсаңындағы Грекиядағы жағдайға және Дантеден бұрынғы Италияға өте ұқсайды. Саяси бірлік жоқ жерде жазба тілге ортақ стандарт орнату идеясын ешкім қолдамайды. Британдық жазушылар жазба латын тілінің қатаң стандартталғанын көре тұра, өз тілін де солай жетілдіруге тырыспады. Олар жергілікті стандарт орнатпақ болған да шығар, өйткені кезінде Грекияда дори, ион және эллин диалектілері пайда болғаны тәрізді, Британияда да Нортумбрия диалектісі, Кент диалектісі, басқа да диалектілер қатарласа жүрді.

10.7. Беде, латын тілі және ағылшын тілі

Августин келгеннен кейін, бір ғасырға жетпей, 597 жылы англ-саксон корольдықтарының бәрі, тым болмағанда, атауын христиандық етіп өзгертті. Бұл туралы Беде (Bede) деген жылнамашы өзінің 730 жылдардағы *Ecclesiastical History of the Church of the English People* (Ағылшын халқы дінінің тарихы) деген тамаша еңбегінде айтады. Беде Монквермут пен Ярроуда монах және монастырь қызметшісі болып қызмет еткен. Қазір ол қала Ньюкасл-апон-Тайн деп аталады.

Бұл еңбек латын тілінде және өте көркем латын тілінде жазылған. Беде өндіріп жазатын жазушы болған. *History of the Church* – оның ең атақты кітабы, оның Библияға жасаған комментарийлері мен өзге де еңбектері бірнеше томнан тұрады. Беде ерекше адам болған, бірақ осының бәрін VIII ғасырдың басында Нортумбрияның монастырында іске асыруы – англ-саксондық Британия, жалпы алғанда, латын тілін жақсы қабылдаған жер екенін көрсетеді.

Бұл көп адам латынша сөйлей, оқи, жаза алды дегенді білдірмейді. Ондай қабілеті барлардың дені діншілдер еді. Британиядағы тілдердің бәрі латын тілінен көп өзгеше болғандықтан, ол тілді белгілі бір мектепте үйрену керек болды, ал мектептер тек шіркеудің қарамағында еді.

Христиан діні де, латын тілі де сырттан келді, бір-біріне тәуелді болды. Шіркеуге келушілерге уағыз олардың өз тілдерінде айтылды, бірақ Библия, литургия, түрлі гимндер, теологиялық трактаттар және өзге де діни мәтіндер тек латын тілінде еді. Христиан діні жазылған сөзге негізделді, латын тілінің басты қызметі Питерборо жылнамасының сөздерінде *hoc leden* – *Book Latin* деп қорытындыланды.

Беденің *History of the Church* атты шығармасы – VII ғасырдағы және VIII ғасырдың басындағы Британияның тарихын егжей-тегжейлі баяндайтын, ол жердегі тілдер жөнінде құнды ақпарат беретін бірден-бір еңбек. Беденің елдегі жалпы жағдай туралы айтқаны жоғарыда мысал келтірген Питерборо жылнамасында айтылғанымен тұп-тура сәйкес келеді. Іс жүзінде жылнамадағы ол үзінді – Беденің еңбегінің азды-көпті қысқартылған аудармасы. Беде де аралдағы халықтар бес тілде сөйлейді деп айтқан. Біріншісі латын тілінде *lingua Anglorum*, «англдардың тілі» деп аталады. Беде ағылшын тілін өз атауы бар біртұтас тіл ретінде қарастырған.

Ол жазба ағылшын тілі туралы екі рет ой айтқан. Бір үзіндіде Этельберттің заңын еске алып, оның әлі де сақтаулы екенін, «англдардың тілінде жазылғанын» (*conscripta Anglorum sermone*) айтады. Сосын алғашқы ағылшын ақыны Кэдмон деген адам туралы әңгімелейді; Кэдмон VIII ғасырдың бірінші жартысында Нортумбрияда тұрған, оған «англ тілінде» (*Anglorum lingua*) христиандардың діні туралы ән айту таланты көктен түскен дейді.

Кэдмонның поэзиясы да, Этельберт заңы да түрлі диалектіде жазылса да, Беде оларды ағылшын тілінде, өзінің ана тілінде жазылған шығармалар ретінде қабылдаған. Беде заманынан бастап Британиядағы ағылшын тілі сөйлейтін де, жазатын да біртұтас тіл деген даусыз пікір қалыптасты.

Герман басқыншыларының тілі неге англдардың құрметіне аталды? Бұған біржақты жауап жоқ, бірақ осындай нәтижеге жеткізген процеске Беде үлесін қосуы мүмкін. Ол – ағылшын халқы (Беде оларды *gens Anglorum* деп атаған) туралы кеңінен жазған алғашқы автор және оның сөзінің үнемі салмағы болған. Оның тарихи еңбегінде *lingua Anglorum* деген терминді бірнеше рет қолдануы тектен-тек болмаса керек.

Ежелгі латын жазушылары герман басқыншылары мен олар мекендеген жер туралы *Saxones* – саксондар, *Saxonia*, *Saxony* – Саксония (*англдар және Англия емес*) деген сөздерді қолданады. Ал Беденің терминдерінде бірізділік жоқ. Бірақ Уэссекс пен Эссекстегі оқиғаларды суреттегенде, ол тілді екі рет *lingua Saxonum* (саксондар тілі) деп атайды. Мұндай атау ол дәйексөз келтірген құжатта да көрініс табады. Беденің кезінде саксондар сөйлесе «саксон тілі» деп, англдар сөйлесе, «ағылшын тілі» деп айту қалыпты жағдай болған тәрізді. Беде бүкіл өмірін Нортумбрияда өткізді, өзінің ұлты – англ, сондықтан оның жалпы тіл туралы *lingua Anglorum*-де сөйлеуі – заңдылық. Ағылшын тілін қазір «саксон тілі» демей, «ағылшын тілі» деп атау сондықтан болар.

10.8. Король Альфред және батыс саксондар

Бедеден кейін Англияда бір жарым ғасырдай уақыт бойы жазумен айналысқан адам аз болды; сол кезде латынша немесе ағылшын тілінде жазылған жәдігерлер біренсаран. Бұл аласапыран кезең еді, әсіресе XI ғасырдың басында викингтер шабуылдай бастағанда, жағдай қиындап кетті.

Король Ұлы Альфред (871–99) ағылшын әдебиетінің жаңа дәуіріне жол ашты. Ол Батыс Саксония мен Уэссекстің ел билеушісі болды, Шығыс Англияны жаулап алып, бүкіл аралды басып алу қаупін төндірген дат викингтеріне қарсы қозғалыстың жетекшісі.

Король Альфред әскери-саяси ерліктерінен бөлек үлкен де маңызды әдеби жұмысқа да уақыт тапты. Ол ағылшынша оқу мен жазуды бала кезінен үйренді, кейінірек латынша да білім алды. Мұндай адамдар сирек кездесетін, корольдың өзінің айтуы бойынша, ол кезде Хамбердің оңтүстігінде латын тіліндегі хатты ағылшын тіліне аудару алатын адам өте аз еді, солтүстігінде де кездеспейтін. Білімділердің бұлай азаюының басты себебі викингтердің монастырьлар мен шіркеулерді тонап, сауатты адамдарды көптеп өлтіруі, сөйтіп білім ошақтарын жоюы болатын.

Альфред иманды христиан болды, сонымен қатар ол тамаша ұйымдастырушы да еді; ол алыс жерлерге көп саяхаттайтын, бала кезінде Римде болған. Альфред халықтың оқи білуі маңызды екенін жақсы түсінді. Ол сол кездегі жағдайда латын тілінде білім алудың әлсіз дәстүріне сүйенгісі келмеді. Оның орнына маңызды кітаптарды латын тілінен ағылшын тіліне аудару керек деген өте өршіл мақсат қойды. Кей кітаптарды ол өзі аударды, өзгелер одан үлгі алып, аударма әдебиеттің санын көбейтті. Альфред сонымен қатар өзі қабылдаған заңдар жинағын шығарды. Осылай ағылшын тіліндегі кітаптар саны айтарлықтай өсті.

Уэссекстің королі мұның бәрін не үшін істеді? Жазылған сөзге деген құштарлық пен берік сенім үшін істегені сөзсіз. Ол сондай-ақ бүкіл Англияның ортақ әдеби тілін қалыптастырды, бұл оның даттармен күресте ағылшындарды біріктіру деген саяси амбициясына деп келді. Жоғарыда айтқанымыздай, Альфредтен бұрын шыққан аз ғана кітап оны дайындаған адамдардың жергілікті диалектісінде жазылған. Бұл үрдіс Альфредтің заманында да жалғасын тапты, десек те кітаптардың басым бөлігі Уэссекстің батыс-саксон диалектісінде жазылды, келесі ғасырда бұл диалект стандарт әдеби форма болып танылды, ал Уэссекс корольдығы үстем, саяси билікке айналды. Альфредтің ұрпақтары енді біртұтас бүкіл Англияның королі атанды.

Англияда тыныштық орнап, экономикасы түзелген X ғасырдың соңғы бөлігінде ағылшын тіліндегі әдеби кітаптардың көбеюіне христиан дініндегі реформаторлық қозғалыс та ықпал етті. Олардың дені – уағыз, киелі, әулие адамдардың өмірбаяны, Библияның бөлімдерінің аудармалары және басқа дүниелер. Бұрын жарияланған ағылшын тіліндегі кітаптарды да түгендеп, жинақтады, көшіріп, қайта шығарды, олар көбінесе стандарт батыс-саксон диалектісіне өзгертілді. Ерте кездегі әлі де өзектілігін жоймаған ағылшын тіліндегі кітаптардың көбі сол жылдары жазылды немесе көшіріліп, қайта шықты. Шамамен 1000 жылы ағылшын тілі Англия корольдығында қолданылатын стандарт жазба түрге ие болды.

Осы бастапқы кезеңнен 1066 жылға дейінгі ағылшын тілін қазір «ежелгі ағылшын тілі» деп атайды. Біз жоғарыда бұл терминді қолданбауға тырыстық, өйткені ағылшын тілін ана тілім деп есептейтіндер оны біздің тұрғымыздан қабылдамайды. Олардың көзқарасы бойынша, мейлінше ескі және анағұрлым беделді латын тілімен салыстырғанда, ежелгі ағылшын тілі – жазу формасы кейінірек қалыптасқан тіл ғана.

Кейінірек «ежелгі ағылшын тілі» деп аталған стандарт жазба тіл заңдар мен жарғыларды, әдебиетті (негізінен, діни) қалыптастыруға және басқа да мақсаттарда қолданылды. Ол тек жаңа ағылшын елінің ішінде латынмен қосарлана қолданылды. Бұл жазба тілдің қолданушылары – саяси және діни элита өкілдері: соттар, ақсүйектер, епископтар, аббаттар, монахтар және дін қызметіндегі өзге де адамдар. Елді норман басқыншылары жаулап алып, халық жетекшілерінің көзі жойылғаннан кейін, стандарт тіл де жоқ болды.

10.9. Нормандар мен француздар

Норман басқыншылығы елге өзге де өзгерістер әкелумен қатар, бүкіл билеуші таптың тілін өзгеріске түсірді. 1066 жылдан кейін ағылшынтілді лордтардың, епископтардың, аббаттардың және өзге де манызды адамдардың көпшілігі қуғынға ұшырады немесе көздері жойылды, ал олардың ісін жалғастыру міндетті түрде франктілді нормандарға тапсырылды. Жазу тек француз және латын тілдерінде жүрді. Сарайда да, жаңа ел билеушілер жүретін өзге жерлерде де француз тілінде сөйледі. Екі түрлі ауызекі тіл екі басқа қоғамдық-әлеуметтік рөл атқарды. Екі ұрпақ ауысқаннан кейін, қоғамның жоғарғы бөлігіндегілер ата-баба тілінен безіп, көбінесе француз

тілінде сөйледі. Ал қарапайым халық ағылшын тілінде сөйлеуін жалғастыра берді, олар әдетте француз тілін нашар білетін немесе мүлде білмейтін.

Ағылшын тілінің қоғамдағы рөлі қатты өзгерді. Норман басқыншылығынан бұрын тіл қолдану тұрғысынан елде бірегейлік бар еді. Кельт тілдерінде, негізінен, Англияда сыртта сөйлейтін. Англияға ІХ ғасырдан бастап қоныс аударған даттар мен өзге де скандинавтар тілдік өзгеріске түсу жолында еді. Сөйтіп, Англия тұрғындарының дені ағылшын тілінде сөйлеген. Стандарт жазба тіл дамып жатты. Бірақ бір-екі ұрпақ ауысқаннан кейін-ақ, жоғарғы тап өкілдері француз тілінде сөйледі, латынша немесе французша жазды, ағылшын тілі мәртебесінен айырылып, қолында еш билігі жоқ кей-кепшіктің тіліне айналды.

Осындай жағдайлар бұрын да бірнеше рет болған, олардың кейбірін жоғарыда әңгімеледік. Римдіктер Галлияны бағындырып, өз заңдарын орнатты; бірте-бірте кельттерге де өз тілін сіңірді. Одан кейін герман басқыншылары дәл сол елде латынтілділерді өзіне қаратты.

Бұл екі мысалдан көргеніміздей, мұндай жағдайдың немен аяқталатынын алдын ала болжау қиын. Римдіктер латын тілін өз империясының басым бөлігінде үстем тіл ете алды. Бірақ латын тілі ешқашан Британияның ана тілі бола алмады. Галлиядағы франктер, бургундиялықтар және өзге де герман басқыншылары тілдерін жоғалтып алды, франктілді нормандар да Англияда сондай жағдайға тап болды. Кей жағдайда бір елде екі тіл бірдей жүреді. ХІІ ғасырда шведтер финтілді Финляндияны басып алды да, 600 жылдай бағындырып ұстап тұрды. 1809 жылы швед билігі әлеуетінен айырылғанда елде швед аз болды, тұрғындардың дені финн тілінде сөйледі. Финляндияда әлі күнге дейін екі тіл де қатар жүреді.

Англия королінің Франция корольдығында әлеуетті болуы қиындық тудырды. Англия королі Джон 1204 жылы Нормандия герцогтігінен шеттетілгеннен кейін қарсылық көрсету басталды. Бірнеше саяси оқиға Англия мен Франция корольдықтарының антогонизміне алып келді. Беткеұстар адамдар бір жаққа шығып, не ағылшын, не француз болуды таңдауға тиіс болды. 1337 жылы бұл дау-дамай ашық күреске, іс жүзінде 1453 жылға дейін созылған «жүзжылдық соғысқа» ұласты; бұл – жүз жылдан да ұзақ уақыт.

Англия мен Францияның арасындағы саяси жікке бөліну лингвистикалық салдарын бірден көрсетпеді, бірақ келешекте қатты білінді. ХІІІ ғасырда Англияның ел билеуші тап өкілдері Франциямен жеке байланыстарын бірте-бірте үзді. Олар біразға дейін француз тілінде өздерінің бірінші тілі ретінде сөйлеп жүрді, бірақ ағылшын тілінде сөйлейтін қарапайым адамдармен күнделікті араласу оларды екінші тілді де білуге мәжбүрледі. Сөйте-сөйте, жұрт ағылшын тілін Англия корольдығының тілі деп танитын болды. ХІV ғасырдың соңында ол әскер мен сот ісінің «ауызекі тілі» деп бекітілді, жарты ғасырдан соң, әкімшілік-басқару ісінің басты жазба тілі болып белгіленді. ХV ғасырдың аяғында, ұзаққа созылған соғыстан кейін француз тілі Англияда ауызекі ана тілі болудан қалды.

10.10. Ағылшын тілінің трансформацияға ұшырауы

Норман басқыншылығынан алғашқы бір жарым ғасырдан кейін жазылған дүние некен-саяқ болды. Тілдің бұрынғы кездегі жағдайы туралы жазба деректерден алынатындықтан, біз ол кезде не болғанын білмейміз. 1200 жылдан бастап жұрт ағылшын тілінде қайта жаза бастады. Бірақ мәтіндер норман басқыншылығынан бұрынғы кездегіден мүлде өзгеше болды. Енді стандарт тіл деген болмады: X–XI ғасырларда үстем болған батыс-саксон диалектісіндегі әжептәуір бірегей емле мен грамматика жоқ болып кетті. Оның орнына әр автор өзінің диалектісінде жазды. Екі жүз жылдай уақыт жазба ағылшын тілінің бастапқы кезіндегідей тағы да көптеген жазба диалектілер болды.

Бірақ себептері басқаша еді. Ерте англ-саксон кезеңінде түрлі жазба формалар түрлі корольдықтармен байланыстырылды, олар бәсекелес ресми тіл болуы мүмкін еді. XIII ғасырда және XIV ғасырдың басында ол корольдықтардың бәрі біріктіріліп, бір ғана елге айналды, оның ресми тілі француз және латын тілдері болатын. Ағылшынша қалай жазу керектігін сот орындары да, биліктегі өзге адамдар да ойламады. Жазушылар шығармаларын көбінесе жергілікті оқырманнан тұратын шағын аудиторияға бағыттады.

Оның үстіне, тіл қатты өзгерді. Алдында айтып өткеніміздей, тілдер үнемі даму үстінде болады. Бірақ әрқайсысының даму жылдамдығы әрқалай. Ағылшын тілі 1066 жылдан кейінгі үш ғасырда қатты өзгеріске ұшырады. Оның жалпы себептері біршама белгілі. Ағылшын тілі қоғамдағы биліктен бөлініп қалды, ел билеушілер ағылшынша мүлде сөйлемеді. Жергілікті сөйлеу мәнеріне орталық немесе жалпыға бірдей нормалардың әсері болмады. Ағылшын тілінде сөйлейтіндердің көбі өзге де тілдерді қолданды, негізінен француз тілін, сондай-ақ латын тілін де қолданды.

Грамматика мен лексика қатты өзгерді. Грамматикадағы ең түбегейлі өзгеріс жалғаулардың жойылуы болды. Ерте кездегі ағылшын тілі қатты жайылып кеткен болатын, сөздердің көбінде жалғау болды. Зат есімдердің жекеше түріне де, көпше түріне де жалғау жалғанатын. Қазіргі ағылшын тілінде *-s* көпше түрді білдіреді, ал жекеше түрге еш жалғау жалғанбайды, мысалы *sons* пен *son* дегендегі тәрізді. Оның үстіне, бірнеше түрлі топтағы зат есімдердің жалғауыда бірнеше түрлі. Сонымен қатар жалғау септікті немесе грамматикалық функцияны да білдірді; бүгінгі ағылшын тілінде оның тек бір белгісі ғана қалды, ол – ілік септіктері (*the genitive*) зат есімге жалғанатын *'s*.

Етістіктерге жалғанатын жалғаулар да көп болды. «*Беовульф*» дастанынан келтірілген жоғарыдағы үзіндіде *wille* сөзі *-e*-ге аяқталады, өйткені бастауыш – мен (*I*), ал *asecgan* деген сөз *-an*-ға аяқталады, өйткені ол – «айту» (*to say*) деген сөздің инфинитиві.

Жалғаулардың осы толық жүйесі ескі тіл бар күшіне енгенде, яғни 1050–1350 жылдары бұзылды; содан бастап бүгінгі ағылшын тіліндегіге азды-көпті ұқсас жалғау жүйесі орнады.

Герман тобындағы тілдердің көбі, атап айтқанда, неміс тілі ортақ прототілден қалған флексиялар мен септіктердің көбін сақтап қалғанда, ағылшын тілі неге сонша қатты өзгерді деген сұрақ ғалымдар арасында талқыланды. Кей ғалымдар неміс тілі

«қиын да тиімсіз» дегенді меңзеп, «ағылшын тіліндегі өзгерістер оны оңайырақ, тиімдірек және/немесе қисынды етті» дейді. Ал қазіргі лингвистер «тілдерді олай жіктеуге болмайды» дейді, ол дұрыс та. Тіл біткеннің күрделі екені сонша – оны мұндай қарапайым әдіспен бағалау еш ақылға сыймайды. Әрі латын және грек тілдері ең дұрыс үлгі деп саналған кезде, жалғаулардың көптігі жақсы тілдің белгісі болып есептелгенін ұмытпау керек.

Кейінірек байқағанымыздай, мысалы африкаанс тіліндегідей, өзге тілдің ықпалына қатты түскен тілдерде кейбір флексиялар жоғалып кетеді. Бұл ағылшын тіліне де қатысты. Жалғаулар алдымен солтүстікте, Данияның ықпалы өте күшті Мидлендстің шығысында жоғалды. Бұл даттардың тілінде флексияның жоқтығына байланысты емес, ол тілде флексия болды. Бірақ жақын байланысы бар тілдердегі билингвизм жүйені шатыстырып жіберуі мүмкін, ол ақыр аяғында бөлінуге алып келді.

Сөздік қор туралы айтатын болсақ, француз және латын сөздерінің көптеп енуі таза герман тобындағы тіл болып есептелетін ағылшын тілінің базалық құрылымы германдық, бірақ негізі германдық емес тілге ауыстырып жіберді. Ағылшын тіліндегі сөздердің 90%-ы француз, латын және грек тілдерінен енген. Белгілі бір мәтіндегі немесе нақты біреудің сөйлеген кезіндегі сөздер саны герман сөздерінің үлесі көп екенін көрсетеді, өйткені олар ең жиі қолданылатын және кездесетін сөздер. Ал сөздіктерде кездесетін кірме сөздердің көпшілігі – ғылым-білім тақырыбында және сирек қолданылатын сөздер. Десек те кірме сөздердің саны шектен тыс көп.

Жаңа сөздерді жаппай енгізуде екі процесс жүрді. Біріншіден, басқыншылар көптеген заттар мен ұғымдарды өз сөздерімен атады; олардың ішінде *sovereign* – соверен, *peasant* – диқан, *beef* – сиырдың еті, *jelly* – желе, *mansion* – дербес үй, *cabin* – лашық деген сөздер бар. Бұл адам іс-әрекетінің көптеген саласына әсер етті. Көбінесе осы және басқа да ұғымдарға ағылшын тілінде сөздер болды, кірме сөздер олардың синонимі ретінде қызмет етті немесе ұқсас ұғымдарды бір-бірінен ажырату үшін қолданылды. Мәселен, француздың *mansion* деген сөзі – ежелгі ағылшын тіліндегі *house* деген сөзге жартылай синоним. Осылай сөз алу процесі жоғарғы тап өкілдері француз тілінде сөйлеген кездің бәрінде XI ғасырдан XV ғасырға дейін жүріп жатты.

Екінші процесс – жаңа ұғымдар үшін сөз енгізу. Бұл норман басқыншылығына дейін де болған, бүгінге дейін жалғасуда. 600 жылы Августин шәкірттерімен бірге Кентке келгенде, теориялық ұғымдар енгізіп қана қоймай, *psalm* – псалма, *martyr* – тақуа және тағы басқа да сөздер ала келді. Бірақ XIII ғасырдан бастап, антика дәуірінің бүкіл мұрасы кейінгі барлық толықтыруларымен бірге ағылшын тіліне енгізілді.

Ағылшын тілінде *philosophy* – философия, *triangles* – үшбұрыштар, *medicine* – медицина, *paintings* – кылқалам туындылары туралы айтуға және жазуға мүмкіндік болды. Бұл кезде Еуропа қоғамы бұрынғыдан күрделеніп кетті, *bill*, *investiture* деген сияқты жаңа сөздерге қажеттілік туындады, ондай сөздер ағылшын тіліне енгізілді де. Ол сөздердің француз тілінен енуі – табиғи нәрсе, бірақ жоғарыдағы екі сөз сияқты сөздер кейде латын тілінен тікелей енді.

Бірінші процесс ағылшын тіліне және француз үстемдігі кезеңіне тән. Екінші процесс – анағұрлым ауқымды дамудың шағын ғана бөлігі; жалпы мәдениет пен ғылым

ұғымдарының бүкілеуропалық дамуының бірте-бірте қалыптасуы. Бұл процесс гректер *music* – музыка және *mathematics* – математика деген терминдерді енгізгеннен бастап жүріп келеді. Сөздік қоры үнемі ұлғаю үстінде, соңғы кезде енген сөздерге *postmodernism* – постмодернизм, *internet* – интернет деген сөздер жатады. Біз әңгіме етіп отырған кезде, ағылшын тілі өзге тілдерден мыңдаған сөз кіргізіп, Еуропаның тіл байлығын өзіне сіңіріп алды. Сол кезден бастап ол байлықты ұлғайту мен қайта қарастыру ісіне үнемі қатысып келеді.

Сөйтіп, XI ғасырдың ортасы мен XIV ғасырдың ортасына дейін 300 жыл бойы ағылшын тілінің грамматикасы мен лексикасы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Ежелде стандарт болып есептелетін жазба батыс-саксон тілі түгел жойылып кетті, енді жазба формада бірнеше диалект қолданыла бастады.

10.11. Жаңа стандарт

1350 жылға дейін ағылшын тілі ресми мақсатта да, білім беруде де қолданылмады. Бірақ сол кездері кейбір мектептерде француз тілінің орнына жүрді; билік басындағылар оны сөйлеу және жазу бағытында бірнеше мақсатта қолданды.

Тіл дәрежесінің кенеттен бұлай өзгеруі жазудың тез өзгеруімен тұспа-тұс келді. Жазушылар жергілікті диалектілерде жазудан қаша бастады. Бір ғасырдың ішінде ортақ әдеби тіл қалыптасты. Ол Лондондағы биліктің ауызекі сөйлеу ортасынан бастау алды.

Бұл дамудың маңызды бір аспектісі – сапасы жақсы әдеби кітаптардың пайда болуы, олардың ішіндегі ең маңыздысы – Джеффри Чосердің 1390 жылдары жазылған «*Кентерберри әңгімелері*» (*The Canterbury Tales by Geoffrey Chaucer*). Лондон диалектісіне өте жақын Шығыс Мидлэнд диалектісінде жазылған бұл шығарма кейінгі әдебиет туындыларына қатты әсер етті.

Бәрінен де маңыздысы – жазба ағылшын тілінің кеңсе ісіндегі эволюциясы. 1417 жылы король V Генрих хат жазысуда француз тілінен ағылшын тіліне көшті. Корольдың өз қолданысы (бітікшілері жасаған) маңызды үлгі болуы мүмкін. Шамамен XV ғасырдың ортасында корольдық бюрократтар Лондон диалектісіне негізделген стандарт тілді жазды. Олардың жазу нұсқасы елдің түкпір-түкпіріндегі жазушыларға үлгі болғаны сөзсіз.

1476 жылы Лондонда алғашқы баспахана ашылды, баспагер Уильям Кэкстон көптеген кітап басып шығарды, олардың көбі әжептәуір тұрақталған стандарт ағылшын тілінде жазылған-тын. Тасқа басылған мәтіндердің пайда болуы стандарт тілден өзге диалектілердің бәріндегі жазудың ақыры таяды дегенді білдірді. Емледе әлі де көп айырмашылық болғанымен, барша жұрт мойындаған жазу нұсқасының нормасы пайда болды. Ол норма ғасырлар өткен сайын бірте-бірте трансформацияға түскенімен, жалпы жағдай бұрынғыша қалды. Ағылшын тілінде жазатын кез келген жазушы емледе де, грамматикада да өзінің диалектісі қандай болғанына қарамастан, баршаға ортақ бір нормаға бағынуға тиіс болды.

10.12. Ұлттық мемлекет және ұлттық тіл

Ағылшын тілі қайтадан Англияның басты тіліне айналды. Бірақ XV ғасырдағы жағдай 1066 жылғы жағдайдан мүлде өзгеше еді. Норман басқыншылығы кезінде Англия қысқаша ғана уақыт біріккен корольдық болды, дат корольдары елдің үлкен бөлігін ғасырлар бойы билеп-төстеді. Ағылшын тілі ұзақ уақыт бойы мәдени байланыс құралы ретінде қызмет етті, бірақ оның бірнеше ел емес, біртұтас бір-ақ елдің тіліне айналғанына ұзақ уақыт өтпеген-тін. XV ғасырдағы Англия құқықтық және конституциялық дәстүрі бар, ағылшын тілінде сөйлейтін айқын анықталған аумағы бар ел болды. Норман басқыншылығы кезімен салыстырғанда, бұл елдегі ағылшын тілінің үстемдігі нығайған кезде, тіл мен мемлекет тығыз байланысқа түскен еді.

Іс жүзінде ағылшын тілінің үстем болуы – Англияның феодалды корольдықтан ұлттық мемлекетке ауысу аспектілерінің бірі. Норман корольдарының Англиядағы және континенттегі халқы олардың қоластында тек корольды басшы деп танығандықтан болды. Уақыт өте келе, орта ғасырлардың соңында бұл феодалдық принцип Англияда да, Еуропаның өзге жерлерінде де бұзылды. Оның орнына «бір король мен оның халқынан тұратын ел» идеясы қалыптасты. Идеал жағдайда әр халықтың ортақ мәдени дәстүрі және ортақ тілімен ерекшеленетін бірегей келбеті болады. Ағылшындар француздарды жеңгенде, Англия сол идеалға айтарлықтай жақындады.

Англия ұлт қалыптасу үшін ортақ тіл керек болған Еуропадағы жалғыз мемлекет емес. Англиядағы жағдай XI ғасырдан бастап құрлықтың бірнеше бөлігіндегі жағдайларға ұқсамайды да. Француз тілінің Францияда, италян тілінің Италияда болуын көрсететін бірнеше оқиғаны әңгімеледік. XVI ғасырдан берідегі еуропалық ірі елдердің көбінде нағыз ұлттық тіл болды, бірақ кей аймақтар ұлттық тілге кейіндеу қол жеткізді. Осыған байланысты бірнеше үрдіс бар.

Біріншіден, Еуропадағы жаңа тілдер әрі ауызекі, әрі жазба тіл болды, латын қарпін қолданды. Одан бөлек, олар жазба тіл ретінде латынмен бәсекеге түсті, кейін оны ығыстырды. Бұл – орта ғасырлардағы Еуропаға ғана тән жағдай. Ежелде жаңа тілдің жазуы үшін жақсы жетілдірілген алфавит қолданылды. Латын алфавиті грек алфавитінен де, этрусск алфавитінен де қатты өзгеше. Герман рунасы мен «огама» деп аталатын ирланд руна жазуы да олардың үлгілерінен қатты өзгеше. Бірақ бұл ежелгі инновациялар ақыр соңында Батыс Еуропадан жоқ болып кетті; латын алфавиті ғана бірден-бір өміршең қаріп болып қалды. Оның себебі – латын тілі мен латын алфавитінің шіркеу мектептерінде жүйелі түрде үйретілуі және олардың күшті бәсекелесі болмауы.

Екіншіден, жаңа жазба тілдердің табысты болу-болмауы олардың саяси билікпен байланысына қатысты еді. X–XI ғасырларда король Альфред және оның ізбасарлары ағылшын тілін алға сүйрегенде де, XIV ғасырдан бастап Англия ұлттық мемлекетке айналғанда да, ол табысты болды. Бұл екі уақыттың аралығы французтілді элитаның тілі еді. Тілдердің көбі ауызекі сөйлеу тілін ғасырлар бойы сақтағанымен, биліктің ауысуы жазуды бірден өзгертті.

Үшіншіден, жаңа тілдерге атау жазба тілдің алғашқы пайда болуынан сәл кейінірек қойылды. Жоғарыда француз және италян тілдерінің осындай тағдырын

айтқанбыз, бұл ағылшын тіліне де қатысты. Бізге белгілі алғашқы мәтін – Этельберт заңы, VII ғасырдың басында жазылған, ал «Englisc» деген атау IX ғасырда белгілі болды (оның *lingua Anglorum* деген латынша аналогі VIII ғасырда айтылған). Жазба тілдерді білдіріп, ауызекі тілдерді де айқындайтын болғандықтан, мұндай атаулардан хабардар болудың маңызы өте зор.

Еуропада осындай бірнеше жазба тіл пайда болды. Олардың ішінде француз, ағылшын, швед және итальян сияқты кейбір тілдер табысқа жетіп, ықыласқа бөленді. Окситан және фриз тілдері сияқты тағы бірі кезінде көп қолданыста болғанымен, қазір бұзылып және жойылып барады. Ең бастысы елдердің көбі жазба ұлттық тілге ие болды.

Осылайша XI–XVI ғасырлардағы Еуропаның негізгі үрдісі болған әмбебап жазба түрі бар латын тілі ығысып, өз мемлекеттерінде орныққан бірқатар ұлттық тілдерге жол берді. Келесі тараудың тақырыбы – сол тілдердің Еуропадағы үздіксіз дамуы.

11-ТАРАУ

Ұлттық тілдер дәуірі

11.1. Мемлекет, мектеп және тілдер	Қосымша әдебиеттер тізімі
11.2. Ұлттық тілдер және ұлт ақындары	Қайталауға арналған сұрақтар Талқылауға арналған тақырыптар
11.3. Тіл және саясат	Зерттеуге ұсыныс
11.4. Тілдер бәсекесі	

Британия королі V Генрихтің хат жазуда француз тілінен ағылшын тіліне көшкені елеусіз қалмады. Жұрт оны корольдың Франциямен күресте мықты да тәуелсіз ағылшын ұлты идеясын насихаттауға тырысатынын көрсетуі деп түсінді. Мұны Лондонда 1422 жылы болған сыра қайнатушылар гильдиясының жиі келтірілетін дәйексөзінен көруге болады:

Whereas our mother-tongue, to wit the English tongue, hath in modern days begun to be honourably enlarged and adorned, for that our most excellent lord, King Henry V, hath in his letters missive and diverse affairs touching his own person, more willingly chosen to declare the secrets of his will, and for the better understanding of his people, hath with a diligent mind procured the common idiom (setting aside others) to be commended by the exercise of writing; and there are many of our craft of Brewers who have the knowledge of writing and reading in the said English idiom, but in others, to wit, the Latin and French, before these times used, they did not in any way understand. For which causes with many others, it being considered how that the greater part of the Lords and trusty Commons have begun to make their matters be noted down in our mother tongue, so we also in our craft, following in some manner their steps, have decreed to commit to memory the needful things which concern us...

Аудармасы: Бүгінде біздің ана тіліміз, яғни ағылшын тілі байи және жетіле бастады, өйткені біздің ең қадірлі лордымыз король V Генрих халыққа жолдау айтқанда және түрлі шаруаларды әңгімелеген хаттарында жұрты өзін жақсы түсінсін деп жеке басына тоқтап, өз арман-тілегінің құпиясын жариялауды дұрыс көреді; оның ыждағатты зердесі өзі жазғанды жұрт бағаласын деп ортақ тілді тапты (өзге тілдерден бас тартып); сыра қайнату кәсібімен айналысатындардың ішінде де сол айтылған ағылшын тілінде жазып, оқи алатындар көп; бірақ олар осы кезге дейін қолданылып келген бөтен латын және француз тілдерінде ештеңе түсінбейді. Лордтар палатасы мен Қауымдастар палатасында жұмысты біздің ана тілімізде жаза бастапты, сондықтан біз де оларды үлгі тұтып, өз кәсібімізге байланысты мәселелерді ұмытпай орындауды міндет етіп алдық...

Корольдың тілге өзгеріс енгізуі де, сыра қайнатушылардың оған жауабы да тек Британиямен шектелмейтін үлкен дамудың бір бөлігі ғана еді. V Генрих – Еуропадағы ұлт қалыптастырушы көп корольдың бірі ғана. Әр елдегі адамдар мен іс-әрекеттер әртүрлі, бірақ олардағы болған оқиғалар тізбегінің ұқсастығы таңданарлық. Әртүрлі уақытта әрқилы оқиғалар болып тұрады. Корольдар мен ел басшылары соғыс ашты, бір аумақты бөліп, екіншісін біріктірді. Халық қарсылық көрсетіп, бүлік шығарды, оларды басып тастап отырды. Осындай жағдай келешекте X ғасырдан бастап XIX ғасырға дейін бүкіл Еуропада болды. Біз көптеген кішігірім елдердің жойылып кетуіне куә болдық, ол елдер латын тілін жазба тіл етіп алды, ал ауызекі тілі көршілес елдердің ауызекі тілінен еш кем түспейтін. Енді солардың орнына халқының басым көпшілігі сөйлейтін өзінің ұлттық тілі бар, оны жазуда да қолданатын бірнеше шағын ел пайда болды. Бір сөзбен айтқанда, саяси аренаға ұлттық мемлекеттер шықты.

Жоғарыда әңгімелегеніміздей, Англия өте бұралаң жолмен жүрді. Бөлек-бөлек кішігірім корольдықтар XI ғасырда-ақ біріктірілді, бірақ норман басқыншылығының салдарынан шынайы ұлттық тілдің дамуы бірнеше жүз жылға шегерілді. Өзге жерлерде оқиғалар айқынырақ ретпен жүрді. Мысалы, 1200 жылы Пиреней түбегінде сегіз дербес ел болды. Оңтүстікті мұсылман альмохадтар биледі, олар Африканың солтүстік бөлігінің де көп жерін басып алды. Түбектің солтүстік бөлігі Португалия (ол қазіргіден анағұрлым кіші болған) Галисия, Астурия, Леон, Кастилия, Наварра және Арагон деген бірнеше саяси бірлікке бөлінді.

Әр ел өзіне сәйкес ибер-роман диалектілері мен тілдерінде сөйледі, бірақ тек латын тілінде жазды. Ал оңтүстікте тек араб тілінде сөйлеп, жазды. Төрт жүз жыл өткеннен кейін, 1600 жылы Португалия мен Испанияның жер аумағы мен шекарасы бүгінгі күндегімен бірдей дерлік болды. Одан бөлек, өздеріне сәйкес екі елде екі жазба тіл жасалды; португал тілі және кастиль тілі; олар «испан тілі» деп те аталады. Ал Арагонның басты тілі – каталан тілінің дәрежесі төмен болды (бірақ ол жақында айтарлықтай қайта жаңғырды). Біз бұл жерде әр елді бөлек-бөлек талқылап отырмаймыз. Оның орнына бірнеше маңызды аспектіге толығырақ тоқталайық. Жаңа ұлттық тілдер кенеттен пайда болған жоқ, олар әдейі жасалды. Жаңа ел пайда болғанда, олардың тілінің ауызекі формалары да қалыптасты, бірақ ел болу үшін, ең бастысы – нағыз

тіл, яғни өз жазу нормалары бар, мәртебесі жоғары жазба тіл керек. Ондай мақсатқа жету үшін алдымен тілді білім беру саласына енгізу, сосын авторларға сол тілде кітап жазуға қолдау көрсету деген екі қадам жасау қажет.

11.1. Мемлекет, мектеп және тілдер

Балаларды мектепте оқыту дегенді кім шығарғанын айту қиын, бірақ гректер мен римдіктерде қазіргі мектептерге ұқсас орындар болған. Грек балалары оқу мен жазуды тек өз тілдерінде үйренген, ал Римдегі алдыңғы қатарлы мектепте оқытындар латын тілін де, грек тілін де, яғни Рим империясының екі ресми тілін де үйренуге тиіс болды.

Батыста Рим империясы құлағаннан кейін, жүйелі білім беруге христиан шіркеуі жауапты болды. IX ғасырға дейін монастырьлар мен соборлардағы мектептерде берілетін білім өте әлсіз еді, бірақ кейінірек білім беру ісі әжептәуір жетілді; XII ғасырда алғашқы еуропалық университеттер ашылды. Мектептерде сабақ латын тілінде жүрді. Енді латын тілі еш халықтың ана тілі болмағандықтан, ол тілде оқуды және жазуды үйрену көп уақыт алды. Жоғары білім алып жүргендер жақсы сөйлей білуге де тиіс еді. Жоғары білім тек латын тілінде берілді, халықаралық байланыста да латын тілі жүрді.

Ауызекі тілдер жаңа жазба тілдерге айналғанда, оқи және жаза білетін адамдарға қажеттілік туындады. Бірақ бірнеше жүз жыл бойы ондай адамдар бейресми түрде шығып жатты, мектеп бағдарламалары ондай мақсатқа сәйкес келетін еш өзгеріс енгізбеді. Мектептерде көпке дейін жаңа жазба тілдер қолданылмады, ол тілдерде сабақ жүрмеді.

Ондай білім туралы XIII ғасырға қатысты жекелеген деректер бар, бірақ ол кезде білім беру кейбір ерекше жағдайларда ғана болған тәрізді. Әдебиет, грамматика сияқты пән оқулықтарының, жаңа тілге байланысты сөздіктердің XVI ғасырға дейін ізі де жоқ. Жаңа тілде жазғысы немесе оқығысы келген адам екі жолдың бірін таңдауы керек болды. Олар шіркеу мектебінің еш қатысуынсыз үйренді, кейбір бақуатты отбасының балалары жеке мұғалім жалдап немесе өз туыс-бауырларының көмегімен білім алды. Екінші жол: мектепте латын тілін үйреніп, оқу мен жазуды өз тілінде де үйрену. Бір тілде үйренген оқу және жаза алу дағдысын екінші тілге де қолдануға болады.

XV–XVI ғасырларда келісімшарттар, хат-хабар алмасу және түрлі ресми мәтіндер жаңа тілдерде жүре бастағанда, мектептердегі білім беру күшейді. Бірақ үлкен өзгеріс Солтүстік Еуропадағы Реформация қозғалысымен байланысты. Ол қозғалыстың жаңа идеяларының бірі – дінбасылар уағыз айтуды және құлшылық етуді бұқара халық сөйлейтін тілде жүргізу керек деген талап; басты кітаптар да сол тілде қолжетімді болуы керек. Католик шіркеуі бұған ұзақ уақыт қарсы болды, «латында қалу керек» деген бағыттан таймады. Осылайша дін маңайындағы дау-дамай тілдерге де ауысты.

Мұның алғашқы мысалы – XIV ғасырдағы Джон Уиклифттің ағылшын тіліне үндеуі, Лютер мен Цвингли тәрізді кейінгі реформаторлардың соған ұқсас көзқараста болуы. Англия, Дания және Швеция тәрізді солтүстік елдердің басшылары шіркеудің

Рим Папасына емес, корольға бағынғанын қалады. Мысалы, Англияның VIII Генрих деген королі бұл салада өзгеріс енгізгісі келді, өйткені Рим Папасы оның әйелдерінің бірімен кезекті ажырасуына қарсы болды. Бұл елдерде жоғарыдан Реформация жарияланғанда, одан ұлттық тілдер де ұтты. Библия ағылшын, дат және басқа тілдерде уағыздалып, Библия да сол тілдерде оқылуы тиісті болғандықтан, ол тілдер латын тілінен еш кем емес, толыққанды жазба тілдерге айналуы тиіс еді.

Десек те латыннан ешкім теріс айналған жоқ, оның маңызы кеміген жоқ. Корольдар мен реформаторлар да латынның білімді адамдардың тілі болып қала беруіне қарсылық білдірмеді. Лютер алғашқыда мектептерде неміс тілін оқыту керек, уағыз да неміс тілінде жүруі тиіс дегенімен, кейін латынға бет бұрды.

Көріп отырғанымыздай, елдер латыннан бірден жаңа тілдерге ауыспапты. Алдымен ол тілдер ауызекі және жазба тілдер ретінде тұрақталды, біз ол туралы ағылшын тілін мысал етіп айтқанбыз. Латын тілін жетік меңгеру қажеттігі дін қызметкерлерінің өзінде жоқ болды, соның салдарынан латын католик шіркеуінде халықаралық тіл ролін атқарудан қалды.

Жаңа тілдер XVI ғасырда мектептерде әлі де көп қолданылмады, бірақ негізі қаланды. Тіл үйренудің өз нормасы болды. Оқушы қатесіз жазып, ойын дұрыс жеткізуі керек, сол үшін орфография мен грамматика ережелері жолға қойылды, жақсы сөздіктер жасалды. Латын тілінде мұның бәрі бұрыннан бар еді.

Еуропада жаңа жазба тілдерге арналған бұл іс-шаралар, негізінен, XVI–XVII ғасырларда іске асырылды. Испан тілінің алғашқы грамматикалық ережесі 1492 жылы шыққан, одан бірнеше жылдан кейін француз және итальян тілдерінің де ережелері жарық көрді. XVI ғасырда ағылшын тілін үйреніп жүрген шетелдік оқушылар үшін жеңілдетілген грамматикалық оқулықтар жазылды, ағылшын тілінің бірінші түсіндірме сөздігі 1604 жылы шықты.

XVII ғасырда ұлттық тілдер мектептердегі бірінші тіл және ресми тіл ретінде латынмен ашық бәсекеге түсті. Еуропалық елдер орталықтандырылып, барған сайын күшейе түсті. Корольдар мен өзге де басшылар латын тілінен гөрі өз ұлтының тіліне көбірек қолдау көрсетті. Латын тілі тек католик дінімен байланыстырылды, өзге салаларда оның қолданыс аясы біртіндеп тарылды.

Мемлекеттер іс қағаздарының көбін ұлттық тілде жүргізді. Мысалы, салық жинау, бухгалтерия, хат-хабар алмасу және басқа қызметтер. Қуатты мемлекеттерде кеңсе жұмысы көп болды, түрлі құжаттарды оқи және жаза алатын адамдарға қажеттілік артты.

Енді ғасырлар бойы сауатты адамдардың көш басында тұрған дін қызметкерлеріне ғана білім беру жеткіліксіз екені аңғарылды. Әйтсе де мектептер жаңа жағдайға тез бейімделмеді. Мектеп ісі өте консервативті болды, бірнеше елде ғасырлар бойы латын тілі басты пән болып қалды.

Англияда ағылшын тілінде сабақ беру қажеттігі ерте бастан сезілді, XVI–XVII ғасырларда бірнеше реформатор ағылшын тілін қолдап, ұлт үшін оның өте маңызды екенін баса айтты. Ағылшын тілін әсіресе пуритандар қолдады. Бірақ оқу бағдарламасында латын тіліне көбірек көңіл бөліну жалғаса берді, латын әсіресе жоғары санаттағы, алдыңғы қатарлы оқу орындарында тереңдетіліп оқытылды.

Әйтсе де сәл басқа тұрғыдан қарағанда, дамуды да көруге болады. Латын тілін, кейде грек тілін де оқытатын дәстүрлі грамматикалық мектептер ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп тұрды, бірақ жаңа ұлттық тілдер білімнің жаңа салаларына енді. Біріншіден, көптеген адам бастауыш білім алып, оқу мен жазуды үйренді, ол сабақтар үнемі ұлттық тілде жүрді. Екіншіден, кәсіптік бағдардағы мамандықтарға үйрететін жерлерде теориялық білімге қажеттілік өсе бастады, ол үшін де ұлттық тілдер таңдалды. Ол әсіресе коммерция мен бизнеске қатысты болды. Тағы бір мысал – көптеген жоғарғы тап өкілдері таңдаған әскери мамандықтар. XVII ғасырда бірнеше еуропалық ел жас ақсүйектерге болашақ әскери қызмет туралы түсінік беру үшін, «рыцарьлық мектептер» ашты. Ол жерде де сабақ латын тілінде емес, ұлттық тілде жүрді.

Латын тілі ығысып, өзге тілдер дамуымен бірге саяхаттау үшін және шетелдіктермен қатынас жасау үшін, өзге елдердің тілін үйрену қажеттігі туды. XVII ғасырда ағылшындарға француз тілін, немістерге швед тілін үйрету сабақтары ұйымдастырылды. Бастапқыда ол жоғары шенді тұлғалар мен дипломаттар үшін керек еді, бірақ уақыт өте келе заманауи шетел тілдерін үйрету көптеген елдегі мектеп бағдарламасының ажырамас бөлігі болып бекітілді.

Осының бәрінің нәтижесінде Еуропаның жаңа ұлттық тілдері латынды қуып жетіп, бір саладан кейін екінші салада одан асып түсті. Бірте-бірте жаңа тілдер өздеріне латын тілінің міндетін жүктеді. Латын – жазба тіл, ал жазу дегеніміз – латын алфавиті; осы сөз жаңа тілдерге де қатысты айтылады. Латын тілінде грамматика мен орфографияның қатаң ережелері бар, ұлттық тілдер ол ережелерді өздеріне сіңіріп алды. Латын тілі мектепте де маңызды пән саналатын, жаңа тілдер, ақыр аяғында, ол рөлді де өздері атқарды.

11.2. Ұлттық тілдер және ұлт ақындары

Латын тілінің ең басты артықшылығы – ол тілде классикалық әдебиеттің болуы. Вергилий, Цицерон және Римнің өзге де ұлы тұлғалары мектепте оқытылды, сондықтан әдебиетке талпынған адам оны білуі тиіс еді. Бұл үрдіс ұзақ уақыт бойы сақталды. Бірақ жаңа тілдердің мәртебесі өсіп жатты, ол тілдерде көркем әдеби кітаптар жазылды, олардың да латын авторларындай, мектепте білім алған ақын-жазушылары болды.

Ескі таланттардың орнына жаңа таланттар келді. Біз римдік авторлардан кейінгі алғашқы еуропалық ұлттық автор туралы әңгімеледік. XIV ғасырдың басында шығармашылықпен айналысқан Данте – ұлы итальян әдебиетінің алғашқы маңызды авторы. Оның жолын екі талантты автор жалғастырды: Петрарка деген ақын және Боккаччо деген прозашы. Италиян тілінің бұл үш авторын халық оқыды, ұнатты және латын тіліндегі мәтіндерге жазғандай, түсіндірме (комментарий) жазды. Мысалы, Боккаччо Дантенің шығармаларына түсіндірме жазды. Италиян тілі классикалық әдебиетке Еуропаның өзге ұлттық тілдерінен көп бұрын ие болды.

Француздық білім беру саласында француз тілі итальян тілінен бұрын әдеби тілге айналса да, өзге романтілді елдерде оларға тең келетін автор бірнеше жүз жылдан

кейін де дүниеге келген жоқ. Рабле және Монтень деген өте талантты авторлар XVI ғасырда өмір сүрді. Ол екеуін де оқырмандар қатты ұнатып, жаппай оқыса да, олардың екеуінің де жазғанын мектеп оқулықтары тіл мен стильдің үлгісі деп көрсете алмады. Бұл айырмашылық XVII ғасыр драматургтері, трагедияшы Корнель мен Расинге, комедияшы Мольерге де қатысты. Олардың тілі мен көркемдік құралдары үлгі ретінде қарастырылды, еңбектері ғасырлар бойы француздық білім беру саласында түрлі бағдарламаларға енгізіліп келеді.

Испанияда әдебиеттің алғашқы гүлденуі XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басына келді. Бұл – драматург Кальдерон мен Лопе де Веганың заманы, Сервантестің рыцарьлық романдарға сатира ретінде «*Дон Кихот*» шығармасын жазған кезі.

Англия туралы жоғарыда біраз әңгімеледік. Чосер – ұлттық тілде жазатын алғашқы маңызды жазушы; бірақ ол ағылшын тілінің бүкіл дүниежүзіне танылған ұлы Уильям Шекспирдің көлеңкесінде қалды. У.Шекспир XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында белсенді жұмыс істеді.

Франция, Испания және Англия өз тілдеріндегі әдебиет жауһарларын бір ғасырға жетпейтін уақытта, 1590–1670 жылдар аралығында көрді. Бұл кездейсоқ болған жоқ. Үш елдің де саясаты мен экономикасы қатты дамыды, үшеуі де Еуропада жетекші рөл атқарғысы келді. Қызу тіршілік жүріп жатқан үш астана қала – Париж, Мадрид және Лондонда авторлар әлеуетті және өсіп жатқан король сарайындағы елдің игі жақсыларымен араласып, қатынасып тұрды. Ақша мен биліктің жанында әдеби шығармашылық гүлденді.

Әр елдің жазушылары бір-бірімен байланыста болды. Ешбір ел жеке-дара тұрып дами алмады; олар түрлі жолдар арқылы сансыз рет қатынас жасады. Экономикалары жарысқа түсіп, бір-бірімен қайта-қайта соғыса беретін Еуропа елдерінің арасында мәдениет саласында да бәсекелестік қалыптасты. Классикалық авторларды бұрынғыдан бетер үлгі тұтты, бұл қиындық туғызды, өйткені Цицерон мен Вергилий мәнерінде жазу оңай шаруа емес. Қайта өрлеу дәуірінің көптеген жазушылары уақыттарын латын тілінде жазуға жұмсады. Олардың біразы тәп-тәуір дүниелер, бірақ сол кездің өзінде олардың оқырманы аз болды. Арнайы мамандар болмаса, қазір олардың ешқайсысын ешкім оқымайды.

Швеция мен Нидерланд сияқты елдерде әдебиет онша дамыған жоқ. Әйтсе де тілге қатысты үрдіс өзге елдердегідей жүрді. Ұлттық тілдерге ерекше көңіл бөлінді. Мәселен, Швецияда саяси басшылар, оның ішінде король де бар, XVI ғасырдағы Реформация кезінде қалыптасқан швед тілін дұрыс тіл деп санады. Бірақ іс жүзінде ол тілде ұзаққа дейін ештеңе жазылмады. Екі ғасырдың ішінде жазылған ең көрнекті лингвистикалық үлгі 1541 жылы жазылған Библияның аудармасы болып қалды. Бірте-бірте швед әдебиеті де дүниеге келді. Бірақ XIX ғасырдың соңына дейін Стриндберг пен Лагерлофтың шығармалары жарыққа шыққанға дейін, халықаралық деңгейде танылған швед авторы болған жоқ.

Сөйтіп, тек бірнеше еуропалық ел мықты ұлттық жазушы бере алды. Әйтсе де бәрі қолынан келгенін істеді. Ұлттық мемлекеттер өз тілдеріне артықшылық берді, ол

уақыт өткен сайын күшейе түсті. Ұлттық тілдің маңызы арта берді, ұлттық әдебиет ел өмірінде үлкен рөл атқарды. Әдебиет тілді адами қарым-қатынастың барлық түрінің толық құралына айналдыруға көмектесті. Ең атақты деген авторлардың кітабы мектеп бағдарламасына енгізілді. Мұның үлкен символикалық маңызы болды, әсіресе классикалық тілдерге қатысты. Әдеби шығармаларды оқу-білім саласында қолданарлықтай қуатпен қамтамасыз ете алған тілді ғана латын және грек тілдерімен салыстыруға болады.

11.3. Тіл және саясат

Еуропаның заманауи тілдері латын тілімен әдеби көркем шығармалар шығарумен ғана емес, басқа тұстарда да бәсекелесті. Тілдің қолданылуы туралы мәселе Еуропаның мәдени жетістіктерімен тығыз байланысты болды.

XV–XVI ғасырдың басты идеялары әдетте Қайта өрлеу дәуірі деген атпен қорытындыланады. Еуропаның заманауи тілдері латын тілімен ұлттық әдебиет жасаудан өзге жерлерде де бәсекелесті. Тіл қолдану мәселесі Еуропаның өз мәдени жетістіктерін қабылдауымен де тығыз байланысты болатын. Ол классикалық антика мәдениеті – үлгі аларлық мәдениет, оған еліктеу керек және оны жетілдіре түсу керек деген ұғым қалыптастырды. Классикалық грек тілі Батыс Еуропада сындарлы зерттеу нысанына айналды, латын тілін қолдану идеясын ендіру өте маңызды саналды.

XVII ғасырда Қайта өрлеу дәуірінің басты идеясына қарсылық көрсетілді; кейбіреулер антика заманы артта қалды, енді оған қайта бұрылудың қажеті жоқ деді. Ғалымдар ортасында бұл айтыс екі ғасыр бойы жүрді. Ең атақты эпизод – 1682 жылдары Францияда басталған айтыс, ол *La querelle des anciens et des modernes* – «ескі мен жаңаның айтысы» деп аталады. Айтысты бастаған Перро атты ақын өзі өмір сүріп жатқан уақыт пен елді, яғни XIV Людовик деген корольдың кезіндегі Францияны «антиканың кез келген кезеңінен ілгері» деді. Бұл пікір дәстүршілдер тарапынан наразылық тудырды. Бірақ осының өзі Ежелгі дәуірдің Еуропада күні батуға таяғанын көрсетеді. Тілдер саласында латын тілі тақтан түсе бастады.

XIV Людовик және оның заманы Қайта өрлеу дәуірінің белортасына тұспа-тұс келді. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басым бөлігінде Франция Еуропаның саяси және мәдени жетекші күшіне айналды. Еуропа елдерінің азаматтарына француз тілін білу мәртебе болды. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, мәдениетті болып көріну қажеттігі туындады; оны кейбіреу «снобтың құндылығы» деп атайды. Вергилийдің шығармасын жатқа айтқаннан гөрі, Расин мен Буалонның шығармаларын оқыған дұрыс деген пікір қалыптасты. Екіншіден, француздық өзін-өзі ұстау мәнерін үйрену керек болды. Еуропадағы барлық соттар француз сотын үлгі тұтты. Француз мәнерінде әңгімелесе білу де мәдениеттілік саналды. Үшіншіден, француз тілі дипломатия мен халықаралық байланыс тілі бола бастады.

XVI ғасырға дейін Еуропадағы халықаралық қатынастардың ресми тілі латын тілі болды. Ұлттық мемлекеттер басшыларының өз елдері мен тілдері туралы пікірі

жоғарылап, әркім өз тілін халықаралық деңгейге шығаруға тырысты. Мұндай идеялар «этикетті бұзу» деп саналды, бірақ барлық елдерде француз тілін латын тілінен артық білетіндер көбейгенде, жағдай өзгерді. 1660 жылы Олива деген жерде Швеция, Австрия және Польша «Бейбітшілік туралы келісімге» қол қойғанда, барлық құжат тек латын тілінде жүрді. Бірақ 1678 жылы Неймегендегі Испания, Франция, Швеция және басқа да елдер қатысқан жиында барлық талқылаулар мен хаттамалар француз тілінде жүрді; тек келісімшарт қана латын тілінде жазылды. Австрия мен Франция арасындағы 1714 жылғы «Раштадт» келісімі түгелдей француз тілінде рәсімделді, бұл келешекке үлгі болды. Осылай француз тілі латынның Еуропадағы ең басты функциясын өз мойнына алды.

Бұл кенеттен болған өзгеріс емес, дегенмен ұзақ уақыт бойы жүрген батыл қадамдардың жемісі болатын. Француз тіліне өз елі Францияда қолдау көрсетті, барынша көмек берді және кем-кетіктерін жетілдірді. Француз тілі оңтүстік Франциядағы окситан тілі мен өзге де диалектілерден бастау алды. 1635 жылы король *Académie française* Француз тілі академиясының негізін қалады, оған француз тілін дамытып, кеңінен тарату міндеті жүктелді.

Француз тілі осылай, алдымен, Францияның бүкіл халқы таныған ұлттық тілі болып алды да, елдің мәртебесі мен айбары арқасында жоғары көтеріліп, латынның халықаралық тіл дәрежесіне таласты. Бұл деңгейге тек бір ғана ұлттық тіл көтерілуі керек еді немесе, тым болмағанда, бір-бірлеп көтерілер еді. Бірақ ондай мәртебеге өзге елдер Франциядан артық талпынбаса, кем талпынған жоқ, сөйтіп олар да өз тілдерін барынша алға тартты.

11.4. Тілдер бәсекесі

Орта ғасырларда Еуропада бірнеше тіл пайда болды деп айтқанбыз. Олар атауы жоқ, дәрежесіз, жай ғана ауызекі сөйлесу тілі болған. Кейінірек олар жазба тілге айналып, ағылшын, француз, итальян және швед тілдері деген атауларға ие болды. Ең жетілген тілдер мемлекетпен біте қайнасып, мемлекеттік тіл деп танылды.

Адамзат тілдерінің табиғатында мұндай жағдай ретін қажет ететін немесе соған жеткізетін ештеңе жоқ. Олардың көбі, негізінен, аз ғана адам тобы сөйлейтін ауызекі тілдер еді. Жазба тілдер, ауызекі тілдер және ірі мемлекеттер арасындағы байланыстар бес мың жылдай бұрын пайда болды.

Еуропаның лингвистикалық тарихының ерекшелігі – Батыс Рим империясы құлағаннан кейін де, латын тілінің Батыс Еуропада бір мың жылдай қолданыста болуы. Римнің соңғы императоры 476 жылы тактан түсті, жаңа тілдер латынды 1300–1700 жылдар аралығында созылған процесс нәтижесінде ығыстырды.

Әйтсе де жаңа тілдер латын тіліндей бола алмады. Олардың мықты мемлекеттердің тілі болғаны, барлық тақырыпта сөйлесуде де, жазуда да қолданылғаны, кейбірінің ұлы әдебиет тудырғаны рас. Бірақ латын тілінен бір айырмашылығы – олардың арасында бәсекелестік болды.

Бастапқыда латын Италиядағы көп тілдердің бірі болатын, бірер ғасыр өткенде, онымен таласатын ешкім қалмады. Бұрыннан да қадірлі грек тілі сол қадірін жоғалтқан жоқ, бірақ римдіктер гректілділерді саяси тұрғыдан бағындырып алды. Империяның батыс бөлігінде латын мәдениет, дін және саясатқа араласып, түгел үстемдік құрды. Ол аймақта латын тілі берік орнап, көпке дейін тұғырдан түспеді.

Еуропаның заманауи тілдері ешқашан ондай дәрежеде болған емес. Олар көршілес аймақтарда, бірдей кезеңде жазба тілдер, саяси билік тілдері ретінде дамыды, бір-біріне қатты ықпал етті. Еуропаның бөліктері ұқсас ауызекі тілдерде сөйлейтін шағын елдердің ассамблеясы болуды доғарып, бір адам басқаратын, ауызекі тілі мен жазба тілі бір мемлекеттерге айналды. Бірақ еш мемлекет басқа мемлекеттерді бағындыра алмады, сондықтан Батыс Еуропа саясат, мәдениет және тіл майданында үнемі бәсекелес ұлттық мемлекеттердің органы болды.

Әр елде ұлттық тіл мен латын тілі бәсекеге түсті. Ұлттың тілі бірте-бірте дәстүрлі жазба тілдің түрлі саласына енді. Кей салалар жылдам дамығанымен, жалпы алғанда, процесс баяулау жүрді. Құқық тақырыбында ағылшын тілінде 600 жылдары жазылған алғашқы мәтіндерден ХІХ ғасырдың ортасында Венгрияда латынның ресми тіл болуына тыйым салынған уақыттан бері бір мың жылдан астам уақыт өтті. Латын тілі ұлттық тілдерге қарсы қойылды, ол ақыр аяғында латынның жойылуына алып келді, бірақ ескімен белгілі бір ұқсастығы бар жаңа жазба тілдер қалыптасты.

Бұл процесс туралы жоғарыда, ағылшын тілі туралы әңгімелегенде айтқанбыз. Орта ғасырларда және одан кейін де ағылшын тілі ғана емес, өзге еуропалық тілдер де жазба латыннан көптеген сөз алды. Бұл латын тілінен өрбіп шыққан роман тілдеріне де қатысты. Мұны аңғару үшін ағылшын тілінде алғаш рет ХVІ ғасырда пайда болған *popular* сөзін алайық. Бұл сөз Еуропа тілдерінің көбінде бар: неміс тілі мен швед тілінде *populär*, итальян тілінде *popolare*, француз тілінде *populaire*. Ол латын тіліндегі *popularis* деген сын есімнен шыққан, ал ол *populus* – халық деген зат есімнен туындаған. Француз тіліндегісі о баста бұл тілде болмаған, әйтпеген күнде ол латын тіліндегіге соншалықты ұқсас болмас еді. Латынның *populous*-ы француз тілі тіл болғалы қолданылып келеді, ол енді қатты өзгеріп, *people* деген сөзге айналды. Егер *popularis* те сол бағытпен жүргенде, ол да *peupler* деген сөзге айналып кетер ме еді.

Еуропаның бәсекелес тілдерінің көбі бір-бірінен үнемі сөз алып отырды. Көптеген сөздердің түбірі латын мен грек тілінен шықты, бірақ еуропалық тілдердің біреуіндегі сөзді басқаларының бәрі кіргізіп алған кездер де болған. Ағылшын тілінде *musket* – мушкет деп аталатын қару алғаш рет итальян тілінде *moschetto* (кішкентай шыбын) түрінде айтылған. Бұл қаруды бүкіл Еуропа ұнатып, дыбысталуы сәл өзгеріп, атауы барлық тілге тарады.

Жаңа тілдер үшін күресіп жүрген жетекші тұлғалар көбінесе билікке жақын адамдар еді. Жаңа тілдерді көбіне бұқаралық тілдер деп атайды, ал латын тілі білім мен білімді адамдардың тілі болған, бірақ бұлай анықтама беру, шындығын айтқанда, онша дұрыс емес. Жазба және мектеп тілдері ретінде жаңа тілдер халықтың емес, шеберлердің жасаған тілі болатын. Ол тілдер қарапайым адамдар арасында латын тілінен гөрі

ыңғайлырақ болды, өйткені олар адамдардың дені іс жүзінде қолданатын сөздерге негізделген. Бірақ француз немесе ағылшын тілінің жазба түрі орта есеппегі сөйлеушінің қалай сөйлейтінін бейнелемейді, оның сот пен аксүйектер арасында қалай қолданылатынын көрсетеді.

Жаңа тілдер – жазба тілдер, олар жүйелі білім мен үйрену арқылы насихатталуы керек болды. Жазба тілдер білім жүйесіне толықтай кіріп болғанша, өте ұзақ уақыт өтті. XIX ғасырдың аяғына дейін көптеген еуропалық елдің мектептерінде латын тілі орнықты тұрды, ал жаңа тілдер оқу бағдарламасына там-тұмдап кіріп жатты. Олар алдымен бастауыш мектептің оқу мен жазуды үйрену пәніне енді, сосын арифметика жаңа тілде оқытылды, одан кейін бағдарламаға ұлт тіліндегі әдеби шығармалар енгізілді. Ал ғылым, философия, дін саласындағы зерттеулер үшін латын тілі әлі күнге дейін қажет болды.

Мемлекеттік тілдердің бір-бірімен жарысы латын тілімен бәсекелестіктен де күшті болды. Мемлекеттік тілдің жағдайы ұлттық мемлекеттің сыртқы дүниемен қатынасына көп байланысты. Англия мен Франция арасындағы сияқты ағылшын және француз тілдері арасында да о бастан бақталастық бар. Португалдар испандармен бәсекелес, ал Швеция даттар және Даниямен бітпейтін ерегесінде швед тілін ту етіп көтеретін. Жалпы алғанда, саяси тәуелсіздік алған Еуропа елдері ұлттық тілін де сақтап қалып, оның өз жерінде үстем болуына қол жеткізді.

Осылай лингвистикалық бірлесу уақыт өте келе тығыз саяси бірлестікке ұласты. Бұл бағытта жасалған соңғы үлкен кадам – Германия мен Италияның XIX ғасырдың ортасында ұлттық мемлекетке айналуы, содан бері Эстония, Словакия және Словения сияқты тағы бірқатар ұлттық мемлекет пайда болғаны болмаса, жағдай онша өзгерген жоқ. Еуропа, негізінен, ұлттық тілі бар ұлттық мемлекеттерден тұрады. Еуропаның әлемдегі ұзақ уақыт бойғы үстемдігінің нәтижесінде дүниежүзінің басқа елдері де осы модельді үлгі етіп алды.

Қосымша әдебиеттер тізімі

Осы тараудағы тақырыпқа байланысты тарихи кезенді көрсеткен авторлардың бірі – Холмс (*Holmes*, 1988). Сол кезеңдегі тілдерге егжей-тегжейлі, жақсы (бірақ мәліметтері жартылай ескіріп кеткен) шолу жасаған Вулф (*Wolff*, 2003 (1971)).

9-тарау. Данте итальян тілінде жазған ба?

Латын тілінен француз тіліне өту туралы Райтты (*Wright*, 1982) қараңыз. Латын тілі мен жаңа тілдер және ол тілдердің атауы Янсонның (*Janson*, 1991) кітабында тал-

кыланады. Дантениң тіл туралы трактатының ағылшын тіліне аударылған нұсқасы Боттерилл (*Botterill*, 1996) еңбегінде қолжетімді.

10-тарау. Герман тілдерінен қазіргі ағылшын тіліне дейін

Ертедегі герман тобындағы тілдер – Робинсон (*Robinson*, 1992) еңбегінің тақырыбы. Англиядағы руналар туралы Пейдж (*Page*, 1973) жазған.

Ағылшын тілі туралы кітаптардың көбінде Этельберт заңына аз көңіл бөлінеді. Бұл кітаптағы үзінді Либерманның (*Liebermann*, 1903–1916) басылымынан алынды.

Ертедегі ағылшын тілі мен әдебиетіне тамаша кіріспені Митчел (*Mitchell*) мен Робинсон (*Robinson*, 1992) жазды. Беовульф (*Beowulf*) дастаны сансыз көп басылымда талқыланды, қазіргі ағылшын тіліне көп рет аударылды. Солардың ішіндегі ең сауатты нұсқасын Шеймас Хини (*Seamus Heaney*) жасады. Беденің «Шіркеу тарихы» (*The Ecclesiastical History*) деген шығармасы Лёб классикалық кітапханасы (*Loeb Classical Library*) басылымында қолжетімді.

Ағылшын тілінің тарихы туралы бірнеше жақсы кітап бар. Барбер және басқалар (*Barber et al.*, 2009) мен Фриборнның (*Freeborn*, 2006) екеуі екі түрлі оқулық; соңғысында тілдік варианттар туралы көп айтылған. Магглстоун (*Muggleston*, 2006) бүкіл тақырыпқа толық шолу жасаған.

11-тарау. Ұлттық тілдер гәуірі

Сыра қайнатушылар гильдиясының шешімі Олмондтан (*Allmand*, 1992) алынды, 424-бет. Орта ғасырлардан кейінгі кездегі латын тілінің жағдайы туралы Буркден (*Burke*, 1993), 2-тарауды оқисыз.

Ұлттық тілдердің дамуы сол тілдердің тарихында көрініс тапқан. Ағылшын тілінің тарихын жоғарыдан қараңыз. Соңғы жылдары тарихшылар, антропологтер және басқа ғалымдар ұлттық мемлекеттердің дамуы мен ұлтшылдықтың табиғаты туралы тақырыпты көп талқылады. Осы тақырыпқа жақсы жазылған еңбектерге Смит (*Smith*, 1986), Андерсон (*Anderson*, 1991) және Тиллидің (*Tilly*, 1992) кітаптары жатады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Алғашқы екі роман жазба тіліне қай тілдер жатады?
2. Біз итальян тілі деп атайтын тілді Данте қалай атаған?
3. «Металингвистикалық өзгеріс» деген не?
4. Жазба роман тілдерін туындатқан маңызды себепті атаңыз.
5. Ағылшын тіліндегі алғашқы мәтіндер қай ғасырда жазылды?
6. Батыс-саксон диалектісінің жазбаша нұсқасы қашан және неліктен ерекше мәртебеге ие болды?

7. 1066 жылғы Норман басқыншылығының лингвистикалық салдарын атаңыз.
8. Ағылшын тілінің жалпыға ортақ стандартының қалыптасуына ықпал еткен екі тұлғаны атаңыз.
9. XVII ғасырдағы Еуропадағы үш маңызды ұлттық тілді атаңыз.
10. Еуропа елдерінің халықаралық қатынастар мен дипломатиясында латын тілін қай тіл ығыстырды?
11. Еуропа тілдерінің ғылыми сөздік қорына сөз түбірін ең көп берген қай тіл?

Талқылауға арналған тақырыптар

1. Жазба роман тілдері бірнеше жүз жыл бұрын қалыптасты, олар қазір латын тілінің орнына жүреді. Классикалық жазба араб тілі арабтілді елдерде әлі қолданылып келеді. Жаңа жазба араб тілі жасала ма? Роман тілдері мен араб тілінің жағдайында қандай айырмашылықтар мен ұқсастықтар бар?
2. Ағылшын тілі дегенде Британияны, француз тілі дегенде Францияны ойлайтынымыз сияқты, кез келген жазба тіл мемлекетпен байланыстырылады. Бірақ Бельгияда екі мемлекеттік тіл бар, ол екеуінің де дәрежесі бірдей. Британияда тек бір мемлекеттік тіл бар, ол – ағылшын тілі; десек те британдардың біразы валлий, ирланд, шотланд тілдерінде ана тілі ретінде сөйлейді. Бұл сөйлеушілердің санымен байланысты болса керек. Тұрғындардың қанша пайызы қолданғанда, ұлттық тіл заңды деп есептеледі: 90%-ы ма, 60%-ы ма, әлде 40%-ы ма?

Зерттеуге ұсыныс

1. Газеттен немесе интернеттен көркем әдебиетке жатпайтын француз тіліндегі бір мәтін тауып алыңыз. Оның ағылшын тіліндегі сөздерге ұқсас алғашқы отыз сөзін тізімдеңіз. Сөздіктен ағылшын тіліндегі сөздердің француз тілінен кірген сөз немесе латын тілінен кірген сөз екенін анықтаңыз. Отыз сөздің қаншасы латын тілінен енген сөздер категориясына жатады екен? Қалғандары француз тілінен немесе өзге тілдерден енген сөздер болуы мүмкін. Ол топқа қанша сөз кірді?
2. «Этнолог» (*Ethnologue*) анықтағышынан немесе басқа бір дереккөзден Испания, Франция және Венгриядағы екінші тілде сөйлеушілер санын анықтаңыз. Ол тілдер бұрын-соңды ұлттық тіл болған ба?

V БӨЛІМ

ЕУРОПА ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІ



12-ТАРАУ

Еуропа және дүниежүзі тілдері

12.1. Батыстағы португал тілі

12.4. Португалия және әлемнің басқа

12.2. Испандар, ағылшындар және

бөлігі

басқалар

12.5. Шет елдердегі ағылшын тілі

12.3. Америка – үш тілде сөйлейтін

12.6. Не болды?..

құрлық

Бұл бөлімде дүниежүзінде соңғы 500 жылдың ішінде болған лингвистикалық өзгерістер туралы айтылады. Саяси оқиғалар, үдере көшіп-қону және тілдердің жаппай ассимиляцияға түсуі көптеген майда тілдердің есебінен үш-төрт еуропалық тілдің бұрын-соңды болмаған кеңінен таралуына алып келді.

Бұл тарауда басты оқиғалар мен олардың салдары туралы баяндалады. 13-тарауда жаңадан құрылған қоғамдар кейде неге және қалай өз тілдік формаларын жасайтыны туралы айтылады. 14-тарау біздің уақытымызға тән процесс – тілдердің жоғалуы туралы такырыпты қаузаиды. Бұл бөлімдегі тараулардың бәрі дүниежүзінің көптеген еліндегі бүгінгі тілдік жағдайды суреттейді.

12.1. Батыстағы португал тілі

1500 жылдың 9 наурызында Лиссабон қаласының айлағынан бір кеме желкен көтеріп, жолға шықты. Жоспар – Васко да Гаманың екі жыл бұрын Африканы айналып өтіп, Үндістанға жеткен саяхатын қайталау. Кеме капитаны Педру Кабрал Гвинея бұғазынан тыс аумақта болатын қиындықтардан қашып, Атлант мұхитынан шет оңтүстік-батысқа бағыт алды. Сәуірдің 22-сінде Жер көрінді, Кабрал оны аралдың бір бөлігі болар деп, *Вера Круз* (шынайы крест) деп атады. Ал ол құрлық ашқан болатын. Кабрал мен оның серіктері – Бразилия жерін басқан алғашқы еуропалықтар.

Португалдардың Оңтүстік Америкаға келуі кездейсоқ болған жоқ. Осыдан бірнеше жыл бұрын Колумб Атлантиканың батысында жер бар екенін дәлелдеген, Оңтүстік Американың жағалауын Кабрал келмей тұрып көрген, сондықтан осы бағытқа бұрылған. Бұрылуының ең басты себебі әуестік болатын. Шын мәнінде, Португалия батыстағы бұл жерді иемденіп те алған.

Португал теңізшісі Диаз 1488 жылы Жаксы үміт мүйісінен тыс саяхатқа шықты, ал Колумб Испан королінің тапсыруымен Вест-Индияда болды. Еуропа басшылары үлкен істер атқарылып жатқанын, келешекте сауданың орасан зор байлыққа кенелтетінін, ірі елдерді жаулап алуға болатынын түсінді. Ол жақтың байлығының көптігі сонша – жағдай кілт өзгеріп, Еуропа елдері олжадан құр қалмау үшін, бір-бірімен соғыса кетуден тайынбауы мүмкін еді. Бұл жағдайда Испания мен Португалия сияқты екі теңіз державасы Еуропадан тыс жерлерді өзара бөлісіп алғысы келді. Тордесильяс деген жерде 1494 жылы жасалған келісімшарт бойынша, Испания Гринвич меридианынан батысқа қарай белгілі бір бойлықтағы 48 бен 49 градус арасындағы жердің бәрін алатын болды.

Шығыс Бразилия демаркациялық сызықтан шығыста орналасқан. Кабрал ол туралы жақсы хабардар еді, табылған жер Португалия короліне тиесілі деді. Ал ол жерде адамдардың тұрып жатқаны, Кабралдың олармен кездескені, оның пікірі бойынша, жағдайды еш өзгертпеді. Еуропалықтардың көзқарасы бойынша, Бразилияда бір португал жүрсе, ол ел португалдардың қоластында деп есептелді.

Португалия Еуропадан тыс батыс бойлықтан шығысқа қарай 48 градус жерді ала алмады. Оның үстіне, келісімшарт жер шарының екінші жартысындағы демаркациялық сызықты анықтай алмады. Бірақ Оңтүстік Америка Тордесильяс келісімшартын шешуші деп қабылдады. Оған сәйкес, Португалия континенттің шығыс бөлігін жаулап алды, ал Испания одан басқасының бәрін алды. Сондықтан Бразилияда португал тілінде сөйлейді, ал АҚШ-тың оңтүстігіндегі штаттардың бәрінде испан тілінде сөйлейді.

Америкадағы тілдердің ассимиляцияға түсуі – әлем тарихындағы маңызды тілдік өзгерістердің бірі; ол адам санының қатты өсуіне де байланысты болды. Бразилиядағы тілдер тарихы өзге елдердегі тарихқа өте ұқсас. 1500 жылдары Португалиядан тоқсан еседей үлкен жер аумағында екі миллиондай адам тұруы мүмкін. Ол адамдар өте көп тілде сөйледі. Қанша екенін ешкім дәл білмейді, бүкіл Оңтүстік Америкада америкалық үндістердің 350-дей тілі бар, бірақ 500 жыл бұрын қолданыста болған, олардың көбі қазір қолданыстан шығып қалды. Бір Бразилияның өзінде жүздеген тіл болды. Ол

тілдерде сөйлейтіндердің көбі терімшілер, аңшылар және балықшылар еді, егіншілікпен айналысатындар да болды.

Өмірінде бірінші рет жағалауға қоныстанған португалдар еуропалықтарға еліктеп, ауыл шаруашылығымен айналысты. Бұдан бұрын айтқанымыздай, бір шаршы шақырым жерден өсімдік теру мен аңшылықтан гөрі ауыл шаруашылығымен айналысқандар көбірек өнім алады. Екі жүз жылдай уақыттың ішінде португалдардың ұрпақтары көбейді. Оның үстіне, португалдар Африкадан көп құл алып келді, жергілікті тұрғындар португал қоғамына интеграциялана түсті. Нәтижесінде қаны араласқан, генетикасы әртүрлі, бірақ тілі ортақ, бәрі португал тілінде сөйлейтін халық пайда болды. Олар әлі де өсу үстінде: қазір Бразилия тұрғындарының саны 190 миллион шамасында. Олардың ана тілі – португал тілі. Амазон өзені бойының шалғайдағы аудандарында тұратын шағын тайпалар өз тілдерінде сөйлейді.

Бұл осыдан мың жыл бұрын банту тілдерінде сөйлейтіндер Африканың түкпір-түкпіріне тарап кеткенде болған жағдайға ұқсас. Халықтың саны күрт өсті, тіл жаппай ассимиляцияға ұшырады. Бірақ үлкен айырмашылық та бар. Банту тілінде сөйлеушілер жан-жаққа тарап кеткенде, олардың тілі де түрленген, енді қазір жүздеген банту тілі бар. Бразилияда жағдай ондай болған жоқ. Бразилиялық португал тілі қазіргі португал тіліне мүлде ұқсамайды, бірақ өзара бір-бірін түсінеді (көп жағдайда).

Оның себебі – португалдардың саяси және тілдік бірлікті сақтап қалуға барынша тырысуында. Бразилияны бірнеше ғасыр Португалия басқарды; ХІХ ғасырдың басында отаршыл биліктің орнына тәуелсіз Бразилия үкіметі келді. Мемлекеттік басқару, мектеп жүйесі және әскер о бастан португал тілінде сөйледі, әлі де солай. Португал тілі ортақ қолданыстағы ауызекі тіл болды, жақсы жұмысқа орналасу үшін бразилиялық Португалиядағыдай сөйлеп, Португалиядағыдай жазады.

12.2. Испандар, ағылшындар және басқалар

Колумбтың 1492 жылғы саяхатынан кейін еуропалықтар батыстағы ел Азияның шығысы емес, құрлықтың өзі екенін түсінді. Бұл Магалхестің (Магелланның) серіктері 1520–1522 жылдары жер шарын айналып жүзіп өткеннен кейін ғана түсінікті болды. Ол кезде белгісіз аумақтарда байлық пен құнарлы жер иемденіп алуға деген жүйелі күрес басталды.

Испандар Орталық және Оңтүстік Американың Бразилиядан бөлек жерлерінің бәрін жаулап алды. Оларда еш аяушылық сезім болмады. Қарсылық көрсеткен бірнеше елді бірден басып-жаншып тастады. Писарро деген саяхатшы Оңтүстік Американың батыс жағалауындағы инктердің алып империясын 200 сарбаз және 30 аттың күшімен тас-талқан еткен. Олар сол жорықтан орасан көп алтын олжалады. Орталық Америкадағы майялардың жазу жүйесі иероглифтерге негізделген, испандар ол мәдениетті де құртып, жойды.

Испан басқыншылығы қарапайым тонаудан басталды, бірақ бірте-бірте одан да бетер зорлыққа айналып кетті, өйткені испандар сол жерлерде қалып қойды.

Еуропалықтар көшіп келіп, фермерлік шаруашылықтар ашты, кәсіппен айналысты, бірден қалалар соғуға кірісті. Испан мемлекеті Испания королінің юрисдикциясына кірген ұшы-қиырсыз жерді басқару үшін бюрократ аппарат жасақтады.

Король бірден үлкен аймақтарда губернатор болып қызмет атқаруға өзінің өкілдерін тағайындады. XVIII ғасырда төрт өкілдік болды: Рио-де-ла-Плата (қазіргі Чили, Боливия, Аргентина және басқалар), Перу (Перу, Эквадор), Жаңа Гранада (Венесуэла, Колумбия), Жаңа Испания (Орталық Америка, Мексика, АҚШ-тың оңтүстік-батысы). Бұл тұрғындары аз, ішкі коммуникациясы жоқ алып империяны басқару оңай болған жоқ.

XIX ғасырдың басында құрлықтағы барлық аумақ испан билігінен азат етілді. Даудамайлы бірнеше бөлінуден кейін жағдай тұрақталып, бүгінгі күні қандай болса, сондай күйге түсті. Солтүстіктегі Мексикадан оңтүстіктегі Чилиге дейінгі Американың 18 елінде ресми тіл – испан тілі. Оған қоса, АҚШ тұрғындарының 15%-ы ана тілін испан тілі деп санайды. Бәрін қосқанда, испан тілі – Америкада 325 миллион адамның ана тілі. Испания тұрғындарының жалпы саны – 46 миллион, ал испан тілінде сөйлеушілер саны одан аз, кейбіреулер каталан немесе баск тілдерінде сөйлейді.

Португал тілі Бразилияда мәртебеге қалай және не себепті ие болса, испан тілі де америкалық елдерде солай және сол себепті ие болған. Испандар Америкаға көптеп көшіп келді. Салыстырмалы түрде олар елді тиімді басқарды, олардың жазба тілі болды. Испандар сол жердегі бұрыннан келе жатқан үлкен елдерді талқандап, жойып тастады. О бастан аз жергілікті тұрғындар еуропалықтардан жұққан шешек және өзге де аурулардың кесірінен одан бетер күрт азайды. Испан тілінде сөйлеушілер саны аз болса да, саяси билік бірнеше ұрпақ бойы солардың қолында болды.

Мұндай жағдайда көптеген адам материалдық және саяси тұрғыдан пайданы ойлап, өз тілінен испан тіліне ауысты. Бүгінде халық әлі де бірнеше жүз жергілікті тілде сөйлейді, бірақ Боливия, Аргентина және Перуде кечуа мен аймара тілдері болмаса, басқа тілдерде сөйлеушілер саны аз.

Адамдар мен тілдердің саны тұрғысынан қарағанда, Америкада испан тіліне көшу тарихтағы ең үлкен лингвистикалық өзгеріс болар. Испандар келгенде 50 миллиондай адам бірнеше жүз түрлі тілде сөйлеген. Ал бүгінде 325 миллион адам бір тілде сөйлейді.

Испандар мен португалдар – әлемді өздеріне бағындыру үшін алысқа сапар шеккен алғашқы еуропалықтар, бірақ өзгелер де олардан қалыспады. Алысқа барып сауда жасау мен ол жақтан тауар алып келудің табысқа кенелтетінін түсінген елдер болды. XVII ғасырдың басынан бастап саясат тарихы еуропалық елдердің жер шарының әр түкпіріндегі бөліктерін иемденіп алумен байланысты оқиғаларға толы.

Англия, Франция, Нидерланд және Швеция Солтүстік Американың шығыс бөлігін отарлап алуға жарыса жүгірді. Әр ел өз тілін енгізді. Голланд тілі мен швед тілі орныға алмады, ал француз тілі Канададағы Квебек штатында таңданарлықтай табысты болды. Ең алғашқы британ иммигранттары 1620 жылдары келді, Канаданың оңтүстігіндегі отарлар Британия билігінен 1776 жылы еркіндік алды. Сол кездің өзінде ағылшынтілді халық саны көп болды, ол тез өсті. 1790 жылы олар 4 миллион болды.

XIX ғасырда Еуропадан ағылған иммиграцияның арқасында АҚШ Батысқа қарай кетіп, өте жылдам өсті.

Нәтижесінде қазір Солтүстік Америкада 340 миллионға жуық адам өмір сүреді. Байырғы халықтар мүлде жоқ болып кетті деп айтуға болмас, бірақ олар саны аз халықтар қатарында, ал олардың кейбірінің тілі жойылып кетті, кейбіріне жойылу қаупі төніп тұр. Еуропаның барлық елдерінен және Азияның бірнеше бөлігінен келген иммигранттар мультиетілді қоғам құрмады, олардың барлығы дерлік ағылшын тілінде сөйлейді, тек Канаданың Квебек провинциясындағы жеті миллиондай адам француз тілінде сөйлейді. Бірақ соңғы 30–40 жылда Америка құрлығының бірнеше елінен келген жаппай иммиграцияның нәтижесінде АҚШ-та ана тілін испан тілі санайтын көптеген адамдар пайда болды.

Ұлыбритания отаршыл держава ретінде ағылшын тілін көтермелеп, Солтүстік Американың басты тілі еткісі келді деп айту ағаттық болар. Британияның Америкада екі жүз жылға дейін саяси мандаты да болған жоқ, ағылшынтілді тұрғындар бүгінгі сондай тұрғындардың бір пайыздайын ғана құраған.

Одан гөрі Еуропадан Солтүстік Америкаға жұрттың жаппай ағылып, тұрғындар санының күрт өсуін айту керек шығар. Жаңа елдің ең бірінші және ең ықпалды отаршылары ағылшынтілді болды, сондықтан АҚШ оны жалпыхалықтық ұлттық тіл ретінде қолданды. Ең бастысы иммигранттардың бәрі бірдей дерлік ағылшын тіліне ауысып кетті. Бірнеше елден келген үлкен ұлттық топтар бір-екі ұрпаққа дейін өз ана тілдерінде сөйлеп жүрді, бірақ қазір ол иммигранттардың ұрпақтарының бәрі ағылшын тілін қолданады.

Бұл өзгерістер көбінесе экономика мен жұмысқа тұру, мансап қууға байланысты болды. Бірақ мұндай факторлар өзге елдерде аз ұлттарды өз тілінде сөйлеуді ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға кедергі болмады. Еуропа иммигранттары мен олардың балалары үшін өздерін жаңа ел және оның құндылықтарымен байланыстыру маңыздырақ болған шығар. Олар Италия, Польша және Швецияны тастап, көшіп келгенде, Американы өмірлік Отаным деп таныды. Өз елін тастап келгенде, онымен үнемі қатынас жасап тұрам деп емес, жаңа елде табысқа жетем деп келген. Сондықтан нағыз америкалық болу үшін ағылшын тіліне ауысты.

Африкадан келгендердің көбі әртүрлі болды. Оларды құл ретінде алып келді, ана тілінен айырды. Ағылшын тілінде сөйлеуге мәжбүрледі. Олар әлеуметтік және экономикалық жетістіктерге жетем деп те ойламады, нәтижесінде өздеріне дұшпан қоғамға сіңісе алмады, сөйтіп, дербес ұлттық келбет қалыптастырды, бірегейлігін сақтап қалды. Қара нәсілді көптеген америкалықтардың сөйлегені әлі күнге дейін басқалардан өзгеше, ресми нормадан алшақ болуының себебі осыдан.

АҚШ-қа соңғы кезде келгендер келешекте өздерінің ұлттық тілін орнықтыра алатын алғашқы иммигранттар болатын шығар. Америкалық елдерден келген испантілділер Еуропадан келген иммигранттар сияқты ассимиляцияға түспеді, құл болып, езгі көрмеді. Оның үстіне, олардың туған елі анағұрлым жақын, қазіргі байланыс құралдарының арқасында туған-туыспен байланыс жасау оңай. Ағылшын тілі ғұмырында алғаш рет бәсекелестікті сезінді. Соңғы жылдары АҚШ-тың көптеген штаты ағылшын

тілінің пайдасына жұмыс істейтін заң қабылдады. Бұрын оған деген қажеттілік жоқ еді.

Біздіңше, бұл – екі еуропалық тілдің Америка құрлығындағы болмашы ғана қайта бөлінуі. Дамудың негізгі үрдісі түсінікті.

12.3. Америка – үш тілде сөйлейтін құрлық

Бес жүз жылдың ішінде Америка құрлығының халқы бірнеше есе көбейді, бүгінде ол жерде тұратын жұрттың басым бөлігі португал, испан және ағылшын тілдерінің бірінде сөйлейді. Лингвистік тұрғыдан бұл – әлем тарихындағы бұрын-соңды ешқашан болмаған бірегей жағдай, ендігәрі мұндай жағдай болмайды да, өйткені бұл жана технологияға ие адамдар ондай технологиясы жоқ адамдардан басым түсіп, үлкен жер бөлігін өздеріне қаратып алған кезде болды. Еуропалықтардың желкенді кемесі мен қайығы, зеңбірегі, ат-көлігі және соқасы болды. Кемелер оларды Америкаға жеткізді, қару-жарақпен жергілікті тұрғындарды бағындырды, ал егіншілік азықпен қамтама-сыз етіп, көбейіп, баюға мүмкіндік берді.

Олардың да өз тілдері болды. Еуропалықтар XVI ғасырда отарлауды бастаған кезде олардың жазба тілі енді-енді қалыптасып жатқан. Португал, испан және ағылшын тілдерінің үшеуі де латын тілімен ресми контексте бәсекеге түсті. XVI–XVII ғасырларда әр елдің ұлы жазушысы, емле және стиль нормалары пайда болды. Бірақ Америка басып алған жерлерде еуропалық ұлттық тілдер о бастан артықшылыққа ие болды. Байырғы халықтардың тілдерінің дамуына мүмкіндік берілмеді, қолдануға шектеу қойылды. Америкалық елдердің басым көбінің бір ортақ тілі бар еді.

Бүгінде Америка құрлығындағы тұрғындардың саны 950 миллионға жуық, ал Еуропада 735 миллиондай адам тұрады. Еуропада отызға жуық ел бар, ұлттық тілдер саны да отыз шақты, олардың әрқайсысында бірнеше миллион адам сөйлейді. Америкадағы мемлекеттер саны да шамамен сондай (Вест-Индияны қоссақ), бірақ тек үш үлкен тіл және екі миллионға жуық адам сөйлейтін жеті тіл бар; атап айтқанда: испан, ағылшын, португал, кечуа, аймара, гуарани және француз тілдері. Кейбір басқа тілдердің ресми тіл деген статусы бар, атап айтқанда: Суринамдағы голланд тілі (бұрынғы голланд Гайанасы) және Гаитидегі гаити тілі.

Еуропада отыз шақты тіл бар, Америка іс жүзінде үш тілде сөйлейді, халқы Еуропадан көбірек. Еуропаның үш елі Американы жаулап алды, өйткені бұрынғы басып алулар мен миграциялар ондай жетістікке жете алмады деп түсіндіру жеткіліксіз. Еуропалықтардың саны жергілікті үндістермен салыстырғанда анағұрлым көп болды, олар еуропалықтардан жұққан эпидемиялық аурулардан қынадай қырылды, ал еуропалықтардың бала туу, өсіп-өну деңгейі өте жоғары болды. Тағы бір айта кететін жайт, Еуропадан келгендер еуропалық тілдерден бұрмаланып жеткен жаңа тілдерді әрі қарай дамытуға қатыспады, ол кезде барлық жерде тілдер жетіліп, дамып жатты, бірақ АҚШ-та олардың тілдері түк те дамымады. Жазба тілдер мен мектептер о бастан бар еді.



12.1 -карта. Әлемнің үш еуропалық тілінде кеңінен сөйлейтін бөліктер

Үш тілдің үшеуі де Еуропадағы ана тілдерімен араласып, қатынас жасап тұрса да, Америка мен Еуропадағы қолданысының арасында біршама айырмашылық қалыптасты. Солардың ең маңыздысы – сөздің дыбысталуы. Америкалықтың ағылшынша сөйлегені британиялықтың сөйлегеніне ұқсамайды, мексикалықтың испан тілінде сөйлегені Испания тұрғынының сөйлегенінен өзгеше. Бірақ бұл диалектілік айырмашылықтар онша үлкен емес, олардың америкалық немесе еуропалық нұсқа екенін бірден ажырату қиын. Мысалы, стандарт америкалық ағылшын тілінде *four* және *father* сияқты сөздердің аяғында *r* дыбысы естіледі, ал стандарт британ айтылымында ондай дыбыс жоқ. Бірақ *r* дыбысы Британ аралдарының көптеген диалектісінде бар, ал кейбір шығысамерикалық диалектілерде жоқ. Әрине, бұлардан да басқа анық көрінетін айырмашылықтар бар, олар емле мен лексикалық қордан байқалады, бірақ, жалпы алғанда, америкалық тілдер өздерінің еуропалық аналогінен гөрі бірегейлігін сақтап қалды.

12.4. Португалия және әлемнің басқа бөлігі

Педру Кабрал Үндістанға шаруамен бара жатқан сапарында Бразилияға кездейсоқ, жолай соқты. Кабрал ол жерде табысқа жетті, өзге отандастары одан үлгі алды. XVI ғасырда португалиялықтар көптеген аймақтар мен сауда орталықтарын торып, Гибралтар бұғазынан Қытайға дейінгі аралықты бақылауда ұстады.

Португалдар жағалау бойындағы үлкен-үлкен жер телімдерін де иемденіп алды. Олардың үшеуі ұзақ уақыт бойы португал отары болды. Бүгінде олар Гвинея-Бисау, Ангола және Мозамбик деген үш мемлекет. Бұл үш елде португал тілі әлі күшінде. Әйтсе де жағдай Бразилиядағыдан мүлде өзгеше. Африка елдерінде португал тілі тұрғындардың бірнеше пайызының ғана ана тілі болды, қалғандары португалдар келмей тұрғанда бар көптеген тілдердің бірінде сөйлейді.

Португалдар Африкада да Америкадағыдай мінез көрсетті, бірақ ол жердегі жағдай басқаша еді. Негізгі фактор тұрғындар болатын. Африкада адам саны көбірек еді, басқа болмаса да, ауыл шаруашылығына жарайтын жер көлеміне шаққанда, жұмысшы күші жеткілікті еді. Оған қоса, бұл жақтың халқына еуропалықтармен бірге келген жұқпалы індеттер еш әсер етпеді, өйткені бұл құрлық еуропалық аурулармен бұрыннан таныс болатын. Бұл жақта келімсектердің тез көбеюі мүмкіндігі болмады.

Осылайша Америкада португал тілі ана тіліне айналды, ал Африкада отарлаушы тіл болды. Отарлаушы елдің қызметтегі адамдары ондай тілді отар елді басқару үшін қолданады, ол мектептерде, әкімдіктерде, жалпы экономикада түгел қолданылады. Отарлаушының тілі отар ел саяси тәуелсіздік алғаннан кейін де, қолданыстан кетпеуі мүмкін. Португалияның Африкадағы бұрынғы колонияларында португал тілі – ресми тіл, әрі мектептердегі білім беру тілі және халықаралық қатынастар тілі.

Португалдардың Азиядағы экспансиясының басты мақсаты үлкен жер телімдеріне иелік ету болса да, ол мақсатқа жете алмады. Олар қамалға алынған сауда бекеттерін

иемденді, солардың кейбірі ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін португалдық болып қалды. Лингвистикалық тұрғыдан олар айтарлықтай рөл ойнаған жоқ.

Әйтсе де Португалия басқыншылығының жалпы нәтижесі айтуға тұрарлық: бірнеше ғасырдың ішінде португал тілі 1 миллионға жетер-жетпес адам сөйлейтін таза еуропалық тілден 200 миллиондай адам сөйлейтін әлемнің ең ірі тілдерінің біріне айналды. Сан жағынан бұл ежелгі заман мен орта ғасырлардағы латын тілінің таралуынан еш кем түспейтін. Соған қарамастан, Португалия еуропалық отарлаушы державалардың бірі болғанымен, көп табысқа кенелген деп айта алмаймыз.

12.5. Шет елдердегі ағылшын тілі

Шығыстан жер мен байлық іздеп шыққан өзге елдердің кейбірі үлкен табысқа кенелді. Оңтүстік Азияда Британия Үндістан мен тағы бірнеше аймақты өз империясына кіргізіп алды. Голландтар бүгінде Индонезия деп аталатын жердің бәрін өзіне қаратты, ал француздар Камбоджа, Лаос және Вьетнамнан тұратын Үндіқытай деген аймаққа қол сұқты. Еуропалық тілдер отарлаушылардың тілі ретінде маңызды рөл атқарды, ағылшын тілі Үндістанда әлі де ресми тіл ретінде қолданылады. Ал Азиядағы отар елдерде отаршылардың тілінде сөйлейтін адам онша көп болмады. Ол жақта халық онсыз да тығыз қоныстанғандықтан, сырттан адам аз келді. Жергілікті халықтың көптен бері қолданылып келе жатқан жазба тілі де болды.

Британия ешкім бармаған соңғы құрлық Австралияны иемденіп алды. Кей жағдайда ол Солтүстік Америкадағы жағдайды еске салады. Жергілікті тұрғындар егіншілікпен айналыспады, сондықтан олар өсіп-өнебеді. Австралияның климаты онша жайлы деп айта алмаймыз. Еуропалықтар оны ХVII ғасырдың басынан бастап білгендіктен, көпке дейін бұл құрлыққа келуге асықпады. АҚШ-тың 1776 жылғы Тәуелсіздік туралы Декларациясынан кейін Британия Батыстағы отарларынан айырылды, сөйтіп сотталғандарды жер айдап қуып жіберетін басқа бір аумақ іздей бастады. 1788 жылы бұл материкке алғашқы отаршылар келіп, өздерінің қоныстанған жерін Сидней деп атады.

Жергілікті австралиялықтар мен олардың тілдері туралы осы кітаптың бірінші бөлімінде айтылды. Еуропалықтар оларды кемсітіп, өздерінен төмен санады, ұрып-соғып бағындырды. Бүгінде Австралияда 21 миллион адам тұрады, оның 99%-ы ағылшын тілінде сөйлейді. Аборигендердің саны бірнеше мың ғана, олардың тілдерінің басым көбі жойылып кетті. Содан ағылшын тілі бүкіл бір құрлықты жайлап алды, бірақ бұл жердегі танданарлық жайт – адамдардың саны емес, ол тараған жердің көлемі.

Жер жүзінің басқа түкпірлерінде де ағылшынтілді халықтар бар. 1830 жылдардың өзінде британиялықтар Жаңа Зеландияға көптеп көшіп келе бастады; ол кезде бұл елде өз тілі бар маори деген халық қана тұратын. Жаңа Зеландияның қазіргі халқының саны 4 миллионнан астам, оның жарты миллиондайы ғана – этникалық маорилер. Тұрғындардың бәрі ағылшын тілінде сөйлейді; кейбір маорилер өз ана тілінде де сөйлейді.

12.6. Не болды?..

Еуропалықтар теңіз арқылы өзге елдерге жол тапқанда, әлем тілдерінің тағдырында да көптеген өзгеріс болды. Енді бес ғасыр өткенде, біз бұл саяхаттардың ұсақ тілдердің жойылуының басы, ал үлкен тілдер дәуірінің басталуы болғанын көреміз.

Ауыл шаруашылығымен айналыспай тұрған кезде, яғни он мың жыл бұрын адамдар шағын топтарда өмір сүрді, ол кезде бір тілде сөйлейтіндердің саны бірнеше мыңнан аспайтын. Осы кітапта әңгіме болған бірнеше оқиғаның арқасында Еуропа, Африка, Азияның кей бөліктерінде ірі саяси бірліктермен бірге ірі тілдер пайда болды. Америка мен Австралия ол оқиғалардан алыста орналасқандықтан, ол жақтағы жағдай басқаша, дегенмен соңғы екі-үш ғасырдың жүзінде еуропалықтардың біразы сол жаққа көшіп барып, өздерімен бірге ауыл шаруашылығымен күнелту дағдысын, тілін алып келді. Ол жердің бұрынғы ұсақ тілдері жойылып кетті немесе жойылып барады, ал Еуропаның екі тілі сөйлеушілер санының көбеюі жағынан қатты ұлғайды.

Соңғы бес ғасырда жер шары халқының саны күрт өсті. Оның бірнеше тұрғыдан әсері бар. Бұл тілдердің барлығы дерлік өз сөйлеушісіне ие болды дегенді білдіреді. Бірақ терімшілер мен аңшылар сөйлеген ұсақ тілдердің жағдайы керісінше болды, олардың кейбірі сөйлеушісінен айырылды, кейбірінде айырылу процесі әлі жүріп жатыр. Халық санының өсуі тілдер арасындағы пропорцияны өзгерткен жоқ; пропорцияны өзгерткен – басқыншылықтар. Жарты миллениум бұрын Еуропада 70 миллиондай адам тұрған, олар отызға жуық тілде сөйледі. Бүгінде 735 миллиондай адам тұрады, ал басты тілдердің саны бұрынғыдан өзгерген жоқ. Америка құрлығында да халық саны шамамен сондай қарқынмен өсті, 50 миллионнан 950 миллионға дейін барды. Ал бес ғасыр бұрын мыңнан аса тіл болатын, енді үш өте ірі тіл ғана қалды.

Дегенмен жер жүзінде көптілді аймақтар әлі де баршылық. Олар өте ұзақ уақыт бойы бәрінде бірдей болған жағдайды көрсетеді. Азия, Еуропа және Солтүстік Еуропадағы ұсақ тілдер жүз мың немесе бірнеше миллион сөйлеушісі бар ірі тілдерге орын берді. 100 миллион және одан да көп сөйлеушісі бар тілдер – салыстырмалы түрде жақында болған құбылыс. Қытайлар бұл деңгейге бірнеше жыл бұрын жетті. Осы деңгейге жеткен өзге тілдерге хинди, бенгал және жапон тілдері тәрізді Азияның тығыз қоныстанған кейбір аймақтарының тілдері жатады. Араб тілі бұрындары өте экспансияшыл болған, ал қазіргі экспансия ағылшын, испан, португал және орыс тілдері тарапынан білінуде.

Соңғы мыңжылдықтың басты үрдісі – бірнеше тілдің бүкіл дүниежүзіне тарап, көптеген ұсақ тілдің жойылып кетуі. Бұл үрдіс әлі де жалғасуда, біз де осы тақырыпқа қайта ораламыз. Одан бұрын соңғы бірнеше ғасырда тағы жаңа тілдер пайда болғанын әңгімелейміз.

13-ТАРАУ

Тілдер қалай пайда болады немесе қалыптасады?

13.1. Құл сату, тіл сындыру және

тілдердің дүниеге келуі

13.2. Креол деген тіл ме?

13.3. Қатты ұқсастықтар

13.4. Креол тілдері және тілдердің

өзгеруі

13.5. Африкаанс – герман және

африкалық тілдердің қосындысы

13.6. Африкаанс диалекті ме, әлде

креол тобындағы тіл ме?

13.7. Норвег тілі бір тіл ме, әлде екі тіл

ме?

13.8. Ауызекі тіл жазба тілге қалай

айналады?

13.9. Тілдер қалай пайда болады?

Бұл тарау соңғы төрт ғасырда жер шарының әр түкпірінде – Вест-Индияда, Африканың оңтүстігінде, Норвегияда жаңа тілдер қалай пайда болғанын әңгімелейді. Олардың пайда болу себебі әртүрлі, бірақ ұқсастықтар да бар, олардың бәрін атап айтып, тараудың аяғында қорытындылаймыз.

13.1. Құл сату, тіл сындыру және тілдердің дүниеге келуі

Еуропалықтар байлыққа кенелу үшін теңіз асып, өзге елдерге сапар шекті. Олар көбінесе тонаумен айналысты, сауда-саттық пен тауар өндіру арқылы баюдың дұрыс екенін түсінгендер де болды. Басында Қиыр Шығыстан түрлі дәмдеуіш әкеліп сатты, сосын өзге де іс-әрекеттерге көшті.

Басып алынған жерлерде плантация жасап, егіншілікпен айналысты. Еуропада қант, мақта және тропикалық климатта өсетін өзге де дақылдарға сұраныс болды. Вест-Индияның аралдарында, Солтүстік Американың оңтүстік бөлігі мен Оңтүстік Американың солтүстік-шығысына дейінгі Америка құрлығында, Үнді мұхитының аралдары мен жағалауындағы жер телімдерінде плантациялар құрылды.

Плантацияларға көп жұмыс күші жұмсалды, еуропалықтардың өздері қара жұмыспен айналыспады. Оларға көп жұмысшы қажет болды, ал плантациялы жерлерде әдетте халық аз тұрды. Вест-Индия Еуропа басқыншылығынан бұрын халқы аз аймақ болды, ол жердің байырғы тұрғындары Еуропа билігі орнаған алғашқы ғасырда-ақ езгіге ұшырап, жойылды.

Бұл мәселені көптеп құл сатып алу арқылы шешу ұйғарылды. Құл ұстау жаңалық емес еді, дүниежүзінің көптеген бөлігінде құл еңбегін пайдаланатын. Бірақ Еуропада құл жұмсау мен құл сату орта ғасырларда тоқтаған. Плантациялар жұмыс істеп, орасан зор пайда түсіре бастағанда, жұмыс күшіне сұраныс күрт өсті, еуропалықтар Батыс Африкадан құл сатып алып, оларды Америкаға аттандырды.

Бұл трансатлантикалық сауда-саттықтың өте табысты бір бөлігі болатын. Батыс Еуропаның аймақтарынан мата, кездеме, ыдыс-аяқ және өзге де тауар тиеген кемелер Батыс Африкаға қарай кетіп жатты. Ал ол жақтан Еуропаға қант немесе мақта алып келетін. Осындай бір сапардың өзі саудагерлерді мол табысқа кенелтетін.

Құлдарға бұл науқан еш жақсылық әкелмеді. Құл деп отырғанымыз – көрші елдің қарақшыларының қолына түсіп, соры қайнап қалған кәдімгі еркін адамдар. Батыс Африкада көптеген ұсақ тіл және көптеген бәсекелес саяси бірлік болды. Құл саудалау заманында олардың кейбірі адам ұрлап, оны сатумен айналысты.

Құлдарды кемеге сығылыстыра мінгізіп, мал қораға қамағандай етіп, адам төзгісіз жағдайда тасымалдап жеткізді. Олар кемеде қынадай қырылды. Аман қалғандары өмір-бақи ауыр жұмысқа жегілді. Плантациялар әдетте сыртқы дүниемен байланысы аз шалғай түкпірлерде орналасты.

Басында құлдар өз тілінде сөйледі, бірақ плантацияда олармен бірдей тілде сөйлейтін адам саны аз ғана болды. Қарсылық көрсетіп, көтеріліске шығу және өзара ұйымдасып, қашып кету қаупін азайту үшін, саудагерлер әр тараптан келген құлдарды барынша араластыруға тырысып бақты. Сатып алушылар да сол стратегияны қолданды. Ондағы мақсат құлдардың өзара қатынасуын азайту еді; Батыс Африка халқы көптеген ұсақ тілде сөйлейтін болғандықтан, бұл әдіс нәтижелі болды.

Сондықтан плантациядағы жаңа құлдардың бәріне түсінікті ортақ тілі болмады. Бірақ олар қожайындарының тілдерін біршама үйреніп алуға міндетті еді, өйткені бұйрық, тапсырма солардың тілінде айтылды, күнделікті қарапайым сөйлесу қожайынның тілінде жүрді. Соның салдарынан құлдардың алғашқы ұрпағы ана тілінде сөйлеу мүмкіндігінен айырылды, жаңа тілдік қауымдастыққа да кіре алмады. Олар тілдік болмысынан айырылды, әлеуметтік дәрежесін жоғалтты.

Бірақ мүлде тілсіз, сөйлемейтін адам болмайды, сондықтан плантацияларда жаңа тілдер пайда болды. Не болғанын айту қиын, өйткені алғашқыда плантациялардағы тіршілікті бейнелейтін құжат аз болды. Ол таңданарлық емес. Жазбаша есеп бере

алатын тек плантацияның қожайыны мен оның жақындары еді, ал олар не болып жатқанын сыртқа жария еткісі келмеді.

Осы шақта бастапқы кезеңде пиджин тіл қолданылды деген пікір бар. Пиджин тілдер әлемнің әр түкпірінде құл сатудан бұрын да болған, әлі де бар. Бір-бірін түсінетін ортақ тіл болмаса да, кейде адамдар сөйлесуге мәжбүр болады; мысалы тауар сатып алу немесе сату үшін, жұмыс орнында тапсырма беру үшін, бір нәрсені сұрау үшін тіл қатысады. Олар, алдымен, бір-бірінен жекелеген сөздер үйренеді. Көп ұзамай бірнеше сөз бен сөз тіркестері белгілі бір топтың ортақ меншігіне айналады. Егер осы топтың қарым-қатынасы ұзақ жылдарға созылса, шағын сөздік қоры мен грамматикалық ережелері бар шектеулі тіл дүниеге келеді. Әдетте ол тілде сөйлеуші әр адамның өз ерекшелігі болады. Мұндайды пиджин тіл дейді. Көбінесе ол қысқа уақыт қана қолданыста болады, бірақ кей жағдайда, мысалы, бірнеше тілдік топтың өкілдері базарда немесе басқа жерлерде жиі кездесіп тұрса, бірнеше ғасыр өмір сүреді.

Плантациялардағы пиджин тілдер сөздердің көбін қожайындарының тілінен алады. Англия мен Франция плантация шаруашылығымен ең көп айналысқан елдер болғандықтан, әдетте ағылшын немесе француз сөздері көп кіреді. Осылай жаңа құлдар құл иеленушілермен және бір-бірімен, негізінен, ағылшын немесе француз сөздерінен тұратын, грамматикасы өте шектеулі тілде сөйлесті.

Сосын келесі ұрпақ келді. Еркек-әйелі аралас құлдар бірге жұмыс істеді, олардың балалары құлдардың ортасында өсті. Отбасында ата-аналар бір тілде сөйлесе де, сыртқы ортада пиджиннен өзге тіл естімеді. Бірақ пиджин толыққанды тіл емес. Балаларға толыққанды тіл керек болды, олар пиджинді негізге алып, ондай тілді өздері жасап алды. Сөйтіп, креол тілдері пайда болды.

Креол тілдерінің пайда болуы туралы пікір көп, ол туралы әңгімелеуден бұрын бір мысал қарастырайық. Кариб теңізі бассейніндегі Невис аралында ағылшын тіліне негізделген креол тілінде сөйлейді. Төмендегі мәтін сол тілде жазылған, бірақ ол тілдің жазбаша формасы жоқ. Бұл – ауызекі айтылған сөйлемдердің газетте жарияланған рендерингі:

Wen ting waantin a Niivis, dem tap lang fu du, an wen dem du, dem tap langa fu don. — Mi hia piipl a aks if mi an yu no wiari chat. Taal! Bikaas aabi a get wonderful rizol.

Күнделікті ағылшын тілінде ол мынадай мағына береді:

«Невисте бір нәрсе істеу керек болса, оны орындау ұзақ уақыт алады. Ал осы жұмысты олар істесе одан да бетер ұзақ уақыт кетеді. — Мен жұрттан бұл сөздерден жалыққан жоқсыңдар ма дегенді естимін. Түк те жалыққан жоқпыз. Өйткені біз өте жақсы нәтижеге жетіп жатырмыз!».

Невистік мәтіндегі сөздердің көбін тануға болады, айырмашылығы – емледе. Кей жерлерде дауыссыз дыбыстар жеңілдетіліп, жұтылып кеткен: мысалы *'and'* деген сөзді *an* деп айтқан. Бірақ кей сөздер басқаша, мысалы *'take'* дегенді *tap* деп айтқан, *'we'* дегенді *aabi* деп айтқан.

Грамматикасы ағылшын тілінікіне онша ұқсамайды. Мысалы, сын есімі бар сөйлемдерде етістік өзгертілмейді: *mi an yu no wiari* деген «Мен және біз шаршаған жоқпыз» деп аударылады. Зат есімге көптік жалғауын жалғамайды; мысалы *rizol* дегеніміз «нәтижелер» деп аударылады. Етістіктің өткен шақтағы формасы өзгеше жасалған. Етістіктің алдына белгі қойылған *piipl a aks for* – «адамдар сұрап жатыр», *aabi a get* – «біз алып жатырмыз». Ал *a* деген белгі стандарт ағылшын тіліндегі *be + ing*, яғни етістіктің созылмалы шағын білдіреді.

Бұл тілде тағы басқа да маркерлер бар. *Piipl bin aks* – «адамдар сұрады». *Been* сөзінен пайда болған *bin* (*which originally comes from the English form*) өткен шақтағы мағынасын береді. Екі маркерді біріктіргенде *piipl bin a aks* – «адамдар сұрап жатты» болады. Ағылшын тіліндегі түбірлердің ғана мағынасын білетін адам мұндай сөйлемдерді түсінбеуі мүмкін. Креол тілінің грамматикасы өзгеше.

13.2. Креол деген тіл ме?

Креол тілінің өзі бастау алған еуропалық тілге ұқсамайтынын көрдік. Тек ағылшын тілін ғана білетін адам Невис тұрғындарының тілін түсінбейді және, керісінше. Ол тіл ме өзі? Жауаптар әртүрлі.

Креол тілдері құл саудалаудың қызған кезінде, XVII–XVIII ғасырларда пайда болды, олардың көбінде әлі сөйлейді. Ұзақ уақытқа дейін кем дегенде XIX ғасырдың соңына дейін креол тілінде сөйлемейтіндердің бәрі оны ағылшынша (немесе французша, португалша және басқа тілдердің) таза сөйлей алмау деп түсінді. Бір ғасырдай бұрын, бірнеше лингвист тілдің осы формаларын қызықтады, бірақ жүйелі зерттеу тек 1960 жылдары басталды. Бұл тілді сипаттаумен және талдаумен айналысатын лингвистер оларды еуропалық тілдердің нұсқасы деп емес, дербес тіл ретінде қарайды.

Негізгі себебі – таза лингвистикалық. Тілдің екі формасындағы етістіктің шақтары мен жекеше, көпше түрді беруде айтарлықтай айырмашылық болса, лингвистің пікірі бойынша, сөздік қорында ұқсас сөздер көп болса да, ол тілдер мүлде ұқсамайтын болып есептеледі.

Осы кітаптың алдыңғы тарауларында тілдің не екенін сөйлеушілердің өзі шешеді дегенбіз. Олардың өз тілі туралы не ойлайтыны мен пікірі шешуші рөл атқарады. Көбінесе ол тілмен байланысты, тіл бар деп санау үшін оның атауы болу керек. Жоғарыда айтылғандай, тіл жазба формаға ие болмай, атауға да ие болмайды. Содан кейін металингвистикалық өзгеріс болады: адамдар тілдің формасы туралы бұрынғыдан өзгеше ойлап, жаза бастайды.

Зерттеушілер креол тілдері деп анықтаған түрлердің жалпы саны елуге жуық. Олардың әрқайсысының бір еуропалық тілге негізделген сөздік қоры бар; көбінесе ағылшын, француз және португал тілдеріне негізделеді. Олардың көбінің сөйлеушісі аз, бірнеше жүзден бірнеше жүз мыңға дейін ғана.

Көп жағдайда сөйлеушілердің өз тілі туралы не ойлайтынын білмейміз, өйткені зерттеушілер оны үнемі жазып ала бермейді. Олардың кейбірінің дербес тіл екені

анық көрінеді, оны сөйлеушілер де, басқалар да мойындайды. Креолдардың ішіндегі ең танымалы – гаити тілі, Гаити аралының 9 миллион адамы оны өзінің ана тілі деп таниды және сөйлейді. Стандарт француз тілін білетін гаитилік бірен-саран ғана, екі ел арасындағы қатынас онша жиі емес. Гаити тілі өз бағдарымен дамып жатыр. Тағы бір үлкен топ – папьяменто тілі; ол тілде Кюрасао аралының бірнеше мың тұрғыны мен Венесуэла төңірегіндегі аралдардың тұрғындары сөйлейді. Тарихи оқиғалардың нәтижесінде папьяменто тілінің тарихы үш еуропалық тілден – испан, португал және голланд тілдерінен шығады.

Бірақ көбінесе жағдай басқаша болады. Бұл тілдік формалардың көбі барбадостық креол ағылшын тілі немесе кіші антильдік француз «креол тілі» деп аталады. Бұл атаулар – жай ғана ғылыми классификациялар. Сөйлеушілер өздері сөйлеп жүрген тілге атау беруге асықпайды. Кей жерлерде олар *lingo* немесе *patois* деген сөздерді қолданады. Олар өздерінің «идиомасын» немесе «диалектісін» басқа бір өзгеше атаумен атамайды. Оның үстіне, сөйлеушілерге өздері сөйлеп жүрген тіл ағылшын, француз немесе тағы басқа тілдің бір түрі екені жаңалық емес.

Сөйлеушілер өздерін тәуелсіз тілдік бірлік деп санағандықтан, бұл формалар, шын мәнінде, тіл болып есептелмейді. Оның себебі белгілі: креол тілдерінде сөйлеушілердің дені – құлдардың ұрпағы, олардың дәрежесі төмен, әлеуметтік жағдайы берік емес. Олар өз тілін жоғары дәреже мен сый-құрметке ие тілдің қарадүрсін нұсқасы деп санап, оны мақтан етпейді. Олардың кейбірі креол тілінде сөйлеуге намыстанады. Сөйлеушілер де, олардың тілдері де қоғамда беделге ие емес, өйткені Гаити мен Кюрасао аралындағыдай емес, креолтілділер өте аз, олардың жағдайы да мүшкіл. Ал олардың тілдік формасы ағылшын және француз тілдері тәрізді, стандарт тілдермен бәсекеге түседі. Стандарт тіл мен креол тілінің арасында абсолютті демаркациялық сызық жүргізуге де болмайды, өйткені көптеген аралық формалар болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, креол тілдерінің бірнешеуі толыққанды тіл болып есептеледі, қалғандарын лингвистер дербес тіл деп есептейді, бірақ сөйлеушілердің өздері оған басқаша қарайды. Біз тіл өздерінікі болғандықтан, сөйлеушілердің пікірі шешуші деген көзқарас бар екенін айтқанбыз.

13.3. Қатты ұқсастықтар

Креол тілдерін үйренушілер қызығатындай-ақ бар: ол топқа кіретін тілдердің бәрі бір-біріне ұқсас. Бірақ олардың грамматикасы еуропалық тілдердің грамматикасына ұқсас емес. Олардың бәрінің грамматикасы бірдей, еуропалық грамматикадан мүлде өзгеше. Сөздері ағылшын немесе португал тілінен шығуы мүмкін, ол тілдер Кариб теңізі бассейнінде немесе Үнді мұхитындағы аралда, жер шарының қарама-қарсы бөлігінде болуы мүмкін, бірақ бәрібір ұқсас.

Сондай ұқсастықтың бірі вербалды жүйеден табылды. Біз жоғарыда сипаттаған маркерлер креол тілдерінің бәрінен табылған, олар барлық тілдерде бірдей дерлік жұмыс істейді. Мысалы, француз тілінен пайда болған креол тілдерінде *pe* (француз тіліндегі *après* деген сөзден шыққан) маркері бар; оның мағынасы да, қолданысы да

невистік креол тіліндегідей. Кейде ол маркер *ap* (бұл да *après* деген сөзден шыққан) түрінде де кездеседі, бірақ одан мағына өзгермейді.

Креол тілдерінің көбінде осындай бірнеше грамматикалық ұқсастық бар. Бұл қалай болуы мүмкін? Олар әр басқа жерде, әртүрлі уақытта пайда болған, кей жағдайда еш тікелей қатынас болмаған. Бұл мәселеге байланысты көптеген кітап жазылды, ғалымдар арасында пікірталас туындатты. Содан бірқатар теория ұсынылды.

Ең қызығы, креол тілдерінің грамматикасы балалар ересектердің тілін үлгі тұтпай, өз бетімен қалыптастырған грамматикаға ұқсайды. Яғни грамматикалық жүйелер – адамда туа біткен, тілде өзгелердің үлгісіз де көрініс таба алатын универсал грамматика болғаны. Тағы бір идея креол тілдерінің грамматикасын түсіну де, үйрену де оңай дегенге саяды.

Бұлардан мүлде басқа пікір мынадай: креол тілдерінің бәрі – португалдар қолданған бастапқы пиджин тілден бастау алады.

Португал тіліне негізделген кең тараған пиджин болуы мүмкін, ол өзге пиджиндер мен креолдардың бәрінде із қалдырса керек. Мысалы, олардың бәрінде «*пикин*» немесе «*пиканин*» деген сөз бар, «кішкентай» деген мағына беретін ол сөз португал тіліндегі *pequeno* немесе испан тіліндегі *pequeño*, немесе *pequeñin* деген сөзден шыққан.

Ұқсастықтарды түсіндірудің үшінші жолы – көптеген құлдардың ана тілі болған Батыс Африка тілдерінен ұқсас үлгі іздеу.

Төртінші ой креол тілдерінің көптеген ерекшелігі оның алдындағы еуропалық тілдерде немесе олардың диалектілерінде болды дейді. Одан кейін әдеттегі тілдік өзгерістер болған, бірақ олар қарқынды жүрген. Креол тілдері болашақтағы ағылшын немесе француз тілінің жаршысы болады. Француз тілінің кейбір зерттеушілері француздық креол тілін белгілеу үшін қолданысқа *français avancé* деген термин енгізіпті. Ол «француз тілінің ілгері дәрежесі» деп аударылады.

Бұлардың бәрі кейбір ұқсастықтарды түсіндіріп бере алады, кейбірін түсіндіруге дәрменсіз. Кейбір таңғаларлық параллельдерге басқаша тұрғыдан қарайды. Мысалы, жоғарыдағы мәтінде «сұрау» дегенді білдіретін *aks* деген сөз бар. Ол сөз ағылшындық креолдың бәрінде бар. Бірақ ол – жаңа сөз емес, бұрынғы сөздің диалектілік нұсқасы. Бұл сөз алғаш рет бір мың жылдан астам уақыт бұрын айтылған деген дерек бар. Құл иеленушілердің кейбірі ата жұртындағы диалектіні ортақ қолданысқа енгізген.

Осылайша кейбір ұқсастықтар көңіл аударуға тұрмайтын болмашы ғана болып шықты. Ал грамматикадағы кейбір параллельдер қатты білінеді, бірақ олардың шығу тегі бір деп айту қиын. Етістіктің созылыңқы шақ формасының демеулігі сияқты, бір-біріне ұқсас бірнеше грамматикалық құрылғы әртүрлі жерде бірнеше рет жасалған болу керек деген болжамға негіз болады. Мұндай құрылғылар жаңа тілді жаратушыларға оңай қолжетімді болды.

Оларды туа біткен әмбебап грамматикадан пайда болады деп қана түсіндіруге болмайды. Әлемнің өзге тілдерінде грамматикалық стратегиялар онша жиі кездеспейді. Егер адамдар оларды қолдануға генетикалық тұрғыдан бейім болса, олар сондай болады да. Батысеуропалық тілді де, бір немесе бірнеше батысафрикалық тілді де білетіндерге олардың табиғи түрде келуі әбден ықтимал. Егер солай болса, мұның

өте қызықты мәселе болғаны, бірақ ол біздің туа біткен лингвистикалық әлеуетімізді зерттеуге онша қатысты болмауы мүмкін.

Бұл – менің жеке пікірім, осы саладағы өзге зерттеушілер басқа да ой айтуға ерікті. Креол тілдерінің ұқсастығы жөніндегі сұрақтарға үзілді-кесілді жауапты жуық арада ешкім айта алмайтын тәрізді.

13.4. Креол тілдері және тілдердің өзгеруі

Креол тілдерін зерттеуден шыққан бір маңызды түйін мынау: белгілі бір жағдайда жаңа тіл өте тез пайда бола алады. Егер жағдайға байланысты жаңа тіл қажеттігі туса, ол пайда болады. Адам баласы – үлкен лингвистикалық қабілет иесі, қажет болса, ол мүлде жаңа тіл жасай салады.

«Құлдар неге жаңа тіл жасады, қожайындарының ағылшын немесе француз тілін үйрене салмады ма?» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Бірнеше ұрпақ бұрын бұған бір жауап берілген, ол жауап креол тілдерін талқылағанда жасырулы жатады. Жауап құлдардың бұл тілдердің бірін жақсы үйренуге ақылы жетпейді дегенге саяды. Креол тілдерін менсінбеу мен сөйлеушілердің креол тілінде сөйлеймін деп айтуға ұялатындарының бір себебі – осы.

Бүгінде қара нәсілділердің тіл үйренуге қабілеті ешкімнен кем емес екені белгілі болды (бірақ нәсілдік кемсітушілік әлі де бар). Миллиондаған африкалық ағылшын, француз немесе португал тілінде өте жақсы сөйлейді. Құлдар жеке тілдік форманы мүлде басқа себепке байланысты ойлап тапты.

Мәселе лингвистикалық болмыста еді. Әке-шеше, туған-туыстарымен, жақын достарымен қатынас жасау үшін ана тілі кімге де болса керек, адамның қоғамдағы орнын анықтайтын бірден-бір фактор – оның ана тілі. Кей адамдар екі (немесе одан да көп) тілде сөйлейді, бірақ адам өмірінде ана тілінің маңызы ерекше. Африкадан күштеп алып кеткенде, оларды тілдерінен де айырды. Оқшаулап бөтен, сұмпайы қожайындарға бағынышты етті. Өздерін езгіге салып отырған адамдардың тіліне сіңісу мүмкін емес, жиіркенішті еді. Сондықтан құлдар өз тілдік кеңістігін жасап, тек өздеріне ғана тиесілі тілде сөйледі.

Сөйтіп, Америка құрлығы мен аралдарында қоғамның қатардағы мүшелеріне арналған үш ірі еуропалық тілге қосымша қуғын-сүргін көргендер ғана сөйлейтін бірнеше жаңа тіл пайда болды. Бұл тарихтың үнемі бір бағытта, үнемі қуатты және тұрақты тілдердің пайдасына шешілмейтінін көрсетті. Плантациялар сияқты шағын, оқшау қоғамдарда аз ғана уақыттың ішінде дербес, ұсақ тіл туындай алады екен.

13.5. Африкаанс – герман және африкалық тілдердің қосындысы

1652 жылы, еуропалық кемелердің Африка жағалауында жүзіп жүргеніне бір жарым ғасыр болғанда, голландиялық «Ост-Индия» компаниясы құрлықтың ең

шалғай оңтүстік шегінде «Жақсы үміт» түбегінен база сатып алуды ұйғарды. Ян ван Рибек жетекшілік еткен бір топ голландиялық Тейбл тауының етегінде бекет салды, қазір ол жерде Кейптаун қаласы орналасқан.

Колония өте баяу өсті, ол, негізінен, «хой» деген жергілікті тайпаны көшіріп алып, қосу мен түрлі ұлттың өкілдерінен тұратын еуропалықтардың иммиграциясы нәтижесінен құрады. Сонымен қатар голландиялық Үндістаннан (қазіргі Индонезия) біраз адам болды. Нидерландыдан келгендер көп болған жоқ. Содан 150 жыл өткеннен кейін, 1806 жылы Британия колонияны өз қарамағына алды. Ол кезде колонияда 15 мыңдай адам тұратын.

Колониядағы халық сөйлеген тіл туралы айтар болсақ, ол Амстердамда сөйлейтін тілге мүлде ұқсамады. Сырт жұрт оны оғаш жаргон сияқты қабылдап, мүлде ұнатпады.

Кейптаунның тілі үлкен аумаққа көз ілеспес жылдамдықпен тарап кетті. Өз тілінде *boere*, ағылшындар *boers* деп атаған алғашқы колония тұрғындары – бурлар фермерлікпен айналысты. Олар Британия билігін мүлде ұнатпады. Бәрінен бұрын оларға британдардың 1830 жылдары құл енбегін пайдалануға тыйым салғаны ұнамады; өйткені олардың экономикасы, негізінен, құл жұмсауға байланысты болды. Көптеген бур арбасын сүйретіп солтүстіктен, солтүстік-шығыстан жаңа жер іздеуге кетті. *Die Grote trek* – «Ұлы сапар» деп аталған осы миграцияның арқасында біраз бур қазір Оңтүстік Африка деп аталатын елде тұрақтап қалды.

1850 жылдары бурлар Кап колониясының солтүстік-шығысынан Оранж тәуелсіз мемлекеті және Трансвааль атты екі тәуелсіз елдің негізін қалады. Бурлар мен ағылшындардың арасында болған үлкен соғыстан кейін 1910 жылы Оңтүстік Африка Одағы құрылды, оған Кейп провинциясы мен бурлардың штаттары кірді. Британдар мен бурлар саяси күшті бөлісті, ал жергілікті көпшілік ештеңеге ықпал ете алмады.

Кап колониясында 1800 жылдары тұрған бурлар голланд тіліне мүлде ұқсамайтын тілде сөйледі. Соған қарамастан, олар оны голланд тілінің нұсқасы санайды, ал жазба тілі тура Нидерландыдағыдай деп есептейді.

Бірақ ХІХ ғасырдың ортасынан бастап Бур республикалары құрылғанда, тіл туралы пікірталас болды. Ол кезде кей мәгіндер ауызекі тілге ұқсайтын стильде жазылатын. 1870 жылдардың басында бір топ, әсіресе ұлтшыл бурлар жаңа жазба тіл енгізу керектігін талқылай бастады. Ол тілді *африкаанс* деп атау туралы ұсыныс түсті, бурлар өздерін *afrikaners* – «африканерлер» деп атайтын.

Бур республикалары келеңсіз жағдайға ұшыраған бір кездері бұл ұсыныс ұмыт қалғандай болды. Бірақ Бур соғысынан кейін ол идея қайта айтылып, қоғамда дүмпу туындатты. Шамамен 1905 жылдан бастап оған қатты саяси демеу көрсетіліп, қарқынды әрекет жасалды. Орфографиялық ережелер қабылданды, журналдар мен кітаптар шықты, Библияны аудару басталды, ол 1933 жылы аяқталуы тиіс еді. Оқулықтар, грамматикалық анықтағыштар, сөздіктер шықты. 1925 жылы ол ресми тіл болып жарияланды, одан кейін мектептегі негізгі пән болды, өзге пәндерден сабақ осы тілде жүрді. Бірнеше жылдың жүзінде ол Оңтүстік Африка Одағында берік орнап, металингвистикалық өзгерістер аяқталды.

XX ғасырда Брейтенбах және Андре Бринк деген авторлардың арқасында африкаанс тілі маңызды әдеби тілге айналды. Оңтүстік Африкадағы 49 миллион адамның 6 миллионы осы тілде сөйлейді, бүгінде африкаанс – 11 ресми тілдің бірі.

Африкаанс тілі бір ғасырдай бұрын тіл болып қалыптасты, бұған ұлттық және саяси себептер ықпал етсе керек. Бурлар енді Нидерландымен саяси және мәдени қатынас жасамады, олардың арасының алыстағанына екі-үш ғасыр болып қалды. Өздері аз болса да, өзге тілдерде сөйлейтін көпке билік жүргізіп, өз мемлекетін орнатуға тырысты. Британдармен бәсекелесті. Осындай себептерге байланысты оларға өз ұлттық болмысын анықтау керек болды, бұл мақсатқа жетуге өздері жасаған тіл көмектесті.

13.6. Африкаанс диалекті ме, әлде креол тобындағы тіл ме?

Голланд тілі мен африкаанс тілі бір-біріне өте ұқсас, бірақ айырмашылығы да көп, арнайы жаттықпай бір-бірін түсіну қиын. Кейбір айырмашылықтар, әсіресе лексикадағы ерекшеліктер – бұл тілдердің ұзақ уақыт бойы бір-бірімен қатынас жасамағанының салдары. Өзге айырмашылықтар бұрынғы диалектілік нұсқалардан көшіп келген тілдік бірліктерден пайда болған; ван Рибек және оның серіктері голланд тілінің оңтүстік диалектісінде сөйлеген, ал қазіргі стандарт – голланд тілі негізінен солтүстік диалектілерге негізделген.

Бұлардан да үлкен айырмашылықтар жетерлік. Ең бастысы етістіктерге байланысты. Африкаанс тілінде етістік адам санына байланысты өзгермейді:

Ежелгі герман жалғаулары үшінші жақтың жекеше түріне -s жалғап, «to be» етістігін түрлі-түрлі құбылтатын ағылшын тіліндегіден де бетер жойылып кетті. Бірақ голланд тілінде сөзге екпін қойып сөйлеу сақталып қалды. Төмендегі 13.1-кестеден «to be» етістігінің осы шақтағы формаларын салыстырыңыз.

13.1-кесте. Ағылшын, голланд және африкаанс тілдеріндегі 'to be' етістігінің септелуі

<i>Ағылшын тілі</i>	<i>Голланд тілі</i>	<i>Африкаанс тілі</i>
I am	ik ben	ek is
you are	jij bent	tjy is
he is	hij is	hy is
we are	wij zijn	ons is
you are	jullie zijn	julle is
they are	zij zijn	hulle is

Голланд тілінде де, ағылшын тіліндегідей өткен шаққа жататын үш түр бар: олар әдетте *past tense* – *өткен шақ*, *perfect* – *аяқталған өткен шақ*, *pluperfect* – *бұрын аяқталған өткен шақ* деп аталады. Ағылшын тіліндегі мына *I called*, *I have called*, *I*

had called голланд тіліне *ik riep, ik heb geroepen, ik had geroepen* деп аударылады. Ал африкаанс тілінде *ek het geroep* деген тек бір ғана форма бар. Ол голланд және ағылшын тілдеріндегі жоғарыда аталған үш форманың орнына жүреді.

Синтаксисте де ұқсамайтын тұстар бар. Мысалы, африкаанс тілінде болымсыз мағынадағы сөйлемді жеткізу үшін болымсыз сөздерді қосарлап қолданады; мысалы, *ek sal nie praat nie*, бұл сөйлемді сөзбе-сөз аударсақ былай болады: мен сөйлемеймін жоқ.

Жалпы алғанда, африкаанс тілі голланд тілінің оқшау диалектілерінен бетер өзгеріске түсті, диалектілердегі өзгерістердің табиғаты да африкаанстан басқаша. Өзгерістердің басым көбі 1652–1800 жылдар аралығында болды, ол кезде тіл осы формасына ұқсас болатын.

Бұл бірнеше жорамал туындатты. Осыдан 100 жылдай бұрын бір зерттеуші африкаанс тілі креол тіліне жақын деген жорамал айтты. Бұл креолданудың себебі отаршылдықтың алғашқы күндері «хой» тілдерінде сөйлейтіндердің көптігі мен голландиялық Үндістаннан құлдардың көптеп әкелуіне байланысты тілдерді араластырып сөйлеуден болған еді. Голландиялық Үндістаннан келгендер португал тілінің бір түрінде немесе португал тіліне негізделген креол тілінде сөйледі. Оңтүстік африкалық истеблишмент мұндай гипотезаларға үзілді-кесілді қарсы болды. Олар африкаанс тілі ван Рибек пен оның ізбасарларының сөйлеу нұсқасынан пайда болды дегенді айтады.

Екі жақтың да уәжінде шындық бар. Қалай айтқан күнде де, тілдің бірнеше маңызды аспекті үш-төрт ұрпақ ауысқаннан кейін өзгеріп кететіні байқалған, қоғамдық жағдай креол тілдері қалыптасқан плантациялардағыдай ауыр болған жоқ. Белгілі бір жағдайларда тілдік формалар өзгерістерге өте бейім болады.

Бірақ бұл олар осыған бола тіл дәрежесіне ие болады дегенді білдірмейді. XIX ғасырдың басында қаншама үлкен өзгерістерге ұшыраса да, Кап колониясының тілі голланд тілі болып қала берді. Ол дербес тіл мәртебесіне тек жүз жылдан кейін, сөйлеушілері жаңа ел тұрғызып, оған өздері басшы болған кезде ғана жетті. Тілдің өзгеруі бір бөлек те, мәртебесінің өзгеруі – мүлде басқа құбылыс.

13.7. Норвег тілі бір тіл ме, әлде екі тіл ме?

Швеция, Дания, Норвегия, Исландия және Фарер аралдары халықтары сөйлейтін скандинав тілдерінің шығу тегі бір. Бұл елдер ерте кезден руна жазуымен жазды, латын әріптеріне негізделген жазба тіл де жасалды, ол алғаш рет Исландияда қолданылды. Әрине, әр елдің өз диалектілік айырмашылықтары болды, XIII–XIV ғасырларда Дания, Норвегия және Швеция корольдығының әрқайсысына әр бөлек үш түрлі жазба тіл жасалды.

Бірақ олардың екеуі ғана қолданыста қалды. Швед және дат жазба тілдері өз мемлекеттерімен тығыз байланыста, олар Швеция мен Данияда әлі күнге дейін ресми тіл және көпшіліктің тілі болып есептеледі. Бірте-бірте биліктен де, ықпалдан да айырылған Норвегияның корольдары сияқты норвег тілі ондай саяси қолдауға ие бола алмады. XIV ғасырдың басым бөлігінде Швеция мен Норвегия одақтас болды, осы ғасырдың аяғында одаққа үшінші ел болып Дания кірді, билік те дат корольдарының

қолында болды. Біраз уақыттан кейін Швеция Одақтан шықты, ал 1521 жылы Норвегия іс жүзінде Данияның бір бөлігі болып қалды. Бөлек жазба тіл дат тіліне орын берді. XVI ғасырдың басында бұл елдер протестант дінін қабылдаған кезде, латын тіліндегі Библияны дат тіліндегіге алмастырды; ал норвег тіліне аудармады. Сол кезден бастап үш жүз жыл бойы дат тілі Норвегияның жазба тілі болып қалды.

Ауызекі тілдің жөні басқа. Фьордтардың бойы мен тау аңғарларында норвег диалектілері өз бетінше дамып жатты, дат тілі оған айтарлықтай әсер ете алмады. Қалаларда жазба тілге деген қажеттілік көп, сондықтан жоғары білім алғандар оны Даниядан немесе сабақ дат тілінде жүретін мектептерден үйренетін. Содан ол жерде көптеген дат сөздері қосылған және кейбір тұсы дат морфологиясына құрылған ауызекі тіл қалыптасып жетілді.

Наполеонның бастауымен болған соғыстарда даттар жеңілген альянсқа кірді, соның салдарынан олар Норвегиядан айырылды. 1814 жылдан Швеция королі биледі, бірақ Норвегия мәртебесі автономды болды. Уақыт өте оның тәуелсіздігі күшейе түсті, 1905 жылы Швециямен одақ тарағанда, норвегтердің толыққанды мемлекеті, айқын ұлттық болмысы және жаңа норвег тілі бар еді. Тіпті екі тілі болды деп те айтуға болады.

Даниядан бөлінгеннен бірнеше жылдан кейін, норвег жазушылары норвег сөздері мен сөз тіркестерін жазба тілге енгізе бастады. Соның ең алғашқы мысалы – халық ертегілерінің *Norske folkeeventyr* атты атақты жинағы, ол 1840 жылдары кітап болып басылып шықты. Кейінірек авторлар норвег элементтерін қосты, нәтижесінде өте жетілген дат-норвег, *данск-норск* деген тіл пайда болды. Осы тілде бірнеше норвег авторы, оның ішінде Генрих Ибсен де бар, бірталай әдеби туынды жазды.

Осылай Норвегиядағы жазба дат тілі бірте-бірте қалалық ауызекі норвег тіліне ұқсады. Бұл саналы түрде әдейі істелді. Оның идеологтерінің бірі – әйгілі лингвист Кнуд Кнудсен. Ғалым мен оның ізбасарлары дат тілін бірте-бірте өзгерту арқылы жазба норвег тілін жасауға тырысты.

Одан батылырақ бәсекелес қозғалыс та болды. Оның мақсаты ауылдық диалектілерге және белгілі бір дәрежеде ортағасырлық норвег жазба тіліне негізделген мүлде жаңа тіл ойлап табу болды. Мұны іске асырған адам – Ивар Аасен, ол диалектілерді зерттеп, соларға негізделген жазба тіл жасады. Аасен оны *landsmål*, яғни «ел тілі» деп атады. Ол осы тілде әдеби туындылар жазды, басқалар одан үлгі алды.

Осылай, Данияның ықпалынан шыққаннан кейін, жарты ғасырдың ішінде Норвегияда екі тіл пайда болыпты. Ол екеуіне де күшті қолдау көрсетілді, бірақ әр тараптан болды. Дат-норвег тілінде қалаларда, әсіресе ел астанасы Христианияда (қазіргі Осло), елдің оңтүстік-шығыс бөлігінде сөйледі, ал ауылдық жерлерде және елдің батысында *Landsmål* нұсқасында сөйледі. Олардың екеуіне де артықшылық берілмеді, екеуін де ресми жазба тіл деп таныды. Осыдан бір ғасыр бұрын, 1892 жылы бастауыш мектептің кеңесі негізгі сабақтарды қай тілде жүргізуді өзі шешеді, бірақ оқушылардың бәрі екі тілде де оқи алу керек деген жарлық шықты. Осы тәртіп әлі де өзгерген жоқ. Жазба тілдің бұл екі формасы қазір басқаша аталады. XIX ғасырда дат-норвег тілі деген тіл

қазір ресми түрде *bokmål*, яғни «кітаби тіл» деп аталады. Ал Аасен *landsmål* деп атаған тіл қазір *nynorsk*, яғни «жаңа норвег тілі» деп аталады.

Пікірлестердің арасында ұзақ уақыт бойы азулы айтыс-тартыс болып келеді. Оларда саяси астар да жатыр. Жаңа норвег тілін қолдайтындар тек радикал саяси көзқараста ғана емес, олар ұлтшыл және ауылдық жерлермен байланысты, ал *bokmål* тілін қолдайтындар консерватизмге және қала элитасына жақын.

Қазір жағдай бұрынғыдан анағұрлым тыныш. Жазба тілдің екеуі де ың-шыңсыз қолданылып келеді. Олардың шегарасы бұлдыр, анық емес. Жазушылар міндетті түрде бір нұсқаға қарап қалмай, бір нормадан екінші нормаға ауысып жүре береді, жеке адамдарда еркіндік көп.

Норвег тілінің жағдайы ерекше. Әлемнің көптеген елдері саяси және ұлттық мүдде үшін дербес жазба тіл жасап алғаны жасырын емес. Соның бір мысалы – африкаанс тілі. Бұл тілдердің бірнеше балама нұсқасы ұсынылғаны танданарлық емес. Ең бастысы – жаңа елдің екі түрлі жазба тілге рұқсат беруі. Бұған ұқсас маған мәлім бір ғана жағдай бар, ол – қазіргі грек тілінің *катареус (кафаревуса)* және *димотики* деген екі жазба нұсқасы. Бұл туралы грек тіліне арналған тарауда айтқанбыз. Бірақ ол жақта мемлекет саяси жағдайға байланысты біресе бір нұсқаны, біресе екінші нұсқаны қолдайтын болған.

Норвегтердің екі жазба тілге де бірдей мүмкіндік беруі қауіпті сияқты көрінеді, ол екі тілге, екі ұлтқа, сосын екі елге бөлініп кету қаупін тудыруы мүмкін еді. Бірақ олай болған жоқ, оның айқын себебі бар. Бұл екі нұсқаны жақтаушылардың тілге, саясатқа, басқа да мәселелерге деген көзқарасы әртүрлі болса да, олар іргелі мәселеге келгенде, бірауыздылық көрсетті. Олардың бәрі бір ғана Норвегия және бір ғана норвег тілі бар дегенге сенеді. Мемлекеттік мүдде тілдік мәселеден жоғары қойылады. Сондықтан екі тілдік нұсқаны да рұқсат ету саяси тұрғыдан мүмкін болды.

Осы себепті Норвегияның екі жазба тілі бар деп айту дұрыс емес сияқты көрінеді. Тағы қайталайық, тілдің бар-жоғын ол тілде сөйлеушілердің өзі анықтайды. Егер норвегтер ол екі форма да дербес, тәуелсіз тілдердікі деп айтса, солай болғаны. Бірақ заң және дәстүр бойынша, бұл екеуі де – ауызекі бір тілдің жазба түрде екі түрлі жолмен көрсетілуі. Норвегия екі жазба нормасы бар бір тілге ие. Бұл – өте ерекше жағдай, әйтсе де өмірде бар құбылыс.

13.8. Ауызекі тіл жазба тілге қалай айналады?

Африканың оңтүстігіндегі сото тілдерінде Оңтүстік Африканың солтүстік бөлігі, бүкіл Лесото мен Ботсвананы қосқандағы үлкен жер аумағында тұратын халық сөйлейді. Сото тілдері – үлкен банту тобындағы тілдердің бір тармағы. Сото тармағының ішіндегі тілдік формалардың бір-бірінен онша айырмашылығы жоқ, бұл үлкен аймақтың түкпір-түкпіріндегі адамдар бір-бірін жақсы түсінеді.

Сото тармағындағы халықтар бір тілде сөйлей ме, әлде бірнеше туыс тілде сөйлей ме? Бұдан бұрын да айтқанымыздай, жауап сөйлеушілердің өзінің қалай ойлайтынына

байланысты. Соңғы кездегі әлеуметтік және саяси өзгерістерге байланысты бұл қағида өзгерді.

XIX ғасырдағы Еуропаның киілуінен бұрын бұл аймақтың бүкіл аумағы көптеген шағын, тәуелсіз елдерден тұратын. Әр елдің халқының саны 3–4 мыңнан 100 мыңға дейін баратын. Ал елдердің саны жүз шақты болатын. Олардың құрылымы тұрақты емес еді, елдердің ыдырап, бөлініп кетуі жиі байқалатын, кейде бірігетін.

Әр елдің өз атауы болды. Ол атаумен елдің азаматтары да аталды. Банту тілдеріндегі өзге де зат есімдер тәрізді атауларға да префикс жалғанып, ол түбірге қосылатын. Квена (*Kwena*) елінің бір азаматы – *моквена (mokwena)*; екі немесе одан да көп азаматы *баквена (bakwena)* деп аталады. Осы тәртіппен тлхапинг (*Tlhaping*) елінің адамы – мотлхапинг (*motlhaping*), көпше түрде батлхапинг (*batlhaping*) деп аталды.

Әр атауға *-se* префиксін қосып, дерексіз зат есім жасауға болады. Жоғарыда келтірілген екі мысал сонда *Sekwena* және *Setlhaping* болады. Сонда *Sekwena* «Квена деген сол» деген мағына береді. Ал оны «Квена халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы» немесе тар мағынасында – «квена халқы сөйлейтін тіл» деп түсінеміз.

Сонда кез келген елдің атауынан тілдің атауын жасап алуға болғаны. Бұл жартылай ағылшын тіліндегі тіл атауларын жасау жолына ұқсайды: *Russian – Russia (орыс тілі – Ресей)*, *Persian – Persia (парсы тілі – Персия)*. Бірақ африкалық елдер өте кішкентай, тілдері өте ұқсас, сондықтан лингвистикалық тұрғыдан бұл «Liverpudlian» (ливерпуль тілі) деумен парапар. Бірақ бір маңызды айырмашылық бар. Бұл аймақта барлық ағылшын диалектілеріне ортақ *English* (ағылшын тілі) деген атау сияқты барлық тілдік формаларды қамтитын ортақ атау болмаған тәрізді. Сото тілдері деген ұғымды лингвистер енгізді; бұл атау қазір Лесото деп аталатын мемлекеттің басото деген халқы сөйлейтін ірі тілдердің бірі болып саналатын сесото тілінен алынған. Бұл тілдердің өзінде әр елдің тілдік нұсқасы үшін атауы болған, ал барлық нұсқаға ортақ атау болмаған.

Тіл дегеніміз өзінің дербес атауы бар лингвистикалық бірлік десек, XIX ғасырдың басында бұл аймақта жүзге таман тіл болған. Оның үстіне, тілдер тез пайда болып, тез жойылып кетуі де мүмкін. Квена деген елден Нгвато бөлініп шыққанда квена сенгвато деген жана тіл туралы айтуға мүмкіндік туындады. Еуропалықтар үшін бұл алаңдатарлық жағдай болса да, процеске қатысқандар үшін проблема емес еді.

Өзгерістерді еуропалықтар енгізді. Шотланд миссионері Роберт Моффат аймақтың оңтүстік-батысындағы Куруманға 1820 жылдары келді. Ол Лука түсірген Інжілді 1826 жылы басып шығарды. Ақырында Библияны түгел аударып шықты, дін тақырыбындағы өзге де еңбектерді жергілікті тілде қолжетімді еткізді. Ол аударма тілді «сечуана» (қазіргі жазылуы «сетсвана») деп атады. Бұл мемлекет атауы емес, ірірек тілдің бұрынғы ортақ атауы болуы мүмкін. Осы аудармалардың арқасында бұл аймақта алғаш рет тіл атауымен байланысты алғашқы жазба тіл пайда болды.

Моффаттан шамамен он жылдай кейін француз протестант миссионерлерінің бір тобы аймақтың оңтүстік-шығыс бөлігіне, Сото еліне қоныстанды. Олардың жетекшісі Эугин Казалис – Моффат және оның еңбегі туралы білді, әйтсе де Библияның тағы бір аудармасын жасауды ұйғарды. Ол, әрине, басотолар сөйлейтін тіл формасын жасады,

бірақ ол Моффаттың кезіндегі тілден көп өзгеше болатын. Сөйтіп, француздар Библияны түгел аударып шықты.

Казалис та тілге атау берді. Алғашқы басылымдарда Э.Казалис француз тілінде оны *séchuana* – сечуана деп атады, мұнысымен ол Моффаттікімен бірдей тілге аудардым дегенді меңзегені. Бірақ бірнеше жылдан кейін ол және оның тобы тілді басото халқы қалай атаса, солай, яғни *sésotho* – «сесото» деп атай бастады. Библияның жаңа аудармасына өте көп күш жұмсаған бұл қадамды миссионерлер Моффаттың тілін жетілдіру емес, мүлде бөлек басқа тілге аудару деп түсінсе керек. Сөйтіп, екінші жазба тіл – сесото тілі пайда болды.

Бірнеше декададан кейін тарих қайталанды. 1870 жылдары аймақтың солтүстік-батысындағы Педи еліне неміс миссионерлері келіп, әрекет ете бастады. Олар Библияны осы өңірдегі тілге аударуды шешті. Алдымен, олар да француз миссионерлері тәрізді сесото немесе сото тілін қолдануды ұйғарды. Бірақ кейінірек олар жазып жатқан тіл сото немесе педи (немесе сепеди) деп аталсын деп шешті.

XIX ғасырдың соңында сетсвана, сесото және сепеди деген үш жазба тіл болды. Олардың әрқайсысына бір-бір топ миссионер қамқорлыққа алды, әр тілде бірнеше басылым жарық көрді, олар негізінен діни шығармалар, мектеп оқулықтары, орфография мен грамматика оқулықтары, сөздіктер еді.

Ол кезде жазба тілге қажеттілік онша болған жоқ, миссионерлерге халық аса сенген жоқ, миссионерлік мектептерге балалардың біраз ғана бөлігі барды. Халық өзі сөйлейтін тілдерді *sekwena* – секвена немесе *setlhaping* – сетлапинг деп дәстүрлі, бұрынғы атауымен атады.

Дегенмен заман өзгерді. Бұл жаққа миссионерлер ғана емес, Кейп-колониядан келе жатқан жерінен бұрылып, бурлар да келді, сосын Британия Қарулы күштері, олардан кейін отар елдерді қадағалаушылар келді. Жүз тәуелсіз мемлекет үш саяси ұйымға кірді. Жердің үлкен бөлігін Оңтүстік Африка Одағы алды. Солтүстіктегі ауқымды, бірақ халық аз қоныстанған өңір Бечуаналенд британ протектораты болып белгіленді. Ал Оңтүстік Африканың ортасындағы тау тізбегіне орналасқан Сото мемлекеті Басутоленд протектораты болып өзгертілді.

XX ғасырдың бірінші жартысында конфессиялық емес мектептер мен білім департаменттері Оңтүстік Африкада да, британ протектораттарында да пайда болды. Оқу мен жазуды үйрететін бастауыш мектептерде орфография және қалыптасқан басқа да тілдік нормалар сақталды. Білім беру органдары миссионерлер жетілдірген үш жазба тілді де қабылдап, оларды өңірдің үш түрлі аймағына бекітті. Сонда мектепке барған бала сетсвана, сесото немесе сепеди тілдерінің бірінде ғана жазатын болды. Сетсвана (тсвана деген де атаумен белгілі) Бечуаналенд пен Оңтүстік Африкада қолданылды, сесото (Сото) Басутоленд пен Оңтүстік Африкада, сепеди (педи) / Солтүстік сото тек қана Оңтүстік Африканың солтүстігінде қолданылды.

1960 жылдары протектораттар Британиядан еркіндік алып, Ботсвана және Лесото деген тәуелсіз ел болып жарияланды. Бұл кезге дейін жетекшілерге әр елде сетсвана және сесото деген бір-бір тілден бар екені түсінікті болды. Содан кейін бәрі жылдам болып кетті.

Ботсванада қазір балалардың басым бөлігі тоғыз жылдық мектепке барады, оларда сабақ сетсвана тілінде жүреді. Бұқаралық ақпарат құралдары сетсвана тілін кеңінен қолданады, ресми шараларда да ағылшын тілімен тайталаса жүреді. Үкімет ресми тіл – ағылшын тілі, ал ұлттық тіл сетсвана деп таниды.

Тілдердің атауын қолдануда белгілі бір өзгеріс бар. Елу-алпыс жыл бұрын ғана дәстүрлі бірліктерді ортақ қолданатын, баквена деп аталатын халық өздерін секвена тілінің сөйлеушісі санайтын. Қазір Ботсвананың барлық халқы өздерін сетсвана тілінде сөйлейміз деп есептейді.

Осымен бірдей уақытта ауызекі сөйлеу стандарты да жасалды. Екі ұрпақ бұрын барлық адамдар өз диалектілерінің дұрыстығына еш күмәнданбайтын, одан жақсырақ және қажеттірек сөйлеу жолы бар деп ешқашан ойлаған емес. Бүгінде адамдардың көбі жазба тілге жақын стандарт тілде сөйлеуге тырысады. Бұл жазба норманы мектептер жасап шығарды.

13.9. Тілдер қалай пайда болады?

Тілдердің қалай пайда болғаны туралы жоғарыда келтірілген үлгілердің бірнеше жағынан айырмашылығы бар, бірақ жаңа тілдің тууы үшін не қажет екені жөнінде бірқатар қорытынды жасалды.

Біріншіден, тілдің атауы болу керек. Атаусыз тіл де жоқ есепте, өйткені ол туралы ешкім ештеңе айта алмайды. Атау түрлі жолмен жасалуы мүмкін, оны ойлап табуға болады немесе бұрынғы атауын қайта қарастырған да дұрыс. Қазіргі біздің заманымызда бұлжытпас бір ереже бар, тілдің атауы ол алғаш рет жазба тіл ретінде қолданғанда немесе содан кейін пайда болады. Толыққанды тілдің бар екенін білдіретін – жазба тіл. Металингвистикалық өзгерістер тілдің атауы оның жазба түрімен косарлана жүргенде пайда болады.

Екіншіден, саяси негіз – тілге көп көмек. Гаити және африкаанс, норвег және сетсвана тілдерінің тарихы ұқсас емес, бірақ олардың бәрі – тәуелсіз елдердегі басты тілдер. Норвег және африкаанс тілдерінің екі түрлі жағдайында жаңа мемлекеттерге ұлттық болмысын күшейту үшін, өз тілі керек болды. Бірақ мұндай демеу міндетті түрде қажет емес. Сепеди шамамен сетсванамен бір уақытта және бірдей жолмен пайда болды, ол тәуелсіз елдің демеуін көрмесе де, мұндай мысалдың бірнешеуін келтіруге болады. Дегенмен ұлттық мемлекетте пайда болған тіл анағұрлым жақсы жағдайда.

Үшіншіден, бір тілдің басқа тілдерге қаншалықты ұқсас екені онша маңызды емес. Креол тілдері көрсеткендей, тілдің өзгерісі міндетті түрде жаңа тілдің туындауына алып келмейді. Мәселен, норвег тілі дат тіліне де, швед тіліне де ұқсас және ол XIX ғасырда онша өзгерген жоқ. Болған жағдай атаудың метатілдік ауысуымен бір уақытта болған саясаттағы өзгеріс, қоғамдағы өзгеріс еді. Лингвистикалық жүйеде аз ғана өзгеріс болды.

Жалпы, тілдің қалай пайда болатыны туралы айтатын әңгіме жетерлік. Келесі таурауда қазіргі кезде жиі кездесетін тілдің жойылып кетуі туралы әңгіме болады.

14-ТАРАУ

Тілдер қалай жойылады?

- | | |
|------------------------------------|---|
| 14.1. Тілдің өлімі | 14.7. Тілдердің жойылуы жақсы ма, жаман ба? |
| 14.2. Болашағы жоқ тілдер | Қосымша әдебиеттер тізімі |
| 14.3. Диалектілерді қайта құру | Қайталауға арналған сұрақтар |
| 14.4. Не қалады? | Талқылауға арналған тақырыптар |
| 14.5. Тілдер қалай жойылады? | Зерттеуге арналған тақырыптар |
| 14.6. Шиеи тілі мен тимбукушу тілі | |

14.1. Тілдің өлімі

Шотландияда көп уақыт бойы кельт тобына жататын гэль тілінде сөйледі. Соңғы бірнеше ғасырда гэль тілі шегініп, ағылшын тілі үстемдік құрды. Қазір Шотландияның көптеген аймағында гэль тілінде мүлде сөйлемейді. Шығыс Сазерленд халқы сөйлеген гэль тілінің қандай жағдайға ұшырағаны туралы деректер ерекше жақсы сақталған. XVIII ғасырға дейін елдің бүкіл халқы дерлік гэль тілінде сөйледі. Олар жер иеленуші Леди Сазерлендтің оты мардымсыз, құнарсыз жерін жалға алып, мал бағатын. Жүн мен кой етіне сұраныс артқандықтан, бұл жер иеленуші де, өзгелер де жерді фермерлерге жалға беруді доғарды. Жалға алушылардың көбін фермалардан қуып шықты десе де болады. Оның бір себебі – фермерлердің ағылшын тілінде сөйлемейді еді.

Осы көшіріп жіберу, шығарып жіберулерге жауапты Леди Сазерлендтің агенті Патрик Селлар олардың «Еуропада жабайы адамдар тұрған кездегідей жаргон тілде сөйлеуге бейім» екенін жазған. Сөйтіп, ол жаққа жазық даланы мекен ететін ағылшынтілді фермерлер шақырылды. Бұрынғы жалгерлерге балық аулап күнелтсін деп теңіз жағасына қоныстануға рұқсат берілді.

Сол балықшылардың ұрпақтары жағалаудағы ауылдарда әлі де балықшы болып отырғанын айтсақ, Леди Сазерлендтің саясаты табысты болды деуге болады.

Дегенмен олар кедейленіп, қоғамдағы мәртебесі бұлыңғыр маргинал болып қалды. Айналасындағы ағылшынтілді тұрғындармен өте сирек қатынасты. XIX ғасырда ағылшын тілі ол ауылдарға да кіре бастады. Шіркеудің тілі ағылшын тілі болды. Бастауыш мектеп сабақты тек ағылшын тілінде берді. Денсаулық сақтау, бизнес, көлік саласы және ауылдан тысқары жерлермен қарым-қатынас жасау үшін, ағылшын тілін білу керек болды.



14.1-карта. Шотландиядағы Шығыс Сазерлендтің орналасқан жері

XX ғасырдың басынан бастап шотландтардың барлығы дерлік билингв болды, бірінші тілі – гэль тілі, екінші тілі – ағылшын тілі. Бірақ бұл жаққа ағылшынтілділер де көшіп келді, олар гэль тілін үйренуге асықпады; жергілікті халық солардың ынғайына көшіп, ауызекі тілі де ағылшын тілі болды. Әсіресе әке-шешесінің бірі ағылшын, бірі шотланд балалар үйінде үнемі ағылшын тілін естіп өседі, соның салдарынан олар ана тілін ағылшын тілі деп есептейді.

Осылай төрт-бес ұрпақ ауысқаннан кейін, бұл елдің тек гэль тілінде сөйлеген тұрғындары таза ағылшынтілді болып шыға келді. Гэль тілін ата-анасынан үйренгендердің соңы қазір қартайып кетті. Ата-әжесінен біраз сөз үйренген жас ұрпақ гэль тілін онша жақсы меңгермеген. Аға ұрпақ балалары мен немерелеріне ескі тілдің бірнеше сөзінен артық ештеңе үйрете алмайды. Гэль тілі 40–50 жылдың ішінде ауызекі тіл ретінде де жойылып кетті (ғайыптан тайып қайта пайда болмаса). Бұл диалект лингвистердің транскрипциясында ғана бар.

Сөйтіп, гэль тілінің үстемдік құруынан оның мүлде жойылып кетуіне шақ қалуына дейін екі жарым ғасырдай уақыт өтті. Ол үшін, біріншіден, гэль тілінде сөйлеушілерді қонысынан ығыстырып шығарып, орнына саяси тұрғыдан доминант тілде сөйлеушілерді көшіріп әкелді. Сосын ол тіл қоғамда бір функциядан екінші функцияны орындап, мектеп, шіркеу, сауда және басқа салаларға тұрақты әрі біртіндеп ықпал етті. Балаларға гэль тілін ана тілі ретінде үйретпеу шешуші қадам болды. Осыдан кейін ол өте тез құри бастады.

Америкалық зерттеуші Нэнси Дориан Шығыс Сазерлендтегі оқиғаларды бірнеше жыл бойы зерттеді. Ол соңғы ұрпақтар шебінде тілдің өте тез өзгергенін айтты, бірақ ол ағылшын тілінің әсеріне тікелей байланысты деу қателік деді. Ол тілде сөйлеушілер өте аз болса, «кәдуілгі» тілдік өзгерістер қарқынды жүреді деген ой айтты.

Нэнси Дорианның Шығыс Сазерлендтегі гэль тілі туралы тамаша кітабы «Тілдің өлімі» (*Language Death*) деп аталады, осы сөз тіркесі қазір өзекті сөзге айналды. Өз тарапымнан мен бұл сөзге жоламау керек, оны қолданбау керек деп ойлаймын. Ол процесті жақсы сипаттайды, бірақ тілдің тіршілік иесі екенін де көрсетеді, егер олар өмір иесі болмаса, өлмес те еді. Бірақ оны адам өмірімен аналогия жасау адастыруы мүмкін.

Адамдар белгілі бір тілді қолданып жүрсе, оның өмір сүріп жатқаны, ал қолданбаса, ол тілдің өлгені. Тілмен бірге ғасырлар бойы жинақталған білім, дағды, мәдениет жоғалуы мүмкін, бірақ бұл ол адамдардың сөйлеуді доғарғанын білдірмейді, олар тек басқа тілде сөйлей бастайды. Сондықтан бұл жерде *language shift* – *тіл ауыстыру* деген терминді қолданған дұрысырақ болар. Тілдердің бірте-бірте әлсіреуін, сосын түбегейлі жойылуын соңғы жылдары ғана жүйелі түрде зерттей бастады. Бұл тосын құбылыс емес, бірақ қазір бұрынғыдан жиірек кездеседі. Қазір тілдердің жойылып кетуі бұрынғыдан жиі кездеседі.

14.2. Болашағы жоқ тілдер

Бүгінде дүниежүзі халқы 6900 тілде сөйлейді, бірақ олардың көбінде сөйлейтін адамдардың саны аз. Қазір ғаламшарымызда 7 миллиардқа жуық адам өмір сүреді. Олардың дені, 5 миллиардтай халық, кем дегенде 10 миллион адам сөйлейтін 85 тілдің бірінде сөйлейді. Қалған 2 миллиардқа жуық адам 6800 тілдің бірінде сөйлейді.

Шағын тілдердің бірнешеуі сөйлеушілерінен тез айырылуда, ол көп кешікпей жойылып кетуі мүмкін. Одан да көп тілдердің әлсіреуі байқалады, оларға кейінірек жойылу қаупі төнуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендей, тілдерде тұрақты қасиет жоқ. Тілдер кез келген уақытта пайда болып, кез келген уақытта жоқ болып кетіп жатыр. Бірақ қазір болып жатқан жағдай бұрынғыдан ауқымды. Неолит дәуірінде ұсақ тілдер көп болса керек, ал ірі тілдер мүлде болмауы мүмкін. Соңғы үш мың жылда ірі тілдер тұрақты даму үрдісін көрсетуде, бірақ олар үнемі бірнеше ұсақ тілмен бірге өмір сүрген. Бүгінде ұсақ тілдердің барлығы дерлік ірірек тілдер тарапынан қысым көруде. Соның салдарынан тілдер жоқ болып кетіп жатыр. Бұл процесс жедел жүріп жатыр, енді үш-төрт ұрпақ ауысқаннан кейін, жер бетінде адам саны көбейсе де, тілдер саны қазіргіден анағұрлым аз болады.

Ұсақ тілдердің сөйлеушілері аз болады, көп жағдайда олар экономикада да, саясатта да ықпалды емес. Осы себепті дүниежүзінің көптеген аймағында ұсақ тілдердің мүшкіл жағдайы көзге түспей де қалды. Лингвистер мен мәселеге қатысты өзге де мамандар бұл жағдай туралы хабардар, бірақ көпшілік оған онша назар аудармайды. Көбінесе ол тілде сөйлеушілердің не болып жатқанын өздері де білмейді, соңғы сатыға жетіп, процесс қайта қалпына келмейтіндей болғанда бір-ақ түсінеді.

14.3. Диалектілерді қайта құру

Шығыс Сазерлендте жоқ болып кеткен тұтас гэль тілі емес, оның бір нұсқасы еді. Бұл нұсқаның өзге нұсқалардан айырмашылығы көп, сондықтан ол дербес тіл ме, әлде диалекті ме, ол жағы айқын емес.

Дәл осы нақты жағдайдағы оқиға – тілдің (тілдердің де болуы мүмкін) жойылып кетуіне себеп болған жалпы процестің бір бөлігі ғана. Сөйлеушілер гэль тілінің басқа нұсқасына емес, ағылшын тіліне ауысты. Бұл Шотландияның басқа аудандарында болып жатқан жағдайға сәйкес еді, нәтижесінде гэль тілінің барлық түрі құриды, елді түгел ағылшын тілі жайлайды.

Жақын туыс стандарт тіл қалыптастыру үшін диалектілерді жоғалту – қазіргі таңдағы маңызды процесс. Ағылшын және француз тілдері тәрізді стандарт жазба формасы және көп сөйлеушісі бар тілдердің құрамында нормадан ауытқитын диалектілер болуы мүмкін. Ол диалектілердің кейбірі ұзақ уақыттан бері азды-көпті тәуелсіз дамып келеді. Дегенмен ірі еуропалық тілдердің диалектілеріне стандарт тілдің айтарлықтай ықпал етіп келе жатқанына бір ғасырдан асты. Ауылдық жерлердегі диалектілердің барлығы дерлік стандарт тілдің пайдасына жергілікті сөздерден арылып жатыр. Бірақ олардың сөзді дыбыстау ерекшеліктері онша өзгеріп жатқан жоқ.

Диалектілердің жоғалып немесе бір-біріне ұқсап кетуінің себебі тілдердің жойылу себебімен бірдей. Мектептер, масс-медиа және қазіргі жетілген байланыс құралдары – бәрі стандарт тілдің қолданылуына мүдделі. Оның үстіне, диалектіні өзгертудің өзге тілге өтіп кетуден анағұрлым жарасы жеңіл, оған жұмсалатын күш те көп емес.

Өте қызықты тақырып болса да, осы қысқа ғана шолумен диалекті тақырыбын жабайық. Бірақ бұрынғы диалектілер жойылып жатқанымен, жаңа диалектілер қалқып шығып жатқанын айтпасқа болмас. Ол тақырыпты сөз ету үшін тағы бір кітап жазу керек, ал осы тараудың қалған бөліктері түбегейлі өзгерген тілдер туралы болады.

14.4. Не қалады?

Жойылып кеткен тілдерден бірдеңе қала ма? Көбінесе өте аз дүние қалады. Соңғы бірнеше жүз жылда еш із қалдырмай жоғалып кеткен тіл көп. Бүгінде кетіп жатқан тілдерден, тым болмаса, артында аты қалады, таспаға жазылған сөз бен қағазға түсірілген сөйлем үлгілері де сирек емес. Егер жазба мәтін болса, ол – әдетте миссионерлердің қолынан шыққан Інжілдің аудармасы немесе қарапайым оқулық кітап, я болмаса сөз тізімі болуы мүмкін.

Жақсы оқулық болса, жазба мәтіндер жеткілікті болса, ол тілді қайта үйреніп алу әбден мүмкін, тіпті ниет болса, қайтадан сөйлеп кету де ғажап емес. Қандай да бір жазба белгі қалған тілдер із-түзсіз жоғалмайды, ол сол тілде сөйлегендердің ұрпақтарына, лингвистерге, тағы басқаларға белгілі бір дәрежеде қолжетімді. Сондықтан қазір жойылу қаупі төніп тұрған тілдерді құжаттап, тіркеп, таспаға жазып алу қажет. Өкініштісі, ондай жұмыс істеліп жатқанын байқамадық.

Әрине, тілдің қайта тіріліп кетуі неғайбыл. Десек те бүкіл әлемге аян керемет бір жайт бар. Библия жазылған кездегі иврит тілі екі мың жыл бұрын қолданыстан шығып қалды, бірақ XX ғасырдың басында еврей халқы оны қайта қолға алды. Енді ол – Израиль мемлекетінің басты ауызекі және жазба тілі. Бұл мысал сөйлеу және жазу қолданысынан калып, өлі санатындағы тілден де үміт үзуге болмайтынын көрсетеді. Тіл қазір қолданыстан қалса да, кейін қайта қолданысқа енуі мүмкін; өйткені ол тіл жинаған мәдени капитал мүлде жоғалып кеткен жоқ. Әйтсе де қайта тірілген тіл түпнұсқа тілдің айна-қатесіз көшірмесі бола алмайды. Израильдегі бүгінгі иврит тілі – көп жағынан Библия кезіндегі иврит тіліне ұқсамайтын құбылыс, солай болуы керек те. Тіл – өзі қолданылып жүрген мәдениеттің бір бөлігі, ал бүгінгі Израиль Библия кезіндегі Израильден қатты алыстап кетті.

Жазба құжат болмаса, тілдің жоғалып кететіні анық. Олардан географиялық атаулар калуы мүмкін, көрші тілдерге кірген бір-екі сөз сақталуы мүмкін. Сол тілде сөйлегендердің ұрпақтары жаңа тілге көшкенде, кем дегенде төрт-бес ұрпақ бойы бұрынғы тілдің әуез, екпін ырғағы байқалуы ықтимал. Бүгін қолданыста жүрген көптеген тілдің тағдыры осындай.

14.5. Тілдер қалай жойылады?

Тілдер дүниежүзінің барлық түкпірінде жойылуда. Жұрт сөйлеушісі аз тілде сөйлеуді тоқтатып, сөйлеушісі көбірек, қолдану аясы кеңірек тараған, ауқымы кеңдеу тілге ауысады. Оның себебі барлық жерде бірдей. Орта білім алу жүйесі қазір барлық елде дерлік жұмыс істейді, мектеп сабақ беру үшін үлкен тілдердің бірін таңдайды. Саяхат, сауда, масс-медиа үлкен тілдерге жағымды әсер етеді, ұсақ тілдерге қиындық әкеледі. Денсаулық сақтау, жалақылы жұмыс, салықтар, әлеуметтік жәрдемақы ұсақ тілдерде сөйлеушілердің өміріндегі маңызды аспектіге айналды, көп жағдайда ол үшін ірі тілдерде сөйлеушілердің көмегіне жүгіну керек болады.

Оның үстіне, Шығыс Сазерлендтегі жағдай көрсеткендей, ұсақ тілдерде сөйлеушілер жер және өзге де ресурстар тұрғысынан ауыр жағдайда болды. Олар билік басындағы адамдармен тілдесіп, мұның шағайын десе, тіл білмеді, сондықтан өз құқықтарын қорғау үшін дәурені жүріп тұрған тілді үйренуге мәжбүр.

14.1-кесте. Дүниежүзіндегі тілдердің таралу көрсеткіші

<i>Аймақ</i>	<i>Тірі тілдер</i>	
	<i>Тілдердің саны</i>	<i>Пайыздық үлесі</i>
Африка	2,110	31
Солтүстік және Оңтүстік Америка	993	14
Азия	2,322	34
Еуропа	234	3
Тынық мұхит аймағы	1,250	18
Барлығы	6,909	100

Льюистен алынды (2009)

Әрине, елдер мен құрлықтар арасында да айырмашылықтар бар. Жалпылама айтқанда, әр құрлықтың жағдайы әртүрлі. 14.1-кесте соларға шолу жасайды.

Бұл контексте Жаңа Гвинея аралын өз алдына құрлық деп қарауға болады, өйткені бұл аралдағы тілдер саны әлемнің басқа бөліктерінен анағұрлым көп. «Тынық мұхит аймағы» деген сөздің қатарындағы тілдердің көбі сол аралда сөйлейді. Бұл аймақ Британ аралдарынан екі жарым есе кіші, бес миллион халық тұрады. Тілдердің саны – бір мыңға жетеді немесе дүниежүзіндегі барлық тілдердің жетіден бір бөлігі. Арал саяси екі бөлікке бөлінген: шығысында Папуа Жаңа Гвинея тәуелсіз мемлекеті, батысында Индонезияның Ириан Джая деген провинциясы орналасқан.

Жаңа Гвинея жерінің басым бөлігі – қырлы-қыратты жолсыз жер, сондықтан соңғы уақытқа дейін елді мекендердің арасында қатынас сирек болды. Жұрт шағын тәуелсіз тайпаларға бірігіп, қарапайым егіншілікпен айналысады, бұл мәдениет ғылымда,

көбінесе «Жоғарғы неолит» деп аталады. Сол жердегі ауылдардың барлығы дерлік өз тілінде сөйлейді. Тілдердің көбі өте ұсақ, кейде сөйлеушісінің саны жүз адамға да жетпейді, олар бұрын да аз халықтар санатында болуы мүмкін.

XX ғасырда, әсіресе соңғы жылдары ауылдардың көбі заманауи коммуникация игіліктеріне ие болды, мектепке оқуға барды, саудамен айналысты, миссионерлермен қатынас жасады және осы заманға сай басқа да тіршілік жасады. Бұлар батыл да түбегейлі өзгерістер. Жаңа заман игіліктерінің кері әсері де бар – жастар мен балалар ана тілінен теріс айналып жатыр.

Есесіне, олар ауылдан тыс жердегі адамдар қолданатын тілге көшеді. Ол әлемнің үлкен тілдерінің бірі емес, жоғарыда әңгіме болған пиджин тілдердің бірі – *Tok Pisin* – *ток писин*. Оның сөздік қоры негізінен ағылшын тілінен тұрады; *Tok Pisin* деген сөздің өзі ағылшын тіліндегі *talk pidgin* – *ағылшынша сөйлес* дегенді білдіреді. Ол алғаш рет Жаңа Гвинеяның шетіндегі Меланезия аралдарындағы плантацияларда қалыптасқан; көп кешікпей бүкіл аймақтың ортақ қатынас тіліне айналды. Ол 1975 жылы Папуа Жаңа Гвинея тәуелсіздік алғаннан кейін, оның астанасы болған Порт-Морсбиде берік орнады. Ток писин айтарлықтай көп адамның бірінші тілі болып қалыптасты және жаңа ұлттың ортақ тілі ретінде маңызды орынға ие.


Папуа Жаңа Гвинеяда ток писин тілінің алға шығып, қарқын алуына байланысты енді бірнеше жүз тіл жойылып кету жолына бет бұруы мүмкін. Өкініштісі, бұл жағдайдың жай-жапсары бізге мүлде белгісіз.

Оңтүстіктегі құрлық Австралияда бұрыннан бар, жергілікті тілдердің көбі қазір жойылып кеткенін жоғарыда айттық. АҚШ пен Канадада үндістердің қазір өмірде бар тілдері де осындай жағдайда. Қайта жаңғырту мен дем беруге тырысып жатқанымен, олардың басым көбі екі ұрпақ ауысқан уақыт ішінде жоғалып кетуі мүмкін. Еуропалықтар келген кезде, бұл елдерде 300-дей тіл болған деген мәлімет бар. Лингвистердің санағы бойынша 1960 жылдары жергілікті тұрғындар оның 200-дейінде әлі сөйлеп жүрген. Бірақ соңғы 20–30 жылда көптеген тілдің соңғы сөйлеушілері қайтыс болып кеткендіктен, олардың саны жылдам азайды. Балалары ағылшын тілінде сөйлеп жүр.

Орталық және Оңтүстік Америкада да осындай үрдісті байқауға болады, бірақ бұл жақтағы өзгерістер соншалықты қарқынды жүріп жатқан жоқ. Дегенмен Америка үндістерінің көптеген тілдерінің жас сөйлеушілері испан немесе португал тілдеріне ауысып кетуі жиілеп барады. Әйтсе де жүздеген ұсақ тіл әлі қолданыста.

Азия мен Еуропада салыстырмалы түрде тіл аз, бұл жақтағы ірі тілдердің ұлғайып, ұсақ тілдерді жұтып қойғанына көп уақыт болды. Бірақ бұл жақта да көңіл аударарлық жайттар бар. XIX ғасырда Ресей өз тілдері бар көптеген ұсақ ұлттар мен ұлыстар мекендейтін Сібірді түгел өзіне бағындырып алды. Қазір ол жақтағы адамдардың көбі орыс тілінде сөйлейді, аз тілдердің көбіне жойылып кету қаупі төніп тұр.

Еуропада отыз шақты ғана ұсақ тіл бар, дүниенің өзге бөліктеріндегі тілдермен салыстырғанда ол түк емес. Олардың көбі тез азаюда, гэль тілінің жағдайын айттық. Солардың ішіндегі ең көзге түсетіні – ирланд тілі, үкімет тарапынан қанша қолдап, демеу болса да, балалар оны ана тілі ретінде қолданбайды. Тағы бірнеше мысал келтіруге болады, мәселен, Германиядағы лужицк тілі (славян тобындағы), Солтүстік



14.2-карта. Оңтүстік Африкадағы тимбукушу мен шиеи тілдері

Скандинавияда саами тілі және тағы басқалар. Бұл тілдердің бәрі Африка мен Оңтүстік Америкадағы тілдермен салыстырғанда, ресми органдар тарапынан қолдау тауып, көп көмек алып жатса да, әлі қауіпті жағдайда тұр.

Африкадағы жағдай басқаша. Бұл құрлықта екі мыңнан астам тіл бар, олардың көбі – еш стандартқа келмейтіндей аз тілдер. Үш-төрт жыл бұрын жасалған шолуға сүйенсек, екі жүзге жуық тілге қатты қауіп төніп тұр немесе іс жүзінде қазір қолданыста жоқ. Өзге құрлықтар тәрізді Африкада да тілдер саны тез азаюда.

Африка халықтары әдетте ағылшын, француз немесе португал тілі сияқты үлкен еуропалық тілге ауыспайды. Бұл тілдер Африкада кең таралған, өйткені олар бұрынғы отаршылық заманнан келе жатыр.

Бұл тілдер бұрын отар болған елдерде әлі де ресми тіл болуда, әкімшілік-басқару ісі, кеңсе құжаттары, жоғары оқу орындарындағы білім беру – бәрі осы тілдерде жүреді; олар жүздеген миллион африкалықтың күнделікті ауызекі және жазба катынас тілі. Бірақ ұсақ тілдерде сөйлейтін адамдар ана тілін ірі тілдерге түбегейлі ауыстырып жатқан жоқ. Біріншіден, Оңтүстік Африкада болмаса, басқа жерлерде еуропалық

тілдерде бірінші тілі ретінде сөйлейтін үлкен-үлкен топтар байқалмайды. Екіншіден, ұсақ тілдерде үлкен қалаларда емес, ауылдық жерлерде сөйлейді. Ауылдық жердегі бір ұсақ тіл көрші тілдерден қысым көреді, бәсекелес болады. Кейде өте ұсақ тілдің сөйлеушілері одан сәл ғана үлкен, бірақ сол маңайда маңыздырақ тілге ауысып кетіп жатады. XX ғасырда күшіне еніп, түрлі аймақтар мен елдерге тараған тілдердің бірін таңдайтын жайттар да сирек емес. Танзания мен Кенияда ол суахили тілі, Зимбабведе шона тілі, Нигерияда хауса, йоруба, игбо тілдерінің бірі т.т. Осылай көп тілдер жойылып, салыстырмалы түрде мықтырақ бірнеше тіл жылдам қарқынмен күшейе түседі.

Осының бәрі қазір қолданыста жүрген 6900 тілдің кем дегенде мыңы екі ұрпақ ауысқаннан кейін жоқ болып кетеді деген болжамды күшейте түседі. Егер бұл үрдіс жалғаса берсе, қазіргі тілдердің жартысы жүз жылдан кейін жоқ болуы мүмкін.

Жоғарыдағы шолудан көргеніміздей, тіл кенеттен болған апаттан барлық сөйлеушісі өліп немесе өлтірілгендіктен жойылмайды екен. Десек те XVIII ғасырдың басында еуропалықтар келгенде, ондай да жағдай болған. Бірақ әдетте тілдің жойылуы былай болады: адамдар ата-анасы сөйлеген тілден басқа тілге ауысады, бұрынғы тілін балаларына үйретпейді. Негізгі құбылыс – тілдің ауысуы. Осылай келешекте тілдердің саны азая түседі.

Келешекте қалай болатынын дөп басып айту қиын, әр тілдің тағдыры әрқалай болар. Африкадағы екі ұсақ тілдің арасындағы айырмашылық көрсеткендей, көп жайт сөйлеушілерге байланысты.

14.6. Шиен тілі мен тимбукушу тілі

Ботсвананың солтүстігінде сулы-батпақты, үлкен де шұрайлы жер аумағы бар. Окаванго өзені елдің ішіне қарай, Калахари шөлін беттеп ағады да, шығатын жер таппай, тұрып қалады. Ол атырауға айналып, сосын бу болып ұшып кетеді. Атыраудың табиғаты өте сұлу, ол адам әрекетінен онша зардап шеккен жоқ. Ол жерден піл, арыстан, керік және енекелердің үлкен-үлкен табындарын көруге болады. Балықшылар мен ұсақ фермерлер тұратын ауылды мекендер бар. Ең сұлу жерлерінде туристерге арналған кішігірім эксклюзив үйшіктер орналасқан. Бүгінде атырау табиғи қорыққа айналды.

Атырауды мекендейтіндер түрлі тілдерде сөйлейді. Ең көбі – шиен тілінде сөйлейтін вайлер. Олардың саны 25000-дай. Тағы бір үлкен топ – тимбукушу тілінде сөйлейтін хамбукушу тайпасы, олардың саны 5000–10000. Ботсвананың басты тілі сетсвана тілінде сөйлейтіндер де көп. Басқалар сөйлеушілерден айырылып жатқанда, ол тілдің сөйлеушісі көбейе түсуде.

Шиен тілі мен тимбукушу тілінің жағдайы да сондай. Бұл екі тілдің екеуінде де елдің шалғай аудандарындағы саны аз ұлттар сөйлейді. Мектептерде екі тілдің екеуінде де сабақ жүрмейді. Бастауыш мектеп сетсвана тіліне негізделген. Орта мектепте ол ағылшын тілімен алмастырылады. Шиен тілі де, тимбукушу тілі де жазба тіл ретінде қолданылмайды.

Дегенмен бұл екі тіл бір бағытта кетіп бара жатқан жоқ. Шиелі тілі сөйлеушілерінен тез айырылуда. Балалар оны ана тілі ретінде үйреніп жатқан жоқ, екінші тіл ретінде үйренуі мүмкін, бірақ ол қажетті деңгейде емес.

Өзін ваей ұлтына жатқызатын 25 мың адамның жартысы ғана бұл тілде ана тілі ретінде сөйлейді. Қалғандары – шиелі тілін екінші тіл ретінде қолданатын немесе мүлде қолданбайтын сетсвана тілінде сөйлейтіндер. Ал хамбукушу ұлтының өз тілін басқа тілге алмастыру ойына кіріп-шықпайды. Халқы саны жағынан ваейлерден аз болса да, олардың тіліне еш қауіп төніп тұрған жоқ. Ата-анасының күнделікті ана тілінде сөйлегенін естіп, балалар оны жақсы үйреніп алады.

Бұның себебі – осы екі ұлттың тарихындағы, салт-дәстүріндегі және нені басты санап, таңдау жасауындағы айырмашылықта. Сетсвана тілінде сөйлейтін батавана тайпасы ХІХ ғасырда атырауға көшіп келгенде, ваей тайпасы мықты әлеуметтік ұжым емес еді, олар жаңа жағдайға тез бейімделе салады. Көшіп-қону мен алыс жерлерге барып жұмыс істеу – олардың бойында бұрыннан бар қасиет. Қазір олар үйлеріне жақын жерден туризм саласына қатысты жалақысы жақсы жұмысқа тұруға мүмкіндік алды. Ваейлерде басқа ұлттарға үйлену жағдайы жиі кездеседі. Білім алу мүмкіндігі туындағанда, олар балаларын мектепке қуана-қуана берді.

Хамбукушу тайпасы о бастан өзін-өзі басқарып үйренген, олар бір-біріне жақын тұрған. Ресми білім алуға онша құштар емес, бірақ салт-дәстүріне берік. Ваейлермен салыстырғанда, өзге тайпалармен жекжат болуы сирек, тайпа ішінде бір-біріне үйлене береді.

Мұндай әлеуметтік өзгешеліктер тілге қатты әсер етеді. Қай тілде сөйлеу керектігін таңдағанда, адам тек сыртқы қысым мен материалдық игіліктердің жетегінде кетпейді. Бұл жерде өмірлік құндылықтар мен адамның өзін қай ұлтқа жатқызуының да маңызы зор.

14.7. Тілдердің жойылуы жақсы ма, жаман ба?

Ваей тайпасының адамынан қай тілде сөйлейтінін сұрасаңыз, ол «көбінесе сетсвана тілінде, кейде ағылшын тілінде сөйлеймін, шиелі тілінде өте сирек сөйлеймін» деп жауап береді. Ал одан шиелі тілі туралы не ойлайтынын сұрасаңыз, ол туралы өте жоғары пікірде екенін, шиелі тілі өз мәдениетінің ажырамас бөлігі екенін айтады. Әдетте ана тілін аз білетіндер оны жоғары бағалайды.

Бұл адамдар – иррационал, өз пайдасын білмейтін немесе шынайы емес көрінбеуі мүмкін, бірақ бұл екі мінездеме де оларға қатысты емес. Жастар қай топта туып-өссе, өздерін сол топқа жатқызады; бұл – барлық адамдарға тән норма, құбылыс. Олар ана тілі өздерінің тобының басты сипаттарының бірі екенін біледі, оны бағалайды. Бірақ олар бұл туралы көп айтпайды, қай тілде сөйлеу олардың өз таңдауы емес. Ата-анасының үйде сетсвана тілінде сөйлеуі солай ыңғайлы болғандықтан емес, балаларының қамын ойлағандықтан болар. Олар шиелі тілін жоғары бағалайды, бірақ балаларына мектепте сабақ жүретін тілді тезірек үйреніп алуды өте маңызды санайды. Ата-аналардың

бәрі мәселеге осылай қарайтын болса, олар ана тілінің жоғалып кетпеуін бар көңілімен тілесе де, ана тілі жоғалып кетеді. Бұл әдеттегі жағдай сияқты көрінеді. Тіл «сөйлеушілері жоғалып кетсе екен» дегеннен жойылмайды, тіл «сөйлеушілер жоғалмаса екен» деген тілегіне қарамастан жойылады. Әдетте сөйлеушілер тіліне жойылу қаупі төнгенін өте кеш, жас ұрпақ тілді жоғалтып қойғанда ғана түсінеді. Мұндай түсінік шиені тіліне байланысты көрініс табуда. Қазір тілді жетілдіру мен оны жазба түрде қолдануға икемдеумен айналысып жатқан қауымдастық бар. Бұл шаруаның неге алып келетіні әлі белгісіз, ол тек келешекте анықталар.

Сөйлеушілер өз ана тілдерінің өлгенін жамандық деп ойлайды, ал ол тілді «өлтіргісі» келетін өзге адамдар бар ма? «Бар» деп жауап береміз, ең болмағанда, көп жағдайда солай. Барлық елдердегі үкіметтің басым бөлігі елде этникалық топтар мен өзге тілдер аз болғанын қалайды.

Мұның бір себебі – адамдардың көбі тек бір ғана этникалық топ пен бір ғана тілден тұратын ел ең дұрыс саяси ұйым деп ойлайды. Бұл идея бірнеше ел осы бағытта дамыған Еуропада күшті болды. Бірақ дүниежүзінің көптеген елдерінде шынайы өмір басқаша өтуде. Үкіметтердің тілдік алуантүрлілікті ұнатпауы көптілді қоғам бетпе-бет кезігетін қиындықтарға да байланысты. Бірнеше тілде бастауыш мектеп ашу өте қиын немесе мүмкін емес; бірнеше тілде заң жазу және оны парламентте талқылау да қиын; полиглот, полицейлер мен медицина қызметкерлерін дайындау да – күрделі жұмыс.

Осы себептерге байланысты ел басшылары үнемі дерлік елдегі бір-екі тілден басқасына көңіл бөлмейді. Олардың басты уайымы – аз топтар емес, үлкен ұлттық топтар, өйткені олар саяси тұрғыдан қауіпті, ал аз ғана адамнан тұратын топтарды еш қауіптенбей шетке ысырып тастауға болады.

Еуропада ұлттық мемлекеттер ұзақ уақыт бойы күшіне еніп тұрды, сол кезде олар көптеген тілдерді жойып тастады. Сол үшін олар кейде қатаң әдістерге барды. Соңғы кезге дейін Франция мен Швеция сияқты елдерде оқушы үзіліс кезінде ресми тілде емес, өз тілінде сөйлесе, қатты жазаланатын болған. Көптеген еуропалық елдерде қазір аз ұлттардың тіліне төзімділікпен қарайды, кейде қолдау да көрсетеді. Бәлкім, бұл аз ұлттарға қамқорлық жасау керек деген үрдістің пайда болуына байланысты шығар, бірақ бүгінде аз ұлттардың азайып кеткені сонша – оларды ешкім қауіп-қатер ретінде қабылдамайды.

Шиені мен тимбукушу тілдерінде сөйлейтін Ботсванада сетсвана деген бір басты тіл және жиырмаға жуық өзге тіл бар. Олардың басым көбінің сөйлеушісі аз. Тілек болған күннің өзінде үкімет ол тілдердің бәрінде бастауыш мектепте білім бере немесе қандай да бір өзге маңызды қызмет көрсете алмайды. Ол тілдер қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістерден тысқары, өйткені басқа ештеңе істеу мүмкін болмай тұр. Ешбір тілді Еуропадағыдай ешкім шектеп жатқан жоқ, бірақ қолдап та жатқан жоқ. Ол тілдер жойылып кетсе, мемлекеттік шенеуніктердің де көретін қиындығы мен істейтін жұмысы азаймақ.

Тілдің сөйлеушілері мен үкімет адамдарына қоса, осы мәселеге көзқарасы мен пікірін білдіріп жүрген өзге де адамдар бар. Лингвистика мен антропология саласындағы

зерттеушілер не болып жатқанын түсініп, жүздеген тілдің жойылып бара жатқанына қатты алаңдап жүр. Ол тілдердің әрқайсысы – сөйлеушілердің көптеген ұрпақтарының өмір тәжірибесі мен шығармашылығынан пайда болған мәдениет туындысы.

Тілдерді аман алып қалу үшін не істеу керектігі жөнінде түрлі ойлар айтылып жүр. Кей зерттеушілер қоғамда және сол тілдерде сөйлеушілер арасында осы туралы ой, пікірталас туғызып, үрдісті кері қайтаруға тырысу керек дегенді айтады. Өзгелер жағдайды сипаттап, жойылып бара жатқан тілдерді мүмкіндігінше құжаттап отыру – зерттеушілердің міндеті, бірақ олар өзге тілдің өміріне килікпеуі керек дегенді айтады.

Әрине, зерттеушілердің еңбегі жағдайға онша әсер ете алмайды. Бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайда тілдердің жоғалуы жалғаса бермек. Бұған қуанатын адам көп болмайтыны түсінікті, бірақ ұсақ тілден үлкен тілге өтудің материалдық игіліктерінің көптігі сонша – көптеген адам өздері де тіл ауыстырып, балаларының да тіл ауыстырғанын қолдайтын болады.

Қосымша әдебиеттер тізімі

12-тарау. Еуропа және дүниежүзі тілдері

Еуропаның сауда арқылы көп елдерді иемденіп алуы туралы 1997 жылы жазылған Вулфтың (*Wolf*) кітабының екінші бөлімінен оқисыз. Еуропа басқыншылығының экологиялық зардаптары, жергілікті халықтардың жойылуы туралы Крозбидің (*Crosby*, 1986) еңбегінде айтылады.

13-тарау. Тілдер қалай пайда болады немесе қалыптасады?

Креол және пиджин тілдеріне арналған бірнеше кітап бар, мысалы Себба (*Sebba*, 1997) және Холм (*Holm*, 1988 – 89), солардан невестік креол тілі туралы мысал келтірдік. Африкаанс тілі туралы Понелистің (*Ponelis*, 1993) кітабындағы 1-інші және 2-тарауларды қараңыз; африкаанс тілінде жазылған көптеген әдебиет бар. Норвег тілі туралы ағылшын тілінде жазылған кітаптың авторы – Хауген (*Haugen*, 1976). Сото тілдерінің тарихын Янсон (*Janson*) мен Тсонопенің (*Tsonope*, 1991) кітабындағы 4-тараудан оқисыз.

14-тарау. Тілдер қалай жойылады?

Тілдердің жойылуын әңгіме еткен бірнеше кітап бар, авторлары – Кристал (*Crystal*, 2000), Ромейн (*Romaine*) және Нетл (*Nettle*, 2000). Шығыс Сазерлендтегі гэль тілінің тағдыры Дорианның (*Dorian*, 1981) еңбегіне арқау болған. Патрик Селлардың сөзінен келтірілген мысалды Адамстың (*Adams*, 1972) кітабынан, II томның 284-бетінен алдық. Жаңа Гвинея тілдері Фолидің (*Foley*, 1986) еңбегінде сипатталған. Шиені тілі мен тимбукушу тілі туралы Андерсон (*Andersson*) мен Янсонның (*Janson*, 1997) еңбектерін қараңыз.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Бразилияның басты тілі қай тіл?
2. Мозамбиктің ресми тілі қай тіл?
3. Еуропалық тілдерде ана тілі ретінде сөйлейтіндер Азияда неге аз?
4. Пиджин тілі мен креол тілінің айырмашылығы неде?
5. Голланд тілі мен африкаанс тілінің арасындағы бір жүйелі айырмашылықты сипаттаңыз.
6. Ауылдық диалектілерге негізделген норвег жазба стандарт тілін атаңыз.
7. Сото аймағында неге үш жазба стандарт пайда болды?
8. Шығыс Сазерленд сөйлеушілері неге өз тілінен айырылып қалды?
9. Дүниежүзіндегі лингвистикалық тұрғыдан ең әртараптанған аймақ қай жақта?
10. Ел басшылары көптілділікті неге ұнатпайды?

Талқылауға арналған тақырыптар

1. Мемлекет аз тілдерге қатысты қандай ұстанымда болғаны абзал?
2. Белгілі бір елде ағылшын тіліне негізделген креол тілі өзге таза ағылшын тілді сөйлеушілерге түсініксіз болса, креол тіліне аз тіл деген статус беру керек пе?

Зерттеуге арналған тақырыптар

Өзіңіз тұратын елде немесе аймақта жойылу қаупі төнген тіл бар ма? Жок болса, қалауыңыз бойынша өзге аймақтарға қараңыз. Бұл тұрғыда сізге «Этнолог» (*Ethnologue*) және тілдердің ұлттық сипаттамасын беретін өзге де дереккөздер көмек бола алады. Таңдаған тіліңіз туралы барынша көп дерек жинаңыз, онда сөйлеушілерінің саны, мектепте сол тілде сабақ берілуі, жазба тіл ретінде қолданылуы тәрізді ақпарат болсын.

Сол тілдің қайта жандануына қандай мүмкіндік бар екенін ойланыңыз.

VI БӨЛІМ

КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ



15-ТАРАУ

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ШАРЫҚТАУЫ

15.1. Жаңа интернационализм

15.3. Ағылшын тілінің заманы туды

15.2. Француз, неміс, орыс, ағылшын
тілдері

15.4. Ағылшын тілінің образдары

15.1. Жаңа интернационализм

Осыдан жүз жыл бұрын Еуропаны аралап жүрген саяхатшы шетел тілінде сөйлейтіндерді тек халықаралық деңгейдегі қонақүйлерден, туристер демалыс орындарынан және білімді адамдардың шағын ғана топтарынан кездестіретін. Олар әр елде әртүрлі тілде сөйлейтін. Орталық және Шығыс Еуропада, Румыниядан Швецияға дейін адамдар неміс тілін білетін. Италия мен Португалияның көптеген жерінде француз тілін түсінетін. Солтүстік теңіздің айналасындағы Норвегия және Нидерландыда ағылшын тілінде сөйлейтін біреумен кездесу мүмкіндігі жоғары болатын.

Бүгінде Еуропаға келген адам қай жерде және қай кезде сөйлесу керек болса, сол кезде және сол жерден шет тілін жақсы меңгерген адам таба алады. Көп жағдайда ол ағылшын тілін білетін кісі болып шығады.

Соңғы ғасырларда екі үлкен өзгеріс болды. Біріншіден, Еуропада және дүниежүзінің басқа да бөліктерінде халықаралық деңгейде қолданылатын тілді көп адам үйреніп алған. Екіншіден, бір ғасыр бұрын бірнеше шет тілінен өзі қалағанын таңдап

үйренетін, бірақ қазір бәрінің үйренетін шет тілі (немесе бірінші шет тілі) – ағылшын тілі. Осы екі жағдай, әрине, белгілі бір дәрежеде бір-бірімен байланысты, бірақ, шын мәнінде, олардың себептері әртүрлі.

Алдымен, жұртшылықтың екінші тілді не үшін үйренетінін қарастырайық. Қазіргі адамдар өмірінде білім мен шетелдермен байланыс осыдан жүз жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда анағұрлым маңызды. Алдымен Еуропада, содан кейін әлемнің өзге елдерінде өнеркәсіптік қоғамдар пайда бола бастағанда, білімді мамандарға сұраныс артты. XIX ғасырда барлық балаларға бастауыш білім беру өмір шындығына айналды. Ал XX ғасырда әлем елдерінің барлығы дерлік орта білім беру мүмкіндігіне ие болды. Алдыңғы қатарлы елдерде балалардың көбі он жылдық немесе он екі жылдық мектеп бітіреді, ал олардың оннан үш бөлігі колледж немесе университетке түсіп оқиды. Көптеген елде шет тілін үйренуді мектеп бағдарламасына енгізу мүмкіндігі бар.

Бүгінде тілдік және ұлттық шеғарадан асып қарым-қатынас жасау бұдан жүз жыл бұрынғы еуропалықтардың басым көбі ауылдық жерде тұрып, фермада жұмыс істеген кезден анағұрлым жиі кездеседі. Еуропалықтардың қалған бөлігі өндірісте жұмыс істеді. Қызметінде шет тілін қолданатындар өте аз болды. Америкаға кетіп, қайта оралмағандар болмаса, алысқа саяхаттағандар аз. Еуропаның көптеген елінде ұсақ тілдерде сөйлейтін топтардың көп болғаны рас, бірақ олардың көбі шектеулі аймақтарда тұрды. Ұсақ тілдерде сөйлейтіндер көптің тілін үйренуге мәжбүр болды, ал ол тілдерді көбі үйренбеді. Содан жұрттың басым бөлігі әдетте бір ғана тіл білді.

Бүгінде еуропалықтардың дені қалада тұрады, өндірістен гөрі халыққа қызмет көрсету мен коммуникация саласында жұмыс істейтіндер басым, ауыл шаруашылығымен айналысатындар некен-саяк. Күнделікті қарым-қатынас көбейді, өзге елдерден келгендермен байланыс жиіледі. Шетелге барып-келіп тұратындар көп, олардың кейбірі ұзақ уақытқа барады. Кейбір қызметте бір немесе екі шет тілі қолданылады. Ағылшынтілділерден басқалардың бәрі дерлік бос уақытында шет тілін, атап айтқанда, ағылшын тілін естиді. Поп музыка, теледидардан айтылатын соңғы хабарлар және масс-медиа-ның өзге де көптеген туындылары – бәрі-бәрі ағылшын тілінде жүріп жатыр. Еуропа елдеріндегі күнделікті тіршілік – монолингвистік емес, мультилингвистік.

Әлемнің көптеген өзге елдерінде де жағдай осындай. Барлық жақта халық қалаға көшіп жатыр, барлық жерде білім алу уақыты бұрынғыдан ұзарып, балалар мектепте кем дегенде бір шет тілін үйренуде. Елдер мен лингвистік аймақтар арасындағы байланыс жиілеуде, жұрт бір елден екінші елге көшіп жүре беретін болды. Мұның салдары жергілікті жағдайға байланысты әр жерде әрқалай. Бірақ барлық жерде дерлік басты нәтиже біреу – жұрттың кем дегенде бір шет тілін үйреніп алуы, біртүрлі адамдардың азаюы.

Бұл жағдай тек басты тілінің ауқымы мен үстемдігіне қарай байланыстардың бәрі сол тілде жүретін елдерге ғана тән емес. Бұл Қытайдағы қытай тіліне, Латын Америкасындағы испан тіліне және тағы бірнеше үлкен тілге қатысты. Шет тілін үйренуге онша мұқтаж еместер қатарына АҚШ, Ұлыбритания және тағы бірқатар елдің ағылшын тілінде сөйлейтін халқы жатады. Бірақ ол жақта да тілдік байланыстар жиілей

түсуде. АҚШ-та қазір көзге түсерліктей испантілді топ пайда болды, отыз жыл бұрын оның еш белгісі жоқ еді. Ұлыбританияға жан-жақтан иммигранттар көп келді, Еуроодақ ішіндегі байланыс қазір бұрынғыдан қарқындырақ.

Яғни бүкіл дүниежүзі халқы біртілділіктің орнына көптілділікті таңдауда. Бірақ олар екінші тіл ретінде неге ағылшын тілін таңдайды?

15.2. Француз, неміс, орыс, ағылшын тілдері

Алдыңғы тарауларда айтқанымыздай, XVII ғасырда француз тілі халықаралық тіл мәртебесіне ие болды. Бұл Францияның мәдени және саяси күшіне үлкен дем берді, әсіресе XIV Луидің (1643–1715) билік басында ұзақ болуы кезінде. Франция XVIII ғасырда да өте ықпалды мемлекет болып қала берді, бірақ Наполеон бастаған соғыстар кезінде көп саяси күшінен айырылып қалды. 1815 жылдан бастап Франция Еуропадағы ықпалды мемлекеттердің біріне айналды, бірақ бірегейлігінен айырылды.

Соған карамастан, француз тілі халықаралық тіл мәртебесін ұзақ уақытқа дейін сақтады. Ол XIX–XX ғасырларда дипломатия тілі қызметін атқарды. XIX ғасырда халықаралық тұрақты пошта қызметі ұйымдастырылғанда, барлық елдер пошта жұмысын француз тілінде жүргізсін деген шешім қабылданды. Ол сонымен қатар ғылым тілі ретіндегі де орнын сақтап қалды.

Бірақ Еуропада француз тіліне бәсекелестер шықты, онымен, ең алдымен, неміс тілі бақталас болды. Пруссияның қоластына кіргеннен соң, 1870 жылдардағы франк-прусс соғысынан кейін Германия 30–40 жылдай саяси үстемдік көрсетті. Бұл ел осы кезде технология мен ғылымда да алдыңғы қатарға шықты. Германияға көршілес жатқан шағын елдерде неміс тілін білу қажет саналды, кейін мұндай қажеттілікті Еуропаның ірі елдері мен АҚШ та сезінді.

Бірақ неміс тілі халықаралық мәртебеге ие болатындай, Германияның беделінің жоғарылауы ұзаққа созылған жоқ. Екі дүниежүзілік соғысқа қатысқан Германия саяси ықпалдан да, технология мен ғылым саласындағы әлеуеттен де айырылып қалды. Соғыстан кейін ел тез қайта қалпына келсе де, халықаралық аренада ол жетекші рөл атқара алмады.

Ол рөл Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіп шыққан Кеңес Одағы мен АҚШ-қа тиесілі болды. 1945–1990 жылдар аралығында әлемде осы екі елдің әскери күші, бәсекелестігі, билігі жүрді. Осы кезде әлемнің экономикасы да, халық саны да қатты өсті. Барлық елде білімге айрықша орын берілді, барлық салада халықаралық барыс-келіс, байланыс жиіледі.

Екі ірі мемлекеттің ағылшын және орыс тілі бұдан пайда көрді. Ағылшын тілінің таралуына жағдай о бастан ыңғайлы болды. Орыс тілі де оны тез қуып жетіп, 70–80 жыл бойы одан қалыспады. Ол Ресей ықпалы жүретін елдердің мектептерінде бірінші тіл ретінде үйретілді. Технология мен ғылым тілі болды. Кеңес Одағы орыс тілінің дипломатиялық қатынастар мен халықаралық қауымдастықтарда барынша кең қолданылуын талап етті. 1980 жылдары әлем екі лингвистік ықпал аймағына бөлініп

кеткендей болды: бір аймақ ортақтасып, ағылшын тілінде сөйлеп жатса, екінші аймақ орыс тілін маңызды санап, осы тілді үйренумен болды.

1990 жылы Кенес Одағы құлағанда, орыс тілі халықаралық тіл мәртебесінен демде айырылды. Мектептерде шет тілі ретінде оқытылған Шығыс Еуропа мен өзге елдердің бағдарламаларынан ол енді алып тасталды. Ресей технологиясы мен ғылымы артта ілбіп келеді, жаңа ғылыми зерттеулер енді орыс тілінде жазылып жатқан жоқ. Қазір Ресей халықаралық рейтинг тізімінде француз және испан тілдерімен қатар тұр. Ал ағылшын тілінің қазір айтарлықтай бәсекелесі жоқ, оны барша жұрт халықаралық тіл ретінде үйреніп жатыр. Мұның себебін ағылшын тілінің пайдасына шешілген бірнеше тарихи оқиғадан табуға болады.

15.3. Ағылшын тілінің заманы туды

XVI ғасырдан былай қарай соғыс, сауда және отаршылықтың арқасында әлемнің алыс түкпірлеріне тараған Еуропаның үш-төрт тілі өзге тілдік топтар арасынан сытылып шығып, айрықша маңызға ие болды.

Британия ең табысты империялық державаға айналды. XX ғасырдың басында ол Үндістанды, Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан елеулі бөлігін, Канаданы, Австралияны, Шығыс Азиядағы бірнеше сауда орталығын және көптеген ұсақ географиялық нысандарды иемденді. Бұл аймақтардың бәрінде ағылшын тілі берік орнады. Ол кезде ағылшын тілі жетекші рөл атқармаса да, Еуропаның маңызды тілі болды, халықаралық қатынаста басқа тілдермен салыстырғанда жиірек колданылды.

Екінші дүниежүзілік соғыста Германия жеңілді, Франция қатты әлсіреді. Британия да ресурсының үлкен бөлігін жаратып қойды, империяның уақыты аяқталды. Саяси және экономикалық көшбасшылықтың тізгінін Еуропадан тыс жердегі ағылшынтілді ел – Америка Құрама Штаттары алды.

Ағылшын тілі АҚШ-тың дамушы елдерге экономикалық көмегі мен әскерінің қатысуы арқасында бүкіл Еуропаға таралды. Жана жетекші держава ағылшын тілі Британ империясының құрамындағы немесе құрамында болған елдерде мықты мәртебеге ие болғанын пайдаланып, оны алға қарай жетілдірді. Екі бірдей ірі мемлекеттің бұл комбинациясы ағылшын тілінің теңдессіз түрде кең таралуына ықпал етті.

XX ғасырдағы дипломатияда ағылшын тілі француз тілін бірте-бірте ығыстырды. 1945 жылы БҰҰ ұйымдастырылғанда, француз тілі ғана емес, төрт еуропалық тілі бар бес тіл ресми түрде мақұлданды: ағылшын, француз, испан, орыс және қытай (кейін араб тілі қосылды). Штаб-пәтері Нью-Йоркте. Іс жүзінде бұл ұйымдағы ең маңызды тіл – ағылшын тілі.

Ағылшын тілінің табысты болуына саяси жағдайдан өзге де себептер бар. 1945 жылдан кейін АҚШ мықты әскери күшіне ғана емес, мықты экономикасына байланысты да алға шықты. Ол өндірістік және технологиялық прогреске негізделді. XX ғасырдың басында-ақ Америка басты-басты деген бірнеше өндіріс саласында алға шықты. Соның екеуі, атап айтқанда, телекоммуникация мен авиация халықаралық байланыста өте зор

сұранысқа ие болды. АҚШ осы екі саланы қатты дамытты, әлі күнге дейін дамытып жатыр. Бұл елде алғаш рет азаматтық авиация пайда болды, бизнестің бұл халықаралық бағытының тілі о бастан ағылшын тілі еді. Телефон, радио және телевизиядағы үлкен жетістіктер де АҚШ-пен байланысты.

Киноиндустрия – өз алдына бөлек әңгіме. Үнсіз кино дәуірінде Голливудтың бас-таманы өз қолына алуының үлкен лингвистік айырмашылығы болмады, бірақ дыбысты фильм ойлап табылғанда, оның қажеттілігі күрт артты. АҚШ-та жасалған фильмдер мен телебағдарламалар әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарға ауызекі ағылшын тілін көптеп жеткізеді. Дубляж жасау – тым қымбатқа түсетін шағын және кедей елдерге ол үлкен көмек.

Медиабизнестің тағы бір бұтағы – эстрадалық әндер де ағылшын тілінің таралуына өз үлесін қосып жатыр. Джон Леннон және Боб Дилан тәрізді әншілер мен ән авторлары дүниежүзінің түкпір-түкпірінен өздерінен бұрынғы әріптестерінен көбірек аудитория жинады. Бұл олардың басқалардан өнерлірек, таланттырақ екеніне ғана емес, АҚШ-та фонографты ойлап тапқаннан кейін, коммерциялық музыкада ағылшын тіліндегі туындылардың үлкен сұранысқа ие болуына да байланысты.

Электрондық байланыстың дәстүрлі құралы – телефонды кез келген тілде сөйлеушілер қолданады. 1960 жылдары дамыған елдердің көбіндегі күнделікті тіршілікте бір елден екінші елге қоңырау шалу шындыққа айналғанда, бизнес өкілдері оны өз шаруаларында өзгелермен байланыс орнату үшін пайдаланғысы келді. Бірақ телефонмен сөйлесу үшін екі жақ бірдей түсінетін ортақ тіл білу керек, содан өзге тілділер жаппай ағылшын тілін жақсы үйреніп алуға бет бұрды. Соңғы кезде пайда болған электрондық пошта және интернет арқылы жіберілетін өзге де ақпарат құралдарын теория жүзінде барлық жазба тілдерде қолдануға болады. Іс жүзінде бұл халықаралық байланыстардың бәрі негізінен ағылшын тілінде жүреді, бұл тіл – түрлі бағдарлама жазатын, ғаламтор жұмысын жүргізетін, компьютер жөндейтін миллиондаған техник, программист және өзге ІТ мамандардың өзгеге алмастыруға болмайтын құралы.

Ғылым саласында Бірінші дүниежүзілік соғыс алдында тәп-тәуір жетістіктерге жетіп үлгерген Америка Құрама Штаттары ХХ ғасырда көптеген салада жетекші рөл атқарды. Ұлыбритания да кейбір салаларда белсенділік көрсетті. Осының нәтижесінде маңызды деген ғылыми жұмыстар мен мақалалардың бәрі ағылшын тілінде жарыққа шықты. Соңғы 20–30 жылда, әсіресе Кеңес Одағының құлауынан кейін ағылшын тілінің кең тарағаны сонша – ол енді ғылымның тіліне айналуға шақ тұр. Бұған қарсы тұрар қауқар жоқ. Екі ғасырдай бұрын латын тілі осындай жағдайда болған, бірақ оның қолданысы Еуропа елдерімен шектелген.

Ағылшын тілі белсенді тағы бір сала – қаржы әлемі. Ақша транзакциялары мен қор биржалары – бүгінгі адамдар өмірінің ажырамас бөлігі. Осы қызметтер іске асатын үлкен халықаралық орталықтар Нью-Йорк және Лондон қалаларында орналасқан, ол жақта ағылшын тілін білмейтін адам бизнесін мүлде жүргізе алмайды деп айтса да болады.

Негізінен ағылшын тілін қолданатын немесе қолдануға бағыт алған тағы бірнеше саланы еш қиналмастан еске түсіріп атап беруге болар еді. Ағылшын тілі көптеген

салада қажет болып жатқандықтан, оны үйреніп жүргендердің саны көбеюде. Бұл тілді білетін адамдар көбейген сайын, жаңа салаларды ағылшындандыру оңай болып отыр.

Ағылшын тілі қажет емес бір манызды сала бар. Ағылшын тілі әлемдік діндердің ешқайсысымен мықты байланыста емес. Миссионерлік жұмыстың көбін АҚШ пен Ұлыбритания азаматтары жасайтыны жасырын емес, бірақ мақсат христиан дінінің протестант тармағының әртүрлі реңкін тарату болғандықтан, олардың бәрі діни хабарды адам өз тілінде алу керек деген идеяны қолдайды. Сондықтан миссионерлердің іс-әрекеті кейде ағылшын тілін таратуға ұқсағанымен, іс жүзінде тіл таратуға еш қатысы жоқ. Араб тілі мұсылман дінінің, латын христиан дінінің құралы болғанымен, ағылшын тілі дін ісіне еш араласпайды.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілінің жетекші халықаралық тілге айналуына үш жағдай себеп болды. Біріншіден, Ұлыбритания XVII ғасырдан XX ғасырға дейін империя орнатып, қоластындағы отар елдерді тиімді басқарып отырды; бұл ағылшын тілінің нығаюына оң әсерін тигізді. Екіншіден, АҚШ технологияда, экономикада, саясатта айтарлықтай жетістіктерге жетті, осы салалардағы жетекші рөлін әлі де сақтап келеді. Үшіншіден, XX ғасырда өндіріс, коммуникация және халықаралық қатынастардың дамығаны соншалық – барлық елдерге түсінікті ортақ тілге деген қажеттілік бұрынғыдан да арта түсті. Ағылшын тілі осы қажеттілікке сай келді, ал Еуропаның өзге тілдері түрлі себептермен шетке ығыстырылды.

15.4. Ағылшын тілінің образдары

Ағылшын тілінің жоғары дәрежесі үш факторға байланысты десек, ағылшынтілді елдерден тыс жұрттың оған деген көзқарасы да әртүрлі. Олар мынадай: 1. Ағылшын тілі – барлық елдерге ортақ қатынас тілі. 2. Ағылшын тілі – АҚШ-тың империалистік амбициясының құралы. 3. Ағылшын тілі – отаршыл заманнан қалған қалдық. Осы көзқарастардың бәрінде негіз бар. Әлемнің әр түкпіріндегі халық әртүрлі көзқарасқа бейім.

АҚШ пен Ұлыбританияның тікелей ықпалынан тыс елдердің халқы елдердің бәрімен байланыс жасауға ынғайлы бір-ақ ортақ тіл болса дейді. Ұсақ тілде сөйлейтін халықтарға көптеген салада қолдануға болатын бір ғана шет тілін үйрену идеясы ұнайды. Сол себепті әлемнің барлық елінде қазір ағылшын тілін үйренуге ықпалас артты.

Бірақ бұл жерде де қиындық бар. Тіл атаулының бәрі – белгілі бір адамзат мәдениетінің көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, ешкімге қатысы жоқ тіл болмайды. Ағылшын тілі – ерекше тарихы, әдебиеті және әлемді көру призмасы бар еуропалық тіл. Ол сондай-ақ бірнеше елмен байланысты, олардың бәрі – өте ықпалды ел. Ағылшын тілін үйренген адам ол тілдің мәдениетінің маңызды аспектілерін сіңіріп өседі. Ол адам ағылшынтілді елдермен қатынас жасауға ықпалы болып тұрады. Сөйтіп, ол ағылшынтілділердің мәдени саласынан құнарлануын жалғастыра береді. Белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың көп бөлігі осындай жағдайға тап болса, ағылшын тілінің жалпы ықпалы күшейіп кетеді.

Соңғы 20–30 жылда көптеген елде жағдай осылай болды да. Ағылшын тілі ықпалының бірінші белгісі – сол тілден енген кірме сөздердің көптігі. Ол сөздер жергілікті тілдің дыбыс жүйесіне бейімделеді. Екіншіден, көптеген адам бейімделмеген ағылшын сөздерін де қолданады. Үшіншіден, ағылшын тіліндегі сөйлемнің жартысы, тіпті бір сөйлем түгел жергілікті адамдардың күнделікті ауызекі тіліне кіреді.

Одан да маңызды жайт бар, ол – ағылшын тілінің белгілі бір контекстерде қатынас тілі ретінде қолданылуы. Чикаго түгіл, Амстердам мен Римдегі халықаралық компания қызметкерлерінің ауызекі тілі де, жазба тілі де – ағылшын. Әлемнің көптеген университетінде түрлі елдерден келген зерттеушілер мен ғалымдар қатысатын семинарлар мен біліктілікті жетілдіру курстары ағылшын тілінде жүреді, өйткені олардың барлығы дерлік екінші тіл ретінде ағылшын тілін меңгерген. Бұл жағдай көптеген тілдің, соның ішінде ірі тілдердің болашақтағы жағдайы қалай болар екен деген сұрақ тудырады.

Кей елдер ағылшын тіліне ашықтан-ашық қарсылық білдіреді. Осының айқын мысалы – Франция француз тілінің бір кездегі халықаралық мәртебесін ағылшын тілі тартып алғанын кешірер емес. Қазір француз тілі өз отанында барлық тұрғыдан қорғалған. Мейлінше егемен болғысы келген ұлттық мемлекет үшін бұл – әбден құптарлық жағдай. Бірақ ағылшын тілінің күшейе түсуі шағын және әлеуеті салыстырмалы түрде әлсіз Скандинавия елдерінің тілін әлсірете түседі.

Бір кездері Британ империясының құрамында болған Үндістан, Нигерия және өзге де көптеген елдің жағдайы ерекше. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін олар тәуелсіздік алғанда, әкімшілік-басқару жүйесі мен білім беру жүйесі ағылшын тілінде болатын. Бұл елдердің кейбірінде жағдай әлі де солай. Орта және жоғары білім орындарында сабақ ағылшын тілінде жүреді, кей елдерде бастауыш мектептер де ағылшын тілінде. Бірнеше себепке байланысты бұл салада өзгеріс енгізу өте қиынға соқты немесе тіпті мүмкін болмады. Біріншіден, мектеп жүйесі мен ресми органдар бұл іске келгенде салғырт және тез өзгеруге бейім емес. Екіншіден, оларға қарсы тұратын балама әкімшілік пен мектеп жоқ, жаңасын ұйымдастыруға мүмкіндік болмады. Үшіншіден, бұрынғы отар елдердің барлығы дерлік көптілді, сондықтан тілдік мәселеде талас-тартыс, конфликт туындатпаудың жалғыз жолы ағылшын тіліне сүйену еді.

Осы себептерге байланысты ағылшын тілі көп жерде әлі де күшін жойған жоқ. Көптеген елдің өмірінде, оның ішінде Үндістан тәрізді алып мемлекет те бар, ағылшын тілі қазір бұрынғы империя кезіндегіден де маңызды орынға ие. Қазір жұрттың жалпы білім деңгейі бұрынғыдан жоғары, тілдік шегарадан асып жатқан ұлттық және халықаралық байланыстар жиіледі. Осы себепті ағылшын тілін үйренетіндер мен қолданатындар саны көбеюде.

Десек те бұл елдерде ағылшын тілі дегенде ойға бұрынғы отар биліктің образы келеді; бұл жақсы емес. Ағылшын тілі мектептерде әбден орныққандықтан, іс жүзінде оның орны сол елдің ана тілінен де мығым, мектеп білімінің үлкен бөлігі ағылшын мәдениетімен таныстыру десе де болады. Бұл әсіресе жоғары білім алып жатқандарға қатысты.

Бұл елдер мен Ұлыбритания арасындағы байланыс біркелкі емес: олар өте жақын да емес. Бірақ білім беруге арналған, соның ішінде ағылшын тілінде сабақ беретін арналар бар. Британ кеңесі (*The British Council*) ағылшын тілді мұғалімдер дайындайды. Оқулықтар мен өзге де оқу материалдарымен қамтамасыз етеді. Британ кеңесі барлық елдердегі үйренушілердің ағылшын тіліндегі білім деңгейін тексеретін *IELTS* стандарт тестін қабылдауға да қатысады. Бірақ Британияның не істеп жатқаны бұрынғы отар елдердегі ағылшын тіліне соншалықты қатты әсер етпейді.

АҚШ-тың жағдайы бір басқа. Бұл ел кино, телевизия, музыка және басқа да жолмен әлемге қатты ықпал етеді, әлемдік экономика мен саясатта жетекші рөл атқарады. Америкалық компаниялар барлық елдерде жұмысын ағылшын тілінде жүргізуді қалайды. Әрине, ағылшын тілін тарату үшін АҚШ-тың әлеуетті болуы өте маңызды. Дегенмен қатты ықпалды «қауіп төндіру» деп қабылдайтындар да бар.

АҚШ-қа географиялық тұрғыдан жақын елдер ағылшын тілін қарсылықсыз қабылдаған елдер қатарында емес. Латын Америкасында, жалпы алғанда, ағылшынтілділер онша сұранысқа ие емес, тіпті ол тілдің беделі түсіп жатыр десе де болады. Мәселен, Мексиканың мектеп бағдарламасында ағылшын тілі болғанымен, еуропалық елдермен салыстырғанда аз, ал Кения мен Нигериямен салыстырғанда мүлде аз десе де болады. АҚШ тарапынан көрсетілген саяси қысым ағылшын тіліне қызығушылықты азайтты.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілі тек Ұлыбритания мен АҚШ-қа ғана таңылып, сол елдермен тығыз байланыстырылса, ол оның халықаралық тіл ретінде қолданылуына оң әсер етпейді. Мұндай байланыс көрініс берген елдерде жұрт ағылшын тіліне қарсы болады. Ал «ағылшын тілі – ұлттық тіл деген ұғымнан жоғары, бірегей халықаралық тіл» деген образ тілдің өсуі мен таралуына жақсы көмек болады. Осы образ қазір кеңінен насихатталып, ағылшын тілі күшейген сайын күшейе түсуде.

Бұл жағдай ұзаққа созыла ма? Оны ешкім білмейді, бірақ ойланып, қызықты болжам айтуға болады. Қытай елінің қазіргі даму қарқыны болашақтағы біраз жайтты аңғартқандай. Ол – келесі тараудың тақырыбы.

16-ТАРАУ

Қытай тілі және Қытайдағы ағылшын тілі

16.1. Шығыс пен Батыс

16.4. Мектептегі тіл. Өмірдегі тіл

16.2. Байхуа, пугунхуа және жеңілде-
тілген қаріп

16.5. Ағылшын тілі және Қытай

16.3. Жүз жылда ежелгі дүниеден қа-
зіргі заманға аттау

16.6. Сөз, жазу және ой

16.7. Келешек

16.1. Шығыс пен Батыс

Еуропа мен Қытай арасында ежелден қатынас болды, олар көбінесе делдалдар арқылы байланысып отырды. Қытай керуен жолы арқылы Орталық Азияға жібек мата және өзге де тауарлар жіберіп тұрды, мұндай сауда жолы «Жібек жолы» деп аталғанымен, тауарлардың одан да тысқары жерге жеткені белгілі. Еуропалықтардың Қытайға келуі немесе қытайлардың да Отанынан алыстап, Еуропаға жетуі екіталай. Осы жағдайда олардың тілдері араласпағаны белгілі.

Оның үстіне, екі тарап та бір-бірі туралы XVI ғасырға дейін ештеңе білген жоқ. 1492 жылы Колумб Қытайға жетуді мақсат етіп батысқа аттанғанда, Испанияның королі Ұлы қағанға арнап хат жазып жіберді. Ол хат Қытайға жеткенде, таңданып, күлер еді, өйткені олар соңғы моңғол ханын 124 жыл бұрын тактан түсіріп тастаған болатын.

Америка құрлығы Колумбтың жолын жапты, бірақ басқа да еуропалықтар көп ұзамай кері бағытта, Африканы айналып жүзді, сөйтіп, Қытайдың жағалаудағы қалаларына жетті. XV ғасырда қытайлық теңізшілер мұхиттан жүзіп өтіп, Африканың шығыс жағалауына келді, бірақ бұл зерттеулер тоқтатылды, еуропалықтар алыс жерлерге жүзетін халықаралық кеме қатынасын бірнеше ғасыр бойы бақылауда ұстады. XVI ғасырдың ортасында Еуропа мен Қытай арасында тікелей сауда байланысы

басталды. Қытайға алғаш келген пионерлер – португалдар; олар қытай жерінде Макао атты анклав сатып алып, оны сауда монополиясы ретінде жүз жылдан астам пайдаланды. XVIII ғасырда Ұлыбритания, Нидерланд және басқа да бірқатар елдердің кеме қатынасы компаниялары табысты кәсіптен өз үлесін алып тұрғысы келді, сауда көлемі өте тез өсті.

Еуропа саудагерлері (олар Үндістан және Азияның басқа да бірнеше еліне барған) жібек, фарфор, шай сатты, олар колма-кол ақшамен де, негізінен Америкадан алынған күміспен де есеп айырыса алатын. Қытайлар тауар экспорттап, капитал жинады, бірақ аса қажет болмаса, шетелдіктермен жақын қатынас жасамады. Еуропалықтардың кемелеріне тек қана Гуанчжоу (Кантон) немесе Макаоға зәкір тастауға рұқсат етілді, олар азғантай қытай шенеуніктерімен және саудагерлермен ғана келіссөз жүргізе алатын. Олар қытай тілін үйренуге міндетті болмады, еуропалық тілдерді меңгерген қытайлар да аз еді.

XIX ғасырдың басында Еуропадағы Наполеон бастаған соғыстардан кейін жағдай өзгерді. Қытаймен саудадан түскен табыстың қомақты үлесін британдық көпестер алды, бұл дау-дамай тудырды. Оның негізгі себебі – есірткі саудасы болды. Британдық кемелер Үндістаннан Қытайға апиын тасыды, ол шаш-етектен ақшаға кенелтті. Қытайлық билік бұл заңсыз саудаға тыйым салды, тарихта «Апиын соғыстар» деген атпен белгілі үлкен жанжал туындады. Британ флотының қарамағында әскери кемелер мен басқа да заманауи әскери техника болғандықтан, жеңіске оңай қол жеткізді. 1842 жылы Қытайдың жеңілісі оны өзіне қолайсыз бейбіт келісімшарт жасауға мәжбүрледі.

Бұған дейін қытайлар еуропалықтарға менсінбей қарайтын, олардың тіршілігіне ешқандай қызығушылық танытпайтын. Енді Ұлыбритания және өзге де еуропалық елдер еркін сауда жасау жөніндегі келісімшартты орындауға келісті. XIX ғасырда Батыс Еуропаның ықпалы күшейген үстіне күшейе берді, ал солтүстікте Ресей Қытайдың есебінен жер аумағын кеңейте түсті. Осы кезде елдің ішкі жағдайы да тұрақсызданып кетті. Ғасырдың соңына қарай Жапония қатты әлсіреген Қытайға шабуыл жасады, нәтижесінде ол Корея мен Тайваньды бақылау еркінен айырылды. Осыдан кейін еуропалық ірі державалар бір кезде Африканы қалай бөлшектеп алса, Қытайды да солай бөлшектеп алуға шақ қалды.

Оған дейін Қытайдағы билеуші тап шетел ықпалынан бойын аулақ ұстап, жүргізіп отырған саясаты мен мәдениетінің мықтылығына сенді. Өзінен анағұрлым кіші Жапониядан жеңілгеннен кейін, мұндай көзқарас енді өзекті болмай қалды. Қытай халқы жапондар 1860 жылдары елге Батыс инновациясын кіргізіп, жалпының бірдей білім алуы үшін көп қаржы бөлгендіктен, алға озып кеткенін түсінді. Қытай басшыларының көбі жалпы модернизация мен білім беруде реформа жасауды қолдады.


XX ғасырдың басы Қытай тарихында мазасыз кезең болды. Соңғы император тақтан 1911 жылы түсті, ел республикаға айналды. Жаңа билік көптеген реформа енгізді, бірақ тұрақтылыққа қол жеткізе алмады. Жапония 1930 жылдары тағы шабуыл жасады. Мао Цзэдунның басшылығымен Коммунистік партия 1949 жылы елді толық бақылауға алғанша, ұзаққа созылған азаматтық соғыс бір тыншымады. Осындай аласапыран кезеңде коммунистік заманның бастапқы шағында үлкен лингвистік реформалар жүргізілді.

16.2. Байхуа, путунхуа және жеңілдетілген қаріп

Алдыңғы тарауларда айтқанымыздай, қытай тілі екі мың жылдай уақыттың ішінде онша көп өзгере қойған жоқ. Иероглифтер жүйесі күрделі болды, оларды үйрену қиынға соқты. Оның үстіне, ежелгі сөздер мен сөз тіркестеріне толы жазбаша стандарт тіл заманауи ауызекі тілден белгілі бір деңгейде өзгеше грамматикалық ережелерге бағынды.

Барлық аймаққа тән тіл де, жазылған сөзді қалай дыбыстау керектігін үйрететін нұсқаулық та болмады: бір мәтінді Қытайдың әр бөлігіндегі халық әртүрлі дыбыстап оқитын. Бұл салада күрделі иероглифтер, ежелгі сөздер мен сөйлем құрылымдары, ортақ ауызекі тілдің болмауы тәрізді үш түрлі қиындық болды.

Ұзаққа созылған талқылау мен біраз дау-дамайдан кейін үш проблеманың да шешімі табылды. «Төртінші мамыр» қозғалысының ықпалды реформаторлары 1919 жылы ежелгі әдеби тіл *Вэньяньды* нысан етіп алып, байхуадан өміршен жаңа жазба тіл жасап шығарды. Ол жазу формасының тарихы ұзақ болды, бірақ мәртебесі жоғары болды дей алмаймыз (XV ғасырдан бастап *Shuihuzhuan* – *Су шегарасы* тәрізді қалың романдар жазуға қолданылса да). Ұзақ өмірдің бір нәтижесі болуы керек қой. Қазіргі қытай тілі ауызекі тілге жақын, бірақ классик авторлардың стилі мен лексикасынан айырмашылығы көп. Қазіргі тілдің функциясы зор, үйренуге салыстырмалы түрде оңай, бұл тілде сөйлеушілер классикалық мәтіндерді арнайы дайындықсыз түсіне алмайды.



16.1-сурет. Қытай жазуын оңайлату. «Бұлт» деген сөздің жазылуы: сол жақта – классикалық жазылымы, оң жақта – оңайлатылған жазылымы.

Барлық қытайлықтарға ортақ дыбыстау жүйесі де пайда болды. «Мәтінді дауыстап оқудың Қытай елінің барлық шенеуніктеріне арналған әдісі болатын» деген сөз рас. Бірақ ол бүкіл халыққа қолжетімді болмады және еш аймақтың оқу ережесіне негізделмеген, әртүрлі ауызекі сөйлеу мәнерін ескерген компромисс тәсіл еді. Үлкен дайындық жұмысынан кейін Бейжіңде тұратын халықтың тіліне ұқсас дыбыстауды үлгі етіп алайық деген келісімге келді. Бұл норма, жалпылама айтқанда, Қытай мен Тайвань елінде бірдей болды. Қытайда оны путунхуа – *Putonghua* – жалпы тіл, Тайваньда гойо – *Gouyo* – елдің тілі деп атады. Сөйтіп, қытай жазуына реформа жасалды, бірақ түбегейлі өзгеріс болған жоқ.

Бірақ XX ғасырдың басында радикал реформаторлар дәстүрлі қытай жазуын тастап, алфавиттік жүйеге көшу керектігін айтты. Реформаторлар бірнеше жүйе ұсынды,

бірақ олардан туындайтын қиындық өте көп, ал пайдасы күмәнді еді. Коммунистік режимнің алғашқы жылдары билік алфавиттік жүйеге көшуді құптады, бірақ пікір өзгерді, қазір ондай идея ешкімге ұнамайды. Оның орнына дәстүрлі иероглифтік таңбалар жеңілдетілді.

Бүгінде таңбаларды үйрену әлдеқайда жеңіл, бірақ иероглифтердің атқаратын функциясы өзгерген жоқ. Жеңілдетілген иероглифтер жүйесі Қытайда кеңінен қолданылады, бірақ Тайваньда қарастырылмаған. Осы үш реформаның арқасында Қытайдағы лингвистік жағдай қатты өзгерді. Барлық мектепте оқытылатын және қолданылатын путунхуа деген тіл бар. Сөздік қор мен стиль тұрғысынан жазба тіл ауызекі тілден алыс емес, жазу кезінде қолданылатын таңбалар жүйесі де күрделі емес.

16.3. Жүз жылда ежелгі дүниеден қазіргі заманға аттау

Өзге де үлкен тілдік реформалар көрсеткендей, Қытайдағы реформалар саяси мақсатпен тығыз байланысты. Империя құлағаннан кейін бір ғасыр уақыт өткенде Қытай басшылары артта қалған, әлсіз, өз ішінен бөлшектеніп кеткен елді дамыған, пәрменді, экономикасы озық елге айналдырғысы келді. XX ғасырдың басында билікте болған ұлтшылдар коммунистердің көптеген басты идеяларын ұнатпады. Коммунистік режим саясатқа бірнеше рет түбегейлі өзгеріс енгізді. Бірақ ел басқарғандардың бәрі келешекте біріккен, күшті Қытайды көруді мақсат етті. Олар құлаған империяны қайта тұрғызуды емес, оның орнына ұлттық мемлекет тұрғызуды армандады.

Тілдік мәселе барлық жерде өзекті. Қазіргі ұлттық мемлекеттерге басқару, білім беру, ғылым мен мәдениет салаларында қолдануға ыңғайлы ресми тіл керек. Империялық Қытайдың ортақ жазба тілі болды, бірақ оны халықтың аз ғана бөлігі білді, ол ауызекі қатынас құралы ретінде қызмет ете алмады. Бұл латын жазба тіл болғанымен, сөйлеу тілі бола алмаған ортағасырлық Францияны еске түсіреді.

Прогресс тезірек жүру үшін білімге айтарлықтай ресурс бөлу қажет. Алдымен халық түгел оқып, жаза алатындай жаппай сауаттылыққа қол жеткізу керек. Қытай тілінің реформасы ауызекі тілді білім беруге де, жазуға да қолайлы етті. Орта білім беру жүйесі бірнеше жыл бойы таралып келеді. Санақ бойынша 1949 жылы билік коммунистердің қолына түскенде, мектепте білім ала бастаған балалар саны ғасыр басындағы көрсеткіштен 25%-ға дейін өсті. Он жыл өткеннен кейін, бұл үлес шамамен 90%-ға көтерілді. Бұл – ресми статистика, ал іс жүзінде білім беру өте тез тарады, соңғы онжылдықтарда Қытай балалардың барлығын дерлік орта біліммен қамтамасыз етті. Бірақ қала мен ауылдың арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Қалалық балалар тоғыз жыл немесе одан да ұзақ оқиды, ал ауыл балалары одан анағұрлым аз оқиды, олардың мұғалімдері де жоғары білімді маман емес. Соған қарамастан, халықтың жалпы білім деңгейі өсуде, тіпті кейбір еуропалық елдердің деңгейіне таяп қалды.

Осы процеспен бірге классикалық жазба тіл де түгелдей дерлік қолданыстан шықты. Ол енді ресми құжаттарда да, газеттерде де, көркем әдебиетте де түгелдей дерлік қолданылмайды. Бизнес пен технологияға байланысты мәтіндерде де байқалмайды.

Әдебиет және философиямен айналысатын аға буын білімді адамдар ескі тілді қолдана береді, бірақ, жалпы алғанда, бұл тіл мамандарының қарауына қалдырылды.

Еуропада 500–800 жылда жүзеге асқан шаруаны Қытай бір ғасырдың ішінде тындырып тастады. XII ғасырда бірқатар елде латын тілі бірден-бір жазба тіл болды, ал білім деңгейі XIX ғасырдағы Қытайдағы білім деңгейімен бірдей еді. Еуропа елдері бірте-бірте латын тілінен теріс айналды. 300–400 жыл бұрын білім беру жаңа ұлттық тілдерге негізделді. Қытай классикалық тілінен 30–40 жылда арылып, қазіргі заманауи тілін дәл осындай жылдамдықпен жасап шықты.

Бұл – мұқият зерттесе, шыдас бере алмауы мүмкін батыл теңеу. Жалпы, бір ғасыр бұрынғы Қытай – XII ғасырдағы кез келген Еуропа елінен анағұрлым дамыған, өзгеріс жасауға әлеуеті жететін үлкен қоғам. Оның үстіне, XIX ғасырдағы қытай тілінің классикалық жазба нұсқасы бүгінгі стандарт қытай тіліне ортағасырлық латынның қазіргі кез келген еуропалық тілге жақындығынан да жақын болуы мүмкін. Соған қарамастан, Қытайдағы тілдік өзгерістер таңғаларлықтай жылдам болғанын жоққа шығаруға болмас. Осы заманғы қытай тілі осыдан бір ғасыр уақыт бұрын болған жоқ; ал қазір ол – бірнеше жүздеген миллион адамның білім алу тілі. Қытай тілі – жер бетіндегі ең көп адам сөйлейтін тіл.

16.4. Мектептегі тіл. Өмірдегі тіл

Қазіргі Қытайдағы ересектердің көбі оқыған мектептерде сабақ Бейжің қаласы тұрғындарының диалектісі путунхуаға азды-көпті ұқсас тілде жүрді. Қытай азаматтарының жартысынан көбі немесе 650 миллион адам осы тілге ұқсас тілде сөйлейді. Олар елдің солтүстігіндегі және шалғай аудандарда қолданылатын қытай тілінің солтүстік диалектісінде сөйлеушілер. Бірақ Қытайдың оңтүстік-шығысында, Шанхайдан бастап Вьетнам шегарасына дейінгі оңтүстік «диалектілер» тек солтүстік қытай тілін білетіндерге мүлде түсініксіз. Ол жақта алты «диалект» бар: ган, сян, хакка, ву, мин және йе. Олардың әрқайсысы өз ішінде тағы үлкен диалектілік тармаққа бөлінеді. Тілдің бұл алты түрі және солтүстік қытай тілі үнемі бір стандарт жазба тілді қолданып жүрсе де, бір-бірінен айырмашылығы роман тобындағы тілдердің айырмашылығындай.

Бүгінде барлық диалектінің немесе тілдің сөйлеушілері мектепте путунхуа тілін үйренуге міндетті. Оған қоса, олар сол ауызекі тілде дауысталаып оқылуға тиіс жазба тілді үйренеді. Мектепте үйде сөйлейтін тілден өзге тілде үйренді; бұл ағылшын мектебіндегі балалардың голландша сөйлеуді, оқуды және жазуды үйренгенімен бірдей.

Бірақ бір маңызды айырмашылық бар. Ағылшын тілі – жақсы жолға қойылған жазба тіл, ал ган, хакка ешқашан жазба тіл болған емес. Қытай диалектілерінің/тілдерінің тіл формалары бір-бірінен ажырамай тұрып жалпы жазба тілі болған. XX ғасыр реформаларына дейін мәтіндерді жергілікті тілдердің бәрінде оқи беретін, сондықтан бір мәтінді түрліше оқыды. Қытайдың бір аймағында тұратындар екінші аймағында тұратындардың сөз дыбыстауы басқа екені туралы ойланбайтын.

Бүгінде мектеп тілі мен жергілікті тілдің айырмашылығы қатты білінеді. Мектепте барлығы жазба тілге ұқсас путунхуа тілінде сөйлеуі керек, ал үйінде мектепте де қолдау көрмейтін, жазба түрі де жоқ ган тілінде сөйлеуі мүмкін. Мектеп тілі құрметке ие, оның жазба формасы бар, ал жергілікті тілде оның бірі де жоқ.

Бұл – алдыңғы тарауларда жойылып бара жатқан тілдер туралы айтылған сөзге жақсы мысал. Қытай халқының басым бөлігі осы реформаларға байланысты бәсекеге түскен екі ауызекі тілдің екеуімен де байланыста болуға мәжбүр. Путунхуа – тек мектептерде білім беру тілі болумен қатар баспасөзде, радио-телевизияда, кино индустриясында да қолданылады. Бұл – өзара түсініксіз ауызекі тілді қолданатын адамдардың табиғи таңдауы. Ауылдардан өндірісті аймақтар мен үлкен қалаларға ағылған мигранттар тобының өсуіне байланысты бұл уақыт қажеттігіне айналды.

Осы себепті жаңа ресми ауызекі тіл путунхуаның барлық өзге ауызекі нұсқаларды ығыстыру үрдісі байқалады. Бұл өзге ірі диалектілер немесе тілдер жойылып барады дегенді білдірмейді. Ол тілдерде сөйлейтін өте көп адам ана тілінен бір күнде бас тартпайды. Бірақ социолингвистердің айтуы бойынша, ол тілдер кей салаларда қолданылудан қалды. Олар мектептер мен ресми шараларда бой көрсетпейді. Сөйлеушілердің бәрі балама тіл білсе, оның кейбір домендері жойылса, «диалекті немесе тіл толықтай құрып кету жолына түсті» дегенді білдіреді. Бірақ Қытайда бұл – әжептәуір ұзақ уақыт алатын процесс.

Бұл бағытта болған кез келген оқиға Қытай басшылары тарапынан еш өкініш тудырмас. Алдында айтқанымыздай, үкімет басшыларының деніне өз елінің көптілді болғаны ұнамайды. Білім беру жүйесінде бүкіл ел түгел бір тілде сөйлеп, бір тілде жазса, бұның практикалық артықшылығы ұшан-теңіз. Бұл ұлттық бірлік сезімін де күшейтуі мүмкін.

Қытайда ресми мойындалған 55-ке жуық этникалық аз ұлт бар, ел халқының 8%-ы сол аз ұлттардан тұрады. Мұны тілдік жағдайдың тікелей көрінісі деп қабылдауға болады. Кейбір этникалық топтар ана тілдерінен бас тартып, тек қытай тілінде сөйлейді. Бұл өздерін «маньчжур» деп есептейтін 10 миллион адамға және басқаларға да қатысты. Бірақ кейбір санақтар бойынша Қытайда қытай тіліне ұқсамайтын 70-ке жуық тіл бар. Олардың көбінің сөйлеушісі аз. Тибет, моңғол және ұйғыр (түркі тілдері тобынан) сияқты тілдердің сөйлеушісі де көп, тіл ретінде де танымал.

Бүгінгі Қытайдың аз ұлттардың тіліне байланысты саясаты Франция және Ұлыбритания сияқты елдердің саясатынан онша өзгеше емес. Қағаз жүзінде аз ұлттар мәдени құндылықтарын дамытуға құқығы бар, оларға «жазба тілін дамытуға көмек берілсін» деген заң бар. Сонымен қатар үкімет елдің әр азаматы мемлекеттік тілді білуін талап етеді. Аз ұлттың тілінде сөйлейтін ата-ананың баласы өзінің негізгі тілі ретінде көп ұлттың тілін қолдануы әбден мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, Қытай қазіргі өзге де ұлттық мемлекеттермен бірдей саясат жүргізуде. Ресми тіл мен мемлекеттік тіл туындаған жағдайлардың барлығында дерлік жеңіп шығады.

16.5. Ағылшын тілі және Қытай

Ұзақ уақытқа дейін империялық Қытай өзге елдердің тілін үйренуге мәжбүр болған жоқ. Қытаймен байланыс жасағысы келген өзге ұлттар «ата тілді» үйренуі керек болды. Өзге елдермен біздің түсінігіміздегі еш дипломатиялық байланыс та болған жоқ. Қытаймен ресми қатынас орнатқысы келген адам Императордың өзіне өтініш айтуы керек болды. Тілмаштар мен аудармашылар дайындайтын мекемелер болды, бірақ ХХ ғасырдың басына дейін Қытайда Еуропа тілдерінің бірін білетін адам өте аз еді.

Технологиялардағы модернизация арада делдал тіл болуын қажет етті, көп жағдайда оның рөлін ағылшын тілі орындай алды. ХХ ғасырдың басында Ұлыбритания мен АҚШ ең ықпалды державаларға айналды. Коммунистік дәуірдің бастапқы кезеңіндегі орыс тілінің қарқынды ықпалы айтарлықтай із қалдыратындай, ұзаққа созылған жоқ. Кеңейген үстіне кеңейіп жатқан білім беру жүйесінде ағылшын тілі маңызды пәнге айналды, бірақ кей жерлерде өзге де шет тілдері үйретілді. Шет тілдерін үйрету ісінде бастапқыда кемшілік көп кетті. Бірақ уақыт өте келе, көп жұмыс жолға қойылды.

Бүгінде қытай балаларының бәрі ағылшын тілін азды-көпті үйренеді. Шамамен үш баланың біреуі толық орта білім алады, яғни 12 жыл оқиды, сонда олар ағылшын тілін бірнеше жыл бойы үйренеді (арасында орыс немесе испан тілін үйрететін мектептер де бар). Ағылшын тілін білу дәрежесі баланың келешектегі мансабына тікелей ықпал етеді.

Қазір Қытайда жоғары білім беретін университеттер мен өзге де оқу орындары көп. Әлемнің басқа да елдеріндегідей, олардың сапасы мен рейтингі әртүрлі. Бүкіл жоғары білім беру жүйесіне ортақ бір жалпыұлттық, кешенді оқуға қабылдау емтиханы бар, ол «*Гаокао*» деп аталады. Жыл сайын 10 миллионға жуық мектеп бітіруші сол емтиханды тапсырады. Баланың алған балы оның қай оқу орнына түсуіне болатынын, жалпы, оның ЖОО-да оқи алатын-алмайтынын да анықтайды. Емтихан жас түлектің өмірдегі орнын белгілейді, ол бұрынғы империялық жүйедегі мемлекеттік емтихандарға ұқсас.

Тестілердің бір-бірінен айырмашылығы көп. *Гаокао* тестінде үш міндетті пән бар: қытай тілі, математика және бір шет тілі; ол үнемі ағылшын тілінен тест болып шығады. Бұдан бөлек, талапкер бұрынғы алған білімі мен таңдаған мамандығына байланысты тағы да басқа пәндерден тапсырады. Бірақ ағылшын тілінен алған балдың салмағы зор. Жоғары білім алуға талаптану үшін ағылшын тілін еркін қолдану керек.

Осылай Қытай билігі студенттер мен оқушылардың ағылшын тіліне көп уақыт пен үлкен күш жұмсағанын қалайды. Ағылшын тілін бәрі білуге міндетті, ал өте білімді элитаның деңгейі жоғары болуы керек. Жуырда Қытайдағы ағылшын тілін азды-көпті білетіндер саны бүкіл дүниежүзіндегі ағылшын тілі ана тілі болып саналатындардан асып түсетін шығар.

Бұл ағылшын тілінің қытай тілінен жоғарылап кеткенін білдірмейді. Ағылшын тілін білу сыртқы әлеммен байланыс жасау үшін керек. Қытайдың ішінде бұл тілді қатынас құралы ретінде пайдаланып жатқандар аз, дұрысы, әзірше солай. Үндістан

тәрізді, бірқатар елдердегідей ағылшын тілін ана тілі ретінде қолданатын топтардың қарасы көрінбейді. Бірақ ағылшын тілін жақсы білген қытайлар өзге елдің адамдарымен оңай және жиі қатынас жасар еді, ал бұл Қытайдың дүниежүзілік қауымдастыққа интеграциялануына септігін тигізері сөзсіз.

16.6. Сөз, жазу және ой

Тілдік реформаларды ынталандырудың бір жолы – елді өзге елдердің ғылымы мен идеялары, Батыстың ғылым, техника, экономикалық жүйесінің жемісін пайдалану арқылы модернизациялау. Бұл процестің ең маңызды бөлігі – жаңа ұғымдар үшін жаңа сөз енгізу. Еуропалық елдер арасында мұндай сөз ауысымдар ғасырлар бойы жүріп келеді, ол ешқандай тілдің дамуына айтарлықтай кедергі болып жатқан жоқ. Бұл тілдер кірме сөздердің дыбысталуын сәл ғана өзгертіп, түгелдей алды. Терминдердің көбі латын және грек түбірлерінен жасалған.

Дыбыстық жүйесі мүлде бөлек тілдерге кірме сөздерді көптеп енгізу проблема туындатуы мүмкін. Оған әлемнің әр түкпіріндегі жағдайдан бірнеше мысал келтіруге болады, бұл қиындық қытай тілін де айналып өткен жоқ. Алфавитке емес, сөз мағынасының көрінісі иероглифке негізделген жазба тілде сырттан сөз енгізу ерекше қиын. Сол себепті қытайлар кірме сөзден қашып, терминдерді аударып кіргізеді. Кірме сөзді аудару дегеніміз – шетелдік ұғымды ана тілдегі сөзбен немесе сөз тіркесімен жартылай жаңа мағына үстеп беру. Бұған бір мысал келтірейік: *president* деген сөзді қытайша *zong tong* дейді; бұл – «бүкіл», «барлық» деген сөз бен «басқару» деген мағына беретін екі сөздің қосындысы. «Президент» деген сөздің жазба түрі осы екі сөздің иероглифінен тұрады.

Өткен ғасырда осы әдіс арқылы кірме сөздер көптеп енгізілді, бүгінгі қытай тілі Батыста пайда болған заттар мен ұғымдарды беретін функционал лексикамен толық қамтамасыз етілген. Қытайдағы экономикалық және технологиялық прогрестің өте жылдам жүріп жатқанын бәріміз білеміз. Инновациялардың бәрі бірдей шеттен келіп жатқан жоқ, осы елдің өз ішінде жасалғандары да жетерлік. Қытайлар енді өндірістік тауарларды атайтын сөздерін там-тұмдап болса да, сыртқа шығарып жатыр, келешекте бұл үрдіс жиілеп, күшейе түсуі мүмкін. Қытай халықаралық лексикаға көп сөз беретін аз ғана елдің бірі болуға дайындалуда.

Алайда сөз біткеннің бәрі өзге тілге оп-оңай аударыла бермейді. Техникалық және ғылыми лексика көбінесе бір мағыналы болып келеді. *Copper sulphate* – мыс сульфаты деген термин барлық тілде бір ғана затты меңзейді. Бірақ «президент» деген сияқты сөздердің коннотациясы әртүрлі болуы мүмкін. Италияда *presidente* деп жасы келген адамды айтады, ал Францияда *président* – ел басқаратын адам. Қытай сияқты саяси ландшафы да, тарихи дәстүрі де Еуропадан мүлде басқа елде кірме сөз о баста пайда болған елдегі мағынадан мүлде басқа мағына білдіруі мүмкін. Егер термин донор тілде табылмаған автохтон түбірден қалыптасса, мұндай жайт оңай болады, қытай тілінде осындай жағдай жиі байқалады.

Бұл – бір тілден екінші тілге сәйкес аударма жасаудың қиындығын көрсететін үлкен де жалпыға ортақ проблеманың бір ғана мысалы. Тілдер арасында лингвистік және мәдени қашықтық ұлғайған сайын, бөгеттер мен кінтипандар көбейе түспек. Қытай тілі мен ағылшын тілінің арақашықтығы өте үлкен. Бұл екі тілдің де мындаған жылдар бойы дамыған бай сөздік қоры бар. Өткен ғасырдың ортасына дейін екі елдің байланысы, қарым-қатынасы өте әлсіз болды. Үлкен қиындықтар әлі алда болатын.

Бірақ олар, жалпы алғанда, іске асқан жоқ. Қытай тілі өзіне керекті ағылшын сөздік қорын айтарлықтай қиындықсыз енгізіп және жетілдіріп алды. Бүгінде Батыс ұғымдары мен ойлары туралы қытай тілінде жазу мен айту әбден мүмкін болып қалды. Керісінше, ағылшын тілі мен өзге де еуропалық тілдер қытай мәдениетінің негізгі ұғымдарын өте аз сіңірді, Батыс адамына Конфуций философиясының негізгі терминдері ғана таныс. Сөйтіп, қытай тілі еуропалық тілдерден анағұрлым көп байып алды.

16.7. Келешек

Алыс болашақта қытай тілінің тағдыры қалай болатынын ешкім білмейді, дегенмен қазіргі үрдіс ап-айқын көрініп тұр, сондықтан жақын келешекті оңай болжауға болады (күтпеген жағдайлар болып қалмаса, әрине).

Өткен ғасырда Қытай мемлекеті Батыста ұзақ уақыт бойы қолданылып келген тілдерге бірнеше параметр бойынша ұқсас ұлттық тіл жасады. Ол – орталық билікпен тығыз байланысты, білім беру ісінде жазба түрі де, ауызекі түрі де кеңінен қолданылатын тіл. Нәтижесін қазірдің өзінде көруге болады, ол Еуропада бұрыннан болып жатқан жағдайға ұқсас.

Біріншіден, басқа тілдер мен тілдік формалардың бәрі бұрынғыдан төмен саналады, сөйтіп, бірте-бірте азырақ қолданылады. Қытай тілі диалектілерінің/тілдерінің ішінде стандартталған солтүстік қытай тілі, путунхуа, бүгінде жүз жыл бұрынғыдан анағұрлым маңыздырақ; ауызекі тілдің басқа түрлерінің бәрі орнынан түсуде. Мемлекет білім беру саясатын жүргізіп жатқанда, бұл үрдіс жалғаса бермек. Алыс болашақта Оңтүстік Қытайдың көптеген тұрғыны жергілікті диалектіде сөйлеуден бас тартып, путунхуа тілінде сөйлеуді таңдауы мүмкін.

Кейбір аз ұлттардың тіліне қазірдің өзінде жойылу қаупі төнді. Олардың көбі Еуропа, сосын Солтүстік Америка, Австралия және өзге де елдердегі аз ұлттардың тілі сияқты түгелдей жойылып кететін шығар. Ал тибет және моңғол тілдері сияқты, ұлттардың тілінің тағдыры қалай болатынын болжау қиын, ол саяси ахуал мен заман ыңғайына байланысты. Тұтастай алғанда, Қытайда бір үстем жазба және ауызекі тілі бар мемлекетке айналу процесі өте жылдам жүруде.

Бүгінде Қытай халқының басым бөлігі ағылшын тілін азды-көпті біледі, ағылшын тілді әлемнің ықпалы күшейіп келеді. Десек те Қытайдағы ағылшын тілінің орны Ұлыбританияға отар болған бұрынғы Азия, Африка елдерінен мүлде өзгеше. Қытайда ағылшын тілі ешқашан әкімшілік-басқару, саясат немесе әскер тілі болған емес, билік оны қоластындағыларды басқару үшін де қолданған емес. Бұл елде ана тілі ағылшын

тілі болып табылатын адамдардың саны бүкіл халықтың санына шаққанда өте аз. Күнделікті өмірде ағылшынтілділермен ағылшынша қатынас жасайтындар некен-саяқ. Ағылшын тілі – модернизация мен жаһандану құралы, ол сыртқы дүниемен қатынас жасау үшін керек.

Сондықтан кейбір қытайлық Үндістан және өзге елдердегідей ағылшын тілін бірінші тілі ретінде қолданады деуге еш негіз жоқ. Қытайда қытай тілінің орны өте берік.

Жағдай керісінше болуы мүмкін бе? Қазірдің өзінде қытай тілі шегара аясын кеңейтуде. Жоғарыда айтқанымыздай, тарихта қытай тілі айналасындағы тілдерге айтарлықтай ықпал еткенін көрдік. Қытай әлсіреп, шаруасы кері кеткенде, ықпал да азайған. Бүгінде Қытай Азиядағы жетекші мемлекетке қайта айналды, әлем саясатында өте маңызды рөл атқарады. Шет елдерде Қытай компаниялары өсіп және кеңейіп келе жатыр, ал Қытай университеттері әлемнің көптеген елдерінің оқу орындарымен іскерлік қатынас орнатқан. Азияның шығысы және оңтүстігіндегі елдер халқының қытай тілінде қатынас жасауға қажеттілік артуда. Қытай тілі Азияның басты халықаралық тілі болуы мүмкін.

Ағылшын тілімен бәсекелестікте қытай тілі жеңіп, жаңа әлемдік тіл бола ала ма? Әзірше солай болады деп ойлауға айтарлықтай негіз жоқ. Ағылшынтілді елдердің өзінде қытай тілі адымдап, алға шығып бара жатқаны жасырын емес. Қытай билігі өз тілінің дәрежесінің өсуіне, ол туралы және Қытай елі туралы ақпараттың көбеюі мен таралуына айрықша мүдделі. Соңғы жылдары көптеген елде «Конфуций институты» деген орталықтар жүздеп ашылды. Дүнижүзінің көптеген бөлігінде қытай диаспоралары тұрады. Әйтсе де әлемдік масштабтағы саяси өзгерістер немесе орасан зор миграция болмаса, Қытайдан алыс жатқан елдердің халқы қытай тілін не үшін кеңінен қолданбақ?! Жағдайдың осылай өзгеріп кетуі мүмкін, өзгермесе, қытай тілі, негізінен, адамзаттың басым бөлігі өмір сүретін Шығыс Азияда ғана қолданылмақ.

Бұл тарауда біз бір-екі ұрпақ ауысқан қысқа уақыттың ішінде не болуы мүмкін екенін болжауға тырыстық. Қазіргі үрдістердің кем дегенде кейбірі жалғасатын болса, осылай болады деп ойлауға негіз бар. Соңғы тарауда алыстағы болашақ туралы белгілі немесе ықтимал болжам жөнінде айтып беруге тырысамын.

17-ТАРАУ

Енді не болады?

17.1. Екі жүз жылдан кейін

Қосымша әдебиеттер тізімі

17.2. Екі мың жылдан кейін

Қайталауға арналған сұрақтар

17.3. Екі миллион жылдан кейін

Талқылауға арналған тақырыптар

Зерттеуге арналған сұрақ

Алыс болашаққа болжам жасау өте қиын, келесі аптада не болатынын білмейсің. Соған қарамастан, біз бұл тарауды әлем тілдерінің болашағы қандай болмақ деген тақырыпқа арнадық. Бұл салада оқиғалар желісі өте баяу өрбитіндіктен, айтарлықтай өзгерісті көру үшін, өте алысқа көз тігу керек болады.

Келешекті болжауға болады дегенге сенбеймін. Әйтсе де бұл мәселені көтерген артық болмас. Бұл кітап қоғам мен тіл арасында байланыс бар екенін көрсетті, белгілі бір қоғамның түрі белгілі бір лингвистік бағдарламаны қолдайды. Шынымен де солай болса, қоғам белгілі бір жолмен дамыса, тілдердің тағдыры қалай болатынын болжауға болады. Тілге байланысты болжамдардың бәрі шартты; «тарих мынадай жолмен жүрсе, тілдердің жағдайы былай болады» деген сияқты әңгіме. Бұл оқырманға ой салуы мүмкін және алдыңғы тарауларда әртүрлі контексте айтылған ойды түйіндейді.

Бірінші жорамалымыз оңай, бірақ көңіл көншітпейді, егер адамзат жер бетінен жойылып кетсе, онымен бірге тілдер де жоғалады, сонымен әңгіме тәмам. Бұдан әрі адамзат тіршілігін жалғастыра беретін болса, үш түрлі уақыт кеңістігінде дүниежүзіндегі жағдайдың қалай өрбитіні туралы айтамыз.

17.1. Екі жүз жылдан кейін

Осыдан 20 мың жыл бұрын біреу бүгінгі замандағы лингвистік жағдайды болжауға тырысса, ол болжамның дұрыс болу мүмкіндігі екіталай еді. Бүгінгі саяси жағдайды алдын ала сезу мүмкін емес еді. Мәселен, Солтүстік Американын шығыс

жағалауындағы жаңадан тәуелсіздігін жариялаған Британ отары жүз елу жылдың ішінде ғана әлемдегі жетекші мемлекетке айналып кетеді деп кім ойлаған?! Екі жүз жылдың ішінде жер шары халқы 7–8 есе өседі деуге де еш себеп жоқ еді, мұндай өсім бұрын-соңды болмаған. Бұл орасан көп халық бұрынғыдан анағұрлым ұзақ жасайды деп те ешкім ойламаған.

Бүгінгі жағдай да болжам айтуға қолайсыз. Сондықтан әлемдік әлеуметтік-экономикалық жағдай түбегейлі өзгермейді, қазіргі үрдістер кері қайтпайды деп жорамалдап, осындай шарттар өзгермесе, тілдердің тағдыры қалай болатынын айтуға тырысайын. Бұл шарттарға ол кезде дербес мемлекеттер әлі де болады, олардың көбі ұлттық мемлекет күйінде қалады деген де болжам кіреді. Осы уақыт ішінде түрлі қоғамдық күйзелістер болады деген ойдан да бас тартпаймын.

Осы кітаптың басында тілдің қолданылуына және тілдік өзгерістерге байланысты қоғамдық өзгерістердің ара-жігі көрсетілген. Одан кейін металингвистикалық өзгерістер ұғымы енгізілді. Қоғамдық өзгерістерге байланысты бәрінен көп айтуға болады, соңында лингвистік және металингвистикалық өзгерістер туралы айтамын.

Әлеуметтік өзгерістер жаза білу дағдысына тікелей әсер етеді. Екі жүз жыл бұрын ешбір елдің халқының басым бөлігі сауатты болған жоқ. Ал бүгінде ЮНЕСКО-ның дерегі бойынша, жер шары халқының 80%-ы сауатты, бұл көрсеткіш жыл сайын өсуде. Мұндай санақтар онша дәл болмаса да, дүниежүзі балалары мектепте оқи және жаза білуді үйреніп аларлықтай ұзақ болатыны рас. Жазба тіл қазір барлық жерде дерлік бар; оны мектепте үйретеді, күнделікті өмірде қолданады. Білім беру тілінің қай тіл болатынын әр мемлекет өзі шешеді.

Жазуда қолданылатын, мектепте сабақ өтетін тілдердің басқалармен салыстырғанда болашағы жарқын. Мектепте жақсы білім алу өмірде табысты болу дегенді білдіреді, сондықтан ата-аналар мен балалар мүмкіндік болса, мектепте білім алатын тілді таңдайды. Жазба мәтін қалалық жерде көптеген іс-әрекет үшін керек, ол мәтіндер, негізінен, білім берілетін тілде жазылады.

Үлкен табиғи апаттар болмаса, дүниежүзінде сауаттылық бірнеше жылда 100%-ға жетеді де, сол деңгейде қалады. Мұндай әлемде білім берудің барлық саатысында, ресми контекстерде қолданылатын Ұлыбританиядағы ағылшын тілі, Голландиядағы дат тілі т.б. ең қалаулы тіл болмақ. Ондай тілдер көп емес, жүзге жетер-жетпес. Жер жүзінде тәуелсіз мемлекеттер саны 200-ге жуық, бірақ көптеген елдің мектептерінде сабақ ағылшын, испан немесе араб тілінің бірінде жүреді.

Екінші категорияға бастауыш және орта мектепте қолданылатын және жергілікті жазба тіл ретінде қызмет ететін тілдер жатады. Ұлыбританиядағы валлий тілі – соның бір мысалы. Африка мен Азияда осындай тілдердің бірнеше жүзі бар. Көптеген тілде, дәлірек айтсақ, тілдердің 90%-ында мектепте сабақ жүрмейді, олардың сөйлеушісі де аз. Олардың бәріне ықпалынан айырылу, сөйлеушісінен айырылу және, сөйтіп, ақыры, жойылып кету қаупі төніп тұр.

Мектептер мен тілдің жазба түрі өте маңызды, бірақ демографияны да ескермесе болмайды. Өткен ғасырда адамзат баласының саны төрт есе өсті. Мұндай өсім тағы да қайталануы мүмкін емес, қайталанбайды да. Алдағы бірнеше декадада халық

санының қанша болатынын сеніммен болжауға болады, дүниежүзі халқының саны отыз жылда 9 миллиардқа жетуі ықтимал, сосын сол көрсеткіште тоқтап тұруы немесе қайта азаюы мүмкін. Бұл сандар шындыққа аздап келетін жорамалдарға негізделген. Одан да алыс болашақта белгісіз жайттардың көп болатыны сонша – санақ жүргізудің еш керегі болмай қалады.

Адамдардың көбі үлкен немесе кішігірім қалада тұрады. 1950 жылы дүниежүзіндегі қалалық тұрғындар саны 29%, ал 2010 жылы 50% болған. БҰҰ Халық қоныстану бөлімінің санағы бойынша, 2050 жылы 70%-ға жетеді. Бұдан жақын келешекпен келесі ғасырда сөйлеушілердің санын шығаруға болады. Қоғамдағы өзгерістерге байланысты балалар ата-анасынан басқаша өмір сүреді, елу жылдан кейін өмір сүретіндердің көбі дүниеге келіп қойды. Сондықтан қазіргі үрдістер келесі ғасырда да қайталанатын болса, не болатынын болжау қиын емес.

Екі жүз жылдан кейін салыстырмалы түрде азғантай тілдердің бірінде сөйлейтіні анық. Белгілі бір елдің жазба тілі болып қалыптасқан жүзге жуық тілдің жағдайы өте жақсы болады, олардың сөйлеушілері көбейе түседі, бірақ бұрынғыдай демографиялық қатты өсу болмайтындықтан, алдыңғы ғасырдағыдан төмен болады. Өзге тілдердің көбі ықпалынан да, сөйлеушілерінен де айырылады.

Мұндай процесс күшейе түседі. XX ғасырда медицинаның дамуы мен экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты адамдар арасында өлім-жітім азайып, ең аз ұлттар тұратын шалғай аудандардың өзінде халық саны өсіп, тіл атаулының бәрі дерлік: ұсақ тілдер де, халі мүшкіл тілдер де сөйлеушіге ие болды. Халық өсімі аз немесе жоқ жағдайда олар көбінесе қалаға көшіп кетеді, шағын тілдердің сөйлеушілері ауылдық жерде қалмайды, олардың балалары қалаға кетіп, үлкен тілге ауысады.

Бүгінде қолданылып жүрген тілдердің біразы жойылып кетеді немесе жүз жылдың ішінде жойылып кетуі мүмкін. Қазіргі үрдіс жалғаса берсе, екі жүз жылдан кейін мыңнан аз тіл қалуы ықтимал.

Егер адамдар басқа жерге қоныс аударса, жалпы ауысым бір ғасырға жетпей болуы мүмкін. 1900 жылдары АҚШ-қа көшіп кеткен швед және норвег тәрізді ұлттардың балалары қазір түгелдей дерлік тек ағылшын тілінде сөйлейді. Туған жерінде қалатын адамдардың басқа тілге ауысатыны сирек, десек те Шығыс Сазерлендтің тұрғындары екі ғасырдың ішінде өзге тілге ауысып кетті.

Тілдің кең көлемде жойылуына кедергі болып тұрған – адамдардың ана тіліне деген ықыласы. Көпшілік жағдайда, әсіресе Еуропа елдерінде тілдердің сақталуы мен қайта дамуы бағытында көп жұмыс істелуде.

Оның бір мысалы – Уэльс халқы сөйлейтін «кельт» тобындағы валлий тілі. Егер тілдері таралған көптеген елдер экономикасы мен жалпы білімі жағынан Ұлыбританияға ұқсаса, оларда да осындай ауқымды даму болуы мүмкін. Бірақ әзірше олай болатынға ұқсамайды. Мұндай шаралардың тілдің ұзақ өмір сүруіне қаншалықты әсер ететіні де белгісіз.

Сөйлеушілері аз, барының өзі ана тілін қорғамайтын, мақтан етпейтін, жазуда қолданылмайтын тілдер бірінші кезекте жойылып кетеді. Бұл бірінші тарауда сөз болған

хойсан тілдері мен австралиялық тілдерге және креол тобындағы тілдердің көбіне қатысты. Осы және өзге де көптеген тілдер жақын арада жойылып кетуі мүмкін.

Жүз мың немесе одан да көп адам сөйлейтін, білім беруде белгілі бір орны бар, кем дегенде бар деп ресми мойындалған тілдер 200 жылдың ішінде жойыла қоймас.

Кей жерлерде соғыс болуы мүмкін, үлкен миграция жүруі немесе бүкіл халықты құртып жіберетін басқа да жағдайлар болуы мүмкін. Олай болмаған жағдайда, 200 жылда үлкен тілдік топтардың басқа тілге ауысуы екіталай. Екі жүз жыл дегеніміз – сегіз шақты ұрпақ ауысатын ғұмыр. Шағын топтағы ең жылдам болды деген тілдік ауысымның өзі аяқталып біткенше екі-үш ұрпақтың өмірі ауысады.

Бұл саяси билік қолдайтын тілдерге де қатысты. Егер ұлттық мемлекет тәуелсіз өмірін жалғастыра берсе, оның ұлттық тілі де қолданыста бола бермек. Бір тілге артықшылық беру ұлттық мемлекеттің табиғатында бар. Кей елдер, әсіресе бір тілді қолдап, өзге тілдерді басып отырған Африкадағы елдер ұлттық мемлекет дәрежесіне жақындауы мүмкін.

Дегенмен алдыңғы екі буынмен салыстырғанда, бүгінде кей функцияларды орындауға ұлттық тілдердің өзі аз қолданылады. Швеция мен Нидерланд тәрізді елдерде, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары мен кейбір мекемелерінде ағылшын тілі бұрынғыдан анағұрлым жиі қолданылады. Осының салдарынан Швеция мен Нидерландыдағы балалардың бәрі қазір мектепте ағылшын тілін үйренетіндіктен, швед және голланд тілдері ағылшын тілінің ықпалына қатты ұшыраған. Бұл үрдіс әлі жалғаса түсе ме, әлде күшейе ме, белгісіз.

Бұл арада екі сұрақ туады. Біріншісі: швед, дат тілдері мен өзге де көптеген тілдер болашақта халықаралық тілдің ықпалына қазіргіден де бетер көне бермек пе? Екіншісі: халықаралық тіл ағылшын тілі бола ма? Бірінші сұраққа жауап беру екінші сұраққа жауап беруден оңайырақ.

Ешқандай үлкен апат болмайды, халықаралық қатынастар нығая түседі деп үміттенейік. Бүкіл жұрт мойындаған халықаралық қатынас тілі болса, ғылым, технология, бизнес және іс-әрекеттің өзге де түрлерін жүргізу оңайлай түседі. Болашақта осындай тілдер немесе осындай бір тіл қолданыста болады. Егер әлем түбегейлі өзгермесе, көптеген елде орта білім беруде халықаралық тілдің бірін қолданады. Сол кезде ағылшын тілі өз мәртебесін сақтай ала ма? Ол – өз алдына бөлек мәселе.

XX ғасырда ағылшын тілінің бұрын-соңды болмаған табысқа жетуіне бірнеше параллель күш әсер етті. Ең бастысы – АҚШ-тың саяси және экономикалық әлеуеті. Тарих берген сабақтан біз мұндай жағдайдың да өзгертетінін білеміз. Кейбір елдердің ірі державаға айналып, сосын қайта кішіреюіне екі ғасыр ғана жеткілікті болды. Әрине, АҚШ-тың жетекші мемлекет болуы жалғаса беруі де мүмкін немесе келесі жетекші ел де ағылшын тілді болуы мүмкін, бірақ бұл альтернативаның ешқайсысы ерекше ықтимал емес.

Ағылшын тілінің халықаралық тілге айналуының салдары қандай болады? Бірінші кезекте оның келесі супер мемлекеттің тілімен, мейлі, ол қытай тілі, испан тілі, орыс тілі болсын немесе одан да басқа ешкімнің ойына кіріп-шықпаған тілмен бәсекелесуіне тура келеді. Бұл бірнеше онжылдық бұрынғы орыс тілінің ағылшын

тілімен бәсекелескеніне ұқсас жағдайды білдіреді. Әрі қарай болжайтын болсақ, жаңа халықаралық тіл ағылшын тілінің барлық халықаралық функциясын өзіне алады.

Егер осылай болса, оған айтарлықтай уақыт керек сияқты. Ағылшын тілінің күшею себептерінің бірі – оның бұрынғы отар елдер мектептерінде сабақ беру тілі ретінде қолданылуы. Бұның іске асуы үшін бірнеше ұрпақ ауысты, ал өзгеріс үшін бірнеше онжылдық керек болды. Одан бөлек, тағы бір шет тілін енгізу үшін көп елге оқу бағдарламасын өзгерту қажет болады, бұл – баяу процесс. Басқаша айтқанда, шынайы өзгерістер Кеңес Одағы құлағаннан кейін, Венгрия мен Чех Республикасындағы сияқты таңданарлықтай жылдам болуы мүмкін. Ол кезде орыс тілі ең маңызды шет тілі болатын, қазір ол ағылшын мен неміс тілінен көп артта қалды. Бұл зәрулік болса, ересек адамдардың көбі кез келген тілді үйреніп, білім деңгейін көтере алады дегенді білдіреді.

Ағылшын тілінде жазылған ғылым мен технология саласындағы және өзге де тақырыптардағы сөздердің бәрі аударуға келе бермейді. Осы себепті ұзаққа созылған ауысым кезінде ғалымдар мен мамандарға ағылшын тілін де, жаңа халықаралық тілді де үйренуге тура келеді.

Ағылшын тілінің тағдырының қалай болатынын көру үшін, латын және француз тілдерінің құлдырауын мысалға алуға болады. Рим империясы Батыста V ғасырда жойылып кетті, бірақ латын тілі халықаралық тіл ретінде маңызды рөл атқаруын одан мың жыл өткен соң да жалғастырды. Франция дүниежүзілік аренада XVII ғасырда күш алды, француз тілі кейбір салаларда шамамен ел әлемдік дәрежесінен айырылғаннан жүз жылдан кейін халықаралық тіл болып қалды.

Ағылшын тілі – қазір өте мықты халықаралық тіл, бірақ оның жағдайы француз тілінен гөрі латын тіліне көбірек ұқсайды. Латын жақсы дамыған жалғыз жазба тіл болды және ол білім мен ғылым саласында монополия орнатты. Ағылшын тілі басқа бірнеше мүмкіндігі жоғары тілдер арасында ең табыстысы болғанымен, ол тілдердің әрқайсысы ағылшын тілі орындаған функцияларды орындай алады. Ол тілдердің кем дегенде бір ұлттық мемлекетте мықты базасы бар.

Сондықтан, менің ойымша, ағылшын тілінің үстемдігі 200 жылдан кейін қазіргіден кем болады. Саяси жағдай оның соншалықты ұзақ уақыт фаворит болып тұруына жол бере қоймас. Дегенмен ол басқа бір себептермен өзінің кейбір жердегі орнын сақтап қалуы ықтимал.

Қазір ағылшын тілі АҚШ пен Ұлыбритания саяси қауіп төндірмеген елдерде ерекше ықыласқа бөленген. Ол елдерде жұрт бұл тілдің шыққан тегіне мән бермей, халықаралық қатынастың пайдалы құралы ретінде бағалайды. «Ағылшынтілді мемлекеттер билік пен күштен айырылса, бұл тіл қазіргісінен де кең тарайтын ба еді» деген ой туады, өйткені мұндай жағдайда оның саяси міндеттемесі болмас еді.

Бірақ бұл әсерді тым жоғары бағалауға болмас. Қытай ғылым орталығына айналса, экономикасы ұзақ уақытқа дейін күшті болып тұрса, Қытай мен әлемнің өзге елдері арасындағы қатынас үнемі ағылшын тілі арқылы жүрмеуі мүмкін.

Қазірдің өзінде бұл тілдің географиялық ауызекі нұсқасы әртүрлі. Егер континенттер арасындағы байланыс қазіргіден тығызырақ болмаса, тілдік өзгерістің табиғатына

байланысты нұсқалар бұрынғыдан бетер алшақтай түспек. Екі жүз жылдан кейін түрлі елдердің адамдарына бір-бірін түсіну кәдімгідей қиындап кетуі мүмкін. Ағылшын тілі әлемнің көптеген бөлігінде ана тілі ретінде қолданылады. Жалпыға бірдей жазба тіл барлық жерде сақталып қалса, сөздердің дыбысталуы қазіргіден бетер алшақтай бермек. Мұның салдарын алдын ала болжау қиын, бірақ ағылшын тілінің өзі біркелкі болмаса, оны халықаралық тіл ретінде қолдану-қолданбау мәселесі туындамақ.

Сөзімді қорыта келе, аз ұлттардың тілдерінің көбі жойылып кетеді деп ойлайтындымды жасырмаймын. Бір немесе екі тіл халықаралық контексте қолданылады, сол тілдің бірі ағылшын тілі болатынына сенімді емеспін; қалған үлкен немесе үлкендеу тілдер қазіргідей өмір сүре береді.

Қоғамдық өзгеріс үшін осының өзі жеткілікті. Лингвистік өзгерістер ше? Олар туралы біраз болжам айтуға болады. Біріншіден, жазба тілдер онша өзгере қоймайды. Олар болмысынан консерватив, жазу мен оқуды үйренгендер ұзақ жылдар бойы алған білімінің түкке жарамсыз болып қалуына жол бермес. Қолданушысы көп, жазылған мәтіндері де жеткілікті қарсылас үлкен өзгеріске барғысы келмес. Қытайдағы реформалар жазудағы ұзақ уақыт бойғы өзгерістердің соңғысы болуы мүмкін.

Ауызекі тіл үнемі өзгерісте болады, бірақ әр тілдің өзгеру жылдамдығы әрқалай. Көптеген бақылау нәтижелері сөйлеушілерінің сауаты жоғары деңгейде қалыптасқан стандарт тіл аз өзгереді деген пікірді құптады. Өмір сүрудің орташа ұзақтығының да әсері осындай болатын шығар. Сондықтан бейбітшілік сақталып, халықтың білімі жоғары деңгейде қала берсе, ірі тілдер бүгінгі күндегісінен қатты өзгере қоймас.

Тарихтан көргеніміздей, үлкен аумақта сөйленетін тілдер диалектілерге бөлініп кетуге бейім, ол диалектілердің кейбірі кейін өзге тілге айналып кетіп жатады. Бұл үрдіс жалғаса бере ме?

Иә, жалғаса бермек, өйткені адамдар өз тобына тән тіл қалыптастыруға бейім. Сленг сөздер, топтық жаргондар, жергілікті нұсқалар қай заманда да пайда бола бермек. Бірақ мектеп қабырғасында өткізетін ұзақ жылдар мен ықпалды бұқаралық ақпарат құралдары өз дегенін істетпей қоймайды, олар мықты жазба тіл қалыптастырып, ауызекі тілдің де бейберекет лағып кетуіне жол бермейді.

Ауылдық жерге тән диалектілер қазір Британияда және бүкіл Еуропада жоғалып бара жатыр. Тірі қалған тілдер қазіргі үрдіс бойынша 200 жылдан кейін бүгінгіден анағұрлым біркелкі болады. Әркім өзін аймақтық диалектіде емес, стандарт тілде сөйлеймін деп есептейді, сондықтан металингвистикалық жағдай да өзгереді.

Бірақ мұның бәрі басты үрдістер сақталып қалған, кері кетпеген жағдайда іске асады. Осылай болса, нәтижесі қалай болатынын болжау одан бетер қиындай түспек, бірақ өрбуі мүмкін сценарийді елестетуге болады.

Сонын бірі екі-үш ел бүкіл дүниежүзіне гегемон болып, әрқайсысы әлемнің бір бөлігін өзіне қаратып алады, сөйтіп, қоластындағы халыққа өзінің тілін күштеп енгізуге тырысады. 1990 жылға дейінгі қырғикабақ соғыс кезінде жұрт болашақта осылай болады деп күтетін, қазір бұл идеяға онша сенбейді.

Мұндай жағдайда өзге тілдерді мәжбүрлі түрде тездетіп жоюға тырысу табысты болуы екіталай. Қандай да бір халық өзін біреу оккупацияға немесе агрессияға

ұшыратып жатыр деп есептесе, әдетте ол халық өзінің әдебиеті мен тіліне бұрынғыдан бетер ден қояды. Бірақ алыс болашақта тілдер бәсекеге шыдамай, бірте-бірте жойылып кетуі мүмкін. Мұндай жайт Рим империясында үлкен масштабта, одан кішірек масштабта Шығыс Сазерлендте болды және өзге жерлерде де көрініс берді. Бірақ оған көп уақыт керек. Қазір колданыста жүрген ұлттық тілдердің көбінің ұзақ уақытқа дейін ештеңеге дес бермейтіндей күші бар. Қиялдағы басқыншылар ертең келгеннің өзінде, геноцид және сол тәрізді әдістерді ескермеген күннің өзінде 200 жылдан кейін түбегейлі өзгеріс жасауға уақыт бола қоймас.

Тағы бір ұзақмерзімді үрдіс бұған керісінше. Қазір ұлттық мемлекеттерде әлсіздік белгісі бар, ол әсіресе Еуропада байқалады. Есесіне, аймақ сияқты кішірек субъектілер күшеюде. Ұлттық мемлекеттердің көбі кішірек бөліктерге бөлініп кетті дейік. Сонда тілдердің жағдайы қалай болады?

Дүниежүзінің көптеген бөлігінде бұл айтарлықтай айырмашылық тудыра қоймас, тым болмағанда, 200 жылдай уақыттың ішінде. Егер АҚШ тарқап кетсе, елу штаттың бәрі ағылшын тілінен ажырамас. Германия, Франция және Испания көптеген аймаққа ыдырап кетсе, олардың көбі неміс, француз және испан тілінде қалары сөзсіз. Бірнеше аймақ өзге тілді қабылдауға келісуі мүмкін, мысалы, Каталониядағы каталон тілі. Бірақ Германияның аймақтары өзінің аймақтық тілі ретінде жергілікті диалектіні таңдауы екіталай. Германия бір жарым ғасыр бұрын саяси ыдырауда болды, бірақ ортақ жазба тіл мен ауызекі тілдің ортақ нормасы жетілуін тоқтатпады.

Егер қазіргі кейбір мемлекеттер құлап қалса, тілге оның салдары қатты тиеді. Көптеген аз ұлт өмір сүретін африкалық көптілді елдер басты бір тілді ғана қалдырып, бірнеше тәуелсіз бірлікке айналуы мүмкін. Мәселен, Ресейдегі лингвистік азшылықтар (*linguistic minorities*) өз аймағында лингвистік көпшілік болып шыға келуі ықтимал. Сөйтіп, көптеген тіл қазіргіден орнықтырақ дәрежеге көтерілуі ықтимал. Бірақ әзірше солай болайын деп жатыр деуге еш негіз жоқ.

Бұл сценарийлердің бәрі экономикалық және әлеуметтік жағдай жақсара түскенде, немесе, тым болмағанда, бүгінгімен бірдей қалпында қалса ғана мүмкін. Бірақ болашақта бірнеше апат болуы мүмкін. Бәрін ойрандап кететін соғыс немесе қоршаған ортаның жағдайы нашарлағандықтан, экономикалық және әлеуметтік дағдарыс болуы, адамзат жаңа жойқын ауруға ұшырауы мүмкін. Бірнеше зұлмат бір мезетте орнауы да мүмкін. Сонда тілдердің жағдайы қалай болмақ?

Бұған жалпылама түрде де жауап беруге болады. Қоғамға қысым түскен кезде, кей қызметтер істен шығады. Мектептер жабылып қалуы мүмкін, сыртқы әлеммен байланыс сирейді немесе мүлде тоқтайды. Адамдар қай жерде жүрсе, сол жерде еш қамқорлықсыз қалады. Өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткіші қатты төмендеп кетеді.

Мұндай ортада тілдің өте жылдам өзгеретіні түсінікті. Жұрт жазба тілді ұмытса немесе ол тіл енді тиімсіз болып қалса, тілдің функциясы жергілікті қатынаспен шектеледі. Нәтижесінде латын тілінен өзара түсініксіз бірнеше тіл өрбіп шықты. Жағдай қолайсыз болса, ағылшын немесе испан тілдерінен де соған ұқсас бірдеңе шығады.

Оның қанша уақытта іске асатынын айту қиын. Тілдер екі ғасырдың ішінде қатты өзгере қоймас, бірақ белгілі бір жағдайларда креол тілдері мен африкаанс тіліне

кеткендей уақыт алатын шығар. Мұндай жылдам өзгерістер бірнеше тілде сөйлейтін адамдар бар жерде болатын тәрізді. Егер солай болса, қысқа уақыттың ішінде барлық бастапқы тілдерден ерекше ортақ тіл пайда болуы мүмкін. Одан бөлек, егер орта есеппегі адамның өмірі қысқа болса, өзгерістер тезірек жүреді, өйткені бұл ұрпақтар арасындағы байланысты азайтады, сөйтіп, тілдің келесі ұрпаққа жетуіне кедергі келтіреді. Оқшау топтардың саны аз болса, ол өзгерістің өте қатты жылдамдықпен іске асуына әсер етеді.

Сомали тәрізді елдің мысалынан көргеніміздей, қиын кезеңде дербес ел болуға талпыну іске аспай қалады. Осылай болғанда, аз тілдерге қолайсыз көптеген күш өзінен-өзі жойылып кетеді. Анархия кеңінен тараған әлемде ірі тілдер аз тілдердің бәрін бірдей ығыстыра алмайды. Соған қарамастан, сөйлеушілерінің бәрі қайтыс болса, тілдердің кейбірі бәрібір жоғалып кетеді.

Сондықтан апат-алапат көп кезде тілдердің саны тағы өсіп кететін шығар, жақын арада болмаса да, алыс болашақта солай болуы мүмкін. Қоғамдық тәртіп, мектеп және коммуникациялар тілдің санын азайтады, оқшаулану мен анархия әдетте оны күшейте түседі. Бұл екеуі де – ұзақмерзімді үрдіс, бірақ бірнеше ғасырдан кейін нәтижесі белгілі болады. Осыған қоса, ауызекі тілдің жаңа түрлері міндетті түрде дербес тіл болып кетпейді. Жазудың формасы мен саяси демеу болмаса, металингвистикалық өзгеріс болмауы мүмкін. Әртүрлілік көбейе түседі, бірақ сол әртүрлілікті саналы түрде сезіну бола қоймас.

Тұтастай алғанда, болашақты болжай алмаған күннің өзінде, әртүрлі жағдайда тілдің ахуалы қалай болатыны туралы көп нәрсе айта аламыз. Осыған дейін тілдердің орташа өзгеру қарқынына қатысты перспективасы қысқа болды. Ұзағырақ мерзім ішінде не болатыны туралы көңілге бірнеше ой келеді.

17.2. Екі мың жылдан кейін

Екі мың жылдан кейін де адамзат баласы әлі жер бетін басып жүретін болса, олар қазіргі адамдар сөйлеп жүрген тілде сөйлейді. Бүгінгі мыңдаған тілдің ортақ қасиеті өте көп, олар өте тығыз генетикалық байланыста. Биологиялық түр үшін екі мың жыл деген өте қысқа уақыт, ол мұнша уақыт ішінде өзгермейді. Сондықтан екі мың жылдан кейін де адамдар дәл қазіргідей сөйлей бермек.

Тағы бірнеше жорамалымызды сеніммен айтуға болады. Біріншіден, қазіргі адамдар сөйлеп жүрген бірде-бір тіл ол кезде сөйленетін еш тілге өте ұқсас болмайды. Ол кездегі тілдерді сөйлеушілері қазіргідей «ағылшын тілі», «испан тілі», «эллин тілі» (грек тілі) деп атауы мүмкін. Адам баласы екі мың жылдан астам уақыттан бері тілдердің атын атап, түсін түстеп келеді, енді екі мың жылдан кейін адамзат ол тәжірибесінен айнады деп айтуға еш негіз жоқ. Металингвистикалық өзгерістер қажеттілік туындағандықтан болмайды. Бірақ ауызекі тіл өзгеруін жалғастыра бермек. Қазіргі грек тілі Платон қолданған тілден қатты өзгеше, егер жұрт грек тілінде екі мың жылдан кейін де сөйлеуді жалғастыра берсе, бүгінгі тілден оның айырмашылығы жер мен көктей болар еді. Қолданыстағы тіл атаулының бәрі үнемі өзгеріп отырады.

Екіншіден, ол кездегі тілдерде қазіргі тілдерден ауысқан элементтер көп болады. Тілдер жаңадан жасалмайды, өзгереді. Креол тілдерінің өзі жоқтан бар болған жоқ, олардың құрамында басқа тілдерден енген неше түрлі қоспалар бар. Болашақта да солай бола бермек. Екі мың жыл деген – ұзақ уақыт, бірақ тарихшы-лингвистер алыста қалған өткенді қайта жаңғыртып, қалпына келтіріп жүр. Ондай ұзақтықтағы кезеңде болған өзгерістерден мамандар тілді танымай қалып жатқан жоқ.

Болашақтағы тілдерге қай тілдер материал беретіні бір Құдайға мәлім. Статистикалық тұрғыдан материал беруге қытай, ағылшын, хинди, испан тілі сияқты қазір сөйлеушісі ең көп тілдер лайықты, бірақ тарих пен статистика үнемі үйлесе бермейді. Ол оқшау аралда ұлттық тіл ретінде қолданылып, басқа тілдерден гөрі өзгеріске ең аз ұшыраған исланд тілі болуы мүмкін, исланд тілі соңғы мың жылда, шынында да, өте аз өзгерді. Бірақ бұл – жай әншейін жорамал ғана.

Екі мыңжылдықтан кейін мұнша тіл болады деп сәуегейлік жасау да пайдасыз жұмыс. Жоғарыда біз оның саясатқа, қарым-қатынастарға, білім-ғылымға байланысты екенін айтқанбыз. Мұндай сұрақтарға екі мың жыл бұрын жауап табатын еш әдіс жоқ.

Дегенмен балама талқылау жасауға болады. Жоғарыда бір мыңжылдықтан екінші мыңжылдыққа дейін, біз зерттей алған уақыт ішінде тілдердің саны қысқарып кеткенін көрсеткенбіз. Қазір қолданыстағы бірнеше тілдің сөйлеушісінің саны осыдан екі мың жыл бұрынғы жер шарының бүкіл халқынан көп. Екі мың жылдан кейін бүкіл адамзаттың бір тілде сөйлеу ықтималдығы қандай? Бірнеше шарт сақталса, ол да мүмкін. Ол үшін адамдардың бәрі бір-бірімен жиі-жиі кездесіп, тығыз араласуы керек. Адам өзін белгілі бір топқа емес, бүкіл адамзатқа жатқызуы қажет. Олардың өте айқын тілдік нормасы болып, ол норма жастарға тиімді жеткізіліп тұруы тиіс. Адам популяциясы үлкен емес және ол жер шарының белгілі бір шектеулі бөлігінде ғана тұрса, бұл әбден мүмкін. Жер бетінің барлық бөлігінде қазіргідей миллиардтаған адам тұрса, әр елдің тілі әртүрлі болып қала бермек. Әйтпеген күнде бүкіл әлем біртүрлі болсын деген жарлық шықса да, жаңа тілдер пайда бола береді.

Болашақта тілдер екі мақсатқа қызмет етеді. Біз ойымызды тіл арқылы жеткіземіз, бірақ тіл де бізді белгілі бір топтың мүшесі ретінде көрсетеді. Жаңа топтар үнемі пайда болады, олармен бірге жаңа қажеттілік туындайды. Тілдердің үнемі өзгерісте болатынының бір себебі – осы. Осыған байланысты ірі тілдер диалектілерге бөлінеді, сосын олар дербес тілдерге айналады. Қарсы тұратын күштер: коммуникация, мықты мемлекет, жазба тіл және басқалар уақыт өте келе айрықша маңызға ие болды. Бірақ бұлар адамның негізгі тілдік болмысын анықтауға деген қажеттілігін ешқашан жоя алмайды; қарсы күштер әлсіреген жерде тілдердің саны көбейіп кетеді. Осы себепті әлем ұзақ уақыт бойы тек біртүрлі болады дегенге сенбеймін.

Екі мың жылдан кейін қазіргі қолданылып жүргендей, жаңа жазба тілдер пайда болуы мүмкін. Екі жүз жыл бұрын жасалған жазба тілдер өзінің әмбебаптығын көрсетті. Адамдардың бәрінің жазудан бас тартуы мүмкін емес сияқты болып көрінеді, бірақ тәуелсіз жазу жүйесі, расында да, өшірілген, оған майя өркениетінің жойылып кетуі мысал бола алады.

Ол кезде жазудың қандай түрі қолданылатынын айту қиын. Бүгінде әлем тілдерінің көбінде жазудың әріптік жүйесі қолданылады, ондай жүйе бұл кітапта да елеулі

орынға ие. Бірақ қытай тілі әр сөз үшін бір таңба жазады, осы жазуды жер шарының бестен бір бөлігінің халқы қолданады. Жапон тілінде үш түрлі жолмен жазуға болады. Екі жүйе әр буынға бір таңба қолдану принципіне негізделген. Жазудың үш түрі де кеңінен қолданылады, бұл үш жазу да қолданыста қала ма, әлде біреуі ғана таңдалып, сонымен ғана жазатын бола ма – ол жағын әлі ешкім білмейді. Біреу ауызекі тілді жеткізудің олардан да бетер жақсы жолын ойлап табар. Мен баспа таспаларды меңзеп тұрған жоқпын, олардың пайда болғанына ұзақ уақыт болды, олар жазуды алмастыра алмайды.

Жазба тілдер көп уақыттан кейін де қазіргі болмысынан онша өзгермейді деуіміздің бір себебі – олардың осы заманға дейін өте өміршен болып жеткені. Қытай жүйесі үш мың жылдың ішінде онша өзгерген жоқ, қазіргі грек тілі де шамамен сонша жасқа келген алфавитпен жазылған. Латын тілінен өніп шыққан роман тілдері 2500 жыл бұрын ойлап табылған латын қарпімен жазылған; ағылшын тілін қосқандағы өзге де көп тілдің тарихы сондай. Өзгеріс болмайтынының бір себебі – белгілі бір алфавитте оқи және жаза білуді үйренуге көп уақыт жұмсаған адамдар әдетте алфавит ауыстыруға қарсы болады. Алфавит ауыстыру үшін қосымша үлкен жұмыс істелуі қажет; келер ұрпақ бұрынғы мәдени құндылықтарды игере алмай, түрлі құжаттар мен жәдігерлерді оқи алмай қалады. Сондықтан алфавитті батыл да түбегейлі өзгертудің табысты болғаны – өте-өте сирек жайт.

17.3. Екі миллион жылдан кейін

Тілдер тарихының соңын көру үшін өте алысқа болжам жасау керек. Оның өзі адамзат баласы жойылып кетпейді деген шарт орындалса ғана мүмкін. Менің ойымша, адамзат деген биологиялық түр өзі тіршілік еткен экологиялық жүйені қатты өзгерткені сонша – оның ұзақмерзімді салдарынан енді өзі қатты зардап шегеді. Бірақ ұрпағымыз келешектегі экологиялық апаттардың бәрінен тірі қалады деп болжасақ, олар қандай тілде сөйлейді? Тым батыл қадам болса да, мен осыдан екі миллион жыл кейінге келіп отырмын. Адамзат тілі пайда болуы мүмкін екі миллион жыл бұрынғы кезең өте алыста.

Егер ол кездегілер адам тілінде сөйлесе, ол тілде қазір қолданыстағы тілдердің ешқайсысына тән элементтің болмайтыны анық. Он мың жылдың ішінде тілдер адам танымастай өзгерді, ал екі миллион жылдың ішінде ондай жүздеген өзгеріс болары анық.

Басқа да жағдайлар болады. Екі миллион жыл бұрынғы ата-бабаларымыз генетикалық тұрғыдан бізден қатты өзгеше еді. Биологиялық түр дамып жетілді, сол жетілу көріністерінің бірі – сөйлеу қабілетінің өсуі. Екі миллион жылдың ішінде көптеген жаңа генетикалық өзгеріс жүреді. Эволюция нәтижесінде қазіргі биологиялық түрден лингвистік әлеуеті бір-бірінен өзгеше бірнеше биологиялық түр жетіліп шығуы мүмкін.

Осымен тілдердің тарихы туралы әңгімемізді аяқтайық. Жаңа тіршілік иелері біздің түсінігімізге сыймайтын өзге, жетілген қабілетке ие бола ма, әлде олар еш дыбыс шығармайтын үнсіз бола ма, маңызды емес. Олар біздің ақыл-ой, сана-сезім және

физикалық қасиетімізден туындаған тілге ұқсас тілде сөйлемесе, біздің биологиялық түрге жатпағаны. Адамды адам еткен – сөйлей алу, тілді пайдалану қабілеті. Егер олар біз тәрізді сөйлемесе, демек, олардың адам баласы болмағаны.

Қосымша әдебиеттер тізімі

15-тарау. Ағылшын тілінің шарықтауы

Жоғарыда атап өткен «Ағылшын тілі тарихы» деген еңбектен ағылшын тілінің дүниежүзіне таралуы жайлы оқи аласыз. Бұл тақырыпқа шолу, сондай-ақ Макгран (*McCrum*, 2010) және Кристалдың (*Crystal*, 2003) кітаптарында бар. Филипсон (*Phillipson*, 1992) мен Фишман (*Fishman*, 1996) қазіргі әлемдегі үстем тілдерді әртүрлі тұрғыдан көрсетеді. Қосымша Фишман (*Fishman*) мен Гарсианың (*Garcia*, 2010) еңбектерін көруге болады.

16-тарау. Қытай тілі және Қытайдағы ағылшын тілі

Қазіргі заманғы Қытай тарихы туралы Эбри (*Ebrey*, 2010) қараңыз. Қазіргі тілдік ахуалдың жақсы сипаттамасын Ченнің (*Chen*, 2007) кітабынан табуға болады. Сол кітапта Тайвань және Гонконг туралы қызықты зерттеу бар. Сондай-ақ Жоудың (*Zhou*, 2010) кітабын оқуға болады. Қытайдағы ағылшын тілінің ахуалын Ло Бианко (*Lo Bianco*, 2009) және басқалар тілге тиек еткен.

17-тарау. Енді не болады?

Тілдердің болашағы туралы пікірталас онша көп болған жоқ. Дегенмен әлем тілдері бетпе-бет күтіп тұрған қауіп-қатер туралы біз атап өткен кітапта айтылды. Неттлдің (*Nettle*, 1999) кітабын да қараңыз.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. XIX ғасырда елдер арасындағы дипломатиялық қатынаста ортақ тілі қай тіл болды?

2. Ағылшын тілінің халықаралық қатынаста үстем тілге айналуына әсер еткен басты себептерді айтыңыз.
3. Неге кей елдерде ағылшын тілінің ықпалына қарсылық көрсетілуде?
4. XX ғасырдың басында Қытай неге түбегейлі тілдік реформаларға барды?
5. Путунхуа деген не?
6. Қытай балаларының қанша бөлігі қазір ағылшын тілін үйренуде?

Талқылауға арналған тақырыптар

1. Ағылшын тілінің дүниежүзіне кеңінен таралуының адамзат үшін пайдасы көп пе, зияны көп пе?
2. Енді 100 жылдан кейін халықаралық қатынаста қай тіл үстем болады деп ойлайсыз?

Зерттеуге арналған сұрақ

Шығыс Азиядағы бес ел үкіметінің веб-парақшасын ашып, олардың шетелдіктерге өз елі туралы ақпаратты қай тілде беретінін анықтаңыз. Содан кейін бес еуропалық елдің веб-парақшасын қараңыз. Айырмашылық бар ма?

Хронология

Бұл тізімде кітапта айтылған оқиғалар мен іс-әрекеттер көрсетілген.

- | | |
|---|---|
| Б.з.д. 2000 000 жылдан — б.з.д. 40 000 жылдар | Терімшілер мен аңшылар арасында тіл пайда болды. |
| Б.з.д. 40 000 жылдан — б.з.д. 8000 жылдар | Адам сөйлеуді толық меңгерді және бейнелеу арқылы көрсетті. |
| Б.з.д. 8000 жылдар | Орта Шығыстағы адамдар ауыл шаруашылығымен айналыса бастады. |
| Б.з.д. 3000 жылдар | Алғашқы жазу жүйесі, шумер сына жазуы пайда болды. |
| Б.з.д. 3000 жылдан — б.з.д. 1000 жылдар | Банту тілдері Африканың басым бөлігі мен Сахараның оңтүстігіне қарай тарады. |
| Б.з.д. 2900 жылдан — б.з.д. 400 жылдар | Мысырда иероглиф жазуды қолдана бастады. |
| Б.з.д. 1350 жылдан бүгінге дейін | Қытайда бүгінге дейін қолданылып келе жатқан қытай жазуы пайда болды. |
| 800 жылдан бүгінге дейін | Грекияда бүгінге дейін қолданылып келе жатқан грек жазуы пайда болды. |
| Б.з.д. 700 жылдан — б.з.д. 300 жылдар | Гомер заманынан Аристотель заманына дейін ежелгі грек мәдениетінің гүлденуі. |
| Б.з.д. 600 жылдан бүгінге дейін | Римде латын алфавиті пайда болды, кейінірек ол дүниежүзінің барлық бөлігінде қолданылды. |
| Б.з.д. 600 жылдан — б.з.д. 200 жылдар | Конфуций Лао Цзы, Мэн Цзының заманында ежелгі қытай мәдениеті гүлденді. |
| Б.з.д. 336 жылдан — б.з.д. 323 жылдар | Ескендір Зұлқарнайын ғұмыры қысқа болған грек империясын орнатты. |
| Б.з.д. 323 жылдан б.з.д. 640 жылдар | Грек койне жазуы Жерорта теңізінің шығыс жағалауындағы көптеген елде әкімшілік-басқару және үкімет тілі ретінде қолданылды. |
| Б.з.д. 300 жылдан — б.з.д. 400 жылдар | Латын тілі Италияның, содан кейін Оңтүстік-Батыс Еуропаның бірқатар елінің ауызекі тіліне айналды. |
| Б.з.д. 221 — б.з.д. 1911 жылдар | Қытайды императорлар басқарды. |
| Б.з.д. 220 жыл | XX ғасырға дейін елеулі өзгермеген қытай жазуы біріздендірілді. |
| Б.з.д. 100 жылдар | Римде Цицерон, Вергилий т. б. заманында жоғары әдебиет пен мәдениет дамыды. Стандарт латын жазуы жасалды. |

Б.з.д. 476 жыл	Батыс Рим империясы құлдырады.
V ғасыр	Англияны англдар, саксондар және басқа да тайпалар жаулап алды.
VI ғасыр	Араб алфавиті жасалды.
VI – XX ғасыр	Қытай жазуынан корей жазуы дамып шықты.
597 жыл	Кент графтығына Рим миссионерлері келді.
VII ғасыр	Ағылшын тіліндегі мәтіндер алғаш рет латын қарпімен жазылды.
640 – 750 жылдар	Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Персия т. б. жерлерді арабтар жаулап алды.
700 – 1800 жылдар	Батыс Еуропада білім беру және дін саласында қолданылатын жазба және ауызекі шет тілі латын тілі болып қалды.
800 жыл	Король Ұлы Карл император болды.
800 – 1100 жылдар	Жерорта теңізінің көптеген елдерінде араб тілі ауызекі тіл болып қалды.
842 жыл	Страсбург антты – романтілді аймақта латынша емес айтылған алғашқы мәтін.
879 – 899 жылдар	Уэссекс королі Альфред батыс-саксон диалектісіне негізделген стандарт жазба ағылшын тілін қалыптастырды.
X ғасыр	Жапон жазуы – катакана және хирагана деп аталатын буындардың екі дискретті топтамасы. Ол екеуін де қытай мәнерінің кандзи деген символдарымен біріктіруге болады.
1066 жыл	Норман басқыншылығы кезінде Британияға француз тілі енгізіліп, ағылшын тілінің жағдайы нашарлады.
XII ғасыр	Француз және провансаль жазба тілдері жасалды.
1321 жыл	Жазба итальян тілінің үлгісін жасаған Данте Алигьери қайтыс болды.
XIII – XIV ғасырлар	Итальян жазба тілі жасалды.
1400 жыл	Жазба ағылшын тілінің маңызды моделін жасаған Джефри Чосер қайтыс болды.
1337 – 1453 жылдар	Англия мен Францияның арасында «Жүзжылдық соғыс» жүрді.
XIV – XIX ғасырлар	Вьетнамда қытай жазуымен рухтанған Nôm жазуы қалыптасты.
XV ғасыр	Таза силлабикалық корей жазуы ойлап шығарылды. <i>hangul</i> (хангыл) деп аталатын бұл иероглифтерді қытай иероглифтерімен қатар қолдануға болады.
XV ғасыр	Ұлыбританияда ағылшын тілі ресми жазба тіл болып қалыптасты, француз тілі қолданыстан қалды.
1476 жыл	Кэкстон алғаш рет баспахана ашып, ағылшын тілінде кітап басып шығара бастады.
1500 жыл	Бразилияға Кабрал келді.
XVI – XVII ғасыр	Португалия Бразилияны иемденіп алды, Испания Оңтүстік Американың қалған бөлігіне және Мезоамерикаға билік орнатты.

1550 – 1815 жылдар	Еуропа мен Қытай арасында сауда дамыды, бірақ тілдік байланыс аз болды.
1616 жыл	Ағылшын әдеби тілінің үлгісін жасаған У.Шекспир қайтыс болды.
1616 жыл	Испан әдеби тілінің үлгісін жасаған Сервантес қайтыс болды.
1620 жыл	Солтүстік Америкада алғашқы британ колониясы пайда болды.
1620 – 1830 жылдар	Африкадан Вест-Индиядағы плантацияларға дейін ауқымды құл саудасы жүрді; көптеген креол тілдері пайда болды.
1652 – 1806 жылдар	Кейптаунда африкаанс тіліне бастау берген голландиялық диалектінің қалыптасу кезеңі.
1654 – 1715 жылдар	XIV Людовиктің билікке келуі. Еуропада француз үстемдігінің басталуы.
1673 жыл	Француз әдеби тілінің үлгісін жасаған Мольер қайтыс болды.
1776 жыл	Солтүстік Америкадағы Британия отарлары өзін тәуелсіз деп жариялады.
1788 жыл	Ұлыбританияның Австралияны жаулап алуы басталды.
1800 жыл	Корнуолда корниш тілі жойылды.
1809 – 1905 жылдар	Норвегияда дат тілінен екі түрлі жазба норвегиялық тіл өрбіп шықты.
1810 жылдар	Гэль тілінде сөйлейтін фермерлерді Шығыс Сазерлендтен көшіріп жіберді, одан кейін бұл тіл жойылып, ұмытылды.
1815 – 1945 жылдар	Әлемдік саясатта Ұлыбританияның үстем болуы; ағылшын тілінің негізгі тіл немесе отар тіл ретінде қалыптасуы.
1826 – 1960 жылдар	Оңтүстік Африкада, сото тобындағы көптеген тілдерден үш ауызекі және жазба тіл тсвана, сото және сепеди өрбіп шықты.
1842 жыл	Қытай «Апиын соғысында» ұтылды; Ұлыбританиямен сауданы ашуға мәжбүр болды.
1870 – 1945 жылдар	Неміс тілі халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде өрледі.
1911 жыл	Қытай империясы құлдырады.
1919 жыл	Қытайда елеулі тілдік реформалар басталды.
1925 жыл	Африкаанс ресми тіл болып жарияланды.
1945 – 1990 жылдар	Қырғиқабақ соғыс кезеңі, ағылшын және орыс тілдерінің жетекші халықаралық тіл ретінде бәсекелестігі.
1949 жыл	Мао Цзэдунның басшылығымен Коммунистік партия Қытайды бақылауға алды, тілді реформалау жалғасты.
1962 – 1965 жылдар	Екінші Ватикан соборы католик литургиясын латын тілінен өзге тілдерде өткізуге рұқсат берді.
1990 жылдан бүгінге дейін	АҚШ-тың саяси, экономикалық және мәдени үстемдігінің арқасында ағылшын тілі бүкіл әлемге жетекші халықаралық тіл ретінде танылды.

Оқулықтағы ұғымдардың ағылшынша-қазақша сөздігі

- Afrikaans / the Afrikaans language – африкаанс тілі
- Akkadian – аккад тілі
- Albanian / the Albanian language – албан тілі
- alliteration – аллитерация
- American Indian languages – Америка үндістерінің тілі
- anatomy of vocal organs – дауыстық мүшелердің анатомиясы
- Ancient Greek literature – Ежелгі грек әдебиеті
- Angles – англдар, англ тайпасы
- Arabic / the Arabic language – араб тілі
- Arabic-speaking countries – арабтілді елдер
- Aramaic / the Aramaic language – арамей тілі
- Armenian / the Armenian language – армян тілі
- Attic dialect – аттик диалектісі
- Australian languages – Австралия тілдері
- Austronesian languages – Австронезия тілдері
- baihua – Байхуа, қазіргі ауызекі қытай тілінің ресми қабылданған жазу жүйесі
- Baltic languages – Балтық теңізі жағалауы халықтарының тілдері
- Bantu languages – банту тілдері
- Berber / the Berber language – бербер тілі
- Bible – Библия
- bilingual – билингв, екі тілде сөйлейтін адам.
- bilingualism – билингвизм
- Boers – бурлар. Оңтүстік Африкаға қоныс аударған голландтар
- British (Brythonic) – британ тілі (бретон тілі) үндіеуропалық тілдердің кельт тобына жататын тіл.
- Bulgarian / the Bulgarian language – болгар тілі
- Case – септік категориясы
- Castilian/ the Castilian language – кастиль тілі, испан тілінің екінші атауы.
- Celtic / the Celtic languages – кельт тілдері
- Chinese / the Chinese language – қытай тілі
- click sounds – сыртылды дыбыс
- colonial languages – отарлаушылардың тілдері
- competition between languages – тілдер бәсекесі
- consonant дауыссыз дыбыс
- Creole / the Creole languages – креол тілдері
- cuneiform – сына жазуы
- cyrillic alphabet – кирилл алфавиті
- Danish-Norwegian language – дат-норвег тілі
- death of languages – тілдердің өлімі
- dental fricative – тісаралық фрикативті дыбыс
- determinatives – анықтауыштар
- dialects – диалектілер
- disappearing languages – жойылып бара жатқан тілдер

- Doric dialect — дорик диалектісі
 Dravidian languages — дравид тілдері
 Dutch / the Dutch language — голланд тілі
 Egyptian / the Egyptian language — мысыр тілі / копт тілі
 endings — жалғаулар
 English / the English language — ағылшын тілі
 European languages, the — еуропалық тілдер
 first foreign language, the — бірінші шет тілі
 first language, the — бірінші тіл
 Gaelic / the Gaelic language — гаэль тілі
 Gatherers — терімшілер
 Genitive, the — ілік септік
 German / the German language — неміс тілі
 Germanic languages — герман тілдері
 Gospel — Інжіл
 gothic — готика
 graffiti — граффити
 grammar school — гимназия / орта мектеп
 Greek / the Greek language — грек тілі
 Haitian — гаити тілі
 hangul — хангул, корей тілінің фонемалық жазуы.
 Hausa / the Hausa language — хауса тілі
 Hebrew / the Hebrew language — иврит тілі
 hieroglyphic writing — иероглиф жазуы
 Hindi / the Hindi language — хинди тілі
 hiragana — хирагана, жапон тілінің буындық алфавиті.
 historical linguistics — тарихи лингвистика
 Hittite / the Hittite language — хет тілі
 Hungarian / the Hungarian language — венгр тілі
 Huns, the — ғұндар
 hypothetical common language, the — жорамал ортақ тіл
 Ibero-Romance dialects — ибер-роман диалектілері
 Igbo / the Igbo language — игбо тілі
 Indo-European languages — үндіеуропа тілдері
 inflection — флексия, жалғау
 inflection of verbs, the — етістіктердің септелуі
 International languages — халықаралық тілдер
 Iranian languages — иран тілдері
 Irish — ирланд тілі
 Irish Ogham runes, the — ирланд огам рунасы
 isolates — изоляттар
 Italic languages, the — италий тілдері
 kanji — кандзи, қазіргі жапон жазуында қолданылатын қытай иероглифтері
 katharevousa and dimotiki, the two written versions of Modern Greek — катареус және димотики, қазіргі грек тілінің екі жазба нұсқасы
 Kentish dialect — Кент диалектісі
 Khmer languages — кхмер тілдері
 Khoisan languages — хойсан тілдері
 Koine — койне, постклассикалық антика дәуірінде пайда болып, кең тараған грек тілінің бір түрі.
 Kurdish / the Kurdish language — күрд тілі
 language — тіл

language group — тіл тобы
 language shift / language transfer / language replacement / language assimilation — тілдің ассимиляцияға түсуі
 large languages — ірі тілдер
 Latin / the Latin language — латын тілі
 legal texts — заңнамалық мәтіндер
 linguist — лингвист
 linguistic assimilation — лингвистикалық ассимиляция
 linguistic minorities — лингвистикалық тұрғыдан аз топтар
 linguisticsystem — лингвистикалық жүйе
 liturgy — литургия
 loanwords — кірме сөздер
 Ma'anyan languages — мааньян тілдері (австронезия тобындағы)
 main language, the — басты тіл
 Maya culture and script — майя мәдениеті және жазуы
 metalinguistic change — метатілдік өзгеріс
 Mongolian / the Mongol language — моңғол тілі
 names of languages — тілдердің атауы
 native language, the — ана тілі
 new languages, the — жаңа тілдер (әр еуропалық елдің өз тілі)
 Nordic (Scandinavian) languages — солтүстік герман (скандинав) тілдері, бұл топқа швед, исланд, дат, фарер тілдері кіреді
 Norman French — француз тілінің норман диалектісі
 Occitan — окситан тілі / прованс тілі
 ogham — Ежелгі кельттер мен пикттердің жазуы. IV – X ғасырларда

Ұлыбритания мен Ирландия аумағында латын жазуымен қатар қолданылған. Құпия жазу болуы мүмкін
 Old Church Slavonic — шіркеулік славян тілі
 Old English — ежелгі ағылшын тілі
 Old High German — ежелгі жоғарғы неміс тілі
 Origin of languages — тілдердің шығу тегі
 original language — бастапқы тіл
 Pali / the Pali language — пали тілі
 parent language — баба тіл
 Persian / the Persian language — парсы тілі
 Persian Empire — Парсы империясы
 Phoenician / the Phoenician language — финикий тілі
 Pictish — пикт тілі
 pidgin language — пиджин тіл
 popular language — көпшіліктің ықыласына бөленген тілдер
 prefix — префикс, сөз алды қосымшасы
 prehistory — тарихқа дейінгі өмір
 primitive languages — қарапайым тілдер
 Proto-Germanic — протогерман тілі
 Proto-Indo-European — протоүндіеуропа тілі
 proto-languages — прото тіл
 Proto-nordic — протосолтүстік герман тілі
 Proto-Slavic — протославян тілі
 putonghua — путунхуа, әдеби қытай тілі
 Qur'an — Құран
 Renaissance, the — Қайта өрлеу дәуірі
 rendering — рендеринг

- Romance countries – романтилді елдер
 Romance languages, the – роман тілдері
 runes, runic script – руна жазуы
 Russian – орыс тілі
 Sami / the Sami languages – сами тілі
 Sanskrit / the Sanskrit language – санскрит тілі
 Scandinavian languages – скандинав тілдері
 Scots Gaelic – гаэль тілі
 Semitic languages – семит тілдері
 Semitic scripts – семит жазулары
 Serbo-Croatian – серб-хорват тілі
 shift to another language – тіл ауыстыру, өзге тілде сөйлеуге түбегейлі көшу
 Shiyey / the Shiyeyi language – шиені тілі
 Shona / the Shona language – шона тілі
 Sotho languages – сото тілдері
 spelling – емле
 spoken language – ауызекі тіл
 spoken native language – ауызекі ана тілі
 stratagem – амал
 Sumerian – шумер тілі
 Swahili / the Swahili language – суахили тілі
 Swedish – швед тілі
 syllabic writing systems – силлабография, буын арқылы жазу
 syllable – дауыссыз дыбыс
 Tagbachi – тағбаш
 Tibetan / the Tibetan language – тибет тілі
 Toc Pisin – ток писин тілі
 Turkish / the Turkish language – түрік тілі
 Uralic languages – орал тілдері
 velar fricative – тіларты фрикативті дыбыс
 verb forms – етістіктің түрлері
 vowels – дауысты дыбыстар
 Welsh / the Welsh language – валлий тілі
 West Indies – Вест-Индиялар
 written language – жазба тіл
 written main language – басты жазба тіл
 Yoruba / the Yoruba language – йоруба тілі

Әдебиеттер тізімі

- Adam, R. J. (ed.) (1972). *Papers on Sutherland Estate Management 1802–1816*. Edinburgh: Scottish History Society.
- Adams, James Noel (2003). *Bilingualism and the Latin Language*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Aitchison, Jean (2001). *Language Change: Progress or Decay?* 3rd ed. Cambridge: Cambridge University Press.
- Allmand, Christopher (1992). *Henry V*. Berkeley and Los Angeles: University of California Press.
- Anderson, Benedict (1991). *Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism*. Revised ed. London and New York: Verso.
- Andersson, Lars-Gunnar and Tore Janson (1997). *Languages in Botswana: Language Ecology in Southern Africa*. Gaborone: Longman Botswana.
- Barber, Charles Laurence, Joan C. Beal, and Philip A Shaw (2009). *The English Language: a Historical Introduction*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Bernal, Martin (1987). *Black Athena: the Afroasiatic Roots of Classical Civilization. Volume 1: the Fabrication of Ancient Greece 1785–1985*. New Brunswick: Rutgers University Press.
- Biraben, J.-N. (1979). Essai sur l'évolution du nombre des hommes. *Population* 1: 13–24.
- Bleek, Dorothea (1939–40). A Short Survey of Bushman Languages. *Zeitschrift für Eingeborenen-Sprachen* 30: 52–72.
- Botterill, Steven (ed.) (1996). *Dante Alighieri: de vulgari eloquentia*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Bowman, Alan K., and Greg Woolf (eds.) (1994). *Literacy and Power in the Ancient World*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Burke, Peter (1993). *The Art of Conversation*. Cambridge: Polity Press.
- Burling, Robbins (2005). *The Talking Ape: How Language Evolved*. New York: Oxford University Press.
- Carstairs-McCarthy, Andrew (1999). *The Origins of Complex Language: an Inquiry into the Evolutionary Beginnings of Sentences, Syllables, and Truth*. Oxford: Oxford University Press.
- Chen, Ping (2007). China. In *Language and National Identity in Asia*, ed. Andrew Simpson, 141–67. Oxford: Oxford University Press.
- Cole, Desmond T. (1955). *An Introduction to Tswana Grammar*. Cape Town: Longman.
- Collier, Mark and Bill Manley (1998). *How to Read Egyptian Hieroglyphs: a Step-by-Step Guide to Teach Yourself*. London: British Museum Press.
- Coulmas, Florian (1996). *The Blackwell Encyclopedia of Writing Systems*. Oxford: Blackwell.
- (2003). *Writing Systems: an Introduction to their Linguistic Analysis*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Crosby, Alfred W. (1986). *Ecological Imperialism: the Biological Expansion of Europe, 900–1900*. Cambridge: Cambridge University Press.
- (2000). *Language Death*. Cambridge: Cambridge University Press.
- (2003). *The Cambridge Encyclopedia of the English Language*. 2nd ed. Cambridge: Cambridge University Press.

- (2010). *The Cambridge Encyclopedia of Language*. 3rd ed. Cambridge: Cambridge University Press.
- Davies, W. V. (1987). *Egyptian Hieroglyphs*. London: British Museum.
- Diamond, Jared (1997). *Guns, Germs and Steel*. London: Jonathan Cape.
- Dixon, R. M. W. (1980). *The Languages of Australia*. Cambridge: Cambridge University Press.
- (1997). *The Rise and Fall of Languages*. Cambridge: Cambridge University Press.
- (2002). *Australian Languages: their Nature and Development*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Dorian, Nancy (1981). *Language Death: the Life Cycle of a Scottish Gaelic Dialect*. Philadelphia: University of Pennsylvania Press.
- Dunbar, Robin (1996). *Grooming, Gossip and the Evolution of Language*. London: Faber & Faber Ltd.
- Ebrey, Patricia Buckley (2010). *The Cambridge Illustrated History of China*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Fischer, Steven R. (1999). *A History of Language*. London: Reaktion.
- (2001). *A History of Writing*. London: Reaktion.
- Fishman, Joshua (1996). *Post-Imperial English*. New York: Mouton de Gruyter.
- and Ofelia Garcı a (eds.) (2010). *Handbook of Language and Ethnic Identity*. New York: Oxford University Press.
- Foley, William A. (1986). *The Papuan Languages of New Guinea*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Frawley, William (ed.) (2003). *International Encyclopedia of Linguistics*. 4 vols. 2nd ed. Oxford: Oxford University Press.
- Freeborn, Dennis (2006). *From Old English to Standard English*. London: Macmillan.
- Güldemann, Tom and Rainer Vossen (2000). Khoisan. In *African Languages: an Introduction*, eds. Bernd Heine and Derek Nurse, 99 122: Cambridge: Cambridge University Press.
- Hassan, Fekri A. (1981). *Demographic Archaeology*. New York: Academic Press.
- Haugen, Einar (1976). *The Scandinavian Languages: an Introduction to their History*. London: Faber and Faber.
- Heaney, Seamus (tr.) (1999). *Beowulf: Translated from the Anglo-Saxon*. London: Faber.
- Heine, Bernd and Derek Nurse (eds.) (2000). *African Languages: an Introduction*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Holm, John (1988 89). *Pidgins and Creoles*. 2 vols. Cambridge: Cambridge University Press.
- Holmes, George (1988). *The Oxford Illustrated History of the Middle Ages*. Oxford: Oxford University Press.
- Horrocks, Geoffrey (1997). *Greek: a History of the Language and its Speakers*. London and New York: Longman.
- Hurford, James R., Michael Studdert-Kennedy, and Chris Knight (1998). *Approaches to the Evolution of Language: Social and Cognitive Bases*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Janson, Tore (1991). Language Change and Metalinguistic Change: Latin to Romance and Other Cases. In *Latin and the Romance Languages in the Early Middle Ages*, ed. Roger Wright, 19 28. London: Routledge.
- (2002). *Speak: a Short History of Languages*. Oxford: Oxford University Press.
- (2004). *A Natural History of Latin*. Oxford: Oxford University Press.

- and Joseph Tsonope (1991). *Birth of a National Language: the History of Setswana*. Gaborone: Heinemann.
- Lehmann, Winfred P. (1992). *Historical Linguistics: an Introduction*. London: Routledge.
- Lewis, Bernhard (1995). *The Middle East: 2000 Years of History from the Rise of Christianity to the Present Day*. London: Weidenfeld & Nicolson.
- Lewis, M. Paul (ed.) (2009). *Ethnologue: Languages of the World*, 16th ed. Dallas, Tex.: SIL International. Online version: <http://www.ethnologue.com>.
- Liebermann, F. (ed.) (1903–16). *Die Gesetze der Angelsachsen*. Halle: Niemeyer.
- Lo Bianco, Joseph, Jane Orton, and Gao Yihong (2009). *China and English: Globalisation and the Dilemmas of Identity*. Bristol: Multilingual Matters.
- Lyovin, Anatole (1997). *An Introduction to the Languages of the World*. Oxford: Oxford University Press.
- Mallory, J. P. and Douglas Q. Adams (2006). *The Oxford Introduction to Proto-Indo-European and the Proto-Indo-European World*. Oxford: Oxford University Press.
- McCrum, Robert (2010). *Globish: How the English Language Became the World's Language*. New York: Norton.
- Mitchell, Bruce and Fred C. Robinson (1992). *A Guide to Old English*. Oxford: Blackwell.
- Moore, Oliver (2000). *Chinese*. London: British Museum Press.
- Morpurgo Davies, Anna (1987). The Greek Notion of Dialect. *Verbum* 10: 7–28.
- Mugglestone, Lynda (ed.) (2006). *The Oxford History of English*. Oxford: Oxford University Press.
- Nettle, Daniel (1999). *Linguistic Diversity*. Oxford: Oxford University Press.
- Nichols, Johanna (1992). *Linguistic Diversity in Space and Time*. Chicago: University of Chicago Press.
- Norman, Jerry (1988). *Chinese*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Nurse, Derek and Gérard Philippson (eds.) (2003). *The Bantu Languages*. London and New York: Routledge.
- Ostler, Nicholas (2005). *Empires of the Word: a Language History of the World*. New York: Harper Collins.
- Page, R. I. (1973). *An Introduction to English Runes*. London: Methuen.
- Phillipson, Robert (1992). *Linguistic Imperialism*. Oxford: Oxford University Press.
- Ponelis, Fritz (1993). *The Development of Afrikaans*. Frankfurt-am-Main: P. Lang.
- Renfrew, Colin (1987). *Archaeology and Language: the Puzzle of Indo-European Origins*. London: Jonathan Cape.
- Robinson, Orrin W. (1992). *Old English and its Closest Relatives: a Survey of the Earliest Germanic Languages*. Stanford: Stanford University Press.
- Romaine, Suzanne and Daniel Nettle (2000). *Vanishing Voices: the Extinction of the World's Languages*. Oxford: Oxford University Press.
- Sampson, Geoffrey, David Gil, and Peter Trudgill (2009). *Language Complexity as an Evolving Variable*. Oxford: Oxford University Press.
- Sebba, Mark (1997). *Contact Languages: Pidgins and Creoles*. London: Macmillan.
- Smith, Anthony D. (1986). *The Ethnic Origin of Nations*. Oxford: Blackwell.
- Tilly, Charles (1992). *Coercion, Capital, and European States, AD 990–1992*. Cambridge, MA and Oxford: Blackwell.
- Traill, Anthony (1974). *The Compleat Guide to the Koon: a Research Report on Linguistic Fieldwork Undertaken in Botswana and South West Africa*. Johannesburg: African Studies Institute, University of the Witwatersrand.

Trask, R. L. and Robert McColl Millar (2007). *Trask's Historical Linguistics*. London: Hodder Arnold.

Versteegh, Kees (2001). *The Arabic Language*. Edinburgh: Edinburgh University Press.

Winter, Jürgen Christoph (1981). Khoisan. In *Die Sprachen Afrikas*, eds. Bernd Heine, Thilo C. Schadeberg, and Ekkehard Wolff, 329–74. Hamburg: Helmut Buske Verlag.

Wolf, Eric R. (1997). *Europe and the People without History*. Berkeley, Los Angeles and London: University of California Press.

Wolff, Philippe (1971/2003). *Western Languages AD 100–1500*. Tr. Frances Partridge. London: Phoenix.

Wright, Roger (1982). *Late Latin and Early Romance in Spain and Carolingian France*. Liverpool: Cairns.

Zhou, Minglang (2010). China. The Mainland, Hong Kong and Taiwan. In Fishman and Garcia (eds.), *Handbook of Language and Ethnic Identity*, 470–85. New York: Oxford University Press.



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША АУДАРЫЛДЫ

Торе ЯНСОН

ТІЛ ТАРИХЫ КІРІСПЕ

Редакторы – *Ж. Әбділда*
Корректоры – *К. Алинаева*
Дизайнын әзірлеген және беттеген – *Ф. Қапезова*

Басуға 05.01.2019 ж. қол қойылды. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Times New Roman».

Пішімі 70x100/16. Көлемі 14 б.т.

Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс № 717

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.






ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ





Жаңа гуманитарлық білім
Қазақ тіліндегі






жаңа оқулық

ҰЛТТЫҚ
АУДАРМА
БЮРОСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ



КІТАПТАРДЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫ НҮСҚАСЫ
WWW.OPENU.KZ
САЙТЫНДА

ҰЛТТЫҚ
АУДАРМА
БЮРОСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ



ISBN 978-601-7943-21-9



9 786017 943219